


ТӘЖИТАЕВА Р. С.

САЯСАТТАНУ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ТӘЖІТАЕВА Р.С.

САЯСАТТАНУ
ОҚУ ҚҰРАЛЫ

*(Жоғары оқу орындарының білім және гуманитарлық ғылымдары
мамандықтары студенттеріне арналған)*

Шымкент
2014

ЖО 321 (075.8)
ББК 66.01. я 73
Т 28

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты оқу-әдістемелік кеңесінің қаулысымен баспаға ұсынылған (№ 3 хаттама, 23. 01. 2013ж.)

Пікір жазғандар:

Жолдасов С. - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бюлегенова Б.Б. - саяси ғылымдарының кандидаты, доцент

Таубаева М.Е. - философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Т 28 Тәжітаева Р.С.

Саясаттану. – Шымкент: ОҚМПИ, 2014.- 180 бет.

ISBN-9965-30-213-9

Оқу құралында саяси билік пен биліктік қатынас, саяси жүйе мен саяси режимдер, партия және партиялық жүйелер, саяси мәдениет пен құндылықтар, саяси элита және т.б. саясаттану пәнінің негізгі мәселелері кеңінен талданған. Оқу құралының мақсаты студенттерді саясаттану ғылымының теориялық негіздерімен таныстыру арқылы саяси әлеуметтенуіне және саяси мәдениетінің демократиялық сипатта қалыптасуына ықпал ету.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының білім және гуманитарлық ғылымдары мамандықтары студенттеріне арналған.

ЖО 321 (075.8)
ББК 66.01. я 73
Т 28

ISBN-9965-30-213-9

© Тәжітаева Р.С.

КІРІСПЕ

Қазақстан тәуелсіздігіне қол жеткізген уақыттан бері көптеген ғылыми мәселелерге түбегейлі жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Соның бірі – саясаттану ғылымының көтеретін мәселелері тікелей қоғамымыздың саяси қауіпсіздігін, саяси дамуын теориялық тұрғыдан қамтамасыз етіп отырады. Жалпы мемлекеттік маңызға ие болатын саяси, әлеуметтік мәселелер зерттеу объектісі болып табылатын саясаттану ғылымының еліміздің болашақ дамуы үшін маңыздылығы зор. Елімізде саясаттану ғылымының қалыптасу мен дамуына жағдайдың жасалынуы өркениетті елдердің үлгілеріне сәйкес келетін іс-әрекеттер мен стратегиялық жолдарға көшуінің көрінісі. Қоғамымыздың саяси жүйесін жетілдіре түсу үшін әрбір азаматтың саяси мәдениетінің барынша демократияланған сипатта қалыптасуы шарт. Саяси мәдениет сонымен бірге, саяси институттардың қызметінің негізгі мазмұнын да құрайтын құбылыс. Демократиялық саяси мәдениет – бұл әлеуметтік, этникалық, мәдени проблемаларды өркениетті тұрғыда шешуге арқау болады, қоғамның жан-жақты дамуына жағдайды қалыптастырады.

Саясаттану пәнінің мақсаты – жастардың толық мағынадағы саяси субъект дәрежесіне көшіру баспалдағы болу және жас азаматтың саяси көзқарастарының іргелі негізін құрайтын, қоғамдағы бірлікті, тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін саяси дүниетанымы мен саяси бағдарын қалыптастыру мен дамыту. Саяси ғылымдарының негіздерін меңгеру қазіргі өтпелі қоғам жағдайында еркін бағдар ұстап, белсенді іс-әрекет жасауға, ішкі және сыртқы саясаттың сыр сипатын, қилы құбылыстарды жете ұғынуға, басқа адамның құқықтарын қадірлеуге, өркениетті түрде өзінің мақсат мүддесін білдіруге жол ашады. Саясаттану жас мамандарға саяси қажеттіліктерін мемлекет тарпынан іске асырудың жолдары мен әдістерін дұрыс таңдауға, демократиялық тәртіптерді және қоғамдық институттарды қалыптастыруға көмектеседі. Саясаттану саяси төзімділікке, келісімге, серіктестікке, мәмілеге келе білуді, дау-жанжалды дер кезінде шешуді, ұлтжандылықты, қоғам мен мемлекет алдындағы азаматтық парызды, жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді. Жастардың отаншылдық және патриоттық сезімдерін қалыптастырады және дамытады. Саясаттану жастарды саясат пен саяси жетекшілердің іс-әрекеттері жөнінде хабарлар етеді.

Бұл оқулық студенттерге саяси білім мен түсініктер береді, саяси сөздер қорып қалыптастырады, олардың демократиялық саяси мәдениеті мен құндылықтарының қалыптасуына ықпал.

№1. САЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ

- 1 Саясаттану пәні мен объектісі.
- 2 Саясаттанудың қызметтері мен заңдылықтары, құрылымы.
- 3 Саясаттанудың қоғамдық ғылымдармен байланысы.
- 4 Саясаттану ғылымының зерттеу әдістері мен парадигмалары.

1 Саясаттану пәні мен объектісі. Саясаттанудың өзі зерттейтін мәселесі, пәні бар дербес ғылым. Саясаттану ұғымы гректің «*politik*» және «*logos*» деген сөздерінен шыққан. Біріншісі мемлекеттік іс, мемлекеттік істі басқару мағынасын білдірсе, екіншісі, ілім, ғылым деген мағынаны білдіреді. Саясаттану дегеніміз саясат, оның қоғам мен жеке адамның өзара әрекеті туралы ғылым. Демек, саясаттану ғылымы саясат және саяси билік, қоғамның саяси өмірінің қалыптасуы мен даму заңдылықтары, саяси мүдделер мен саяси қатынастар, саяси сана мен саяси мәдениет, адамдардың саяси әрекеттері мен саяси үрдістері, халықаралық саяси қатынас туралы біртұтас ілімдердің жиынтығын құрайды.

Саясаттану объектісі – қоғамдағы саяси қатынас болып табылады. Қоғамның саяси қатынасы өзіне биліктің әрекет ету процесі мен дамуын, бұқараның билікке қатысуын, сонымен бірге саяси ықпал ету объектісі-экономикалық, әлеуметтік және рухани мүдделерді қамтиды. Басқа сөзбен айтқанда, саяси қатынастар саласы саяси қызмет объектісінің барлық саласы. Сондықтан саяси қатынастар басқада ғылымдардың философия, әлеуметтану, құқық және тарихтың зерттеу объектісі болады, бұл ғылымдардың әрқайсысы өзіндік зерттеу пәніне ие. **Саясаттанудың зерттеу пәні** – саяси биліктің қалыптасуы мен даму заңдылықтары, оның әрекет ету формасы мен әдістері болып табылады.

Өздігінше саясаттану барлық әлеуметтік құбылыстар мен қағидаларды саяси билік негізінде түсіндіреді. Американдық саясаттанушысы Г. Лассуэлл (1902-1978ж.ж.) «біз саясат саласындағы ғылым туралы айтқанда, біз билік туралы ғылымды айтамыз» – деп жазды.

Ғылымның басқа салаларындағы сияқты саясаттанудың да өзіндік ұғымдары (категориялары) бар. Оған саяси құбылыстар мен процестердің мәнін білдіретін ғылыми терминдер, сөз тіркестері жатады. Мысалы, «саясат», «саяси билік», «саяси жүйе», «саяси тәртіп», «саяси партия», «саяси мәдениет», «саяси әлеуметтендіру», «саяси өмір», «егемендік», «саяси қатынастар», «қоғамдық ұйымдар», «мемлекет», «демократия», «ішкі саясат», «сыртқы саясат» және т.б.

2 Саясаттанудың қызметтері мен заңдылықтары, құрылымы. Қай ғылым болмасын белгілі бір қызметтерді (функцияларды) атқарады. **Ал, саясаттану ғылымының қызметтері мыналар:**

1 Танымдық қызметі. Саясаттану қоғамдағы оқиғаларды танып-білуге, олардың саяси мәнін түсінуге және болашақты болжауға мүмкіндік береді. Көптеген жылдар бойы Ресей империясы, одан кейін кеңестік тоталитарлық тәртіп саясат пен билік сырын бүгіп келді, қазірдің өзінде халқымыздың саясат және саяси жетекшілердің іс-әрекеттері жөнінде хабарлары аз. Оларды білмей

демократиялық жолмен алға басу қиын. Ондай білімді саясаттану ғылымы бере алады.

2 Бағалау (аксиологиялық) қызметі. Ол саяси құрылысқа, институттарға, іс-әрекеттерге және оқиғаларға саяси баға береді. Қоғамдағы саяси оқиға мен құбылыстарды бағалау арқылы көпшілік оны ақтайды немесе қаралайды. Демократиялық қоғамда халықтың қолдауына ие болудың маңыздылығын билік құрылымдары жақсы біледі.

3 Саяси әлеуметтендіру қызметі. Демократиялық мемлекеттерде ол азаматтықты, халықтың демократиялық саяси мәдениетін қалыптастырады. Қазіргі кезеңде азаматтарымыздың саяси құндылықтарында қайшылықтық тұстар байқалуда. Бұл саяси әлеуметтендіру жұмысын жетілдіруді қажет етеді.

4 Реттеушілік, басқарушылық қызметі. Бұл қызметі арқылы саясаттану ғылымы адамдардың саяси өмірде өзін-өзі ұстауын, іс-әрекетін реттейді. Саяси дамудың бағдарын бақылай отырып саясаттану қоғамдағы оқиғаларды тиімді басқару үшін нақтылы мәліметтер мен мағлұматтар береді. Саяси білімдер, сипаттамалар, кеңестер адамдардың күнделікті практикалық іс-әрекетінде басшылыққа алынады.

5 Саяси өмірді жетілдіру қызметі. Бұл ғылым саяси институттар мен қатынастарда, басқаруда реформалар жасап, оларды қайта қарауда теориялық негіз болады. Оның көмегімен заңшығарушы, атқарушы органдар қабылдайтын құқықтық жарғылар, саяси басшылық шешімдер алдын-ала тексеріліп, зерттеледі, қоғамда болып жатқан нақтылы жағдайлар саяси тұрғыда талданады. Солардың негізінде кейбір саяси институттар жойылып, оның орнына бүгінгі талапқа сай басқалардың келуін негіздейді, мемлекеттік басқарудың қолайлы үлгілерін, саяси шиеленістерді шешудің тиімді жолдары мен әдістерін іздестіреді.

6 Болжау қызметі. Саяси зерттеулердің құндылығы саяси процестердің үрдісін сол күйінде бейнелеумен тоқтамайды. Ол белгілі бір саяси жағдайларда алдыңғы қатарлы, озық саяси өзгерістер жасауға бағытталған ғылыми болжаумен аяқталуы тиіс. Қазіргі кезеңде қоғам өмірінің қай саласына болмасын жүргізілетін реформалар үшін қолайлы саяси және т.б. жағдайлардың бар немесе жоқтығын анықтау сияқты жауапты міндеттер осы ғылымға жүктелген.

Бұл қызметтерін қоғамда саясаттану мына *міндеттерін* орындау арқылы жүзеге асырады:

- қоғамдық-саяси күштердің бірігуі қағидаларын, жолдарын, жағдайын анықтау;
- саяси жүйені демократияландырудың негізгі бағытын, формалары мен әдістерін әзірлеу;
- құқықтық мемлекет пен өзін-өзі басқарушы мемлекеттік құрылысқа өтудің ең тиімді жолын анықтау;
- ұлттық-этникалық шиеленістерді, қоғамдық ұлттық-мемлекеттік құрылысты шешудің жетілген жолдарын белгілеу;

• азаматтардың саяси мәдениетінің теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу, адамдарды әлеуметтік-саяси жауапкершілік рухында тәрбиелеу жолдары мен формаларын анықтау;

• халықаралық қатынастардағы жалпы адамзаттық және мемлекеттік мүдделердің тиімді қойылуын анықтау.

Саясаттану ғылымының, саяси биліктің қолдануы мен даму үрдісін сипаттаушы өзіндік заңдылықтар жүйесіне ие:

бірінші, экономика мен саяси билік арасындағы қарым-қатынасты анықтаушы, саяси мүдделер мен көзқарастардың, теориялар мен концепциялардың пайда болуы, әрекет етуі мен дамуының саяси-экономикалық заңдылықтары. Мұнда қоғамның экономикалық базисі мен қондырманың элементі ретінде саяси билік арасындағы қатынас көрсетіледі;

екінші, әлеуметтік саяси заңдылық, яғни қоғамда тұрақтылықты орнату үшін саяси биліктің әрекетіне жағдай жасау. Мұндағы негізгі нәрсе – қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың мүддесі мен сұраныстарын есепке алу, ол мүдделерді жүйелендірудің тиімді жолдарын табу, антогонизмді, шиеленісті құбылыстарды жою. Бұл заңдылықтар әр саяси жүйеде әртүрлі қолданылады. Мысалы, авторитарлы, тоталитарлы саяси жүйелер билік пен күштердің ең жоғарғы деңгейде бірігуіне қол жеткізеді. Демократиялық жүйе оппозицияның ұсыныстарын қабылдап, келісім қағидасына арқа сүйейді;

үшінші, саяси процестің әрекет етуі мен дамуы заңдылығы. Ол - азаматтықтың саясаттағы топтық пен партиялықтан артық болуы; заңның қоғам мүшелерінің барлығынан жоғары тұруы, биліктің бөлінуі, мемлекет әрекетіндегі жариялылық, саяси плюрализм; оппозицияға жағымды қарым-қатынас; саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі; саяси билік және саяси жаңғыртудың легитимділігі болып табылады.

төртінші, саяси-психологиялық заңдылық, ол жеке адам мен билік арасындағы қарым-қатынаста бейнеленеді және жеке адамның саяси әлеуметтендіру процесін, саяси сезімді, көңіл-күйді, құндылықты, сайлаушыларға ықпал ету жолдарын, саяси тұлғалардың жетілуін, олардың билікті жеңіп алуы мен сақтап қалуын қалыптастырады.

Саясаттанудың құрылымы. Саясаттың теориясы және әдіснамасы, онда саясаттанудың философиялық-әдіснамалық негізі, саясат пен биліктің мәні мен мазмұны, оның негізін салушы белгілері, қызметтері, даму заңдылықтары қарастырылады.

Саяси жүйелер теориясы – саяси жүйенің мәнін, құрылымын, қызметін зерттейді, оларға салыстырмалы талдау жасайды, сонымен бірге негізгі саяси институттарға – мемлекет, партия, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға, қатынастарға сипаттама береді.

Әлеуметтік-саяси процестерді басқару теориясы қоғамды саяси басқару мен жетекшілік жасаудың мақсатын, міндеттерін және формасын зерттейді, саяси шешім қабылдау мен тарату механизмін қарастырады.

Саяси ілімдер тарихы. Саяси ілімдердің қалыптасуы мен даму тарихын, кезеңдерін зерттейді.

Халықаралық қатынастар теориясы ішкі және сыртқы саясат мәселелерін, әлемдік саясатты, халықаралық қатынастың әртүрлі аспектілерін т.б. қарастырады.

3 Саясаттанудың қоғамдық ғылымдармен байланысы. Саясаттану басқа қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Себебі, бәрінің зерттеу объектісі ортақ, ол – қоғамдық өмір. Олар кейбір ортақ ұғымдарды да пайдаланады. Бірақ, әрбір қоғамдық ғылымның өзіндік зерттеу пәні бар.

Саясаттану жалпы әдістемелік ғылым болып табылатын философиямен тығыз байланысты. Өйткені, философия саяси құбылыстар мен процестерді талдауда дүниетанымдық бағдар болып табылады. Ол жалпы саяси болмысты, саяси оқиға мен құбылыстарды философиялық түсініктермен сараптауға мүмкіндік береді.

Саясаттану экономикалық теориямен өзара байланысты. Саяси экономика саяси процестерді экономикалық тұрғыдан дәлелдей отырып, ол процестердің негізінде әр түрлі әлеуметтік топтардың өз мүдделерін жүзеге асыру үшін күресіп жатқанына көз жеткізеді. Саясаттану экономикалық саясатты дайындау және іске асыру, ол процестерді мемлекеттік реттеу қағидаларын ғылыми түрде негіздейді.

Саясаттану құқықтық ғылыммен тығыз байланысты. Қоғамдағы қатынастарды, оның ішінде саяси қатынастарды реттеп отыратын құқық болып табылады. Саясаттанудың негізі зерттеу мәселелерінің барлығы да оның құқықтық аспектілермен байланысып жатады, онсыз толық мәнді талдау болмайтындығы да сөзсіз.

Саясаттануға жақын ғылымның бірі – әлеуметтану. Саясаттану ғылымы қоғамның саяси өмірінің дамуы мен өзгерістерін процесс ретінде қарап, оны зерттеп отыруы қажет. Ал, әлеуметтану оған қолданбалы зерттеулер жасауға, қоғамдағы оқиға-құбылыстарға адамдық өлшеммен қарауға, бағалау мен сараптауға мүмкіндік береді.

Тарих болса жүйелі түрде саяси институттар мен идеялардың дамуы туралы деректер жинауға, тарихи-салыстырмалы саяси талдаулар жасауға көмектеседі.

4 Саясаттану ғылымының зерттеу әдістері мен парадигмалары. Саяси зерттеу әдіснамасы мен әдістері саяси ілімдер даму тарихы барысында қалыптасып, дамып отырды, оны әртүрлі кезеңдерге бөлуге болады, себебі әр кезеңде әдіснамалық қатынас, әдістік тәсілдер әртүрлі болып келді. Белгілі американдық «Саяси зерттеу әдістері: негізі мен техникасы» оқулығында саяси зерттеу әдіснамасының дамуын мынадай кезеңдерге бөледі:

1 классикалық дәуір (XIX ғ. дейін), бұл кезең дедуктивті, логикалық-философиялық, моралдық-аксиологиялық, салыстыру әдістерімен байланысты. Алыпсатарлық дедукциядан шығуға талпыну өте ежелгі саяси ойлар тарихында кездеседі. Мысалы, Конфуций аналитикалық тәсіл ретінде қарапайым ұқсастықты пайдаланады. Ол билікті қарастырғанда, мемлекетті үлкен отбасымен, император билігін әкенің балаға билігімен ұқсастырды.

Бұл кезеңде ерекше орынды саясаткерлер әрекеті мен мемлекеттік басқару формасын аксиологиялық өлшеу мен бағалау алды, мұнда үстемдік етуші

адамгершілік нормасы мен құндылығына сүйенеді, оны Аристотельдің берген классификациясынан байқаймыз. «Үш дұрыс» (монархия, аристократия, полиция) және «үш бұрыс» (тирания, олигархия, демократия) мемлекеттік басқару формасы. Сонымен бірге, ол салыстыру әдісін де қолданған. Ол өзіне белгілі 50 саяси құрылыстың ұқсастығы мен ерекшеліктерін ажыратып, соның негізінде 158 монография жазады. Ал, Платон өз зерттеулерінде логикалық моделдеудің қарапайым элементтерін пайдаланады.

XV ғасырда Англиядағы саяси тәртіптерді талдауда компаративтік әдісті ағылшын Дж. Фортескье, кейінен XVIII ғасырда француз Ш. Монтескье пайдаланды. Мұнда ерекше атап өтетініміз Н. Макиавелли, ол Италияның саяси дамуын тарихи-салыстырмалы талдау жасады;

2 институттану дәуірі (XIX-XX ғ.ғ. дейін), онда алдыңғы қатарға тарихи-салыстырмалы, өлшемдік-институттану әдістері шықты. Бұл кезеңде Дж.Токвиль, Дж. Милль, К. Маркс, Ф. Энгельс сияқты ойшылдардың зерттеу еңбектері ерекше маңызға ие болды. Онда Еуропаның негізгі мемлекеттері, ескі және жаңа кезеңдегі басқару формалары салыстырмалы талдауларға түсті. Мәселен, К. Маркс өзінің алғашқы еңбектерінің бірінде «тек зерттеу нәтижесі ғана ақиқат болып қоймай, оған баратын жол, яғни әдіс, тәсіл мен құралдар, сонымен оны қолдану процесі, операциясы да дәлме-дәл анық болуы керек»-деп жазды. К. Маркс өз дәуіріндегі әлеуметтік ғылымдардың зерттеу әдістерін менгеріп, әлеуметтік өмірді тану саласынды, оның ішінде саяси процестерді зерттеуде оларды тиімді қолдана білген.

XIX ғасырдың II-ші жартысында АҚШ-та академиялық саясаттану ғылымында салыстырмалы-тарихи және саяси институттарды құқықтық талдау сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Қазіргі саясаттану классиктері М. Вебер, Г. Моска, В. Паретто саяси мәліметтерді жинауда тарихи-салыстыру әдістерін қолданған;

3 бихевиористік дәуір (XX ғ. 20-70 ж.ж.), онда сапалық әдістер белсенді қолданыла бастады. XX ғасырда саясаттану ғылымы әдіснамасында революция жасалды, ол жаңа эмпирикалық және сапалық әдістердің қолданылуына байланысты болды. АҚШ-та алғаш рет 1928 жылы математикалық, кейде статистикалық құралдарды саясатты зерттеуге қолдануға байланысты оқулық (С. Райс «Саясаттағы сандық әдістер») жарық көрді. Ерекше орынды сайлау процесі мен электорат мінез-құлқын зерттеу алды. XX ғасырдың басында орыс ғалымдары (В. Горн, В. Саликовский) статистикалық тәсілдерді қолданып Ресей мемлекеттік Думасының құрамын сайлауды талдады. Францияда А. Зигфирд «саяси картаны», яғни сайлау географиясын жасап шығарды.

4 постбихевиористік дәуір (XX ғ. соңғы жылдары), мұнда дәстүрлі әдістер мен жаңа әдістер бір-бірімен байланыс тапты. XX ғасырдың 60-70 жылдарының соңында батыс саясаттану ғылымында бихевиористік әдіснама дағдарысқа ұшырады. Кейбір американдық ғалымдар (Д. Истон) дәстүрлі әдістерді қайта қолдануды қолдады. Яғни, дәстүрлі әдістерді сапалық әдістер мен моралдық нормаларды саясаттану ғылымының қағидалары ету постбихевиористік әдіснаманы тудырды.

Саясаттану ғылымының зерттеу әдістері мыналар: **Нормативті-құндылықтық әдіс**, саяси құндылықтардың қоғам мен жеке адам үшін маңыздылығын анықтауды, оларды жалпының игілігі әділеттілік, бостандық, адам ар-қасиетін құрметтеу т.б. құндылықтар негізінде бақылауды ұсынады. Бұл әдіс саяси тұрмыс идеялын және оларды практикалық іске асырылу жолдарын қалыптастыруға бағытталады. Ол қалаулыдан, этикалық құндылық және нормадан бастама алады, соларға сай саяси іс-әрекет және институттарды құруды талап етеді. Бұл әдіс өзінің шектеулігіне қарамастан, саясаттану ғылымы үшін қажет, ол саясатқа этникалық, адами өлшемдерді енгізеді, онда адамгершіліктің қатынасты тудырады.

Құрылымдық-функциональді әдіс. Ол саясатты күрделі құрылымға ие, әрбір элементінің арнаулы қызмет атқаратын белгілі бір орны бар жүйенің өзіне сай сұранысын қанағаттандыруға бағытталаынған біртұтастық жүйе ретінде қарастыруды ұсынады.

Бихевиористік тәсіл. Бұл саяси құбылыстарды жеке адамдар мен оның топтарының мінез-құлқтарына қолдау жасау арқылы зерттейтін тәсіл. Бихевиористік тәсіл төмендегідей негізгі топтарға сүйенеді:

- саясаттың басты субъектісі адам болып табылады;
- саяси құбылыстарды зерттеуде жеке адамдардың саясатты түсінуіне, мойындауына, саяси сеніміне немесе саясаттың бұрыс, дұрыстығына көзінің жетуіне негізделеді;
- мұнда адамның саясаттағы санасы, психологиялық себептері жетекші рөл атқарады;
- адамдардың мінез-құлқын белгілі бір модулдерге бөлуге негізделеді. Олар саяси процестерге қатысушы жеке адамдардың және топтардың саяси мінез-құлқын алдын-ала біліп отыруға мүмкіндік береді. Бихевиористік тәсілдің екінші бір ерекшелігі адамдардың саяси іс-әрекеттеріне ерекше мән береді.

Жүйелік әдіс. Жүйелік әдісті алғаш рет саясатқа XX ғасырдың 50-60 жылдары белгілі американдық ғалымдары Т. Парсонс пен Д. Истон енгізді. Бұл әдістің мәні саясатты біртұтас, күрделі ұйымдастырушы организм ретінде, өзін-өзі реттеуші механизм, қоршаған ортамен кіріс (талап, мүдде) және шығыс (саяси шешім) арқылы байланыста болатын жүйе ретінде қарастыруында.

Сандық әдістер саяси құбылыстардың ауқымы, мүмкіндіктері мен себеп-салдары өлшеуде қолданылады және бихевиоризммен тығыз байланысты.

Шешімдер қабылдау әдісі тиісті іс-қимыл құралдарын пайдалану арқылы саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру процесі.

Саясаттанудың негізгі парадигмалары. Парадигма (гректің *paradeigma* - теория, үлгі деген сөзінен шыққан) – зерттеу барысында үлгі ретінде алынатын теория. Саясаттануда **парадигма** деп саяси өмірді зерттеу қисынын білдіретін, қоғамдағы саяси құбылыстарды теориялық пайымдауда негізгі өлшемі мен қалпын қалыптастыратын басты тұжырымдар жиынтығын айтамыз. Саясаттанудың негізгі парадигмалары қатарына мыналар жатады: **теологиялық, натуралистік, әлеуметтік, тиімді-сыни**.

Теологиялық парадигма саяси ғылымның алғашқы дами бастаған кезінде пайда болды. Ол саясатты, билікті, мемлекеттің пайда болуын құдайдың құдіретімен түсіндіреді.

Натуралистік парадигма саясатты әлеуметтік сипаты жоқ табиғи себептермен, мәселен географиялық ортамен, биологиялық және психологиялық ерекшеліктермен байланыстыра түсіндіреді.

Әлеуметтік парадигма, ол саясаттың табиғаты мен пайда болуын әлеуметтік факторлар арқылы түсіндіреді. Мәселен, марксизм саясаттың мәнін экономикалық қатынастардан іздестірді, яғни қоғамның әрбір экономикалық базисі қажетті қондырманы тудырады деп тұжырымдады.

Тиімді-сыни парадигма саясаттың табиғатын, оның өз ішіндегі себептермен, қасиеттермен, элементтермен түсіндіреді.

Саясат және оның мәні. Ғылыми практикада «Саясат» және «саясаттану» ұғымдары араласып келіп отырады. Мұнда бірінші элемент қандай да бір объектіні, екіншісі бұл объектіні тануды, ол туралы ғылымды білдіреді.

Саясат дегеніміз қоғамдағы үлкен әлеуметтік топтар мен таптар, ұлттар мен ұлыстар, олар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас барысындағы олардың өз мүдделерін қорғауға, іске асыруға, саяси билікті жеңіп алуға, сақтап қалуға бағытталған және оны қолдауға негізделінген әрекет жүйесі. Саясат қоғамның қажетті әрі маңызды элементі болып табылады.

1- кесте



Саясаттың атқаратын қызметтері (1-кесте):

- қоғамның жалпы мақсатын анықтау;
- қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын сақтау,
- қоғамдағы қатынастарды реттеу мен бөлу;
- шешімдер қабылдау.

Саясаттың **объектісі** – қоғам болып есептеледі. Саясаттың **субъектісі** – қоғамдағы үлкен әлеуметтік топтар, (таптар, ұлттар, ұлыстар) мемлекет, партиялар, жеке адам. Сонымен, саясаттың қарастыратын басты мәселелерінің

бірі – саяси қатынас мәселесі. Саяси қатынас – мемлекеттік билік жөніндегі қатынас.

Саясат пен экономиканың бір-біріне ықпалын айтсақ, мұнда анықтаушы рөлді экономика атқарады, себебі ол саясаттың материалдық негізі болып есептеледі. Саясаттың мақсаттары мен міндеттері – нақтылы экономикалық, әлеуметтік факторлар мен заңдылықтарға негізделініп жасалынады. Демек, саясат экономика заңдарын қатаң сақтауы және оған бағынуы тиіс. Сондықтан В.И. Ленин саясатты экономиканың жинақталған көрінісі деп атаған.

Саясатқа ықпал ететін **факторлар** қатарына: мәдени, тарихи, ұлттық салт-дәстүр, әлеуметтік-психологиялық, географиялық, демографиялық ахуалдар жатады.

№2. САЯСИ ІЛІМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

- 1 Ежелгі дәуірдегі саяси ілімдер.
- 2 Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар.
- 3 Жаңа замандағы саяси ой-пікірлер.
- 4 Қазақстандағы саяси ойы.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және болашақ жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін адамдар әр уақытта, әр дәуірде өзіне дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенген. Өткен тарихты және адамзаттың ұзақ ғасырлық тәжірибесін пайдалану тарихи қажеттілік болып табылады.

Саяси ілімдер тарихы әртүрлі көзқарастар мен ойлардың күресі ғана емес, сондай-ақ адамзаттың таңдаулы өкілдерінің мемлекет пен құқықтың даму тарихы, бостандық пен әділдік, заң мен заңдылық, қоғам мен мемлекеттік құрылыс, адамдардың құқығы мен бостандығы туралы айтқан алдыңғы қатарлы ойлары мен идеяларының жиынтығы.

I Ежелгі дәуірдегі саяси ілімдер. Саяси ілімдер алғашқы кезеңде адамдардың мифтік көзқарастары негізінде Ежелгі Шығыста пайда болды. Ежелгі Шығыста саяси ойлар діни сипатта қалыптасқанымен, онда белгілі бір таптың мүддесі мен билігін қорғайтын белгілер мен заң қаталдығы анық сезілді.

Ежелгі Үндістандағы саяси ілімдерде мифтік, діни және брахманизм идеялары үстемдік жасады. Брахманизм идеясы б.з.д. II мыңжылдықта ВЕДА ескерткіштерінде кездесті. Веда – білім, кіріспе деген мағынаны білдіреді. Бұл ведаларда адамдар төрт варнаға бөлінді: брахмандар – Пуруши құдайының аузынан, кшатрийлер – құдай қолынан, вайшийлер – құдай санынан, шудралар – құдай табанынан жаралған деп санады.

Ману заңдарында адамдардың варналарға бөлінуі және олардың қоғамдағы орны мен әлеуметтік теңсіздігі қорғалады. Мұнда брахмандардың жоғары дәрежелі жағдайы мен үстемдігі, артықшылығы туралы айтылады. Тіпті патшаның өзі брахмандарды құрметтеуі, олардың ақыл-кеңестерін, талаптарын орындауы тиіс. Заң бойынша патшаның басты міндеті варна жүйесін қорғау

және оған қарсы келгендерді жазалау. Ману заңы бойынша патша өкілдігі шектеулі.

Б.з.д. VI ғасырда Будда (данышпан деген мағынаны білдіреді) деген атпен белгілі болған С. Гаутама Веда ілімін сынға алады. Будда діні бойынша брахмандардың жоғары дәрежесі мен артықшылығы жоққа шығарылады. Б.з.д. III ғасырдан бастап буддизмнің көптеген идеялары әлеуметтік-саяси маңызға ие болып, мемлекеттік саясат пен заңдылыққа ықпал ете бастайды. Үндістанды бір орталыққа біріктірген Ашока патшаның билігі тұсында (б.з.д. 268-232жж.) буддизм мемлекеттік дінге айналады. Буддизм ықпалы кейінен Қытай, Жапония, Бирма, Цейлон елдеріне де тарайды.

Будда «ең бастысы – адамның атағы мен шыққан тегі емес, адамгершілігі» – деп үйретті. Сонымен бірге, адам өмірінің мәні байлық пен атақ емес, әрқашан шындықты айтып, мейірімділік пен қайырымдылыққа ұмтылуда екенін дәріптеді.

Ежелгі Қытай қоғамдық-саяси ойында ықпалды ағымның бірі болған даосизм ілімі, оның негізін салған б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген оқымысты Лао-цзы. Еңбегі «Дао және дэ» деп аталады. Даосизм ілімі «дао» ұғымына негізделеді, ол «алғашқы түпкі негіз» деген мағынаны білдіреді. Даосизм ілімі аспан, табиғат, қоғам заңдылықтарын анықтады. Бұл заңдылық жоғары қайырымдылық пен табиғи әділдікті жақтады. Дао ілімі бойынша барлық адамдар тең. Ол теңсіздікті, әділетсіздікті, қайыршылықты даодан ауытқу деп санады.

Қытайдың саяси ілімі тарихында конфуцизм ілімі маңызды рөл атқарған. Оның негізін қалаған б.з.д. 551-479ж. өмір сүрген қытайлық ойшыл Конфуций болды. Оның көзқарастары шәкірттері құрастырған «Лунь юй» (Әңгімелер мен пікірлер) кітабында жинақталған. Бұл кітаптағы даналық туралы ойлар өз мәнін осы уақытқа дейін жойған жоқ. Ол даналыққа үш түрлі жолмен жетеміз, ең ізгі жол – санамен саралау, ең оңай жол – еліктеу, ең қиын жол – тәжірибеден тәлім алу, – деп жазады. Оның негізгі идеялары:

- 1 мемлекеттің патриархалды-патерналистік концепциясы;
- 2 аристократиялық билік концепциясы;
- 3 қайырымды билік концепциясы.

Конфуций барлық нәрсе үнемі өзгерісте болады, уақыт тоқтамайды, әрбір нәрсенің басталуы мен аяқталуы болады дейді. «Адамның ісі де солай, бас-аяғынсыз бірде-бір іс жоқ. Оның басталуы мен аяқталуын анық білген адам ақиқатқа жақын тұрады» – деп жазады.

Ежелгі Грецияның саяси ілімдер тарихында өте бай материалдар жинақталған. Антикалық дәуір ойшылдары қоғамдық өмірді, оның саяси құрылысын талдап, саяси сананы мифтен теорияға ауыстырды. Ежелгі грек ойшылдарының көрнекті өкілінің бірі – **Платон** б.з.д. 427-347 жылдары өмір сүрді. Ол саяси ойларын «Саясат», «Мемлекет», «Зандар» атты еңбектерінде айтты. Мемлекет пен заңдарға деген мұқтаждықты Платон адамдардың өздерінің қызығушылықтарын қанағаттандыруға, қоғамдық идеалға жақындауға деген талпынуларымен түсіндірді. Платон пікірі бойынша мемлекеттік құрылыстың «дұрыс» және «бұрыс» формалары кездеседі

(«Мемлекет» деген еңбегінде мемлекеттік құрылыстың бірінші жобасын ұсынды). Мемлекеттің дұрыс формасы – монархия, аристократия, өйткені олардың қызметі қоғамды келісім мен байлыққа жеткізеді деп есептеді. Мемлекеттің бұрыс формасы – тимократия (байлықты иеленуге талпынушылардың үстемдігі), олигархия (азғана ғана бай жауыздардың, қылмысқа жақындардың үстемдігі), демократия (көпшілік билігі), тирания (бір адам билігі). Платон мемлекеттің дұрыс және бұрыс формаларына ізгілікті мемлекетті қарсы қояды. Оның пікір бойынша ізгілікті мемлекет мынадай белгілерге ие болуы тиіс: 1) қорғау құралдарының болуы; 2) қоғам мүшелерін қажетті материалдармен жүйелі түрде жабдықтап тұруы; 3) рухани және шығармашылық қызметтің жоғары деңгейде дамуына жағдайды жасау. Ол мемлекеттегі қасталық құрылысты дәріптейді. Қоғамдағы адамдарды – философ-билеушілер, сақшылар, тікелей өндірушілер деп бөледі. Әрбір сословиесі өзінің қабілеті келетін іспен айналысуы керек деп санаған. Бір әлеуметтік қабаттан екіншісіне өтуді жоққа шығарады. Платон саяси ілімінде тоталитарлы бағыт анық сезіледі.

Аристотель (б.з.д. 384-322ж.ж.) саяси ілімі «Саясат», «Афиналық полиция», «Этика», «Риторика» деген еңбектерінде жинақталған. Ол саясатқа кең мағына бере отырып, мемлекет - табиғи дамудың өнімі және пайда болуы жағынан отбасы мен қауымдастыққа ұқсас деп санаған. Бірақ, мемлекет қарым-қатынастың жоғарғы формасы. Мемлекетке адамдар белгілі бір игілікке жету үшін бірігеді. Ол да мемлекетті «дұрыс» және «бұрыс» формаларға бөлді. Дұрыс түріне монархияны, аристократия мен полицияны жатқызды. Ал, тирания, олигархия мен демократия мемлекеттің бұрыс түрі деп санады. Мемлекеттің дұрыс түрінде әкімдер халық ел пайдасын ойлайды, билік қоғамға қызмет етеді. Ал, бұрыс түрінде олар өздерінің бас пайдаларын ойлайтын көрінеді. Мемлекеттің ең дұрыс формасы полиция деп санады. Полиция жалпының мүддесі үшін көпшілік билік құруы. Ұлы ойшыл саяси басқаруда адам емес заң басқарғанын дұрыс көрді. Себебі, әкім қаншалықты жақсы болғанымен сезімге, ашу-ызаға берілмей қоймайды, ал заң болса байсалдылығын, парасаттылығын жоймайды. Сонымен, ежелгі грек ойшылдары мемлекеттік құрылыстың әртүрлі формаларын, мемлекет ісіне азаматтардың қатысуын талдап ғана қойған жоқ. Сонымен бірге, олардың идеялары саяси ілімнің әрі қарай дамуына жағдай жасады.

2 Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар. Саяси ілімдер тарихында орта ғасыр ойшылдарының еңбектері мен идеяларының маңызы зор. Олар феодалдық қоғамдық-экономикалық құрылыспен тығыз байланысты. Әрі олардың саяси тұжырымдары діни сипатта болды.

Солардың бірі, **А. Августин** (354-430 ж.ж.) христиан философиясының негізгі қағидаларын дәріптеп уағыздаған. Ол «Құдай қала туралы» атты еңбегінде саяси ой-пікірлерін білдірді. А. Августин барлық әлеуметтік, мемлекеттік, құқықтық ұйымдар мен заңдар адам күнәсінің нәтижесі деп санады. Себебі, оның ойынша адамдарға баста екі жолмен өмір сүруге мүмкіндік берілген. Бірі құдай жолымен, екіншісі адам жолымен. Біріншіні

қалағандар құдаймен мәңгілік патшалық құрып бақытты өмір сүрсе, екіншілер жын-шайтандармен бірігіп азапқа түседі.

Ф. Аквинский (1224-1274 ж.ж.) «Құдайшылдықтың жиынтығы» деген еңбегінде саяси биліктің үш элементін: мәнін, формасын және қолдана білуді ажыратып көрсетті. Сонымен бірге, ол өз еңбектері арқылы арнайы заң теориясын жасады. Заңды мәңгілік, діни, табиғи және оң деп бөліп көрсетті. Құдай жауыздық емес, қайырымдылықтың себебі. Сондықтан билікті құрайтынның барлығы мейірімділіктен тұрады деп санаған. Ф. Аквинский монархияны қолдады, себебі ол заңға сүйенеді деп есептеген.

XV және XVI ғасырлар аралығы Батыс Европада «қайта өрлеу дәуірі» деген атқа ие. Қайта өрлеу дәуірінің саяси ойының жарқын жұлдызының бірі италияндық **Н. Макиавелли** (1469-1527ж.ж.) болып табылады. Оның «Патша» (1513ж.), «Тита Ливлийдің бірінші декадасы туралы ой толғаныстар» (1519ж.), «Флоренция тарихы» (1532ж.) т.б. атты құнды еңбектері бар. Н. Макиавеллидің саяси ілім тарихы дамуына қосқан үлестері:

- 1 схоластиканы бұзып, рационализм мен реализм негізін салды;
- 2 саясаттану ғылымының негізін салды және саяси өңдеуді енгізді;
- 3 феодалдық бытыранқылыққа қарсы шығып, Италияда бір орталықтанған, тұтас монархияның абсолюттік формасын қалыптастыру үшін күресті;
- 4 «мемлекет» және «республика» ұғымдарын ендіріп, оларға қазіргі заманғы мән берді;
- 5 папалық тақ пен шіркеуді әшкерледі;
- 6 «мақсат әрбір тәсілді ақтайды» қағидасы бойынша қалайда мақсатқа жетуге шақырды.

3 Жаңа заманның саяси ой-пікірлері. Табиғи құқық мектебінің ірі теоретигі нидерланд ғалымы **Г. Гроций** (1585-1645ж.ж.) «Соғыс пен бейбітшілік туралы құқық. Үш кітап» (1625ж.) атты трактатында халықаралық құқықтың өзекті мәселелерін шешу мақсатын қойды. Соғыс пен бейбітшіліктің теориялық мәселелерін шешу құқық, әділеттілік, олардың көздері, өмір сүру формасы, зерттеу әдістері сияқты жалпы мәселелерді қарастыруды қажет етті. Нәтижесінде Г. Гроций жаңа методологияға негізделген құқық пен мемлекеттің жалпы мәселелерін тиімді шешуші саяси-құқықтық доктринаны қалыптастырды. Оның ілімінің бастама бөлімі – адам табиғаты, адамның әлеуметтік сапасы.

Г. Гроций пікірінше «табиғи жағдай» бір кездерде болған, онда мемлекет те, жеке меншік те болмаған. Адамзаттың дамуы, алғашқы қарапайымдылығын жоғалтуы, адамдардың қарым-қатынасқа талпынуы, ақылмен басқаруға деген қабілеті мемлекетті құруда келісімге келуге итермеледі. Бұл мемлекет шығуының қоғамдық келісім теориясы еді. Г. Гроций «мемлекет дегеніміз құқық пен ортақ игілікті сақтау үшін құрылған, жетілген адамдар одағы» – деп анықтама берді. Оның пікірі бойынша мемлекеттің белгісі жоғарғы билік, атрибуты – заң шығару, сот, лауазымды қызметке тағайындау, салық жинау, соғыс және бейбітшілік мәселелерін талдау, халықаралық келісімге келу.

Т. Гоббс (1588-1679ж.ж.) еңбектері «Левиафан, немесе материя, мемлекет формасы мен билігі», «Азамат жөнінде», «Дене туралы», «Адам туралы».

Мемлекет пен құқық туралы ілімді Т. Гоббс геометрия сияқты тиянақты ғылымға айналдыруға тырысты. Ол өз ілімін адам табиғаты мен құмарлығын зерттеуге арнады. Т. Гоббстың адам табиғаты мен құмарлығы туралы ойлары пессимистік болды. Оның ойынша адамға бақталастық (байлыққа құмарлық), даңқ құмарлық, сенімсіздік (қауіпсіздікке талпыныс) тән. Бұл құмарлықтар адамдарды жауластырады, «барлығының барлығына соғыс жағдайын» гудырады. Бұл адамдарды табиғи жағдайды қысқарту жолын іздестіруге итермелейді, соңында табиғи құқықтан бас тарту адамдарды мемлекетке әкеледі. Т. Гоббс мемлекеттің үш формасын монархия, демократия, аристократияны атайды, олардың ішінен шексіз монархияны қолдайды.

Ш.Л. Монтескье (1689-1679ж.ж.) француз ағартушысы, заңгер, саяси ойшыл. Оның «Парсы жазбалары» (1721ж.), «Римдіктердің қуаттылығы мен құлауының себептері туралы пікірлер» (1734ж.), «Заңдар рухы туралы» еңбектері бар. Оның негізгі идеялары:

- саяси бостандық, оны қамтамасыз етудің шарты ретінде әділ заң мен мемлекеттік құрылыстың тиімді жұмыс істеуін ұсынды;
- заң шығуына байланысты әр халықта өзіндік сипаттардың барлығын түсіндіруі;
- билікті бөлу идеясын дамытты, оны бөлудегі мақсат билікті теріс пайдалануға жол бермеу деп санады;
- бостандық – заң мен ерік берілген нәрсенің барлығын істеу құқығы.

Ж.Ж. Руссо (1712-1778ж.ж.) саяси ілімдер тарихындағы жарық жұлдыздардың бірі. «Адамдар арасында теңсіздіктің пайда болуы мен негіздемесі туралы ойлар», «Саяси экономия туралы», «Мәңгі әлем туралы ойлар», «Қоғамдық келісім немесе саяси құқық принциптері туралы» еңбектері бар.

Ол табиғи жағдайда жеке меншік болмайды, барлық адам еркін және тең деп санады. Жеке меншік пен әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуынан табиғи теңдік бұзылды, байлар мен кедейлер арасында күрес басталды деп жазды. Ж.Ж. Руссо халықтар мен билеушілер арасындағы нағыз келісім, саяси организм құру концепциясын ұсынды. Бұл концепция бойынша әркім өзінің жеке мүддесі мен тұлғасын, өзінің барлық күшін жалпы игілікке бере отырып, тұтастың бөлінбес бөлігіне айналады. Ж.Ж. Руссо қоғамдық шарт концепциясында теңдік пен меншік мәселелеріндегі қайшылықтарды шешудің жолдарын іздестіреді.

Атқарушы билікті кімнің атқаруына қарай Ж.Ж. Руссо басқарудың демократиялық, аристократиялық, монархиялық түрлерін ұсынады. Барлығында егемендік пен заң шығару халықтың қолында болады. Ж.Ж. Руссо демократиялық басқару шағын мемлекеттер үшін, аристократиялық басқару орта мемлекет үшін, монархия ірі мемлекеттер үшін тиімді басқару формасы деп санады.

Саясаттану ғылымы дербес қоғамтану саласы ретінде XIX аяғы мен XX ғасырдың басында қалыптаса бастады. Оның көрнекті өкілдері В. Парето, Р. Михельс, Г. Моска, М. Вебер болып табылады.

В. Парето (1848-1923ж.ж.) саяси ілімінің негізгі идеялары – саяси элита теориясы мен билік құрылымы туралы. «Жалпы социология жөніндегі трактат» деген еңбегінде элита ұғымын саяси ілімге ендіреді. Ол саяси өмір дегеніміз элиталар арасындағы күрес және олардың орын алмасуы деп жазған болатын. Оның ойынша, қоғам дамуы элиталар алмасуы арқылы жүреді.

Г. Моска (1858-1941ж.ж.) «Саяси ілімнің негіздері» деген еңбегінде саясат дегеніміз екі қарама-қарсы топтың үстемдік жүргізуші элитаның және бағынышты көпшіліктің күресі төңірегінде болатын жағдайлар деп жазады. Ол демократияны жақтамады. Демократия дегеніміз көпше сөйлеушілердің билікке жету үшін саясаттан хабары шамалы көпшіліктің өз қулықтарына пайдалануы деп санады.

Р. Михельс (1876-1936ж.ж.) саяси партия концепциясының негізін салушы. Демократия ұйымдарсыз, басқару аппаратынсыз және кәсіпқой жетекшісіз мүмкін еместігі партия қызметкерлеріне қызмет орны мен артықшылықтарды бекітіп береді, сөйтіп партиялық көпшіліктен оларды ажыратады деп санады.

М. Вебер (1864-1920ж.ж.) немістің көрнекті ойшылы, саясаттанушы ғалым. Оның саяси ілімінің негізгі идеясы – плюрализм. Оның зерттеуінің негізгі мақсаты – қоғамның шаруашылық өмірінің, әртүрлі әлеуметтік топтардың материалдық және идеологиялық мүдделерінің, діни көзқарастарының мәнін ашу. Дін капитализмге қажет белсенді күш деп есептеді. Сонымен бірге, ол қоғамның таптық құрылымына, таптық шиеленіске, билік қатынасына ерекше көңіл бөлді.

XX ғасырдың басында саясаттану ғылымы АҚШ-та белсенді дами бастады. Американдық саясаттану ғылымының дамуына үш адам ықпал етті: 1. Ч. Мерриам (1874-1953), американдық саясаттану ғылымының негізін салушы; 2. Г. Лассуэлл (1902-1979) саясаттанудағы бихевиористік бағыттың негізін салушы; 3. Г. Моргентау (1904-1980) прагматизм және реализм мектебінің басшысы.

XX ғасырдың саясаттану ғылымының қазіргі кезеңдегі әр түрлі бағыттары қалыптасты:

1 **Әлеуметтік бағыт**, ол әсіресе батыстық саясаттану ғылымында ерекше орын алды. Оның өкілдері саясат құбылыстарын қоғамның күрделі әлеуметтік құрылымы мен процестері арқылы зерттейді. Саясаттануда бұл бағыттың қалыптасуына М. Вебер, Э. Дюркгейм үлкен үлес қосты. Осы бағыт ішінде В. Парето мен Г. Моска элита концепциясын, ал Р. Михельс саяси партия теориясын қалыптастырды.

2 Саясаттанудың екінші бағыты – **институционализм** деп аталады. Оның негізгі өкілдері С. Липсет, Ч. Миллс, М. Дюверже т.б. Олардың негізгі зерттеген мәселелері – саяси өмір мен қоғамдық құрылысты ұйымдастыру формалары. Бұл бағыттың негізгі қолданған ұғымы «саяси институт» болды.

3 Саясаттың **құрылымдық-функционалды концепциясы**, оның өкілдері – Г. Лассуэлл, Т. Парсонс, Д. Истон, М. Вебер. Олар саясатты, оның институттарын қоғамдағы орны мен қызметіне қарай зерттейді. Д. Истон саяси жүйе теориясын қалыптастырған. Г. Лассуэлл өз еңбектерінде саяси жүйенің әрекет етуіндегі бұқаралық коммуникацияның рөліне көп көңіл бөлді. Т. Парсонс пікірі бойынша жалпы жүйені тану тек жекелеген жүйешелерді зерттеу арқылы ғана мүмкін еді.

4 **Саяси плюрализм** концепциясының негізгі өкілдері – Э. Дюркгейм, М. Дюверже, Р. Дарендорф болып табылады. Олардың негізгі идеясы: қоғамда таптардың жойылуына және олардың орнына әлеуметтік қабаттардың өзара әрекет пен келісімде өмір сүруіне негізделді. Мұнда мемлекет бейтарап төреші қызметін атқаратын болды.

5 **Демократия концепциясы**, оның негізін салушы А. Токвиль. Демократия концепциясы негізінде құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, адам құқығы мен бостандығы сияқты ілімдер қалыптасты.

6 **Бюрократия концепциясының** дамуына М. Вебер, Р. Мертон, С. Липсет еңбектері ықпал етті. Олар еңбектерінде бюрократияның қызметі мен құрылымын жан-жақты зерттеді. Бұл теориядағы маңызды нәрсе бюрократиялық билікті заңдастыру және демократиямен қарым-қатынасы туралы мәселе болып табылады.

7 **Тоталитаризм концепциясы**. Тоталитаризм мәселелері неміс-американ ғалымы Х. Арндт, австро-американ ғалымы Ф. Хайек, орыс ғалымы Н. Бердяев еңбектерінде жазылды.

4 **Қазақстандағы саяси ой**. Қазақ мемлекетінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталатын заңдар жүйесі болған. «Жеті жарғы» тек құқықтық қалыптар жинағы емес. Онда әртүрлі діни, тәлімдік, әдептілік, қарым-қатынастық мәселелер, яғни қоғамның барлық мәдени-әлеуметтік өмірі қарастырылған. Оған қоса айтарымыз бұл тарихи құжатта алғашқы рет қазақтардың саяси құндылықтары стандартталынды, жүйеленді, қалыптандырылды. Бұл өркениеттілікке қарай жасалынған біршама қадам болатын. Бірнеше ғасырлар бойы хандық билікте болған қазақ жері «дала демократиясының» өзіндік тәжірибесінен өтті, бұл өте құнды рухани-саяси мұра болып табылады.

Қазақ зиялылары туралы сөзді XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ағартушыларынан бастаған жөн сияқты. Өйткені, олар өздерінің шығармашылығын әлемдік деңгейдегі мәдениет көздерінен сусындап отырып өрбіткен, іс-әрекеттерін әлеуметтік, саяси дамудың принциптеріне, үрдістеріне сай екішеп отырған. Өз заманының керемет саясаткері, этнограф-ғалым **Ш. Уәлиханов** қазақ елінің саяси өміріндегі кейбір мәселелердің шешімі ұлттық-этникалық жетілуде екенін пайымдаған. Сондықтан сол халықтың ішкі мүмкіндіктерін ашудың бірі этносаралық қатынастарды, ұлттық мәдениеттерді жақындату екенін байқайды. Ш. Уәлиханов «Сот реформасы жайында хат» атты саяси тұрғыда жазылған еңбегінде қазақтың ел билеу тәжірибесіндегі маңыздылықтар қатарына мыналарды жатқызды: қазақтың әдет-ғұрып заңын; билер институтын; халықтық сайлауды әділетті өткізу. Жетілмеген саяси

жүйенің қозғаушы күші сол халықтың белсенділігін, білімділігін арттыруда екеніне де баса назар аударады. Бұл идеяны өзінің шығармашылығы арқылы дәлелдеуге тырысады. **Ы. Алтынсарин** көтерген бастама (оқудың, білімнің кәдірін көтеру) өз заманындағы ұлттық идеямен парапар болатын. Өйткені ол саяси күреске, тәуелсіздік алуға дайын емес халықты алдымен сауаттандыру керек екендігін түсінген еді. Міне, соның арқасында келесі ғасырларда қазақтар білімділігі жоғары, сауатты халықтардың қатарына қосылды. **А. Құнанбаевтың** «Қара сөздері» түркі халықтарының даналығының бір биігі болатын. Өз халқының әлеуметтік, саяси жағдайына жаны ашыған көреген ақын өз шығармашылығында көп мәселені шешуді мәдениеттен, руханилықтан бастауды тұжырымдайды. Еркіндіктің қайнар көзі халықтың дүниетанымында екеніне назар аударады.

А. Құнанбаев 41-ші қара сөзінде ұлттың ішкі бірлігін, тұтастығын нығайту үшін мықты үкімет құрылуы керек екендігін және сол үкімет халықты білімге, ғылымға, өнерге, еңбекке тартуға міндетті екені айтады. Сонымен қатар, үкімет, билік басындағы адамның материалдық жағдайының жақсы болғанын қалады. Өйткені, бұл тұжырым биліктегі адам күнделікті күйкі тірліктің мәселелері деңгейінде алаңдамауы қажет деген ойдан туындаса керек.

XX ғасырдың басында тарих сахнасына қазақтың ұлттық зиялыларының үлкен бір тобы келеді. Бұл топ кейін «Алаш» қозғалысын ұйымдастырып, халықтың саяси мүддесін жаңа заман туғызған саяси құндылықтар ауқымында тұжырымдай бастайды. Олардың арасынан ірі тұлғалар **Ә. Бөкейхановты, А. Байтұрсыновты, Х. Досмұхамедовты, М. Дулатовты, М. Тынышпаевты, М. Шоқайды** және т.б. атап көрсетуге болады. Бұл ұлттың алдыңғы қатарлы өкілдерінің көзқарастары сол тарихи кезеңдегі саяси ахуалға сәйкес қайшылықтардан бастау алады. Қазақ жеріндегі қалыптасқан саяси санада екі, бір-бірінен сапалы түрде айырмашылығы бар саяси бағдар қалыптасады. Біріншісі, ұлттық-діни құндылықтарға бет бұрып, мұсылмандық шарттарға арқа сүйеу арқылы дамуды көксесе, екіншісі, ұлттық-либералдық құндылықтарды қолдайды, яғни батыстық бағдарды ұстанады (екінші бағыттағылар Ресейдегі демократтарға жақын болуға тырысады және соны жақтайды). Сол кезеңнің саяси элитасы өздерінің бағдарламаларында төмендегідей саяси құндылықтардың маңыздылығын атағаны жөнінде «Қазақ» газетінде материал жарық көреді.

- тең құқылық (дініне, шығу тегіне және жынысына қармастан адамдар тең құқылы);
- жеке бастың еркіндігі (мемлекет шенеуніктері кімді болса да заңсыз жолмен тұтқындай алмайды);
- сөз, ұждан бостандығы (жиналыстар өткізу, бірлестіктер өткізу, бірлестіктер құру, сөз сөйлеу, газеттер шығару, кітаптар басу бостандығы);
- сот әділдігі (соттың талқылауынсыз және шешімінсіз бас бостандықтан айыруға болмайды) және т.б. демократиялық елдерге тән либералдық құндылықтарды саяси өмірге ендіруге талпынады. Бұл қазақ даласындағы әрбір азаматтың тұлғалық қадірін, абыройын қорғауға деген нақты қадамдар

болатын. Осындай құқықтық тұрғыдан қорғауға деген талпыныс қазақ зиялыларының саяси мәдениеті деңгейінің біршама жоғары болғанын танытады. Сонымен қатар, отарлық жағдай қазақ жерінің көптеген саяси-азаматтық проблемаларының болғанын білдіреді.

Ресей оқу орындарында білім алған қазақ зиялылары ұлт мәдениетінің дамуындағы қайшылықтарды терең түсініп, оның тұптамасын ұлттың тәуелсіздігімен байланыстырады. «Ұлттық тәуелсіздік» – саяси құндылық ретінде **XX** ғасырдың басында саяси сананың басты іргетасына айнала бастады. Бұл қазақтың қоғамдық-саяси болмысындағы Ақпан және Қазан революциясына дейінгі өзіндік дүмпуі болатын. Ресей империясы үшін де, кейін келген Кеңес үкіметі үшін де бұл әрекеттер ұнамды үрдістер ретінде қабылданған жоқ. Большевиктердің ұсынған саяси құндылықтары қоғамдық санада біркелкі қолданыс алмаған болатын. Бұл жағдай революцияларға дейін қалыптаса бастаған болатын. Оны **Ә. Бөкейхановтың, М. Дулатовтың, М. Тынышпаевтың** және т.б. қазақ зиялыларының саяси көзқарастарынан байқауға болады.

1913 жылы қазақ қоғамының саяси, мәдени мүдделерін жоқтайтын жалпы ұлттық саяси басылым «Қазақ» газеті ұйымдастырылады. Бұл халықтың шынайы саяси, мәдени құндылықтарды, бағдарларды ресми анықтау мақсатындағы үлкен қадам болды. Өйткені, бұл басылым тек қана жаңалықтарды жеткізуші орган емес, сонымен қатар ұлт-азаттық қозғалысы идеологиясының негізін салушы орталыққа айналады. Сөйтіп, саяси аномияда өмір сүріп жатқан қалың қазақтың саяси құндылықтар жүйесіне жаңа ұғымдар, түсініктер ене бастайды, ұлттың өзін-өзі етенелестіру талпыныстарында біршама өзгерістер пайда болады. Әрине, феодалдық бытыраңқылық ондаған жылдар бойы қалыптасқан отарлану дәстүрі өз әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да болар **М. Дулатов** өзінің өлеңдер жинағын «Оян қазақ!» деп атайды. Бұл оятушы рөлді қазақ зиялылары атқарғанына шүбә келтірмейміз. Себебі, сол азаматтардың саяси белсенділігінің арқасында халықтың тарихи зердесінде жаңа саяси ұстанымдар мен нұсқалар орныға бастады. Бұл ұлттық идеяның жүзеге асуына көп кедергілер болған кезең болса да, келешектегі ұрпақтар үшін қажетті үлкен саяси-рухани мұра болатын. Кеңес үкіметі билікке келгеннен кейін **М. Шоқай** бастаған қазақ зиялылары «Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетін» құру әрекетіне кіріседі. **М. Шоқай** қазақтың алғашқы саяси эмигранты ретінде ерекше тұлға. Ол көптеген еңбегін «бөлінбейтін біртұтас Түркістан» идеясына арнайды. Алашордалық зиялылармен үндес болған **М. Шоқай** кеңестік-жетекші билікті ұстанған алдыңғы қатарлы тұлғалар **Т. Рысқұлов, С. Асфендияров, С. Садуақасов** сынды азаматтардың ой-пікірлерінің құнды жақтарын көре білді.

Сөйтіп, жаңа заман өзгерістері қазақ зиялылар арасында, жалпы саяси таңдауды қажет еткізді. Көптеген алашордашылдар «пантюркизм», «панисламизм» идеясында деп айыпталды, қуғынға ұшырады. Бұл да тарихи кезеңнің өзіндік сипаты болатын. **А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың** пікірлері бойынша, «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясы дұрыс делінсе, **Ә. Бөкейханов** «Ресей республикасының құрамындағы федеративті,

демократиялық, парламенттік қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы» құрылғанын қалады.

Қазақ жері «теңдік пен әділдікті әкелетін социализмнің» орнына ұлттық келбетін, өмір салтын жаншитын қоғамның келгенін сезінді. Үлкен зұлмат 1937-1938 жылдары келіп, халықтың бетке ұстар қаймағы болып есептелетін **М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров** сияқты қазақ әдебиетіндегі ірі тұлғалар тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Олардың шығармашылығында әдеби көркем образ бен саяси идеялар астасып жататын.

№3. БИЛІК ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ

- 1 Саяси билік анықтамалары мен концепциялары.
- 2 Саяси биліктің қызметтері мен ерекшеліктері.
- 3 Билік ресурстары мен түрлері.
- 4 Билік легитимациясы.

1 Саяси билік анықтамалары мен концепциялары. Саяси зерттеулердегі салыстыру объектісі әрқашанда әртүрлі қоғамдағы биліктің бөлінуі болып табылады. Шын мәнінде, билік саясаттағы негізгі мәселе. Сонда билік дегеніміз не? Билікті қоғамдық ғалымдар әртүрлі түсіндіреді. Мәселен, **билік** – басқа адамдардың мінез-құлқын өзгерту мүмкіндігі (**Г. Саймон**); белгілі бір мақсатқа жету мүмкіндігі (**Т. Парсонс**); белгілі бір тәсілдерді қолдану мүмкіндігі, көбінесе күштеуге негізделген (**Г. Лассуэл, А. Каплан**); басқарушы мен басқарылушы арасындағы ерекше қатынас түрі (**М. Дюверже**); шиеленістік ахуал тұсында табысты бөлуді реттеу және шешімді қабылдау мүмкіндігі (**Г. Лассуэл**) деген анықтамалар берілген. Билік теориялары ішінде билік бір субъектінің екіншінің қарсыласуын тоқтату нәтижесінде пайда болады деп санайтын «қарсыласу» теориясы (**Б. Рейвен, К. Леви**) да бар. Ал, «Ресурстарды ауыстыру теориясының» (**П. Блау, Д. Хиксон**) авторлары, билік бір субъектілердің екінші адамның ресурстарын өзіне керек іс-әрекетіне ауыстыруы деп санайды. «Ықпал ету зонасын бөлу» теориясы билікті әлеуметтік топтардың өзара ықпал шекарасын бөлуі деп санаған. Сонымен бірге, билік туралы тағы басқа да концепциялар бар, мәселен белгілі философ **М. Фуко** билік – барлық қоғамдық құрылымдарға енеді, ең алдымен тілде болады деп санады.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде билікке мынадай анықтамалар берілген:

- **бихевиористік** анықтама бойынша билік- адамдардың мінез-құлқына әсер ету мүмкіндігіне негізделген айрықша мінез-құлық түрі;
- **телеологиялық** анықтамада билік – алға қойған мақсатқа сәйкес белгілі бір нәтижеге жету мүмкіндігі;
- **инструменталистік** билік анықтамада билік – белгілі шаралар қолдану құралы ретінде қарастырылады, мәселен зорлық, күштеу т.б.;
- **құрылымдық** анықтамада, яғни билік – басшылық пен басқарылушы арасындағы қатынастың ерекше түрі;

- **жанжалдық билік** анықтамасы бойынша билік – игіліктерді, даулы жағдайларда бөлісуді үйлестіру құралы;

- **П. Моррис, А. Гидденс** пікірі бойынша билік – біреуге немесе бірденеге тигізетін жәй ғана ықпал, әсер емес, олады өзгертуге бағытталған іс-әрекет;

- американдық саясаттанушылары **Г. Лассуэлл** мен **А. Каплан** «Билік және қоғам» деген кітабында билікті шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігі деп сипаттайды.


Сонымен, **билік** дегеніміз тап, әлеуметтік топ, мемлекет, жеке адам т.б. тарапынан өзіндік ерік-жігерді іске асырудағы қабілеттілік пен мүмкіндіктерді пайдалана отырып адамдардың қызметі мен мінез-құлқына бедел, күштеу құралдары арқылы әсер ету. Қысқаша айтқанда, **билік** деп біреудің екіншілерге әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеті, қызметіне ықпал етуін айтамыз.

Биліктің бірнеше түрлері бар, олардың ішіндегі ең маңыздысы саяси билік болып табылады. **Саяси билік** дегеніміз белгілі бір топтар мен таптардың мемлекеттік органдар жүйесі арқылы қоғамдағы саяси үстемділігі.

2 Саяси биліктің қызметтері мен ерекшеліктері. Саяси билік мына **қызметтерді** атқарады (2-кесте):

- қоғамды басқару стратегиясын жасау;
- дамудың негізгі бағыттары бойынша нақты шешімдерді дайындау және қабылдау;
- қоғамдық процестерді жылдам басқару және реттеу;
- қоғам дамуындағы тұрақтылықтың маңызды параметрлері мен бағыттарын бақылау.

2-кесте



Саяси биліктің ерекшеліктері мына төмендегідей:

- билік адамдардың үлкен тобының мүддесін қорғайды, ол топтың экономикада рөлі басым болады, әрі қоғам сол топ мүддесі тұрғысынан басқарылады;

- қоғамдағы басшылық көбінесе сол топ өкілдерінің қатысуымен мемлекет арқылы, қоғамдық-саяси ұйымдар мен саяси жетекшілер арқылы жүргізіледі;

- арнайы басқару ісімен шұғылданатын ерекше маман топтардың болуы;

- жариялылығы және жаппай болуы.

Саяси билікке тән сипаттық белгілер (3-кесте):

- билік еркінің басымдылығы, оның ең жоғарғы, басты айқындаушы, шешуші күш ретіндегі ықпалы;

- биліктің иерархиялық сипат алуы;

- басқарудың ерекше аппаратының болуы;

- биліктің үстемдікті шоғырландыруға, монополиялауға ұмтылуы;

- қоғам мен жеке адам қатынасында мәжбүр ету мүмкіндігі.

Мемлекеттік билік пен саяси билікті салыстыратын болсақ, саяси билік мемлекеттік билікке қарғанда кең ұғым. Саяси билік тек мемлекеттік көлемде ғана емес, сонымен бірге халықаралық ұйымдар көлемінде де жүргізіледі. Кез келген мемлекеттік билік ол саяси билік, ал кез келген саяси билік мемлекеттік бола алмайды. Мысалы, алғашқы қауымдық құрылыста саяси билік болған (ақсақалдар кеңесі), ал билік аппараты, мемлекет болмады. Демек, мемлекеттік билік – саяси биліктің бір түрі. **Мемлекеттік биліктің ерекшеліктері:**

- ол белгілі бір аумақта ерекше аппарат арқылы жүргізіледі;

- мемлекеттік билік өзінің арнайы күштеу аппаратына сүйенеді;

- мемлекеттік билік монополиялық сипат алады.

Билікті қызметіне, билік жүргізу ауқымына, билік субъектісіне, басқару әдісіне қарай жіктелу:

- қызметіне қарай билік: саяси, идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, банк, діни т.б.;

- билік жүргізу ауқымына қарай: мемлекеттік, халықаралық, отбасылық т.б.;

- билік субъектісіне қарай: таптық, партиялық, халықтық, жеке адам билігі;

- басқару әдісіне қарай: тоталитарлы, депоттық, бюрократиялық, т.б.

Биліктің мәнін жете түсіну үшін оның негізгі қағидаларын нақтылау қажет (3-кесте). Биліктің мәнін ашуда екі мәселеге ерекше назар аударған жөн. Біріншіден, билікке жету жолы, екіншіден, билікті сақтау мен қолдану әдістері. Демек, биліктің қағидаларын ажыратып көрсету маңызды. Биліктің легитимділік, ақиқаттылық, шынайылық, көрегенділік, коллегиялық, төзімділік, өзіндік сыншылдығы, қаттылығы, жасырын сияқты қағидалары бар.

Билікті жүргізу әдістері рухани және материалдық болып бөлінеді. **Рухани әдістер:** саяси идеялар мен теориялар, саяси сана, құқық, норма, ереже, білім, саяси сөз, саяси әдістер, саяси тәжірибе, саяси өнер; **материалдық әдістер:**

саяси жобалау, есеп, бақылаудың техникалық әдістері, күштеу тәсілдері, билік жүргізуші кадрлар, саяси институттар, органдар, аппараттар, билік ұйымдары.

3-кесте



Биліктің қайнар көзіне – бедел, күш, байлық, заң, адамның қоғамдағы алатын орны, ұйым, мүдде, білім, хабарлама мәліметтер жатады (№3 кесте).

Билікті жүзеге асырғанда құқық, бедел, сенім, әдет-ғұрып, дәстүр, амал-айла, қулық, күштеу, зорлау, еріксіз көндіру сияқты әдіс-амалдар пайдаланылады.

Билікті айқындау және тарату формасы үстемдік жүргізу, басшылық ету, үйлестіру, ұйымдастыру, бақылау болып табылады.

3 Билік ресурстары мен түрлері. Билік ресурстары мына төмендегідей бөлінеді:

Экономикалық ресурс – материалдық құндылықтар, ақша, техника, құнарлы жер, пайдалы қазбалар.

Әлеуметтік ресурс – әлеуметтік статусты көтеру немесе түсіру қабілеті, әлеуметтік стратификация.

Мәдени-ақпараттық ресурстар – білім, ақпарат, оны тарату құралдарына білім, ғылым институттары, БАҚ-ы жатады.

Биліктің түрлері, ол әртүрлі мемлекеттердің (субъект, объект, ресурстары, процесі) ерекшеліктері арқылы жіктеледі. Биліктің ең маңызды классификациясының бірі – билік ресурстарына негізделіп құрылған.

1 Экономикалық билік, бұл экономикалық ресурстарды бақылау, әртүрлі материалдық құндылықтарға меншік. Қоғамның дамуы біршама тұрақты кезеңінде экономикалық билік басқа биліктерден жоғары тұрады. «экономикалық бақылау – адам өмірінің бір ғана саласын бақылау емес, ол

басқа мақсаттардың барлығына жету құралдарын бақылау» – деп жазады Ф. Хайек «Құлдыққа барар жол» еңбегінде.

2 Әлеуметтік билік, егер экономикалық билік материалдық игіліктерді бөлу тәсілін ұсынса, ал әлеуметтік – әлеуметтік сатыдағы орындарды – статус, қызмет, артықшылық, жеңілдіктерді бөледі. Қазіргі мемлекеттер үлкен әлеуметтік билікке ие, әлеуметтік саясат көмегімен тұрғындардың көпшілігінің қоғамдық жағдайына, олардың қолдауларына ықпал ете алады.

3 Мәдени-ақпараттық билік, бұл ең алдымен адамдарға ғылыми білімдер, ақпарат және оны тарату тәсілдері көмегімен билік жүргізу. Мұнда БАҚ шешуші рөл атқарады. Манипуляциялау қолданылады.

4 Мәжбүр ету билігі күштеу ресурстарына негізделінеді. Мәжбүр ету билігі саяси билікке тән, оның негізгі ерекшелігінің бірі күштеу болып табылады.

Саяси биліктің *субъектісі* – халық. Ал, халықтың атынан билікті қолданушылар арнайы құрылған органдар, ұйымдар, мекемелер арқылы билікті жүзеге асырады. Бірақ, тәжірибеде, тұрмыстық санада, кейде теориялық деңгейде саяси билікті қолданушылардың рөлі жоғары қойылады. Мұның себебі, билік субъектілері әлеуметтік қатынастарға тікелей ықпал жасай алмайды, ықпал тек нақтылы әдіс-құрал арқылы жасалады. Осыдан биліктің түрі, құралы, әдісі бірігіп, оларды халық ажырата алмай жатады. Осыдан келіп саяси билікті қолданушы, жүргізуші адамға басқаның табынуы келіп шығады, оны саясаттану тілінде **билік фитишизмі** деп атайды. Одан адамның әлеуметтік мәні төмендейді, саяси нигилизм туады, саяси енжарлық адамның биліктен аластауы пайда болады.

Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқылы да, екіншілері бағынуға міндетті. Бұл теңсіздіктің туу себебі мына төмендегі әдіс-құралдарға байланысты.

1 Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы-қаражат керек. Мысалы, сайлау науқанын өткізу үшін көптеген ақша жұмсайды. Билеуші аппаратты ұстау үшін де қыруар ақша жұмсалады. Оның үстіне билік басына келген топ өзінің экономикалық бағдарламасымен келеді. Оларды жүзеге асыру үшін көптеген қаржылар да керек. Экономикалық қорға басқада материалдық құндылықтар, құмарлы жерлер, қазба-байлықтар да жатады.

2 Әлеуметтік әдіс-құралдар. Үстемдік етіп отырған адамдар немесе билік өзін қолдайтын, қорғайтын адамдар топтарын іздейді. Бұл рөлді көбінесе сол қоғамда, сол билік тұсында белгілі бір артықшылықтарға, мәртебеге, абыройға ие, жалақысы мол қызметкерлер орындайды. Қазіргі Батыс Еуропада үстемдік етіп отырған саяси билікті сақтауға халықтың көпшілігі мүдделі. Себебі, оларда орта деңгейде тұратын адамдар көп, көпшілікті құрайтын орта тап биліктің негізгі арқауы, мұнда мұқтаждық жоқ, елдерінде әлеуметтік әділеттілік халықты сақтандыру кең дамыған. Оған мысал, зейнеткерлерді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің жетілуі т.б. болады.

3 Күш жұмсау құралдары. Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді, оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура және т.б.

Тарихи тәжірибеге сүйенсек, саяси билік оларды өз мақсаттарына, әсіресе экономикалық және саяси дағдарыстар кезінде жиі пайдаланады. Оның арнайы дайындаған адамдары болады.

4 Ақпарат құралдары. Қоғамдық пікір тудырып саяси өмірге ықпал ету жағынан билік белгілі бір артықшылықтарға ие болады. Демократиялық елдерде сөз, баспасөз бостандығы беріледі, ал басқа саяси тәртіптер саяси манипуляциялаумен айналысады.

Ақпарат құралдарымен қатар билікті жүргізуде **ақпараттық қордың** да маңызы зор. Білім мен ғылыми мағлұматты алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға шығуда. Кейбір ғалымдардың (жапондықтар) айтуынша ақпарат кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады.

4 Билік легитимациясы. Қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесінің тұрақтылығына негіз болатын шарттардың бірі – халықтың биліктің саяси-құқықтық идеяларын мойындауы және құрметтеуі. Мұны саясаттануда «легитимация» – деген категория арқылы анықтайды. Легитимация (латынның заңды) – билікті заңды түрде танып мойындау және оған мүлтіксіз бағыну деген мағынада қолданылады (2-кесте).

Билік легитимациясы теориясының дамуына **М. Вебер** үлкен үлес қосты. Ол бағыну ниеттеріне (мотив) қарай билік **легитимділігінің** үш негізгі түрін ажыратты:

1 Дәстүрлі легитимділік, сол елде ежелден қалыптасқан және халқының санасына әбден сіңген салт-дәстүрлерге сүйенеді. Сондықтан да кейбір елдерде қазір де хан, сұлтан, патша, шах, әмір т.б. билігін халық қолдайды және заңды деп санайды. Олар биліктің мұрагерлікпен берілуін де дәстүр деп мойындап отырады.

2 Харизматикалық легитимділікте батырлығымен, әділеттілігімен немесе басқа да ерекше қасиеттерімен көзге түскен адамды басшы етіп жариялайды. Халық сол көсем сонынан ереді және оған сенеді. Мысалы, Мұхамед пайғамбар, М. Ганди, Аятолла Хомени т.б.

3 Ақыл-парасат пен құқықтық легитимділікте саяси билік сол кездегі саяси құрылым орнатқан құқықтық ережелерге, заңға сәйкес қалыптасады. Мұнда билік легитимділігі демократиялық талаптарға сәйкес келе ме, жоқ па сонымен анықталды. Бұл биліктің демократиялық сайлаумен қалыптасуы деген сөз.

Легитимділіктің алдыңғы екі түрі құлдық және феодалдық қоғамдарға тән болса, үшінші түрі қазіргі дамыған елдерге тән. Демократиялық жағдайда билік легитимді болу үшін мынадай шарт қажет:

♦ ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне қарай орындалуы керек, яғни мемлекеттік биліктің иесін төте немесе жанама түрде белгілі бір мерзімге халық сайлауы керек және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы тиіс;

♦ мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Соңғы кезде легитимділіктің *идеологиялық* түрі туралы да айтылып жүр. Оның мәні билікті халықтың санасына енгізілген идеология арқылы ақтау. Онда билікті сәйкес келетін идеологиямен негіздей отырып, басқару құқығына ие болады. Бұл идеологияның мазмұнына қарай идеологиялық легитимділік топтық немесе ұлтшыл болуы мүмкін. Кеңес Одағында топтық легитимділік кеңінен қолданылды. XX ғасырдың II жартысында ұлтшылдық легитимділік көп елдерде басымдық танытты.

Биліктің тармақтарға бөлінуі. Демократиялық қоғамдарда билікті тармақтарға бөлу қолданылады. Оның негізін салушы ағылшын ойшылы Дж. Локк (1632-1704ж.ж.) және француз ғалымы Ш.Л. Монтескье (1689-1753ж.ж.) болды. Билік – заңшығарушы, атқарушы және сот билігі болып үш тармаққа бөлінеді.

Заңшығарушы билік (парламент) заңшығарумен, оны бекіту, өзгерту және жоюмен айналысады. Ол заң қабылдайды, салық салуды анықтайды, үкіметті тағайындайды, бюджетті бекітеді, соғыс ашып, әскерді қамтамасыз етеді, сауданы реттейді, сотты ұйымдастырады, халықаралық келісім шарттарды қабылдайды, маңызды ішкі және сыртқы саясатты анықтайды. Оның жұмысын конституция атынан ерекше органдар (конституциялық бақылау) бақылау жасайды.

Атқарушы билікке Үкімет пен әкімшілік жатады. Оларды заң шығарушы өкілдік органдар қалыптастырады. Атқарушы билік заңшығарушы биліктің бақылауында болып, олардың алдында есеп береді. Оның жұмысы заңға негізделіп, заң шеңберінде әрекет етуі тиіс. Үкімет саяси шешімдер қабылдайды (конституция шеңберінде), ал әкімшілік ол шешімдерді жүзеге асырады.

Соттың билігі адамдардың құқығын қорғайды, заңды бұрмалаушылықтан сақтайды, парламент не президент қабылдаған заңдардың, конституциялық жарғылардың сәйкестігін анықтайды. Оны халық не өкілетті мекемелер қалыптастырады. Ол заңшығарушы не атқарушы билікке тәуелсіз. Егер жоғарғы сот мемлекеттік органның немесе қызметтегі адамның шешімін конституцияға қарсы десе, ол шешім толығымен күшін жояды.

№4. САЯСАТ СУБЪЕКТИЛЕРІ

1 Саясаттың негізгі субъектісі ұғымы мен құрылымы.

2 Адам саясаттың субъектісі ретінде.

3 Жеке адам мен билік қарым-қатынастарының моделдері.

1 Саясаттың негізгі субъектісі ұғымы мен құрылымы. Саясат мемлекеттік билік үшін бәсекелік күрес саласында әр түрлі субъектілердің әрекеттері мен өзара әрекеттері жиынтығын бейнелейді. Көбінесе, саясат субъектісін бөліп алу өлшемі, оның осы саладағы нақты әрекеті, немесе саяси шешім қабылдауға ықпалының деңгейі, мемлекеттік саясатты іске асыруы, немесе оны ұйымдастыруы алынады. Нақты айтсақ, саясат субъектісі деп шешім қабылауға ықпал ету деңгейіне және мемлекеттік саясатты тарату

сипатына тәуелсіз, мемлекет пен биліктік өзара қарым-қатынасқа түсушіні түсінеміз.

Саясат субъектілері үш түрге: жеке (микроактор), топтық (макроактор) және институттық (ұйымдасқан актор) болып бөлінеді. Бұл үш түрдегі субъектілердің іштей құрылымдары мен мазмұндары өзіндік ерекшеліктерге ие. Мәселен, топтарға әр түрлі қауымдастықтар мен ұжымдар (бейресмиден ресмиге дейін, уақытшадан тұрақтыға дейін, оқшаудан трансұлттық бірлестікке дейін) жатады. Институттарға саяси жүйеде өкілділік пен атқарушылық қызметтерді атқарушы (партиялар, қозғалыстар, лобби, халықаралық ұйымдар) ұйымдар жатады. Жеке субъектілер (Д. Розенау) үш түрге бөлінеді: қатардағы азаматтар, саясатқа қатысуы топтық мүддемен сипатталынатын; кәсіби қызметкер, мемлекетте басқару мен бақылау қызметін атқарушы; жеке индивид, топтық мақсатқа тәуелсіз әрекет етуші және ешбір кәсіби міндеттерді орындамаушы. Саясаттың барлық субъектілері бір-бірімен иерархиялық қатынаста болады.

Легистердің өзі (IV-II ғ.ғ. б.з.д.) адам өмірінің барлық саласын бақылайтын және қатал заңға арқа сүйенетін, басқарушы мен оның қол астындағылардың арасындағы тұрақты қатығыстардың болуына жол бермейтін, күшті деспоттық мемлекет қажет деп санаған. **Конфуций** да мемлекет басымдылығын дәріптеген, мемлекет – үлкен патриархалды отбасы, оған аристократтар мен шенеуніктер және қарапайым халық сөзсіз бағынуы тиіс деп тұжырымдаған. Мұнда индивидтің ешбір құқығы жоқ болып саналады. Мәні жағынан осындай принципті **Платон** да қолдады, мемлекеттің жалпыәлеуметтік қызметін уағыздап, оның индивидке үстемдігін ақтады. **Аристотель** пікірінше мемлекет әлеуметтік қатынастың жоғары формасы, сөйтіп оның басымдылығын дәлелдеуге тырысты.

Аристотель мен Платонның мемлекетке қарым қатынасы мемлекеттің тұрақтылығы мен тыныштығын бұзатын қажетсіздерден, варварлардан, мемлекет өміріне лайықсыздардан тазарту сияқты идеялармен толықтырып отырды. Бұл мемлекет туралы идеялар адамның саяси құқығы мен бостандығын, индивидті азамат және мемлекеттің толық әріптесі ретінде тану мүмкіндігін жойды. Мемлекет, адам құқығы мен статусын толық және оның саяси белсенділік каналдарын анықтап отыруы тиіс.

2 Адам саясат субъектісі ретінде. Субъект дегеніміз (субъект латын тілінде жату деген сөзден шыққан) белсенді іс-әрекет жасаушы, сана мен жігері бар жеке адам немесе әлеуметтік топ.

Объект дегеніміз (объект – латынның қарсы қою деген сөзінен шыққан) субъектінің танымдық және басқа да іс-әрекеті неге бағытталса соны айтады. Басқаша айтқанда, объект зерттелетін нәрсе.

Адамның саяси өмірдегі орны мен рөліне саясаттану ғылымы ерекше назар аудару қажет. Себебі, біріншіден, адамзат тарихының бүгінгі кезеңінде саясат қоғам дамуында шешуші рөлдердің біріне ие болып отыр. Екіншіден, саясаттың тиімді және нәтижелі жүруі адам арқылы өлшенеді. Демек, бүгінгі күнгі саясатқа баға, адам саясат үшін емес, саясат адам үшін қызмет етуі тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Үшіншіден, бүгінгі әлеуметтік-саяси философияда адам

мәселесі өзекті, әрі басты мәселелердің біріне айналуға. Мұнда адамның қоғамдық қатынастардың өзгеруі механизміндегі рөлін түсіну қажеттілігі туып отыр. Басқаша айтқанда, барлық мәселелердің тоғысар нүктесі адам. Біріншіден, қоғамға ерікті, адал, ақылды, іскер адамдар қажет. Екіншіден, адам жалпы қоғамдық прогрестің негізгі қозғаушы күші ретінде өз мүмкіндігінің, жігерін-қайратының, әлеуметтік-саяси еңбегінің қоғамға қажеттілігін сезінуі қажет.

Саяси ғылымда саясат субъектілерін жіктеудің бірнеше түрлері тараған. Соның ішіндегі ең көп тарағаны мына:

- саясатқа қатысушыларды әлеуметтік құрылымдарға бірігуі деңгейіндегі субъектілерге (демографиялық, кәсіби, этникалық топтар) бөлу – кәсіби топтар, таптар, ұлттар, көсемдер, элита мен бюрократия, жеке адам т.б.;

- белгілі бір институттық құрылымға бірігу деңгейіндегі субъектілерге: мемлекет, партиялар, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар, саяси қозғалыстар жатады;

- «қызметтік» деңгейдегі саяси субъектілер, оларға: діни мекемелер, университеттер, кооперациялар, әр түрлі мәдени-спорттық ассоциациялар жатады.

Барлық адамдардың конституциялық құқықтары мен мүмкіндіктері бірдей болғанымен, іс жүзінде олар тең емес, олар физикалық-биологиялық, интелекті, еркі мен басқа да психологиялық қасиеттері жағынан қабілеті. Әлеуметтік жағдайы жағынан әртүрлі. Осының бәрі олардың саясаттағы орны мен рөлінің әртүрлілігіне, оған ықпал ету дәрежесі мен деңгейінің әрқилылығына негіз болады.

Адамның саясатқа қатынасы ертедегі ойшылдардың ілімдерінде қарастырылған. Мәселен, **Конфуций** мемлекеттің патерналистік концепциясын жасады. Бұл концепция адамдардың саяси статусы жағынан тең еместігіне негізделді. Жеке адам саясат субъекті бола алу құқығына ие бола алмайды. Бұл концепция әлі де болса дамушы елдерде өз көрінісін беріп отыр. Сондай-ақ, тоталитарлы, авторитарлы режимдер осы концепцияға жақын бағыт ұстанады.

Платон өзінің идеалды, өркениетті мемлекет концепциясында адам үстінен мемлекеттің үстемлігін күшейтті, адамды мемлекетті басқарып отырған ақылды, дарынды аристократтарға тәуелді нысана ретінде түсіндірді. Яғни, мемлекет өз заңы арқылы адамның бүкіл өмірін өз реттеп отыратын болған. Платон өзінің «Заңдар» атты еңбегінде «мемлекет өзіне қолайсыз адамдарды өлім жазасымен, мемлекеттен қуу арқылы тазартып отырғаны дұрыс» – деп жазады. Демек, Платон адамды саясат субъектісі ретінде санамады, әрі тоталитарлы үрдістің қалыптасуына негіз жасады.

Аристотель өзінің мемлекет туралы ілімін саясаттың антропологиялық табиғатына негіздеп жасады. Оның ойынша, адамға жаратылысынан қауымдастық, ұжымдық қасиет тән, сондықтан да басынан-ақ адам саяси сипатқа ие болған. Аристотельдің пікірінше адам тек басқа адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы ғана өмір сүреді. Бұл қатынастың алғашқы түрі отбасы немесе адамдардың шоғырланған жері. Осының негізінде дамудың белгілі бір деңгейінде мемлекет пайда болады. Демек, ол мемлекет ерікті және тең

құқықты азаматтарға негізделеді деп санаған. Мемлекет шеңберінде адамның бүкіл табиғаты көрінеді және жеке адам саяси өмірдің органикалық бөлігі болып есептеледі деп айтқан. Аристотельдің Платоннан айырмашылығы белгілі бір мөлшерде автономиялық қажет деп есептеуінде болып отыр. Дегенмен, Аристотель де адамды мемлекеттен толық ажыратып көрсете алмады.

Адамның саяси құқығына либералистер көп көңіл бөлді. Либерализм әлеуметтік-саяси ойлар тарихында алғаш рет жеке адам мен қоғамның, мемлекеттің ара жігін ажыратып, адамға тән құқықты беріп, оны саяси жүйенің элементі ретінде бекітті. Либерализм концепциясы бойынша адам саяси биліктің көзі. Ал, мемлекет ерікті адамдардың келісімінің нәтижесі болып табылады. Мемлекеттің негізгі қызметі – халықтың қауіпсіздігі мен бостандығын қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау. Либерализм адамды биліктен жоғары қойғанымен, олар адамның саяси белсенділігінің ауқымын шектеп отырған. Классикалық либерализм теориясында адам саяси өмірдің тікелей қатысушысы болудан гөрі, бақылаушысы ретінде көрсетілген.

Қазіргі кезде Батыс Еуропада адам мен саясат қарым-қатынасы туралы либералистік ілімдер саяси ой-пікірлермен одан әрі толықтырылуда. Бұнда мемлекеттік қамқорлықты күшейту идеясы басымдылық танытып отыр.

Маркстік теорияда жеке адамның саясатқа қатыстылығы таптық тұрғыда қарастырылған. Яғни, адам белгілі бір әлеуметтік тап, топ мүшесі, өкілі ретінде алынады. Сондықтан да жеке адамның саясаттағы орны мен рөлі, оның қай тап, топ, ұлт өкілі болуына тәуелді құбылыс ретінде танылады. Демек, жеке адамның саясат субъектісі болуына шек қойылған.

3 Жеке адам мен билік қарым-қатынастарының моделдері. Индивид пен билік қарым-қатынасының төрт тәсілі мүмкін: тоталитарлы, партиархалды, жеке, партиципарлы.

Бірінші, **тоталитарлы** модель бойынша мемлекетке толық бағыну жүзеге асырылады, яғни мемлекет басымдылығы сөзсіз. Мұнда адам құқығы проблемасы күн тәртібінен алынып тасталынады, индивид тұтастың бір бөлігі, органикалық ретінде қарастырылады, әрі күрделі мемлекеттік механизмдегі орталықтан басқарылатын құрал ретінде саналады.

Екінші, индивид пен билік қарым-қатынасының **патриархалды** моделі адамдардың құқығының күрделі иерархиясын ұсынады. Ол қоғамды әр түрлі сословие мен топтарға бөледі, оның ең төмені саяси құқықсыз, ал жоғарысы жоғарғы билік өкілеттігіне ие, биліктің негізгі көзі мен бөлушісі, авторитарлы монарх болады.

Үшінші, жеке адам мен билік қарым-қатынасының **жеке** тәсілі, ол индивидтің мемлекетке қатынасындағы басымдылығына негізделген. Ол ашық көріністі либерализмде береді, ерікті тұлға қоғамдағы барлық биліктің, сонымен бірге мемлекеттің де негізгі көзі. Мемлекет ерікті индивидтер келісімі мен қолдауының нәтижесі. Ол халық бақылауында және қатал шек қойылған қызметтерді – азаматтардың қауіпсіздігі мен бостандығын, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету т.б. орындауға ғана құқылы.

Төртіншісі, **партиципаторлы** жеке адамды қоғамнан оқшауланған, тәуелсіз индивид, сондықтан да мемлекетті құруға, оған кейбір мәселелер бойынша бағынуға тиіс деген түсініктен ажыратады. Ол жеке адамның қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастары қарама-қайшылықты және бөлінбейді деген пікірді қолдайды. Бұнда адам құқығы проблемасы индивидті мемлекет араласуынан қорғау емес, қайта мемлекетті адамның ерікті өмір сүруі мен дамуына жағдай жасауға пайдалану қажеттігін ұсынады.

Бұл жоғарыда айтылған барлық төрт тәсіл де адамзат тарихында кездесті. Олар белгілі бір саяси жүйенің формасына сай болды.

Қазақстандық ғалымдар қарапайым адамның мемлекеттік саясатты анықтаудағы ролі туралы саяси ілімдер тарихында екі түрлі концепция қалыптасқан деп есептейді: **элитарлық және демократиялық. Элитарлықты** жақтаушылар халықтың жаппай саясатқа, билікке араласуы қоғамдағы еңбек бөлінісіне қайшы келеді деп есептейді. Адамдардың барлығы басқару ісіне араласқан жағдайда басқару ісінің тиімділігі төмендейді, басқарушы адамдарда жауапсыздық күшейіп, оларда белсенділік қабілет төмендейді деген қорытындыға келеді. Сонымен бірге, олар халық өзідерінің басқару қабілеттері мен сауатылығы төмендігінен және көп жағдайда әр түрлі көңіл-күйге берілуі, саясатты реттеуде, жүргізуде қиындықтар тудырады деп санайды. Олар мемлекетті арнайы кәсіби элита басқару керек дегенге саяды. Ал, халық саясаткерлердің, партиялардың, бюрократияның саяси іс-әрекетін тек сайлау жүйесі арқылы бақылап, қадағалап отыруы мүмкін.

Демократиялық концепцияның қолдаушылары халық тек қана өз өкілдерін өкімет орындарына сайлау процесіне қатысып қоймай, сонымен бірге, олар саяси өмірге, процестерге тікелей қатысуы тиіс деген көзқарасты жақтайды. Демек, әрбір адам сайлаудан бастап, өкімет басшыларының шешімдерін және оны іске асыруға дейінгі істерге араласуы тиіс делінген. Бұл көзқарасты әсіресе Батыс елдерінің көптеген социал-демократиялық және либералдық партиялары жақтайды. Олардың ойынша, жеке азаматтардың мұндай билікке араласуы билікте жеке басқа табынушылық туына, мемлекеттік басқару жүйесінің бюрократиялық сипат алуына жол бермейді.

Жалпы адам теориясына тоқталсақ, оған берілген анықтамалар көп. Оны қорытындылай келгенде, адамды қоғамдық жаратылыс ретінде қарастырады. Негізінен адам үш өлшемдік тұрғыдан қарастырылады: **биологиялық, психологиялық, әлеуметтік.**

Ең алдымен, **биологиялық** ұғым яғни, ол ата тектік жаратылыс. Ал, **әлеуметтік** тұрғыдан алсақ, бұл үлкен қоғамдық мәнге ие болатын күрделі процесс. Марксизм адамды материалистік тұрғыда, оны нақтылы тарихи жағдай шеңберінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, марксизм бойынша адамды тек табиғат жаратылысы деп қана түсінуіміз керек. Сонымен бірге, адам ұзақ уақыт тарихи дамудың, қоғамдық қатынастардың жиынтығы деп түсінеміз. Бұдан келіп адамға тән қасиет – еңбек сендігі белгілі болады. В.И. Ленин «Философия дәптерлері» деген еңбегінде «адам деген ұғым – өзін жүзеге асыруға тырысқандық» – деп көрсетті. Демек, әрекетшілдік, белсенділік, еңбек

адамға тән негізгі қажеттілік. В.И. Лениннің «тарих адамдар әрекетінен құрылады» деген сөзі де бар.

Адам құқығы. Адам құқығы саяси қатынастар жүйесін бекітетін, индивидке белгілі бір бостандықтар мен әлеуметтік игіліктерді беруге кепілдік беретін қалыптар мен қағидалар жиынтығы.

Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30-тамызда қабылдаған Конституциясының 1-бабында мемлекетімізді құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Осы баптың өзінде мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айтылған. Осы нормаға байланысты Қазақстан Республикасында адамның құқықтық мәртебесі анықталынады.

Адам құқығы деп демократиялық қоғаммен кепілденген, әрбір жеке индивид немесе қауымдастықтың жақсы өмір сүруі, халықаралық, ұлттық стандарттарға сәйкес келетін тиімді әлеуметтік жүйені айтамыз. Адам құқықтарының проблемалары мәңгілік тақырыптар қатарына жатады. Ежелгі дүниеден қазіргі уақыттағы азаматтық қоғамда адам – ең жоғарғы құндылық ретінде мемлекеттік биліктің үстемдігінен қорғауды талап етеді. Адам құқықтарын мемлекет тараптарынан қорғау немесе адамның құқықтары туралы көзқарас алғашқы рет заң түрінде АҚШ-тың Вирджиния штатында 1776 жылы қабылдаған Конституцияда, одан кейін 1781 жылы қабылдаған АҚШ-тың Конституциясында және 1789 жылы Францияда қабылданған адам мен азаматтың құқықтары туралы Декларацияларда көрініс тапты.

Қазіргі уақытта құқықтық, әлеуметтік мемлекеттің қоғамдағы атқаратын қызметті, ол – адам құқықтары мен бостандықтарын мойындау және оның жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып саналады. Әрине адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде, әр мемлекет өзінің саяси бағытына байланысты, осы актілердің күшін ұлттық құқықтық актілерден жоғары санайды. Оған дәлел ҚР Конституциясының 4 және 8 баптарын айтуға болады.

Адам құқықтарын бекіткен алғашқы құжаттарда адамның құқықтары мен бостандықтары екі тұрғыдан қарастырыла бастады:

- біріншісі, адамның өзіне туа бітетін құқықтар мен бостандықтары. Бұл құқықтар адамнан ажырамайды, оның табиғи болмысына байланысты пайда болады және бұл құқықтардың орындалуы мемлекетке байланысты.

- екіншісі, ол мемлекеттік билік бекітетін құқықтар.

Бірақ қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге сай адам құқықтары мен бостандықтары қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларға бөлінуіне байланысты топтастырылады, яғни адамның құқықтары мен бостандықтарын әлеуметтік белгілеріне байланысты бөлу. Осы негізге байланысты адам құқықтары төрт топқа бөліп қарастырылады: жеке немесе табиғи құқықтар, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар. Адам құқықтары мен бостандықтарының маңызды тобы әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар. Бұл құқықтар мен бостандықтар адамның басқа категориядағы құқықтары мен бостандықтарының негізін қалап, олардың жүзеге асырылуына мүмкіндік тудырады. Осы құқықтар адамдар өмірінің маңызды салалары – меншікке, еңбек қатынастарына байланысты пайда болып, адамдардың материалдық,

табиғи-денелік, рухани сияқты әлеуметтік сұраныстар мен мүдделерін білдіріп отырады. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтардың нақты жүзеге асуы қандай да мемлекеттің әлеуметтік сипатын ашып көрсетеді.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарды бекіткенде әр мемлекет өзіне тән жолды таңдайды. Мысалға, ҚР-ның Конституциясында осы топтағы құқықтарға ерекше көңіл бөлсе, Францияның Конституциясында саяси құқықтар мен бостандықтардың үстемдігі байқалады. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде бекітілген. Осы пактіге сәйкес өркениетті мемлекет белгіленген құқықтар шегінен төмендемеуге тиіс.

Адам құқықтары мен бостандықтарының бекітілуі барысында мемлекет тарапынан оның жүзеге асуын қамтамасыз ету міндетті туындайды. Әрбір құқықтың маңыздылығы, тек оның жүзеге асырылуына немесе сақталуына кепілділік қамтамасыз етілгенде ғана артады. Біз Кенестер Одағы Конституцияларына тоқталатын болсақ, онда адам құқықтар мен бостандықтарының негізгі түрлері бекітілген, бірақ кепілденбеген, сондықтан бұл құқықтардың жүзеге асуы көптеген қиыншылықтарға ұшыраған болатын. Сондықтан қазіргі уақыттағы мемлекеттер құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етудің негізгі механизмдерін конституция деңгейінде бекітуге тырысады.

Әлеуметтік мемлекеттегі адамдардың құқықтарының қамтамасыз етілуі негізінен әлеуметтік саясатты жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Мемлекетте жүргізілетін әлеуметтік саясаттың конституциялық негіздеріне келесі элементтер жатады:

- адамның денсаулығы мен еңбеген қорғау;
- кепілдік берілген еңбек ақы төлеудің ең төменгі шегін белгілеу және оны төлеу;
- отбасыға, ана мен балаларға, мүгедектер мен қария адамдарға мемлекеттік көмек көрсету;
- әлеуметтік қызмет жүйелерін дамыту;
- мемлекеттік зейнетақы мен жәрдемақыларды бекіту.

№5. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ

1 Саяси жүйе теориясы.

2 Саяси жүйенің құрылымы мен қызметтері, түрлері.

Жүйе ұғымын ХХ ғасырдың 20 жылдары ғылымға енгізген **Л. Фон Борталанфи** (1901-1972ж.ж.) болып табылады. Жүйе өзара байланысты болатын элементтердің біртұтас жиынтығы, оның бір элементі өзгеріске ұшыраса, онда барлық тұтастық өзгереді. Жүйе сыртқы және өзінің ішкі элементтерінің талаптарына жауап беру арқылы дамиды.

Дүниедегі барлық нәрсе белгілі бір жүйеге бағынып, өзара байланыстағы элементтердің жиынтығынан тұрады. Жүйе арқылы құбылыстар бір-бірінен ажыратылады және тұтастық ретінде бір-бірімен әрекетте болады.

Жүйе тұрақтылықтың, беріктіктің белгілі бір қорына ие болуы керек. Бұл қор жүйенің қызметінің, реакциясының, бейімделу деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

1 Саяси жүйе теориясы. Қазіргі заманда саяси жүйенің өзгеруіне назар аударатын бірнеше тәсілдер қалыптасты: жүйелік, құрылымдық-функционалдык, коммуникативті. Соның ішінде, **Д. Истонның жүйелік моделіне** тоқталсақ. Д. Истон саяси жүйені қоғамның көпшілік бөлігімен байланысты, оның негізінде қоғам шешімдер қабылдайтын әлеуметтік өзара әрекеттер мен институттар деп анықтады.

Д. Истонның саяси жүйе моделі теориялық негізі төрт базалық категорияны өзіне қамтиды (4-кесте): 1) «саяси жүйе»; 2) «қоршаған орта»; 3) «реакция»; 4) «кері байланыс». Бұл модель бойынша саяси жүйенің әрекет етуі 4 кезеңді қамтиды. Біріншіден, бұл «кіріс», сыртқы ортаның саяси жүйеге талап пен қолдау формасында ықпал етуі. Екіншіден, әлеуметтік талаптардың балама шешімдерге айналуы, үкіметтің белгілі бір көңіл бөлулері болып табылады. Үшіншіден, бұл «шығыс», шешімдердің қабылдануы және оның практикалық шаралар формасында таратылуы. Төртіншіден, үкіметтің қызметінің нәтижесі сыртқы ортаға «кері байланыс» арқылы ықпал етеді. Саяси жүйе сыртқы ортадан тұрақты импульстерді алып отыратын «ашық жүйе» болып табылады. Оның негізгі мақсаты жүйенің өмір сүруі мен тұрақтылығын ортаға бейімделуі арқылы сақтау.

Д. Истон өз моделін талаптар мен қолдаулардан тұратын «кіріс» және кері байланысты бастапқы жолы болып табылатын «шығыс» факторына бөлді. Ол талаптардың өзін ортадан келетін сыртқы және жүйенің өзінен туындайтын ішкі талаптарға бөлді. Талаптар сипаты жағынан алуан түрлі болады.


Жеткілікті қолдауларсыз саяси жүйе тиімді де сенімді түрде қызмет ете алмайды. Талап импульстары мен қолдау импульстары жүйеге ретімен келіп тұруы қажет, олай болмаған жағдайда, ол дағдарысқа ұшырап қызмет етуін тоқтатуы мүмкін. Әр қилы импульстардың шамадан тыс артуы, ол қолдаулардың жеткіліксіз көлемі режимнің өз легитимділігін жоғалтуына алып келеді. Бұқара халықтың әртүрлі талаптарынан келіп түсіп жатқан талаптарға деген көзқарас көп жағдайда саяси жүйенің түріне байланысты. Легитимді, демократиялық жүйелер мұндай сұраныс талаптарды өз қызметін қалыпты атқарудың қажетті шарты деп түсінеді. Халық әдетте, өздері ықпал ете алатын, өз сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын саяси топтар мен лидерді қолдайды.

Атап айтсақ, жүйеден шығу барысында легитимді, міндеттеуші саяси шешімдер мен оларды іске асыру әрекеті орын алып, саяси жүйенің қызмет нәтижесі әртүрлі форма мен мазмұнға ие болуы мүмкін. Әрине, айтылған импульстар қолдаумен тығыз байланысты және саяси жүйенің түріне қарай ерекшеленеді.

Жүйеден шығу барысында әртүрлі деңгейдегі нақты жағдайға сәйкес шешім қалыптасады. Саяси шешімді іс-жүзіне асыру ұйымдастырылады. Жүйеден шығу барысында, саяси және ұйымдық қызмет біртұтас қызмет түріне бірігеді. Бүкіл ұйымдық қызметтің мақсаты – қабылданған саяси шешімді жүзеге асыру. Бүкіл саясаттың табысты болуы істі ұйымдастыруға байланысты.

Талаптар мен қолдауды артикуляциялауды әртүрлі күштеу топтары мен саяси партиялар атқарады. Егер олардың қызметі шектетілетін болса, онда саяси жүйенің бейімделу мүмкіндігі әлсірейді. Талаптарды електеудің белгілі бір каналдары бар, олар мәдени және құрылымдық болып екіге бөлінеді. Құрылымдық түріне партия, жоғары қабат, парламентаризм жатады. Мәдени реттеуге саяси қалыптар, құндылықтар, түсініктер, көзқарастар жатады. Сондықтан мұнда саяси әлеуметтендіру рөлі басым. Сондықтан да елімізде саяси партиялар ролін арттыру маңызды.

4-кесте



Кері байланыс қоғамдағы шиеленістерді шешудің бірден-бір көзі, ол биліктің саяси жүйеге түскен талап-тілектерді реттеу қабілетіне байланысты. Кері байланыс саяси жүйенің өзінің мақсатына қаншалықты жеткендігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында саяси жүйе кері байланысын және саяси жүйені ақпараттармен қамтамасыз ететін құрылымдарды нығайту шаралары жүргізілуде.

К. Дойч саяси жүйе өз мақсатына жетуі үшін мына төрт факторға тәуелді деп есептейді (5-кесте):

- жүйенің ақпараттармен жүктелуі;
- саяси жүйе реакциясының жылдамдығы;
- саяси жүйенің жаңа фактілерге тез, әрі сапалы жауап қайтаруы;
- мақсатты нақты белгілеу.

Демек, саяси жүйе-қызметінің тиімділігі қамтамасыз ететін факторларға айналымдағы ақпараттардың жеткіліктігі мен сапасы, жүйенің сыртқы ықпалдарға жауап қайтару жолдары мен формалары, сонымен қатар ұжымдық әрекет арқылы білдіру, оның нәтижесінің бастапқы мақсатқа сәйкес келуін жатқызуға болады.

5-кесте



Американ ғалымы К. Дойч саяси жүйе моделін «кибернетизациялау» барысында оны одан әрі дамыта түсті. Кибернетиканы – коммуникация мен бақылау туралы ғылым дей келе, К. Дойч саяси жүйені ақпараттарды шығару мен өңдеу туралы ғылым ретінде қарастырды. Коммуникация – осындай құрылымдық қатынастарды тарату болып табылады. Арналар – ақпараттарды тарату жолдары. Олай болса, коммуникациялық үрдістер ұйымның қызмет етуі үшін шешуші мәнде болады.

Саяси жүйенің құрылымдық-функционалдық моделінің негізін салушы Г. Алмонд. Ол саяси жүйенің қызметін екі топқа бөледі: кіріс және шығыс. Кіріс қызметіне жататындар: саяси әлеуметтену, қатысуға тарту, азаматтардың мүдделерін жинақтау, мүдделерді агрегаттау. Кіріс қызметін азаматтық секторлар орындайды (қысым тобы, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар т.б.) Шығыс қызметіне: заң нормаларын жасау, қолдану, орындау, бақылау жатады. Саяси жүйе теориясы, оның ойынша, қызметтің әртүрлі деңгейіндегі өзара байланысын зерттейді. Г. Алмонд саяси жүйені әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардан тұратын саяси іс-қимылдардың формасы ретінде қарастырды. Саяси жүйе өзінің бүкіл компоненттері мен элементтері бірлігінде тұтас құрылым ретінде шығады, ол өзінің қызметінің барысында күшті орталықтанған байланысының болуымен сипатталады. Д. Истон, Г. Алмонд атап көрсеткендей, саяси жүйеде ең бастысы оның болмысында (құрылымы) емес, іс-әрекетінде (қызметі).

Жүйелік-функционалдық талдаудың негізін салушы **Т. Парсонс** (Социальные системы, 1996г.) қоғамның күрделі және салыстырмалы түрде тәуелсіз экономикалық-саяси, рухани жүйешелерден, тармақшалардан тұратын қоғамдық жүйедегі функционалдық талаптарды бөліп көрсетті. Функционалдық талаптар қоғамдық жүйенің сақталуы мен өмір сүруін қамтамасыз етеді. Оған бейімделу (әлеуметтік жүйе деңгейінде оны экономикалық жүйелер қамтамасыз етеді); саяси мақсатқа жету; интеграция (құқықтық институттар мен дәстүрлер арасында); моделді қолдау (сенімнің рухани жүйесі және мораль) жатады.

Т. Парсонстың айтуы бойынша, **саяси жүйе** қоғамдық мүдделерді топтастыра отырып, ортақ мақсаттарды іске асыруды қамтамасыз етеді, ал негізгі саяси қызметінде билікті интеграциялап, ұжымдық мақсат пен қағидаларды іске асырады.

Саяси жүйе деп елдің саяси өміріне қатысушы мемлекеттік, партиялық және қоғамдық ұйымдар жиынтығын түсінеміз. Бұл жүйе қоғамның барлық элементтерінің интеграциялауын, оның біртұтас саяси билік арқылы орталықтан басқарылуын қамтамасыз етеді. Уақыты мен орнына қарай саяси жүйе әртүрлі мазмұнда болады, өйткені жүйенің басты компоненттері саяси режимнің (авторитарлық, демократиялық, диктатуралық), саяси жүйенің типтері (президенттік, парламенттік), билік қатынастары (партия, үкімет) және қоғамдық саяси репрезентация (плюрализм, корпоратизм) сияқты формаларына түрленеді. Кез-келген жүйе төмендегідей сипатта болады: бөлшектерден тұрады, бөлшектер біртұтас бүтінді құрайды, жүйелердің шекарасы болады.

Сонымен, қоғамның саяси жүйесі деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығын айтамыз.

2 Саяси жүйенің құрылымы мен қызметтері, түрлері. Саяси жүйе құрылымына мыналар енеді: 1. саяси институттар; 2. саяси қатынастар; 3. саяси ережелер; 4. саяси мәдениет.

Саяси институттарға мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар, кооперативтер, жастар, әйелдер т.б. ұйымдары мен бірлестіктері жатады.

Саяси қатынастарға таптардың, этникалық бірлестіктердің, тұлғалар мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің арасындағы қатынастар кіреді.

Саяси ережелер саяси институттардың өзара бірлесіп әрекет етуін қамтамасыз етеді және саяси жүйенің ережелік негізін құрайды.

Саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамда немесе әлеуметтік қауымдас-тыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.

Саяси жүйе бірнеше қызметтерді атқарады (Г. Алмонд).

- Белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз етеді.

- Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, мүдделерді артикуляциялайды.

- Саяси жүйе біріктіру, топтастыру қызметін атқарады.

- Экономиканың қалыпты жұмыс істеп дамуына жағдай жасайды.

- Үкімет қызметі: шешім қабылдау және өзіндік басқару.

- Қоғам мүшелерін ішкі және сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғайды.

Әр елдің саяси жүйесі бір-біріне ұқсамайды, дегенмен ұқсастық жақтарын табуға болады, сөйтіп саяси жүйе топтастырылады. Саяси жүйе әртүрлі негіздерде жіктелінеді:

- елдің экономикалық даму деңгейіне;

- саяси өмір формасының даму деңгейіне;

- қоғам типіне;

- саяси мәдениет типіне байланысты.

Сонымен бірге, марксизм саяси жүйені жіктеуге негіз етіп өндіріс тәсілі мен қоғамның таптық құрылымын алды. Марксизм қоғамды бес формацияға бөлді: алғашқы қауымдық, құлиеленуші, феодалдық, капиталистік, коммунистік.

Американдық ғалымдар экономиканың өсу сатысы концепциясы бойынша адамзаттың даму тарихын мынадай бес сатыға бөледі: 1 дәстүрлі қоғам; 2 отпелі қоғам; 3 алға жылжу қоғамы; 4 индустриалдық қоғам; 5 постиндустриалдық қоғам.

Сонымен бірге саяси жүйені басқару тәртібіне қарай: демократиялық, авторитарлы, тоталитарлы деп те бөледі.

№6. КОНСТИТУЦИЯ- ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

1 Конституция ұғымы мен мәні және көптүрлілігі

2 Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидалары

1 Конституция ұғымы мен мәні және көптүрлілігі. Конституция ұғымы ежелгі Грецияда қалыптасты. Ол кезде «Конституция» деген сөз «саяси құрылыс» ұғымын білдіретін. Сонымен бірге, «Конституция» сөзі латынның **constitutio** орнату, бекіту деген сөздерінен шыққан. Ал, Рим империясы заңдарында императордың құқық көздеріне арналған түрлі нұсқаулар мен жарлықтарды білдірді. Орта ғасырда феодалдық еркіндік туралы құжаттар осылай аталатын. XVII ғасырда Францияда бұл ұғым рента шартын бейнелейтін. Кейінірек бұл ұғым ерте грекше ұғымға қайта оралып, құқықты бейнелейтін құрылым мағынасына көшті. Ұлы француз революциясы тұсында «Конституция» ұғымы «мемлекеттің жай-күйі» ұғымын танытты.

Ең алғаш рет конституциялық типтегі актілер Англияда пайда болды. Бірақ бұл заңдар мемлекеттің ішкі өмірінің басты жақтарын, қоғамдық құрылысты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын реттейтін біртұтас актілер бола алмады. Сондықтан да Ұлыбритания мен жаңа Зеландияда жазбалы конституциялары жоқ мемлекеттер болып табылады. Оның жазбалы емес конституциясына XIII-XX ғасырлар арасында қабылдаған көптеген актілері жатады. Бұлардың барлығы бір-бірімен байланысы жоқ, белгілі бір жүйеге келтірілмеген, сондықтан тұтас акті ретінде қалыптаспаған.

Алғаш рет жазбалы конституция АҚШ-та пайда болды. Ол 1787 жылы қабылданып, осы уақытқа дейін қолданып келеді. Еуропа елдерінде жазбалы конституция Польша мен Францияда 1791 жылы қабылданды.

Конституцияны ұлттық құқықтың басқа көздеріне қарағанда қоғам мен мемлекетте ең жоғарғы заңдық күші бар құқық нормаларының жүйесі, адам мен қоғамның, екінші жағынан адам мен мемлекеттің арасындағы қатынастар негізін, мемлекеттің өзінің ұйымдастыру негіздерін, адам мен азаматтың негізгі құқықтарын, бостандықтарын, міндеттерін, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару буындарын ұйымдастыру мен реттеуші Негізгі Заң ретінде тұжырымдаймыз. Сонымен бірге, Конституция елімізде қолданылып жүрген барлық заңдардың іргетасын қалайды. Ал, ағымдағы заңдар осы конституциялық қағида қалыптарын әрі қарай дамытушы күш ретінде есептелінеді.

Конституция *үш негізгі қызметтерді* атқарады: заңдық, құқықтың басты қайнар көзі; саяси, мемлекеттің құрылысын айқындау; идеологиялық, адам мен адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Конституциялық құқықтың қоғамдық қатынастардың реттілігінің дамуын сипаттайтын әлемдегі мынадай үш үрдісті (тенденцияны) атап өтуге болады:

1 Конституциялар, жалпы конституциялық құқықты әлеуметтендірудің көрініс беруі;

2 Конституциялық құқықты демократияландыру;

3 Конституциялық құқықты интернацияландыру.

Қазақ мемлекеттігінің жарты мың жылдық қалыптасу тарихы бар. Оз Ата Заңымыздың болуы мемлекеттігіміздің негізгі белгісі болып табылады. Тарихи даму жолында Қазақстанның барлық Конституциялары (олар бесеу) ХХ ғасыр шегінде қабылданған. Олардың үшеуі кеңестік дәуір Конституциялары: лениндік (1926ж.), сталиндік (1937ж.), брежневтік (1978ж.). Қалған екеуі (1993ж. және 1995ж.) мемлекетіміздің тәуелсіздігі алғаннан бергі кезде қабылданған.

Бірінші, Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының 1926 жылы 18-ақпанда қабылданған Конституциясы. Бұл Конституция ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен бекітіліп, РКФСР Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне бекітуге жіберіледі, бірақ онда қаралмайды. Сондықтан ол іс-жүзінде қолданылмайды.

Екінші, 1937 жылы 26-наурызда қабылданған ҚКС Республикасының Конституциясы. Ол төтенше Бүкілқазақ съезінің қаулысымен бекітілді. Бұл Конституция 11 тараудан және 124 баптан тұрады. Онда: қоғамдық құрылыс, мемлекеттік құрылыс; мемлекеттік өкіметтің жоғарғы ұйымдары; мемлекеттік өкіметтің жергілікті ұйымдары; бюджет; сот және прокуратура; азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары; сайлау жүйелері; елтаңба, ту, астана; конституцияны өзгерту тәртібі белгіленген.

Үшінші, 1978 жылы 20-сәуірде Қазақ КСР Конституциясы бекітілді. Ол 10 бөлімнен, 19 тараудан, 173 баптан тұрады. Бұл Негізгі заңның өзекті мәселелеріне – жалпыхалықтық мемлекетті, мемлекет құрылысының қағидаларын, қоғамның саяси жүйесі бөліктерінің мызғымастығын дәріптеу, ең

негізгі қоғамдық саяси ұйым ретінде Коммунистік партия үстемдігін заңдастыру қарастырылған. Ол шаруашылықтың социалистік жүйесі мен өндіріс құрал жабдықтарына қоғамдық меншікті орнатты.

Төртінші, 1993 жылы 28-қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің тоғызыншы сессиясының 12 отырысында жаңа Конституция қабылданды.

2 ҚР Конституциясының негізгі қағидалары. 1995 жылы 30 тамызда қазақстандықтар бүкілхалықтық референдумда қолдап дауыс берген Конституция елімізде демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік және әлемге ашық мемлекет құруға негіз қалап берді. Ата Заңды референдум арқылы қабылдау ең демократиялық тәсіл болып табылады. Әлемдік тәжірибеге жүгінсек, Франция, Италия, Болгария, Румыния және т.б. бірқатар елдердің Конституциялары референдум жолымен қабылданған.

ҚР жаңа Конституциясы ең алдымен адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітті. Бұл әрбір азаматының құқығы мен еркіндігін қорғауға бет бұрудың маңызды саяси басымдылыққа айналуы жаңа дүниеге келген егеменді елдің тұрғындарын барынша біріктіруге, қоғамның саяси өміріне демократиялық қағидаларды ендіруге мүмкіндіктер жасады. Өйткені, азаматтарымыздың көбісі – 60 пайызы өздерінің құқықтары мен еркіндігіне ерекше мән беретіндігін әлеуметтік зерттеу нәтижелері де көрсетіп отыр.

Көптеген посткеңестік мемлекеттер сияқты Қазақстанда тоталитарлық режимнен орталықтанған саяси кеңестікті мұраға алған болатын. Енді осы жағдайда демократиялық саяси институттарды көп ұлтты мемлекетте енгізу мақсаты мен міндеті тұрды. 1995 жылғы ҚР Конституциясы негізінде елімізде демократиялық саяси институттар өмірге келді, атап айтсақ, биліктің тармақтарға бөлінуі, биліктің жоғарғы ұйымдарының сайланбалы болуы, президент, парламент институттары және көппартиялық жүйе т.б. Парламент Қазақстан халқының демократиялық қалаулары мен қажеттіліктерін жариялаушы, жүзеге асырушы органға айналуы тиіс болатын. Сонымен бірге, Қазақстанға президенттік басқару жүйесіндегі қуатты мемлекеттік биліктің қажет екендігі мойындады.

Конституция азаматтарға ерікті және жалпыға ортақ сайлауларда ел Президенті мен Парламент, маслихат депутаттарын сайлау құқығын берді.

Заң негізінде азаматтарымыз өз қалауы бойынша бірлестіктер құруға құқығы бар. ҚР саяси партиялар туралы Заңы бойынша азаматтардың кәсіптік, нәсілдік, ұлттық, этностық және діни белгілері бойынша саяси партия құруға жол берілмейтіндігін білгеніміз жөн. Бұл поликонфессиялы, полиэтникалық күрделі қоғамымызда тұрақтылық пен келісімді сақтау үшін қажеттілік болып табылады.

ҚР жаңа Конституциясы негізінде саяси жүйе институттарының орнықтылығы, олардың сыртқы және ішкі өзгерістер кезінде тиімді жұмыс істеу мүмкіндігі қалыптасты. Негізгі Заңымыз қоғамымызда саяси және мемлекеттік тұрақтылықты қалыптастырды, одан маңызды еш нәрсе жоқ. Қоғам өмірінің кез келген саласына жүргізілген реформа нәтижесі қоғамда қалыптасқан саяси ахуалға тәуелді. Тиімді, қолайлы саяси ахуал, яғни саяси

тұрақтылық реформа тиімділігінің негізгі кепілі. Біз қазіргі кезде қоғам өмірінің кез келген саласында жүргізілген реформалар нәтижелерін көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасы жаңа азаматтық қоғам құру идеясын қолға алып отыр. Бұл полиэтникалық Қазақстанның әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін күрделі іс. Өйткені, азаматтық мәдениет өте мықты іргетасқа сүйенгені абзал. ҚР Конституциясы елімізде азаматтық қоғамның мына қағидаларын да ендіруде:

1 алдымен жеке бастың мүдделерін бәрінен жоғары қоюы, ол адамның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуді негізгі бағдар ретінде қарастырады. Қоғамдағы барлық заңдар жүйесі, соттар қызметі, ішкі істер басқармалары осы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

2 ешкімнің басқадан заң алдында артықшылығы, басымдылығы, биіктігі болмауы керектігі азаматтық құндылық ретінде мойындалады. Шыныменде әділ соттың алдында хан да, қара да бірдей болуы керектігі жөнінде өткен заманда қазақтың дәстүрді мәдениетінде де айтылған болатын. Бұл теңдік принципі қоғамдағы әділеттілікті орнату үшін керек негіз болады деген ойдамыз.

3 жеке меншіктің болуы, қорғалуы, әкеден балаға берілуі жөніндегі құқық азаматтық қоғамның жетекші қағидасының бірі деп есептеледі, әрі заңымыз оны бекітеді.

4 азаматтық қоғамның мемлекеттік органдар мен аппаратының қызметін бақылау жүйесін орнату. Бұл бақылаудың төмендегі деңгейден (үжымнан) мемлекеттің ең жоғары сатысына дейін жүргізілуі шартты.

Конституция азаматтық қоғамның негізгі қағидасы сөз бостандығын, әркім пікірін, ойын білдіргені үшін қудаланбауын қамтамасыз етеді. Тек ол қоғамның моралдың қалыптарына, азаматтардың ар-ұятына, абыройына нұқсан келтірмейтін сипатта болуы керек.

Қоғамдағы мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарға әрбір азаматтың қатысуға құқы болуы керек, оған ешқандай шектеулер қойылмауы шарт, яғни бұл әлеуметтік жіктелудің болмауын қадағалау, заңның биіктігін мойындау, азаматтық теңдіктің көрінісі болып табылады. Бұл тұрғыда елімізде көптеген игі істер жүргізілуде. Көптеген қайшылықтар мен жанжалдар сотта шешілуі қажеттілігі айтылуда. Тек сол соттың жемқорлықтан алыстау болуы мен болмауы көптеген саяси және әлеуметтік процестердің бағыт-бағдарын анықтайды.

Заң ар-ұждан бостандығын, яғни діни көзқарастар бойынша қудаламауды да қамтамасыз етеді. Ол жағынан елімізде жүзден аса діни ұйымдардың заңды түрде тіркелгенін айта аламыз. Еліміз дін мәселесі бойынша өз позициясын анықтап, зайырлы қоғамды құру мақсатын білдіріп отыр. Конституцияда бекітілген зайырлы мемлекет қағидалары әлемде діни қақтығыстар өршіп отырған кезде өте күрделі поликонфессиялы елімізде діни келісім мен түсіністік орнауына мүмкіндік беруде.

Қазақстандағы 1993 жылы қабылданған Конституция ұлттық-этникалық және азаматтық параметрлерді дамытуға үлкен екпін берді. Осыдан келіп көптеген орыс тілді ағайындар (400 мыңдай) өздерінің тарихи отанына қоныс

аударды. Бұл әлеуметтік тарихи қажеттіліктен туындаған, өзіндік заңдылығы бар құбылыс болатын. Ешқандай ұлттық, этникалық болмысына байланысты азаматтарды қуғындаудың, шектеудің көрінісі байқалмаған еді.

Ал, енді ауыспалы, өзгермелі кезеңнен кейін Қазақстандағы әртүрлі халықтардың өкілдері 1995 жылдан бастап біртұтас елімізде азаматтық етенелесуге, бірыңғай күйге, ұстанымға бет бұрған сияқты. Бұл жалпы қазақстандық отаншылдықты туындататын, оны бекіте түсетін жағдай. Әсіресе, 1995 жылы жаңарған Конституция Қазақстанда басқа халықтардың өкілдеріне біршама сенімділік орнатты, олардың өздерін біртұтас мемлекеттің азаматы деп сезінуге ұмтылдырды. Алғашқы ұлттық тәуелсіздікке ұмтылыстан кейін, бұл әрекеттерді өркениетті ел боламыз ба деген ойдан туындаған қадамдар деп түсінуге болады.

Сайып келгенде еліміздің ертеңі, оның демократиялық, құқықтық жолмен дамуы бүгінгі жастардың қолында. Сондықтан болар ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Егер біз құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні рас болса, онда әр бір азамат мектеп қабырғасында жүргенде-ақ құқықтың қарапайым бастауларын біздің қарапайым есеп-кисапты білгеніміздей игеріп алуға тиісті» – деп атап көрсетті. Мұнда екі мәселеге ерекше назар аударған жөн:

1 құқықтық білім беру жүйесін дамыту, оған отбасын, білім беру саласын, БАҚ-ын тарту;

2 шетелдік ғалымдардың жастарды әлеуметтендіруде іс-әрекеттің маңыздылығын атап айтуы ойландыруы қажет. Өйткені бала санасында айтқан сөзден гөрі, көріп отырған іс-әрекет қатты әсер етеді, әрі ұмытылмайды. Демек, күнделікті іс-әрекетімізде заң бұзу әрекетінен аулақ болуымыз тиіс.

Қорытындылай келе айтарым, қоғамымыз жетіле түсу үшін демократия қағидаларының қалыптасуы шарт. Бұл әлеуметтік, этникалық, мәдени проблемаларды өркениетті тұрғыда шешуді талап етеді, адам тұлға болып дамуына жағдайды қалыптастыруды сұрайды. Мұның өзі азаматтарымыздың санасы жаңа ХХІ ғасырға сай құқықтық сипатта қалыптасуымен байланысты. Бұл өте жауапты міндетті орындау барлығымыздың азаматтық және кәсіби парызымыз деп санаймын.

№7. САЯСИ РЕЖІМ

1 Саяси режим түсінігі мен анықтамалары.

2 Саяси режимдер классификациясы.

1 Саяси режим түсінігі мен анықтамалары. Саяси режим ұғымы ұзақ уақыт айтыс-тартыс объектісі болған. Француз саясаттанушылары **М. Дюверже** мен **А. Ориу** бұл ұғымды ұлттық және халықтық егемендікпен байланыстырған. **М. Дюверже** саяси режимді кең мағынада басқару құрылымы, адамзат қоғамының түрі ретінде қарастырады. Ал, тар мағынада **М. Дюверже** саяси режимді биліктің жоғары органдарының қалыптасу сипатын, тәсілін және бұл процеске саяси партиялар мен қысым топтарының қатысуын анықтаушы ұғым ретінде қарастырады. Американдық саяси әдебиеттерінде саяси режим мен

саяси жүйені біріктіру анық сезіледі. Ал, тағы бір американдық саясаттанушысы **К. Бекстер** саяси режимді басқару жүйесі деп есептейді. **В. Лакердің** саяси сөздігінде саяси режим басқару формасы мен партиялық жүйе деп сипатталған. Неміс заңгері **Е. Левенштейн** режимді партиялар санымен, француз ғалымы **К. Бурдо** үкіметке оппозицияның бар-жоқтығымен, **Е. Хамаун** мемлекет органдарының конституциялық өзара қарым-қатынасымен байланыстырса, американдық ғалым **Д. Истон** режимді басқару стилі және тәртіп пен реттеулердің жиынтығы, аргентиналық автор **Н. Ботана** билік шоғырлану мен бөлісудің қызмет процесі деп біледі. Ал, **Р. Скратовтың** саяси сөздігінде саяси режим француздың *regime* – басқару формасы деген сөзінен шыққан деп жазылған. Батыс саясаттану ғылымында саяси режим ұғымы көбінесе мемлекеттік аппарат құрылымы мен қызметін сипаттауға пайдаланылады.

2 Саяси режим классификациясына келсек, онда ол сан-алуан болып келеді. Ежелгі грек философы Аристотель басқару формасын классификациялауда өлшем ретінде біреу, азғана және көпшілік басқаруын алып, мемлекеттің дұрыс және бұрыс формаларын ұсынған (6-кесте).

6-кесте

Мемлекет формасы	Басқару формасы		
	Біреу билігі	Азшылық билігі	Көпшілік билігі
Дұрыс	Монархия	Аристократия	Полития
Бұрыс	Тирания	Олигархия	Демократия

Саяси режимнің классификациясының негізге ретінде **М. Эйдельмен, И. Морис, К. Йонга** мемлекеттік аппараттың орталықтану деңгейі мен елдің саяси өміріне оппозицияның қатысуын алады. Кейбір ғалымдар саяси режим жіктелмесін мемлекетте азаматтық және әскери үкіметтің бар немесе жоқтығына қарап жасаған. Ал, кейбір ғалымдар саяси режим мәні елдің саяси-экономикалық даму деңгейіне байланысты деп есептейді. Сонымен бірге саяси режимнің өлешіміне халықтың өз егемендігін іске асыру тәсілі, мемлекеттік ұйымдардың құрылымы мен қызметінің сипаты алынған пікірлер де кездеседі.

Орыс ғалымдары саяси режим классификациясының өлшемін теориялық тұрғыда негіздеуі ерекше назар аудартады:

1-ші өлшем, бұл билеуші элитаның әртүрлі фракциялары арасындағы лидерлік үшін күрестің сипаты. Бұл күрес ашық және жабық сипатқа ие болады. Ашық түрі сайлау арқылы өтсе, жабық түрі мұрагерлік, күштеу, оппозицияға тиым салу формаларында өтуі мүмкін;

2-ші өлшем, бұл элитаның ішкі дифференциясы бары немесе жоқтығы белгісі бойынша сипатталады. Кейбір қоғамдарда экономикалық элита билеушіге сай келеді, ал соңғысы ішінде әкімшілік және саяси қызметтерді бөлу кездеспейді. Бұл монолиттік сипаттағы элита, ал оған қарама-қарсы түрі дифференцияланған болып табылады. Монолиттік элита билеуші элита фракциялары арасында билік үшін күрестің болмауымен сипатталады. Сондықтан да ашық қоғамдар монолиттік элитамен болуы мүмкін емес.

3-ші өлшем, бұл бұқараның саясатқа қатысу деңгейі. Жауапты шешімдер қабылдау әрқашанда азғана элиталар ісі. Дегенмен де, бұқараның саяси белсенділігінің қандай да бір формаларына мүмкіндік жасайтын саяси тәртіптер кездеседі. Бұқараның саяси қатысу формасы мен шешім қабылдау процесіндегі қызметіне байланысты саяси режимдер жіктелінеді.

Жоғарыда аталған өлшемдер негізінде саяси режимнің мынадай классификациясы ұсынылады (7-кесте).

7-кесте

Режимдер	Жабық, монолитті элитамен	Жабық дифференцияланған элитамен	Ашық
Қатыспаушы /саяси қатысу/	Дәстүрлі	Авторитарлы-бюрократиялық	Жарысушы олигархия
Қатысушы /саяси қатысу/	Эгалитарлы-авторитарлы	Авторитарлы-инэгалитарлы	Либералды демократия

Сонымен бірге, саяси режим классификациясының негіздері ретінде көппартиялық, биліктің тармақтарға бөліну қағидасы, азаматтық қоғамның мемлекетпен қарым-қатынасы болып табылған тұжырымдар да кездеседі. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің қарым-қатынасының үш түрі қалыптасқан. 1-ші, мемлекет азаматтық қоғам еркін орындайды, ол түнгі қарауыл қызметін атқарады (Дж. Локк, М. Дюверже). Азаматтық қоғам мемлекетті азаматтық қоғамды басқаруға жалдайды. Егер мемлекет азаматтардың құқықын бұзса, онда оны ауыстыруға құқылы; 2-ші, азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қатынаста мемлекет оны толығымен иеленеді, өз азаматтарын деспоттық жүйенің құралына айналдырады; 3-ші, азаматтық қоғам мен мемлекет қарым-қатынасында тепе-теңдік бар. Мұнда біз авторитарлы режимді көреміз. Осы үшеуінен біз үш саяси режимдерді демократиялық, тоталитарлы, авторитарлы байқаймыз.

Саясаттану оқулықтарында саяси режимнің классификациясы өлшемі ретінде мына кестедегі негіздер де ұсынылады (8-кесте).

Саяси режим ұғымының мәні мен көлемін анықтайтын өлшемдер мыналар:

- 1 мемлекет басшысының саяси басқару жүйесіндегі рөлі, саяси қызметі, орны;
- 2 өкілділік мекемелердің қалыптасуының тәсілі мен тәртібі;
- 3 заңшығарушы және атқарушы ұйымдар арасындағы, сонымен бірге олардың орталық және жергілікті ұйымдары арасындағы қарым-қатынас;
- 4 өкілділік ұйым палаталары арасындағы қарым-қатынас;
- 5 мемлекеттегі жаншу және күштеу ұйымдарының жағдайы мен қызметі;
- 6 үстемдік етуші таптың мемлекеттік емес ұйымдарының рөлі;
- 7 саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстардың жағдайы, ықпалы, қызметі.
- 8 азаматтардың құқығы мен бостандығының таратылуы.

М. Дюверженің саяси режимдері:

1. ағылшын;
2. американдық;

3. орыс;
4. бір және көппартиялық.

8-кесте



М. Дюверже саяси режимді партия жүйесіне, сипатына тәуелді жіктейді (жаппай, элитарлы), олардың жарғысына байланысты (ерікті, қатал) және революциялық, консервативті, диктаторлы саяси режимдерді атап өтеді.

А. Ориудің саяси режимдері:

- 1 президенттік (АҚШ);
- 2 парламенттік (Италия);
- 3 директория;
- 4 классикалық тәртіп (Батыс);
- 5 авторитарлы.

А.Ориу дамушы елдердің саяси режимін былай жіктейді:

- 1 парламенттік (плюралистік партиялық жүйе, жария оппозицияның болуы);
- 2 президенттік (атқарушы билік басым).

«Конституциялық құқық және саяси институттар» монографиясының авторлары жіктемесі:

- өкілділік түрлері – ультраөкілділік, тікелей өкілділік, жартылай өкілділік, тікелей өкілділік, жартылай тілелей өкілділік;
- дамушы елдердегі саяси режимінің түрлері- президенттік (әскери және азаматтық), парламенттік (квазипарламенттік, парламенттік);
- басқа жіктемесі – социалистік, прокапиталистік, бейтарап бағыт (белгісіз тәртіп).

С. Сәбікенов «Салыстырмалы мемлекеттік құқық» атты еңбегінде саяси режимнің мынадай түрлерін атап көрсетеді:

Жартылай феодалдық-діни билік режимі (Сауд Арабиясы, Иран, Бутан т.б.). Бұл режим екіге бөлінеді: а) мұнайлы монархия (Оман, Бруней, БАӘ); б) аграрлық корольдік (Непал, Бутан т.б.);

Әртүрлі әлеуметтік бағыттағы елдердегі жеке билік режимі (Индонезия, Марокко, 1992 жылғы көтерілістен кейінгі Алжир, Пиночет басқарған кездегі Чили);

Әртүрлі әлеуметтік бағыт ұстанған елдерде болуы мүмкін тоталитарлық режим. Олар әдістері жағынан жиі ұқсас келгенімен, мәні, әлеуметтік мақсаты жағынан қарама-қайшы болады.

Қоғамның өтпелі кезеңі жағдайындағы жартылай демократиялық режим (Румыния, Шри Ланка, Никарагуа, т.б.);

Еркін, нарықтық экономика елдеріндегі демократиялық режим (Ұлыбритания, Жапония, Бразилия, Австралия т.б.)

Саяси режимнің кең тараған түрлері: демократия, тоталитаризм, авторитаризм.

Демократия түрлері: плюралистік, протективті, жарысушы элитизм, мемлекеттің жойылуы, партиципарлы, дамушы.

Тоталитаризм түрлері: фашистік, социал-демократиялық, коммунистік.

Авторитаризм түрлері: дәстүрлі, жарысушы олигархия, авторитарлы-бюрократиялық, эгалитарлы-авторитарлы, авторитарлы-инэгалитарлы.

№8. АВТОРИТАРИЗМ САЯСИ РЕЖІМІ

1 Авторитаризм анықтамасы мен ерекшеліктері.

2 Авторитаризм түрлері.

1 Авторитаризм анықтамасы мен ерекшеліктері. Авторитаризм – (латынның «auctoritas» – билік деген сөзінен шыққан), демократиялық емес саяси режимнің бірі. Күшті жеке билікпен (диктатурамен) сипатталады, яғни биліктің азғана адамдар тобының қолына жиналуы, (Современная энциклопедия).

Авторитаризм – антидемократиялық саяси режимдерге тән билік жүйесі. Авторитаризмнің тарихи формасына азиаттық деспотия, тирания жатады (Большой Энциклопедический словарь).

Авторитаризм – биліктің бір адам немесе ұйым қолына жиналғандығын сипаттайтын саяси режимнің түрі (Политология. Словарь).

Авторитаризм – (француздың «autoritarisme», латынның «auctoritas» – билік, ықпал сөзінен шыққан) басқарудың диктаторлық әдісін сипаттайтын мемлекеттік құрылыс, жеке билік (Новый словарь иностранных слов, by EdwART, 2009).

Авторитарлы тәртіп – күшті жеке тұлға диктатурасына негізделген қоғамның мемлекеттік-саяси құрылысы. Өзінің шектен шыққан формасында авторитаризм күштеуге, бір билеушінің (тиран, патша, деспот) шексіз билігіне негізделген тәртіп. Айта кететін жайт, авторитарлы тәртіп ескі әлеуметтік-

экономикалық құрылыс құлаған кезде, немесе ел дәстүрлі басқарудан өндірістік қоғамға өту процесі барысында пайда болады.

Бұл тәртіп көбінесе әскерге арқа сүйеді. Ол саяси процеске ұзаққа созылған экономикалық және саяси дағдарысты демократиялық, құқықтық құралдармен жою мүмкін емес жағдайда араласады. Бұл араласу нәтижесінде бүкіл билік саяси лидер немесе белгілі ұйым қолына жинақталады. Авторитарлы тәртіп өтпелі тәртіп тоталитаризмнен демократияға өту. Сондықтан оның мәні екі жақты: бір жағынан ол тоталитаризм белгілерін игерген, екінші жағынан оның ішінде демократияға тән белгілерді өндіру процесі жүреді.

Авторитаризм – саяси тәртіп, бұнда бір түрдің немесе топтың өз басшысымен билікке ұмтылысы. Авторитаризм қоғамдық құрылысы ауысып жатқан елдерде, тағы да ұзақ дағдарыста болып жатқан қоғамда пайда болады. Берілген шарттар, авторитарлық саяси режимнің орнату факторы болады.

Өз сипаттаумен ол тоталитаризммен демократияның арасында орналасады. Тоталитаризммен оның автократиялық заң мен шектелмейтін билік сипаттамасы демократиямен – автономия бар болуы, мемлекет пен басқарылмайтын қоғам салаларымен ұқсайды.

Мысалға XX ғасырда көп авторитарлық мемлекеттерде легитимация мақсатымен ұлттық идеология және формальды билік бақылайтын сайлау көп қолданған. Көптеген Азиядағы, Африкадағы және Латын Америкасындағы авторитарлық режимдер өздерінің өмір сүруін ұлттық бостандықпен және азаттықпен ақтайды.

Авторитаризмге тән сипаттар:

- биліктің бір саяси көсем немесе белгілі бір топ қолына шоғырлануы;
- біртұтас идеологияның міндетті болмауы;
- саяси биліктің негізгі аргументі күштеу емес, бедел болып табылады;
- демократияның кейбір элементтерінің (сайлау, парламенттік күрес) болуы;
- мемлекет тным салмаған нәрсенің бәрі азаматтар үшін рұқсат;
- репрессиялық аппараттың болмауы;
- мемлекеттің қоғам өмірінің барлық саласын бақылаудан бас тартуы;
- көппартиялықтың сақталуы;
- билік құрылымдары сайлау нәтижесі бойынша құрылады, бірақ әділетсіз сайлау;

• БАҚ-ның әр түрлілігінің сақталуы;

• Идеологияның әр түрлілігі формалды болса да сақталған.

Авторитарлы режимнің ерекшеліктері:

• авторитарлы режимде билікті алып жүруші бір адам немесе адамдар топтары болып табылады;

• авторитаризмге шексіз билік тән, ол азаматтардың бақылауынан босатылады;

• авторитарлы режим күшке арқа сүйейді;

• авторитаризм билік пен саясатты монополиялайды және саяси оппозицияға жол бермейді;

• авторитаризм қоғамды тұтас бақылаудан белгілі бір деңгейде бас тартады. Саяси емес салаға, ең алдымен экономикаға араласуды шектейді;

• элитаны билікке әкелу жоғарыдан шешіледі, саяси электоралды бәсекеге жол жоқ.

Қазіргі әлемде авторитаризмнің сақталып қалуына көп жағдайлар себеп болып келеді, олар:

• азаматтық қоғамның дамымағандығы;

• экономиканың артта қалуы;

• дамушы қоғамдардағы биліктің шиеленістік тәсілі.

2 Авторитаризм түрлері. Авторитарлы саяси режим әлемде ең көп тараған режим болып табылады. Оның түрлері де өте көп. Бұл монархия, деспоттық, диктаторлық режимдер, әскери хунталар, басқарудың популистік формасы т.б. Авторитарлы басқару формасы өзін тануға тек күштеу арқылы ғана емес, сонымен бірге жаппай манипуляциялау, сонымен бірге әр түрлі гуманды тәсілдерді қолдану арқылы да жетеді. Бірнеше ғасырдан бері олар легитимацияның дәстүрлі және харизматикалық тәсілдеріне арқа сүйеуде. XX ғасырда легитимация мақсатында ұлттық идеология қолданып келді.

Азия, Африка және Латын Америкасының көптеген авторитарлы режимдері өздерінің өмір сүруі мен бағыттарын ұлт азаттығы мен қайта өрлеуі қажеттілігімен ақтап отырды. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі көптеген авторитарлы режимдер өтпелі сипатқа ие болды. Олар тоталитарлы немесе демократиялық режимдерге бағдар ұстанды. Мәселен, Ф. Кастроның 1959 жылы орнаған авторитарлы режимі коммунистік бағдарды ұстанды, сөйтіп тоталитаризмге өтті. Ал, кейбір мемлекеттерде Чили, Таиланд, Аргентина, Оңтүстік Кореяда ол демократияға өтті.

Авторитарлы режимнің ең танымал классификациясын неміс саясаттанушы Дирк Берг-Шлюссер ұсынды. Ол авторитаризмді мына түрлерге бөлді:

1 Дәстүрлі абсолюттік монархия (мысалы, Эфиопия 1947ж. дейін, Непал 2007ж. дейін, Марокко, Сауд Аравиясы, т.б.).

2 Олигархиялық типтегі дәстүрлі авторитарлы режимдер. Латын Америкасы елдеріне тән (мысалы, Гватемала, Никарагуа 1979ж. дейін).

3 Жаңа олигархияның гегемондық авторитаризмі (мысалы, Камерун, Тунис, Филиппин Ф. Маркос тұсында 1972-1985жж.).

4 «Социалистік бағдар» елдері (мысалы, Алжир, Бирма, Гвинея, Мозамбик, Венесуэла, Танзания, т.б.).

5 Әскери режимдер (мысалы, Египеттегі Г.А. Насердің режимі, Аргентинадағы Х. Перонның режимі, Ирак, Перу және т.б. елдердегі режимдер).

№9. ТОТАЛИТАРИЗМ САЯСИ РЕЖІМІ

1 Тоталитаризм ұғымы, белгілері мен түрлері.

2 Сталиндік және гитлерлік режимдердің ұқсастығы мен айырмашылықтары.

1 Тоталитаризм ұғымы, белгілері мен түрлері. Тоталитаризм (латының «*totalis*» – бүкіл, тұтас, жаппай деген сөзінен шыққан) – мемлекеттің қоғам өмірінің барлық саласын толық (*totalьды*) бақылауына негізделген саяси режим. Тоталитаризм ұғымы алғаш рет 1923 жылы Джованни Амендолдің Муссолини режиміне берген сыни сипаттамасында қолданылған. 1929 жылы «Таймс» газеті бұл терминді Кеңес Одағында қалыптасқан режимге қолданды. 1931 жылы Муссолини «Фашизм доктринасы» атты мақаласында тоталитаризмді азаматтарына күшті ықпал ететін мемлекеттік идеология және де адамдар өмірінің барлық аспектілерін мемлекет бақылайтын қоғам деп жазды. Италия (Муссолини) мен Германия (Гитлер) режимдеріне қолданылған тоталитаризм ұғымын, фашизм мен ұлтшылдықты жақтаушылар жағымды, ал қарсыластары жағымсыз сипаттаған болатын.

Тоталитаризм теориясы ХХ ғасырдың 40-50 жылдары қалыптасты. Тоталитаризмді теориялық тұрғыда алғаш зерттеген Ф. Хайектің «Құлдыққа барар жол» (1944ж.) және Х. Арентстің «Тоталитаризм көздері» (1951ж.), америкалық саясаттанушылары К. Фридрих пен З. Бжезинскийдің «Тоталитарлық диктатура және автократия» (1956ж.) атты еңбектері болды. Соңғы еңбекте КСРО-дағы сталиндік, Германиядағы ұлтшылдық, Италиядағы фашистік тоталитарлық режимдер эмпирикалық салыстыру әдісі арқылы зерттелді және тоталитаризмнің мына белгілері ұсынылды:

- 1 бүкіл саяси жүйені жаппай бір идеология құрайды;
- 2 мемлекеттік аппарат пен жасырын полиция біріккен және диктатор басқаратын бір партияның болуы;
- 3 мемлекеттік аппарат рөлінің өте жоғары болуы, мемлекеттің қоғам өмірінің барлық саласына енуі;
- 4 бұқаралық ақпарат құралдарында плюрализмнің жоқ болуы;
- 5 ақпарат түсетін каналдарда, сонымен бірге орта және жоғары оқу орны бағдарламаларында қатаң идеологиялық цензураның болуы. Тәуелсіз ақпаратты жариялағаны үшін жазалау;
- 6 мемлекеттік үгіт-насихаттың жоғары рөлі, тұрғындардың жаппай санасын манипуляциялау;
- 7 дәстүрді, дәстүрлі моралды жоққа шығару («жаңа қоғам» орнату);
- 8 күштеу құрылымдары тарапынан жаппай репрессия мен террордың болуы;
- 9 жеке азаматтық құқық пен бостандықты жою;
- 10 экономиканы орталықтан жоспарлау;
- 11 билеуші партияның әскери күштерді толық бақылауы;
- 12 экспансиялық әрекетті қолдау;
- 13 құқыққорғау саласын әкімшілік бақылау;
- 14 азаматтық қоғамды толық жою.

Тоталитаризм – көсемнің билігіне бас ұрып, ресми бір идеологияға бағынатын, қоғам мен жеке адамға билік тарапынан толық және қатаң бақылау орнатылған мемлекеттік құрылыс.

Тоталитарлық режим жағдайында мемлекеттің бүкіл билігі көсем бастаған (диктатор) ат төбеліндей аз ғана топтың қолына өтеді, демократия принциптері

сақталмайды, азаматтық қоғам жойылады, адамдардың құқығы мен бостандығы аяққа тапталады, күштеу, қорқыту, үрейлендіру, бұйыру тәсілдері арқылы адамдар рухани езгіге салынып жанышталады. Қоғамның барлық саласы түгел, оның ішінде әрі адамның жеке тіршілігі, отбасы мемлекеттің толық бақылауында болады.

Тоталитарлық жүйе орнаған мемлекеттердің әрбірінде өзіндік ерекшеліктер болады. Саясаттану ғылымы тоталитарлық жүйені үш топқа бөліп қарайды:

Біріншісі, **коммунистік тоталитаризм.** Бұл режимде адамдар жеке-меншікке ие бола алмайды, нәтижесінде, жекелікке (индивидуализм) шектеу қойылып, ұжымдық сананың дамуына кенінен жол ашылады.

Екінші түрі – **фашизм.** Мұндай жүйе бір кезде Италияда орнады. Ерекшелігі – халықты демократияға қарсы болуға, жауынгерлік рухқа, нәсілшілдікке, шовинизмге тәрбиелейді.

Үшінші топқа **ұлтшыл-социализмді** жатқызады. Бұл идеологияны Ш Рейх, яғни Гитлер салған болатын. Оның бойында фашизмнің де коммунистік тоталитаризмнің де ұстанымдары бар. Ерекшелігі – әлемдегі барлық халықтардың арасынан бір нәсілдің өкілдерін ғана жоғары санап, мемлекетті тек сол ұлттың өкілдерімен ғана құрауға ұмтылуында. Мұндай саясат Германиядан басқа елдерде үкімет ұстанымы деңгейіне көтеріле алмағанымен, белгілі бір партия, топ өкілдерінің ұраны ретінде жиі көрініс беріп отырды. Атап айтқанда, венгрлердің «Айқыш жебе» партиясы, румындардың «Темір гвардия» партиясы арасында болды.

2 Сталиндік және гитлерлік режимдердің ұқсастығы мен айырмашылықтары. Сталиндік және гитлерлік жүйелердің пайда болуындағы ұқсастық екі елде де үстемдік етуші таптың саяси мәдениеті төмен болды. Себебі, тоталитаризмге қарсы келетін механизмді және автократизммен күресудің әлемдік тәжірибесін пайдалана алмады.

Сталиндік және гитлерлік режимдердің айырмашылықтары:

1 сталинизм капиталистік қатынастың күйреуі жағдайында, ал гитлеризм оның күшейуі негізінде қалыптасты;

2 Сталин партия мен мемлекеттік аппаратқа, бірінші кезекте жазалау ұйымдарына арқа сүйеді. Гитлер билікке өндірістік, азаматтық және әскери шенеуніктердің ең реакциялық топтарының қолдауы негізінде келді;

3 сталиндік жүйе қоғамдағы барлық консервативті күштерді құлатып автократияны орнатты, партиядағы «кажетсіз» адамдарды қатаң жазалады, зиялықауым мен шаруа тобын жоюға тырысты. Гитлерлік жүйе қоғамның барлық мүлікті таптары мен қабаттарын өзінің әріптестері жасаған болатын;

4 Сталин абсолюттік билікке қол жеткізді. Гитлер билігі экономика, елді басқару, әскери істер, дипломатия, мәдениет пен ғылымдағы ескі және жаңа германдық элитаның ықпалымен шектелді;

5 Сталин жалғыз өзі мемлекеттік-партиялық иерархияның үстінде қарады, ал Гитлердің жанында басқа да партия жетекшілер (Розенберг, Геббельс, Геринг, Шпеер, Нейрат, Риббентроп, Гиммлер, Гесс, Борман т.б.) болды;

6 екі режимде әлеуметтік-экономикалық базаны әртүрлі меншік түрлері құрады. Сталинизмде мемлекеттік меншік, гитлерлік режимде меншіктің әртүрлі формалары: ірі, орта және ұсақ жеке меншік-капиталистік, акционерлік, мемлекеттік сақталынды;

7 бұл режимдер модернизацияны әр түрлі жүргізді, КСРО-дағы индустриализация (аяқталмаған) миллиондаған шаруалардың қырылуымен, табиғат байлықтарының ысырап болуымен сипатталынды. Ал, гитлерлік модернизация – екінші дүниежүзілік соғысқа алып келді;

8 сыртқы саясат әртүрлілігі, сталинизм – КСРО-ны халықаралық аренада оқшауландыру саясатын жүргізді, гитлеризм болса дүниежүзілік үстемдікке ұмтылды;

9 ұлт саясатын жүргізуі, сталинизм ұлттардың достығы мен интернационализм сияқты идеяларды ұсына отырып ұлттарды жою саясатын жүргізді. Гитлер нәсілшілдік пен антисемитизмді өзінің идеологиясына айналдырды. Сталин өз халқына террор мен репрессия орнатса, Гитлер басқа ұлттарға – еврей мен сығандарға қуғын-сүргін жасады.

№10. ДЕМОКРАТИЯ САЯСИ РЕЖІМІ

1 Демократия ұғымы мен алғышарттары.

2 Демократияланудың толқындары.

3 Қазіргі заманғы демократия теориялары мен түрлері.

1 Демократия ұғымы мен алғышарттары. Әлемдегі биліктердің барлығы дерлік өзінің демократиялық табиғаты туралы айтады. Көбінесе бұл демагогия, бірақ негізсіз де емес, өйткені тіпті қатал әскери тәртіптің өзі де халық үндеуіне көңіл аударуға мәжбүр болады. Нәтижесінде «демократия» грек тілінде «халық билігі» мағынасын иеленіп, өте кең ауқымды мәнге ие болады. АҚШ президенті *Линкольн* «демократия- халық билігі, халық сайлаған және халық үшін» – деп жазды.

Демократия қалыптасуы үшін бірқатар экономикалық, әлеуметтік, мәдени, діни, сыртқы саяси жағдайлар керек.

1 Экономикалық алғышарттарға мыналар жатады:

- ♦ өндіріс пен экономиканың жоғары деңгейде дамуы;
- ♦ әлеуметтік бағдарлы нарықтық қатынастың болуы;
- ♦ урбанизацияланудың жоғарғы деңгейі;
- ♦ өндіріс және тұтынудың динамикалық тепе-теңдігі.

2 Демократия дамуының әлеуметтік алғышарттары:

- ♦ халықтың әл-ауқатының салыстырмалы даму деңгейі;
- ♦ әлеуметтік теңсіздік деңгейінің төмендеуі;
- ♦ қоғам құрылысында әлеуметтік плюрализмнің болуы;
- ♦ тұрғындардың сауаттылығы, жалпы білімділігі.

3 Тұрғындардың саяси мәдениеті де демократияның маңызды алғышарты:

♦ саясат туралы, оның әртүрлі салалары жөнінде белгілі бір деңгейде білімнің болуы;

♦ саяси құбылыстарға, партиялар мен қозғалыстар, жекелеген тұлғалар қызметтеріне дербес баға беру қабілетінің болуы;

♦ саяси қатысу белсенділігі;

♦ билік құрылымдары мен институттарының демократиялық саяси мәдениеті.

4 Демократияландырудың сыртқы саяси алғышарттары:

♦ әскери араласу;

♦ саяси ықпал;

♦ экономикалық ықпал;

♦ мәдени-ақпараттық ықпал;

♦ демократия дамуына практикалық көмек, қолайлы көршілік қатынас.

Р. Даль либералды демократияның мынадай белгілерін атап көрсетеді:

1 азаматтардың тиімді саяси қатысуы;

2 олардың шешім қабылдау процесіне тең қатынасы;

3 нақты саяси мәліметтер алу, демек таңдауды дербес жасау мүмкіндігінің болуы;

4 азаматтардың саяси күн тәртібін бақылау мүмкіндігінің болуы.

2 Демократияланудың толқындары. Саясаттанушы ғалымдар әлемдегі демократияландыру процесін үш кезеңге – үш толқынға бөлген:

1 Бірінші кезеңі, АҚШ-та ХІХ ғасырда демократияның қағидалар мен рәсімдер даярланып, І-ші дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін Еуропа елдеріне тараған. І-ші демократияландыру толқынына Германияда нацизм, Италияда фашизм, КСРО-да тоталитаризм үстемдік құруы кедергі жасап, бұл процесс тоқырап қалды.

2 Екінші кезең, ІІ-ші дүниежүзілік соғыста фашизм жеңіліс тауып, Германияда, Италияда, Жапонияда демократия қайтадан орнап, оның қағидалары мен рәміздері кеңінен тарала бастады. Дегенмен де, ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында кейбір мемлекеттердің авторитарлық үрдіске қайта оралуына байланысты демократияландыру процесі қайта тоқырауға ұшырады.

3 Үшінші толқынның басталуына 1974 жылы Португалияда диктатор Салазар мұрагері Кастанды өз әскері бас көтеріп, орнынап алуы себепші болды. Осындай жағдайға Испаниядағы Франко диктатурасы мен Грекиядағы әскери кунта да ұшырады. Бұл толқын Латын Америкасын қамтып, Оңтүстік-Шығыс Азияға тарай бастады. 1991 жылы Кеңестер Одағы құлап, ондағы 15 республика тәуелсіздік жариялап, демократиялық жүйені таңдады.

Бірінші толқын кейбір елдерде фашизм мен тоталитаризм етек алғаннан, екінші толқын кейбір елдердің авторитарлық билікке қайтып оралғанынан дағдарысқа ұшыраған болатын.

3 Қазіргі заманғы демократия теориялары мен түрлері. Бұл өлшемдерге сай келетін кез-келген саяси тәртіпті «демократия формасы» деп атаймыз. Демократия ұғымына ағылшын саясаттанушысы **Д. Хелдтің теориялық моделі** бойынша қарап көрелік.

1) «Протективті» (қорғаушы) демократия бойынша (Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Дж. Мэдисон, И. Бентам, Дж. Милль). Бұл моделді жақтаушылар демократия – азаматтарды биліктің шырғауынан, жеке

адамдардың заңсыз әрекетінен сақтауға, жалпы мүдделер негізінде басқаруға көмектеседі деп санады. Егемендік халықта, ол өз өкілдерін сайлау арқылы белгілеп, соларға сенім артады. Бұл моделдің негізгі айырмашылығы – мемлекет пен азаматтық қоғамның аражігін ажыратып, биліктегілердің қоғамдық өмірге көп араласпауын қалайды, әсіресе экономикаға. Протективті демократияның басты қағидасы – өндіріс құралдарына жеке меншік пен нарықтық экономика. Сондай-ақ, саяси топтардың бәсекелесуі құпталады.

2) «Дамушы» демократия (Ж.Ж. Руссо). Ұлы француз ағартушысының пайымдауынша, демократия тек мемлекеттік механизм ғана емес, сонымен қатар адамдарды жетілдіруші қызметті атқаруы қажет. Яғни, ол әрбір адамның саяси шешімдерге қатысуын армандады. Сонымен бірге, ол биліктің заң шығарушы және атқарушыға бөлінуін қалады.

Ж.Ж. Руссо пікірі бойынша алдыңғы саяси тәртіптердің негізгі кемшіліктері – биліктің моралдық аспектілеріне және оны пайдалануға назар аудармаулары.

Ж.Ж. Руссо ұсақ меншікті жақтаушы, ол барлығы азаматтарға тең бөлінуі керек деп есептеді және фабрикалық өндіріске қарсы болды. Көп жағдайда оның көзқарасы утопиялық болды, сондықтан дамушы демократия еш уақытта іске аспады. Бірақ жетілген саяси тәртіпті іздеушілерге теориялық көмектер берді.

3) «Мемлекеттің жойылуы» моделі (К. Маркс). К. Маркс еркіндікті экономикалық езгі жойылуымен байланыстырды, әрі оның негізгі агенті мемлекет болып табылады деп есептеді. Сондықтан мемлекеттік емес жолмен дамуды марксизм шынайы демократия жолы деп атады. Яғни халықтың жиналыстары өз мәселелерін шешуші органдарға айналуы тиіс еді. Бұл құрылыс коммунистік революция жолымен орнатылады, онда белгілі бір кезеңге дейін «пролетариат диктатурасы» сақталынады, негізгі міндетті - өзін-өзі басқаруға жағдай жасау. «Франциядағы азамат соғысы» атты еңбегінде К. Маркс «жойылушы» мемлекеттің институттық өзгешілігін жазады. Оның негізі халық жиналысы жататын сайланбалы органдардың пирамидасы, яғни тікелей демократия болып табылады. Барлық қызмет орны – тек сайланбалы ғана емес, сондай-ақ шақырылып алына алады да. Биліктің бөлінуі, кәсіби бюрократия, әскер және полиция жоқ. Мемлекеттің жойылуы әзірге утопиялық идея.

4) «Жарысушы элитизм» (М. Вебер, И. Шумпетер). Демократияны техникалық механизм ретінде қарастырады. Мемлекеттік басқаруды дарынды және сауатты элитаның жүргізуі тиіс екендігі айтылады. Атқарушы билік жүйесі өз жұмысын саясатқа араласпайтын бюрократия арқылы жүргізгені тиімді делінеді.

Бұл моделге американ саясаттанушысы К. Мангеймнің көзқарастары жақын. Ол еркіндіктердің қоғамда сақталуы үшін саяси элита әлеуметтік-тарихи үрдістерді оңды жаққа бұрып отыруы керек деген тұжырымдарды келтіреді. Бұны әлеуметтік практикада жүзеге асыру үшін «әлеуметтік технологияны» қолдану керек (белгілі бір акциялар, реттеуші қадамдар арқылы) деген көзқарасты ұстанады. Сөйтіп, К. Мангеймнің пікірінше,

«әлеуметтік технологияны» қоғамдық-саяси процестерді реттеуде қолдану екі түрлі қауіптен құтқарады.

а) құндылықтар анархиясынан – әрбір адамның өзінше ұстанымдармен жіктеліп кетуі;

б) қоғамдық өмірді жаппай (тотальды) түрде шектеуден. Бұл теорияны жақтаушылар Батыста көптеп саналады.

5) «Плюралистік» (эралуандық) демократия (Д. Трумэн, Р. Даль). Саяси шешім қабылдарда әртүрлі саяси топтардың қатысуын қолдайды. Ал, үкімет еол сияқты күштердің басын біріктіруші, байланыстырушы қызметті атқарғанын қалайды. Қоғамдық пікірдің маңызын жоғары көтеруді мақсат етеді. Бұл тұрғындардың қатысуы жоғары болғандығымен, өзекті мәселелерді талқылауда саяси мәдениетінің белсенділігімен астасып жататын құбылыс. Ойтпейінше, эралуандылықты желеу етіп, ыдыратушы күштердің арандату әрекеттері көбеюі мүмкін. Ал, енді біздің еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуал жөнінде, олардың кейбір үрдістері туралы айтатын болсақ, онда ескеретін бір жәйт бар: ол өтпелі кезеңге сәйкес келетін кейбір сипаттар. Мәселен, Қазақстан халқының саяси белсенділігі деңгейін анықтауға арналған нақты социологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша, эксперттер арасында пікірлерге сүйенсек тұрғындардың негізгі назары әлеуметтік мәселелерге шоғырланған. Бұл азаматтардың жалпы саяси белсенділігінің төмендігін білдіреді.

6) «Легальды» (жария) демократия (Ф. Хайек, Р. Нозик). Бұл құқық-тық қорғауды жақтайтын көзқарастар. Ол ұжымдық принциптерді қолдаудың түбі диктатураға, тоталитаризмге апаратынын ескертеді. Демократиялық дамудың әртүрлі кырларын зерттеушілер осы құқықтық мәселенің (азаматтық, мемлекеттік деңгейдегі) қазіргі өтпелі кезеңдегі еліміз үшін маңызды екенін өз еңбектерінде атап кетіп жүр. Бұл демократияны саясаттану тұрғысынан зерттеулердің заң ғылымдарымен байланысатын тұсы екенін де байқаймыз.

7) «Партиципаторлы» демократия (ағылшыншадан аудармасы – «қатысушы», Н. Пулансас, К.Б. Макферсон, К. Пэйтмен). Негізінен азаматты тәрбиелеуге назар аударады. «Жеке азаматтар өздерінің мүдделерін, өмірлік жоспарларын ұжымдық мүдделермен, қоғамдық қалыптармен үйлестіріп отырса ғана демократиялану процесі жүреді» деген түсінікті ұстанады. Ол үшін қоғамдағы әрбір адамның жеке дауысы басқалармен тең болуы керек. Әрбір адамда ұжымдық шешімдерді қабылдауда өз пікірін білдіре алатын мүмкіндігі болуы керек, әркім саяси мәселелерді анық түсінуі қажет, халқында соңғы шешім қабылдау құқы болуы керек, демос өзінің құрамына ақыл-есі дұрыс еместерден басқа азаматтарды енгізуі керек деген тұжырымдар келтіріледі.

№11. МЕМЛЕКЕТ САЯСИ ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

1 Мемлекеттің пайда болуы мен мәні.

2 Мемлекеттің белгілері мен қызметтері.

3 Мемлекеттің басқару формасы мен құрылымы.

4 Қазақстанда мемлекеттілікті нығайтудың жаңа саяси бағыты.

1 Мемлекеттің пайда болуы мен мәні. Мемлекет туралы теориялар мен түсініктер саясаттану ғылымында көптеп кездеседі. Мысалы:

◆ **теологиялық теория**, оның негізін салушылар А. Августин мен Ф. Аквинский мемлекеттің пайда болуын құдай құдіретімен түсіндірді;

◆ **патриархтық теория**, негізгі өкілдері Р. Филмер мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан үлкен қауымдастыққа, олардың мемлекетке дейін бірігуімен түсіндірді;

◆ **қоғамдық келісім теориясы**, (Т. Гоббс, Г. Гроций, Ж.Ж. Руссо) мемлекет келісім нәтижесінде пайда болады, бұған дейін «табиғи» алғашқы қауымдық жағдайда өмір сүрген адамдар енді соның құрамына кіреді деп есептеді;

◆ **«зорлық жасау» теория** (Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский), бір елдің екінші елді жаулап алуын тоқтату үшін мемлекет пайда болды деп түсіндірді;

◆ **географиялық теория** (А. Ратцель, В. Соловьев, Б. Чичерин) мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның (ауа райы, жер бедері және т.б.) өзгешеліктерімен түсіндіреді;

◆ **психологиялық теория**, адамдарға бағыну мен құлшылық ету қажеттігі мәңгі бақи тән дегенді айтады;

◆ **маркстік теория**, мемлекеттің пайда болуын жеке меншік пен таптардың шығуымен байланыстырады.

Мемлекет дегеніміз белгілі бір аумақ шеңберінде адамдар, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі.

2 Мемлекеттің белгілері мен қызметтері. Мемлекет қоғамның саяси институты ретінде мынадай белгілері арқылы сипатталады, осы белгілері арқылы оны басқа қоғамдық ұйымдардан ажыратуға болады:

◆ **территориялық бөлінуі**, бұл мемлекеттің материалдық негізі. Мемлекет территориясы деп әлемдік кеңістіктегі аталған билеуші саяси топтардың толық әрекет ететін бөлігін айтамыз. Оған жер ғана емес, оның қойнауы, ауа кеңістігі, территориялық сулары жатады. Территориямен мемлекеттің пайда болуы мен жойылуы байланысты. Сондықтан территориялық келіспеушіліктер ешуақытта да тоқтамайды;

◆ **ерекше өкіметтік аппарат**. Оған қазіргі кезде қарулы әскер, шенеуніктік аппарат, полиция, сот, барлау, қауіпсіздік, шіркеу, баспасөз және т.б. жатады;

◆ **мемлекеттің егемендегі**, яғни ішкі және сыртқы істерін атқаруға толық тәуелсіздігі мен дербестігі;

◆ **күш қолдану**, зорлықпен еріксіз көндіру. Ол қылмыс жасағандарды еркінен айырудан бастап өлім жазасына дейін кесе алады;

◆ **салық салу**. Орасан зор мемлекеттік аппараты ұстау үшін халықтан салық жинау;

◆ **мемлекеттің міндетті түрде мүшесі**, азаматы болуы тиіс.

Мемлекет қоғамның саяси ұйымдары ішіндегі ең тұрақтысы және оны басқа саяси жүйе элементтерінен ажырататын қызметтері бар. Мемлекет

қызметтері ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі қызметі саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, білім берушілік, мәдени-тәрбиелік болып бөлінеді.

1 Саяси қызметі саяси билікті жүзеге асырумен байланысты. Бұл қызметіне экономикалық жағынан артықшылыққа ие таптың саяси үстемдігін қолдау, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, саяси партиялар, кәсіпқой топтар, қоғамдық институттармен бірге мемлекеттік құрылысты қалыптастыру, билік өкілеттілігін жүзеге асыру мәселелері бойынша қарым-қатынасты орнату, қоғам дамуының бағдарламалық-стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін түзу, ұлттаралық қатынасты, әсіресе көпұлтты мемлекетте реттеу жатады.

2 Құқықтық қызметіне: заңшығарушылық, заңдық нормаларды бекіту, қоғамдық қатынастарды, азаматтардың әрекетін реттеу сияқты қызметтер жатады.

3 Ұйымдастырушылық қызметі, билік өкілеттілігін іске асыру, шешімдерді орындау, басқарушылық кадрлар корпусын қалыптастыру мен пайдалану, заңның, шешімнің орындалуын бақылау, саяси жүйенің әртүрлі субъектілерінің қызметін реттеу шараларын іске асыруда ұйымдық тетіктерді пайдалануға негізделген.

4 Экономикалық қызметі ең негізгі қызмет болып табылады, бірақ әр қоғамда әртүрлі көлемде, мазмұнда іске асырылады. Қазіргі кезеңде мемлекеттің экономикаға қатысуы салық саясатын жүргізуде, несие бөлуде, экономикалық санкцияларды пайдалануда көрінеді.

5 Әлеуметтік қызметі: адамдардың жұмысқа, тұрғын үйге сұраныстарын қанағаттандыруды, қарияларды, мүгедектерді, жастарды, жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауды және өмірді, денсаулықты, меншікті сақтауды т.б. қамтиды.

6 Мемлекеттің білім берушілік қызметі. Сапалы білім беру болашақтың негізі, өркениетке жетудің жолы. Көптеген мемлекеттер қазіргі кезде білім беру жүйесін реформалауда, онда балабақшадан жоғары оқу орнына дейінгі білім берудің мемлекеттік саясатын қалыптастыру міндеттерін шешуде. Мемлекет ең алдымен білім беру жүйесін демократияландыру, оның үздіксіздігін қалыптастыру, жастарды белсенді өмірге сапалы даярлау сияқты міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

7 Мемлекеттің мәдени-тәрбиелік қызметі адамдардың мәдени сұраныстарын қанағаттандыруға, жоғары руханилық пен азаматтылықты қалыптастыруға бағытталған. Бұл қызметтің ауқымы өте кең, сондықтан оған мемлекетпен қатар қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік емес құрылымдар, шіркеу, теле-радио компаниялар, басылымдар, баспасөз т.б. қатысады. Мемлекет бұл ошаны қаржыландыру, салық салу сияқты мәселелерді өз бақылауына алуы керек.

Мемлекеттің **сыртқы қызметі** елдің шекарасын, территориясын қорғау, басқа елдердің ісіне араласу (әскери агрессия, күштеу), мемлекеттер аралық қатынасты сақтаумен байланысты. Мұнда сыртқы сауда, халықаралық ұйымдар, блоктар, одактар жұмысына да қатысады.

Мемлекеттің атқаратын қызметі белгілі бір дәрежеде қоғамның материалдық (экономикалық), ұйымдастырушылық (саяси), ақпараттық, сондай-ақ адамгершілік және этномәдени өмір салаларын реттеуге бағытталынуы тиіс. Яғни, мемлекет қоғамға икемді, тиімді түрде ықпал етуі қажет. Ең алдымен, мемлекет еркі ақпараттық қарым-қатынас негізінде нормативті түрде халыққа жарияланып отыруы керек. Содан кейін жеке бостандық пен қоғамдық қажеттілікті білдіретін нормалардың іске асуын қамтамасыз ету қажет. Бұлардың барлығы өмірде қалыптасқан ережелерді қолданбай, олардың орындалуын бақыламай, оларды заң бойынша бекітпей мүмкін емес. Бұл мемлекеттің ретке келтіру жұмыстары, әлеуметтік өмірге жүргізетін ықпалдары мемлекеттік билікті бөлуді қажет етеді. Яғни, бұл бөлініс тәуелсіз мемлекеттің саяси және заңдық тұрғыда икемді болуына мүмкіндік береді.

3 Мемлекеттің басқару формасы мен құрылымы. Басқару формасы – мемлекеттік билік ұйымдарының құқықтық жағдайы мен құрылымына негізделген мемлекет мазмұнының сыртқы бейнеленуі. Басқару формасы – бұл мемлекеттік билікті ұйымдастыру тәсілдері. Мемлекеттік биліктің жоғарғы ұйымының жағдайы мен сипаты басқару формасын екіге бөледі: монархия және республика (9-кесте).

Монархия деп мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара, бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Монархия абсолюті және конституциялық болып екіге бөлінеді.

Конституциялық монархияда монархтың билігі белгілі бір дәрежеде заң шығаратын билік, парламентпен шектеледі. Басқарудың бұл түрі Англияда пайда болды және қазіргі кезде ойдағыдай қызмет етуде. Конституциялық монархиялық құрылыс Бельгия, Голландия, Дания, Иордания, Испания, Норвегия, Швеция, Жапония т.б. елдерде сақталған.

Республика деп мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер /парламент/ арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтамыз. Республика президенттік және парламенттік болып екіге бөлінеді.

Президенттік республиканың негізгі белгілері:

- Президент қолына мемлекет және үкімет басшысы өкілеттіліктерінің шоғырлануы;
- Үкіметтің парламент алдындағы жауапкершілігінің жоқтығы;
- Парламенттен тыс президентті сайлау және үкіметті қалыптастыру;
- Президент қолына ауқымды биліктің шоғырлануы;
- Парламентте үкіметке сенімсіздік білдіру құқығының болмауы.


Парламенттік республиканың негізгі белгілері:

- 1 Парламент үстемдігі;
- 2 Үкіметтің парламент алдындағы жауапкершілігі;
- 3 Үкіметті парламенттік негізде саяси партия жетекшілерінен қалыптастыру;
- 4 Мемлекет басшысын парламентте сайлау;
- 5 Үкімет басшысын (премьер-министрді) президент тағайындайды.

Мемлекеттің аумақтық-саяси құрылымы. Мемлекет басқару түрімен қатар құрылысына қарай да жіктелінеді. Мемлекеттік құрылыстың формасы – бұл орталық өкімет пен жергілікті биліктің міндеттер өрісінің арақатынасын білдіреді.

Мемлекет құрылысына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: *унитарлы, федерация, конфедерация.*

9-кесте



1 Біртұтас мемлекет /унитарлы мемлекет/ түсінігі латынның «*unus*» сөзінен шыққан. Ол біртұтас, біріккен деген ұғымды білдіреді. Біртұтас дегеніміз бір мемлекет, ол ұсақ мемлекеттік құрылымдарға бөлінбейді, онда әкімшілік-аумақтық бөліністер ғана болады. Біртұтас мемлекеттің екі: қарапайым түрі, тек әкімшілік-аумақтың бөліністерден (Қазақстан, Польша, Тайланд, Алжир, Колумбия) тұрады, ал күрделісінде өз құрамында автономияның бір немесе өзге де түрлері (Италия, Филиппин, Никарагуа т.б.) болады. Унитарлы мемлекеттің белгілері:

- бүкіл мемлекет үшін бірыңғай жоғарғы атқарушы, заңшығарушы, сот билігі ұйымдарының болуы;
- бір конституция, бірыңғай заңшығару жүйесі, бір азаматтық, бірыңғай қарулы күштің болуы;
- әкімшілік-территориялық бірліктер егемендікке ие емес т.б.

2 Федерация сөзі латынның «*foedus*» деген сөзінен шыққан, ол одақ, бірлестік деген мағынаны білдіреді. Федерация – белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа бір мемлекетті құруы.

Федерацияның негізгі белгілері: 1. федерация территориясы оған кіретін мемлекеттер территориясынан құралады; 2. федерация мен оның субъектілері арасындағы өкілеттілік бірыңғай жалпыодақтық конституциямен шектеледі. Федерацияға енген әрбір мемлекет өзінің конституциясын қабылдауға құқылы; 3. заңшығарушы, атқарушы, сот биліктерінің екі жүйесі болады, федеральді және әрбір федерация субъектісі үшін; 4. федерацияның әрбір азаматы бірыңғай азаматтыққа ие болады; 5. федерация бірыңғай қарулы күшке, қаржы, салық, ақша жүйелеріне ие; 6. халықаралық аренаға тек тұтас федерация ғана шыға алады.

Конфедерация белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы т.б.) жүзеге асыру үшін біріккен егеменді елдер одағы. Конфедерацияның негізгі белгілері:

1 бірыңғай жоғарғы атқарушы, заңшығарушы, сот билігі ұйымдарының болмауы;

2 бірыңғай қарулы күшке, қаржы, салық жүйелеріне ие емес;

3 конфедеративті мемлекеттік ұйымдар бірыңғай ақша жүйесі, бірыңғай кеден тәртібі, мемлекетаралық бірыңғай салық саясаты туралы келісімге келуі мүмкін;

4 ұзақ өмір сүрмейді.

4 Қазақстанда мемлекеттілікті нығайтудың жаңа саяси бағыты. Мемлекеттердің даму қарқыны мен бағыты көп жағдайда стратегиялық бағытының дұрыстығы мен көлеміне тәуелді болып табылады.

Қоғам өмірінің барлық саласында жүргізілетін реформалар тиімділігі саяси тұрақтылық пен демократиялық қағидалардың қоғам өмірінің барлық саласы мен саяси санаға саяси құндылық ретінде енуіне тәуелді. Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталынуы, бұл мемлекетіміздің даму кезеңдерінде саяси реформаларға басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев саяси дамудың қазақстандық жолы мына қағидатты ұстанды: «Халықтың көпшілігі қолдаған қазақстандық жол – сызбаны қоз жұма көшіре салу емес, өзіндік жолды іздеуге ұмтылу. Мұнда біз басшылыққа алатын басты қағида – қан мен хаосқа толы демократия бізге керек емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және халықаралық тұрақтылық» – деп жазады.

«Қазақстан-2030» Президенттік стратегиясы ұлттық бірлік пен әлеуметтік әділеттілік орнаған, халқының экономикалық әл-ауқаты жетілген, тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнатудың теориялық-әдіснамалық базасын және оған жетудің жолдары мен әдістерін айқындаған құжат. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай он бес жыл ішінде мықты стратегияға ие болып, әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере алдық.

Жолдауда «Қазақстан-2030» стратегиясына, «осы жылдар ішінде біздің Стратегиямыз басты мақсатымыздан ауытқымай, шамшырақ сияқты біздің жолымызға сәуле шашып, алға басуға жігерлендірді» – деп жоғары баға берілген.



Қоғам өмірінің барлық саласында жүргізілетін реформалар тиімділігі саяси тұрақтылық пен демократиялық қағидалардың қоғам өмірінің барлық саласы мен саяси санаға саяси құндылық ретінде енуіне тәуелді. Мәселен, «Қазақстан-2050» Стратегиясында жаңа елдің іргесін қалау міндетін үш бірдей жаңғырту негізінде шешілді деп атап көрсетілген болатын, олар:

- мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау;
- әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау;
- қоғамдық сананы қайта өзгерту.

Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталынуы, бұл мемлекетіміздің даму кезеңдерінде саяси реформаларға басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. Қазақстан-2050 Стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жетістіктері атап көрсетілді, олар мыналар:

1. Қуатты да табысты мемлекет;
2. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі;
3. Түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығы;
4. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз;
5. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен әлеуметтік саясат;
6. Әлемдік қауымдастық таныған ел;

7. Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бұл жетістіктеріміз қазақстандық дамудың үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс деп атап көрсетті.

Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, ол үшін мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру міндеті ұсынылды. Мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастырудың негізгі саяси бағыты мыналар:

1. Мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіре түсу;
2. Басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізу,
3. Кәсіпқой мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;
4. Мемлекеттік аппарат пен бизнес-қауымдастықтың жаңа өзара іс-қимыл жүйесін құру;
5. Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануы тиіс;
6. Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс;
7. Құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің реформасын жалғастыру.

11-кесте



Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы негізінде ұсынған ұзақмерзімді басымдылықтың жетіншісі – мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру, мына міндеттерді ұсынды:

1. Адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі, жоғары құқықтық мәдениет ахуалын қалыптастыру;

2. Мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдерін қалыптастыру;

3. Сот жүйесі ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс;


4. Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық компаниялар мен бюджеттік мекемелердің кадр саясатына меритократия қағидаттарын енгізуі;

5. Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру;

6. Жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру.

«Қазақстан-2050» стратегиясында біздің мақсатымыз – мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру, ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс – деп атап көрсетілген (12-кесте).

12-кесте



«Қазақстан-2050» стратегиясында орталықсыздандыру идеясы ұсынып, орталықсыздандыру – ең алдымен мемлекеттік басқару жүйесінің сапалық өзгерісі, мәселелерді жергілікті деңгейде шешу жүйесін өзгерту – деп ескертеді.

Тәуелсіз Қазақстанның саяси даму стратегиясын даярлау мен жүзеге асырудағы жауапты да қажырлы еңбектің арқасында демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі қалыптасқан, қуатты да табысты, әрі әлемдік қоғамдастық таныған мемлекет болды.

№12. ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ

- 1 Президентизм идеясының қалыптасуы мен дамуы.
- 2 Президент институтының моделдері. Президент сайлауы.
- 3 Н.Ә. Назарбаевтың саяси даму стратегиясы: негізгі бағыттары мен мазмұны.

1 Президентизм идеясының қалыптасуы мен дамуы. Президент ұғымының шығуына талдау жасасақ:

Біріншіден, президент ұғымы (praesidens ұғымы латынның praes – алда және sedere – отыру деген сөзінен шыққан) «алда отырушы» деген мағынаны білдіреді. Антикалық дәуірдің өзінде президент деп әр түрлі жиындарда төрағалық етуші адамды атаған.

Екіншіден, Конституциялық конвентке дейінгі американдық мемлекетінің номиналды басшысы – американдық штаттары конференциясы конгресінің төрағасы «Конгресс президенті» деп аталған.

Үшіншіден, Филадельфия Конституциялық конвентінде төрағалық етуші Дж. Вашингтонды «президент» деп атаған.

Төртіншіден, президент деп кейбір отарлардың губернаторлары (атқарушы билік басшысы) аталған.

Президент институты феномені Т. Пейн, Т. Джефферсон, А. Гамильтон, Дж. Адамс, Дж. Мэдисон сияқты ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Американдық саяси ілімдер тарихының көрнекті өкілі **Т. Пейн** (1737-1809 ж.ж.) «Американдық дағдарыс», «Адам құқығы», «Ғасыр тағлымы» атты құнды еңбектердің авторы. Т. Пейн алғаш рет тәуелсіз АҚШ мемлекеті мен республикалық басқару формасындағы мемлекетті құру концепциясын ұсынады. Т. Пейн монархиялық билікті сынау негізінде Президент институтының моделін қалыптастырды. Ол монархиялық билік кемшіліктерін мыналардан көрді:

- король билігінде құдайлық беделдің жеткіліксіздігі мен құдайшылыққа жатпайтын әрекеттердің толы болуы;
- монарх билігі жемқорлық, сыбайластық, қазына тонаушылық, заңсыздық сияқты құбылыстардың тарауына қолайлы;
- монарх билігінде рационалдық негіз жоқ, ескі мен дәстүрдің қалдығы, сондықтан одан тез арада бас тарту қажет.

Міне сондықтан да Т. Пейн монарх билігін президент билігімен ауыстыруды қолдады. Т. Пейн ұсынған президент институтының мәні мынада:

- Президент заңшығарушы ұйымда бірден-бір басшысы, аймақтық заңшығару жиынының саяси және экономикалық мүдделерін біріктіруші, қарапайым халықтың мүддесін қорғаушы болуы керек;
- Президент қызметін ендіру елдің бірлігін мен тәуелсіздігін бекітеді, мемлекеттік биліктің орталықтануын әлсіретеді;
- Президент сайлауының жанама тәртібін қолдану;
- Президент қызметінде саясаткердің қысқа мерзімде болуы және жыл сайын ауыстырылуы (ротациялау);

- Президент институты тек конституция негізінде әрекет етуі тиіс;
- Президент институты тәуелсіздік, республикашылдық, егемендік, халық билігі сияқты идеялардың символы болуы тиіс.

Президент институтын қалыптастыру ағымының негізгі өкілдерінің бірі **Т. Джефферсон** (1743-1826ж.ж.) болып табылады. Т. Джефферсон саяси қайта құруды мына бағыттар бойынша жүргізуді ұсынды:

- ♦ жаппай сайлау құқығы;
- ♦ заңшығарушы мекемедегі тең өкілділік;
- ♦ халық сайлаған атқарушы билік өкілдері;
- ♦ сайланбалы және ауыстырылатын соттар;
- ♦ әкімшілік аудандарға бөлу;
- ♦ Конституцияға кезекті өзгертулер ендіру.

Осылайша Т. Джефферсон бұқараның жаппай қатысуына негізделген мемлекеттік билік моделін құрастырды. Ол негізінен жергілікті өзін-өзі басқару құрылымын дамытуды ұсынды, ал жоғарғы мемлекеттік билік жүйесінде Парламентке қолдау көрсетті. Президент институтына парламенттік республика жүйесінен орын берді. Ол Президент институты моделінде мына нормаларды есепке алуды ұсынды: Президент билігін атқарушы кеңес (Министрлер Кабинеті) еркі арқылы шектеу және бір адамды Президентке қайта сайлауға жібермеу. Оның пікірі бойынша, бір адамның шексіз сайлануына мүмкіндік беру, мемлекетті сайланбалы монархияға айналдырады. Ол күшті президенттік басқару жүйесін қолдамады.

Күшті, атқарушы билік тармақтарына бөлінген орталықтанған федералды билікті, әсіресе президенттік институты жақтаушы көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, Конституциялық конвент мүшесі **А. Гамильтон** (1757-1804ж.ж.) болды.

А. Гамильтонның Филадельфия Конституциялық конвентіне Президент институтының авторитарлы моделін ұсынуы кездейсоқ емес. Бұл жоба бойынша американдық биліктің жоғарғы қызмет иелері – сенатор мен Президент өмірінің соңына дейін сайлануы керек. Сенатор екі сатылы, ал Президент үш сатылы сайлау арқылы сайлануы тиіс.

А. Гамильтон ұсынған мемлекеттік билік жүйесіндегі парламенттің төменгі палатасы мемлекетті демократияның басты артықшылығы – жалпы халықтық сеніммен, сенат – аристократиялық мемлекеттік көрегендікпен, Президент – монархиялық табандылықпен, атқарушылықпен қамтамасыз етеді деп санады.

А. Гамильтон өз еңбектерінде Ш. Монтескьенің «тұтас және бөлінбейтін» атқарушы билік деген формуласын жиі қолданады. Оның пікірі бойынша, атқарушы билік бір адамның қолында болса шектеу жеңілдеу болады. А. Гамильтон Президент институтының маңыздылығын дәлелдеді, оның авторитарлы формасын жасап шықты.

Бұл ағымның тағы бір өкілі **Дж. Адамс** (1735-1826ж.ж.), ол Конституциялық конвент мүшесі, күшті президенттік билікті жақтаушы. «АҚШ Конституциясын қорғауда», «Давил туралы тұжырымдар» атты еңбектерінде мемлекет туралы теориясын қалыптастырды.

Дж. Адамс пікірі бойынша демократия да басқа классикалық басқару формалары – монархия, аристократия сияқты уақыты келгенде деспотқа айналады. Сондықтан оның идеалы үш құрылымдық элементтен тұратын аралас басқару формасы: атқарушы билік, жоғарғы палата және төменгі палата.

Дж. Адамс 1787 жылғы АҚШ Конституциясы әлсіз Президент институтын қалыптастырды деп санады, сондықтан оның өкілеттігін кеңейту туралы ұсыныс жасады. Басқа сөзбен айтқанда, ол Президент өкілеттігін «монархияландыруға» талпынды.

Дж. Мэдисон (1751-1836ж.ж.) Филадельфиядағы Конституциялық конвент мүшесі, АҚШ Конституциясы авторларының бірі. Ол плюралистік басқару қағидасын қолдаған. Дж. Мэдисон үшін республика – өкілдері арқылы өз билігін жүзеге асыратын халық билігі. Оның пікірі бойынша Президент институты – республикалық басқару формасындағы ең тиімді және нәтижелі балама. Дж. Мэдисон шығармашылығына тән нәрсе, ол тек бір саяси институтты бөліп алып қарастырмайды, бүкіл саяси билік жүйесін талдайды. Мемлекеттік билік тармақтары – заңшығарушы, атқарушы, сот биліктерінің саяси мәнін ашуға талпынды.

Президенциализм концепцияларының ХХ ғасырда дамуы*

1 авторитарлы концепция, негізгі өкілі В. Вильсон, еңбектері «Конгрестік басқару», «Құрама Штаттардағы конституциялық басқару». Бұл концепция бойынша мемлекет басшысы халық алдында тікелей жауапты, Президент Конгреске тәуелсіз және заңшығарушы билік тармағынан тыс әрекет ете алады;

2 плебицитарлы концепция, негізін салушы М. Вебер. Веберлік концепция Веймар республикалық Конституциясы арқылы жүзеге асырылды. Алғашында либералды-демократиялық саяси жүйені қорғау және әскери төңкерісті болдырмау үшін ендірілсе, соңынан фашизм диктатурасы орнауына мүмкіндік жасады. Сөйтіп, бұл концепция фашистік диктатура легитимділігінің теориялық негізіне айналды;

3 деголлдық концепция, өкілі генерал Ш. де Голль, ол институттар француздарға емес, Францияға керек деген идеяны ұсынды. Оның пікірі бойынша, билік жеке мүдделерді емес, ұлттық мүдделерді қорғауы тиіс. Ол Президент билігінің шегін өзі белгілеуін, Президенттің ұлттық бірлік идеясының кепілі болуын ұсынды. Деголлдық концепция да жалпы халықтық сайлаумен сайланған Президент мемлекеттік билік органдарының барлығынан жоғары тұруы тиіс болды.

2 Президент институтының моделдері. Ғылыми әдебиеттерде президент билігінің мына моделдері ұсынылған:

- «суперпрезиденттік» басқару формасы концепциясы, мемлекет басшысының конституциялық өкілеттілігі классикалық президенттік республикаға қарағанда күштірек болады;

- «төрттен үшке президенттік» басқару формасы концепциясы, қарызға алу фактісіне, плебицитарлы президенттік республиканың негізгі ерекшеліктеріне негізделінген;

- «президентализация» концепциясы, «қоғамның демократиялық институттары күшейуімен бірге президент билігінің артуын» сипаттайтын қазіргі республикалық басқару формасы;

- «ерекше» басқару формасы концепциясы, бірыңғай мемлекеттік билік үш, төрт немесе бес тармаққа бөлінетін басқару формасы.

Президент институтының американдық моделі. Кез-келген елдегі басқару жүйесінің қалыптасуы көптеген факторларға тәуелді. Бұл процеске елдердің тарихи даму ерекшелігі, оның саяси мәдениетінің түрі, конституцияны әзірлеу мен қабылдаудағы әр түрлі саяси күштердің қатынастарының ерекшеліктері тікелей ықпал етеді. Басқару жүйесін таңдауда алдыңғы қатарлы саяси тұлғаның ықпалы, яғни субъективті фактор да ерекше рөл атқарады. Осылар ықпалы негізінде әр елде әр түрлі басқару формалары қалыптасты. Парламенттік басқару, мемлекет басшысы конституциялық монарх, бірінде күшті президенттік институт, бірінде биліктің тармақтарының өкілеттігі теңдігі сезіледі.

Президенттің американдық моделі рационалдылығымен ерекшеленеді, онда көп елдерге тән, атқарушы биліктің дуализмі жоқ, яғни Президент пен премьер-министрдің бәсекелестігі, себебі премьер-министр қызметі жоқ. Сонымен бірге, бұл модель өзінің сабақтастығын, үздіксіздігін дәлелдей білді. АҚШ тарихында қандай саяси-экономикалық дағдарыс, соғыс жағдайы болсын президенттік сайлау мерзімінен ауыстырылмаған, әр уақытта АҚШ Конституциясы белгіленген мерзімде өткізілген.

Американдық модель саяси жүйеде қосөкімет пайда болуына жол бермейді, яғни Президент өз саясатын, Конгресс өз курсын жүргізуге жол берілмейді. Тіпті Президент бір партия өкілі, ал конгресс оппозициялық партия көпшілігінен құрылса да, мемлекеттік саясат бірлігі қамтамасыз етіледі.

АҚШ-тың Президент институтының моделі Латын Америкасы, Азия, Африканың кейбір елдерінде де қалыптасқан, бірақ олар авторитаризмімен ерекшеленеді, кейде тіпті тоталитарлы тәртіпке де өтіп кеткен кездері болды.

Классикалық президенттік республиканың институттық белгілері:

1 Президентті сайлау. АҚШ президенті сайлау оның Конституциясының I-ші бөлімінің 2-ші бабымен анықталған. Бұл бап бойынша Президент болып АҚШ-тың кез келген осы елде туылған, немесе 14 өмір сүрген, 35 жастағы азаматы болуы тиіс. Сайлау науқаны мынадай кезеңдерден тұрады: алдын ала сайлау (праймериз) және партиялық лидерлердің сайлау алды жабық съезі, теледебаттар, сонан соң электораттың дауыс беруі, содан соң таңдаушылар дауысы. Бірінші кезең, президенттікке өз кандидатурасын ұсынған азамат өтінішінен кейін басталады. Екінші кезең, дәстүр бойынша Еңбек күнінен кейін (қыркүйектің бірінші дүйсенбісі) басталады. Кандидаттар белсенді сайлау жарнамасын жүргізеді. Үшінші кезең, барлық кібісе (високосный год) жылдың бірінші сейсенбісі күні басталады. Бұл күн АҚШ-тың жалпы ұлттық сайлау күні. Бұл күні электорат таңдаушылар үшін дауыс береді. Бір айдан соң

* Б.А. Майлыбасев. Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспективы. Алматы: Арыс, 2001г.

таңдаушылар президентті сайлайды. Президент сайлауында сайлаушылардың көпшілік дауысын ала отырып жеңілуі де мүмкін, мәселен 1824, 1876, 1888, 2000 жылдары осындай жағдайлар болған. Үкімет жеңілісі президенттің отставкасына жол бермейді, сондай-ақ президент Конгресті тарата және кезектен тыс оның сайлауын бекіте алмайды. Конгрестің төменгі палатасы екі жыл сайын қайта сайланып отырады.

2 Президент – барлық атқарушы тік мемлекеттік биліктің басшысы. АҚШ Конституциясы бойынша атқарушы билік Президентке жүктелген. Президент Үкімет және мемлекет басшысы, сондықтан да ол Үкіметте шешуші тұлға. Үкіметті Президент құрғанмен, оның әр мүшесі жеке Конгресс Сенатымен бекітіледі. Конгресс Президент билігінің заңды сақтау және бюджетті жұмсау салаларын бақылап отырады. Дегенмен, Үкімет мүшелері тек Президент алдында ғана жауапты.

3 Конгресс – мемлекеттік биліктің жоғары өкілділік және заңшығарушы органы. Конгресс қабылдаған заңды жаппай халық және президент те орындауға міндетті. Дегенмен, Президент құқықтық институт, ол вето құқығын пайдалана алады.

4 АҚШ Президенті қолданылуы міндетті атқарушы бұйрықтар шығара алады.

5 Президент биліктің стратегиялық құралы – мемлекеттік бюджетке ие.

6 Президент мемлекеттің негізгі дипломаты болып табылады.

7 Президент АҚШ қарулы күші – әскер мен флоттың бас қолбасшысы.

8 Атқарушы билік басшысы ретінде өз әкімшілігінің кез келген мүшесін отставкаға жібере алады.

9 Президент егер керек деп тапса, ұлттық гвардияны штаттардағы көтерлістерді басуға қолдана алады.

10 Президенттің өкілеттік мерзімі 4 жыл, және ешбір азамат екі мерзімнен артық сайлана алмайды.

Еуропада ең бірінші президент өкілдігі енгізілген елдер – Франция, Швейцария болды, 1848 жылы. Еуропаның басқа елдері ХІХ ғасырдың аяғына дейін монархиялық құрылыста өмір сүрді. ХХ ғасырдың басындағы революциялар, дүниежүзілік соғыстар, отарлық империялардың құлауы көптеген тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Олардың барлығы президенттік республикалар болған жоқ, бірақ көпшілігі президент қызметін енгізді. ХХ ғасырдың 80-ші жылдары әлемдік кеңістікте болып өткен түбегейлі өзгерістер президент институтын одан әрі қарай таратты. Бұрынғы барлық Кеңес Одағы республикаларында, социалистік елдерде президент өкілдігі енгізілді. Қазір президенттік Азия, Африка, Солтүстік және Оңтүстік Американың көптеген елдеріндегі саяси жүйенің бөлінбес элементі. Әр ел президентке саяси өмірде қандай рөл мен орын алатындығын өзінше анықтайды. Қазақстанға президент институты 1990 жылы енгізілді, 1990 жылы 24-сәуірде ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Н.Ә. Назарбаевты президент етіп сайлады. Мәселен, 1993 жылғы мәлімет бойынша БҰҰ-ға мүше 183 елдің 130-дан астамында президент институты бар.

Еуропа елдеріндегі президент институттары. Батыс Еуропа елдерінде жартылай президенттік немесе парламенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Бұл екі жүйеде де американдық моделге қарағанда президенттің өкілеттілігі шектеулі. Яғни, президент мемлекет басшысы, бірақ үкімет басшысы емес, ол премьер-министр орнын иелене алмайды.

Жартылай президенттік республикада президент қарулы күштердің жоғарғы бас қолбасшысы. Сонымен бірге, оған сыртқы саясатты жүргізу мен анықтауда шешуші рөл беріледі. Президент елде төтенше жағдайды енгізуге, өз белсенділігі бойынша жалпыхалықтық референдумды өткізу құқына ие, әрі мемлекет саясатына белгілі бір ықпалдар етуге қабілетті. Жартылай президенттік басқаруда президент американдық моделдегідей атқарушы билікті толық иелене алмайды. Бұл моделде президент үкімет басшысы бола алмайды, әрі үкімет парламенттегі партиялық фракциялар қатынасына сай құрылады. Президент билігіне қойылған негізгі шектеудің бірі – жартылай президенттік басқарудағы үкімет президент алдында емес, парламент алдында жауапты. Үкімет жартылай президенттік басқару жүйесінде президентке тәуелсіз, ол парламенттік көпшілікке арқа сүйейді. Нәтижесінде премьер-министр президентке оппозициялық партия өкілі ретінде президент және мемлекет басшысына бағынбайды, сөйтіп мемлекет басшысы «әскерсіз генерал» ролінде қалады. Сонымен бірге, президент үкімет әрекеті үшін жауап бермесе де, оның саясатына ықпал ете алады. Президенттік және парламенттік басқаруды біріктіре отырып жартылай президенттік республика Францияның Бесінші Республикасының конституциялық құрылысын қалыптастырған. Бесінші Республика қабылдаған Конституция генерал Шарль де Голль атымен тығыз байланысты. 1958 жылы 1-шілдеде парламентте Шарль де Голль елдің конституциялық құрылысының негізгі қағидаларымен таныстырды:

- билік көзі жаппай сайлау құқығы болып табылады;
- атқарушы және заңшығарушы биліктер әр қайсысы өзінің өкілеттілігін іске асыруы үшін нақты бөлінуі керек;
- Үкімет парламент алдында жауапты болуы тиіс;
- конституцияда жазылған құқық пен бостандықтарды сақтауы үшін сот билігі тәуелсіз болуы тиіс;
- Конституция Республика мен оған қосылатын халықтардың қарым-қатынасын қалыптастыруы тиіс.

3 Н.Ә. Назарбаевтың саяси даму стратегиясы: негізгі бағыттары мен мазмұны. Саяси даму – сапалық өзгерістерге негізделінген, ішкі және сыртқы факторлардың ықпалына тәуелді, эволюциялық сипаттағы көпқырлы және күрделі процесс. Саяси даму, бұл саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің дамуы және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуы. Сонымен бірге, саяси даму – саяси жүйе мен басқару тәртібінің эволюциясы, саяси мінез-құлық пен саяси мәдениеттегі, азаматтардың саяси қатысу деңгейіндегі өзгерістер.

Қазақстан егеменді мемлекет болып қалыптасу үшін саяси дамудың ұзақ жолынан өтті. Қазіргі әлемдегі мемлекеттердің даму қарқыны мен бағыты көп жағдайда стратегиялық бағытының дұрыстығы мен көлеміне тәуелді болып

табылады. Тәуелсіз Қазақстанның саяси даму стратегиясын даярлау мен жүзеге асырудағы жауапты да қажырлы еңбектің арқасында елімізде демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құрылды. Қоғамды пәрменді саяси жаңғырту арқасында жаңа саяси институттар: парламент, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, Ассамблеялар дүниеге келіп, 1993 және 1995 жылдары республиканың конституциялары қабылданды, көптеген елдер 1992 жылдан бері БҰҰ деңгейіндегі мемлекетімізді мойындап, өз елшіліктерін аша бастады. Сол сияқты біздің мемлекетіміздің елшіліктері, өкілділіктері көптеген елдерде ашылып, нағыз тәуелсіз мемлекеттердің толық атрибуттарын, қасиеттерін иемденді.

1991 жылдың 16-желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жөнінде Заң қабылданды. Бұл 1990 жылы 25-қазанда қабылданған мемлекеттік егемендік жөніндегі Декларацияға өте маңызды толықтыру болатын.

Белгілісі, ұзақ мерзімге белгіленген саяси дамудағы стратегиялық міндеттерді шешуде кедергілер мен қиыншылықтар да кездесті. Дегенмен, Президент Н.Ә. Назарбаевтың ұстанған саяси стратегиялық бағытының тиімділігі нәтижесінде Қазақстанның саяси жүйесі даму жолына түсіп, халықаралық қауымдастықтың оң бағасына ие болды. Бұл жөнінде Н.Ә. Назарбаев «Мемлекетіміз бен қоғамымызды құрудың дұрыс стратегиясын таңдап алудың өміршең мәні бар. Екшеле талданып жасалған стратегиялық жоспар назарды жинақтайды, тәртіпке жұмылдырады және жәрдемдеседі» – деп атап көрсеткен болатын.

Еліміздегі саяси даму стратегиясының негізгі бағыттары «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» (1992ж.), «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997ж.), «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» (2010ж.) сияқты бағдарламаларда айқындалған. Сонымен бірге, еліміздің саяси даму бағыттары ҚР Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған жолдауларында және Қазақстан халқы Ассамблеясының отырыстарында сөйлеген сөздерінде жан-жақты талданып, одан әрі дамыту жолдары ұсынылып отырылады. Президенттің «Ғасырлар тоғысында» (1996ж.), «Тарих толқынында» (1997ж.), «Сындарлы он жыл» (2002ж.), «Тәуелсіздік белестері» (2003ж.), «Қазақстан жолы» (2007ж.) атты кітаптары еліміздегі саяси жаңғыртудың ауқымы мен бағытын ұғынуға, сондай-ақ мемлекеттік саясат пен еліміз дамуының стратегиялық жоспарындағы негізгі басымдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық-саяси тұрақтылық уақыт бойынша тұрақты және өзгеріссіз болмайды. Бұл объективті және субъективті факторлар ықпал ететін қолдан жасалған процесс. Қазақстанның 20 жылдан аса әлеуметтік күйзеліссіз және этноконфессиялық шиеленіссіз болуы – бұл сөзсіз ел Президенті Н.Ә. Назарбаев пен оның командасының зор еңбегінің, өздерінің саяси шешімдерінде саясатта маңызы зор саяси көрегендік қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ саяси дамудың болжамдық нұсқаларын құрастыру мен жағымды

және жағымсыз сәттерді қатал есептеуге негізделген салауатты прагматизмге де сүйенулері болып табылады.

Н.Ә. Назарбаевтың: «Айқын мақсатсыз адам да, билік жүргізуші құрылым да, қоғам да өмір сүре алмайды. Саналы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдар ұсақ, тоғышарлық мүдде, жеке бастың бір сәттік материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз арбап алады. Сөйтіп, соның салдарынан қоғамдық азғындау басталады. Бүгінде біздің қоғамымыздың бағытын көруге, оқиғаны болжап білуге, түпкі мақсатқа қол жеткізуге әркімнің сенімді болуына мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын да нақты тұжырымдамасы, міне сондықтан да қажет» – деген сөзі бұл істің қаншалықты жауапты және аса күрделі екендігін көрсетеді.

Н.Ә. Назарбаев елімізде алдымен экономика содан соң саясат деген принципті ұстану міндетін ұсынды, дегенмен, қоғам өмірінің барлық саласында жүргізілетін реформалар тиімділігі саяси тұрақтылық пен демократиялық қағидалардың қоғам өмірінің барлық саласы мен саяси санаға саяси құндылық ретінде енуіне тәуелді. Сонымен бірге, экономикалық табыстар, қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы, өмір сүру стандарттарының өсуі де саяси дамудың жаңа кезеңіне қадам басуын талап етеді. Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталынуы, бұл мемлекеттіміздің даму кезеңдерінде саяси реформаларға басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. Бұл туралы Н.Ә. Назарбаев саяси дамудың қазақстандық жолы мына қағидатты ұстанды: «Халықтың көпшілігі қолдаған қазақстандық жол – сызбаны көз жұма көшірсалу емес, өзіндік жолды іздеуге ұмтылу. Мұнда біз басшылыққа алатын басты қағида – қан мен хаосқа толы демократия бізге керек емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және халықаралық тұрақтылық» – деп жазады.

Егемендудің қазақстандық нұсқасының негізгі ерекшелігі – бейбітшілік және эволюциялық жолды таңдауы, бұл жалпыадамзаттық тұрғыдан алғанда үлкен жетістік болатын. Өйткені адам құрбандылығын арқалаған тарихи өзгерістер руханилық, әділеттілік әлемінен алыс жатқан іс-әрекеттер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміз егемендікке ие болған бойда «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты концептуалды еңбегі жарық көрді. Саяси жаңғыртудың стратегиялық жоспары мен тактикалық әрекеттері белгіленген осы, алғашқы стратегиялық бағдарламада саяси сала бойынша мынадай басым мақсаттарды шешу міндеттері ұсынылды:

– жас тәуелсіз мемлекеттің күшті президенттік республиканы қалыптастыру бағыты бойынша дамуы, президенттік билікке кезек күттірмейтін мәселелерді шешу үшін топтасуға және ырымшыл-жарты-кештердің ақыл-кеңестері мен ізденулеріне көңіл бөлмей, қысқа мерзімде алғашқы кезектегі реформаларды жүргізуге мүмкіндік беру;

– демократиялық қайта құруды тереңдететін және көпұлтты қоғамды біріктіретін, жаңа саяси жетекшілер мен қызметкерлерді ұсынатын көппартиялық жүйені құру;

– негізгі саяси мақсат тиімді экономикалық реформалар үшін қажетті тұрақтылықты қалыптастыру;

– Қазақстанның егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери-саяси және экономикалық теңгерімнің көп жақтылығы мен әртүрлілігін геосаяси өзін-өзі анықтау үшін сақтау;

– адам құқығы мен демократиялық бостандықты сақтау негізінде Қазақстанның әлемдік аренадағы саяси салмағын арттыру. Жаңа дүниеге келген егеменді ел үшін тұрғындарды барынша біріктіре түсу, әрбір азаматының құқығы мен еркіндігін қорғауға бет бұру – маңызы үлкен саяси басымдылыққа айнала бастады;

– Қазақстанның қолайлы геосаяси жағдайын әлемдік шаруашылық байланыстарға кіру технологиясына пайдалану.

Сонымен бірге, стратегия негізінде тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш рет қарулы күштер, дипломатиялық және кедендік қызметтер секілді мемлекеттік институттар қалыптастырылды. Мемлекеттік шекараны айқындап, нығайту жөнінде шаралар қабылданды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1996 жылы елдегі реформа туралы «Қазақстан тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде орнықты, бейнелеп айтқанда, дүниежүзінің саяси картасынан өз орнын тапты. Мемлекеттілікті нығайту мен күшейту мәселелерін шеше отырып, ұлтаралық келісімге, саяси тұрақтылыққа, демократиялық үрдістердің дамуына, жаңа саяси институттардың қалыптасуына ерекше маңыз бердік және береміз. Елімізде азаматтық құқықтар мен адам бостандығына басымдылық берілген» – деп жазған болатын.

«Қазақстан-2030» Президенттік стратегиясы ұлттық бірлік пен әлеуметтік әділеттілік орнаған, халқының экономикалық әл-ауқаты жетілген, тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнатудың теориялық-әдіснамалық базасын және оған жетудің жолдары мен әдістерін айқындаған құжат. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай он бес жыл ішінде мықты стратегияға ие болып, әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере алдық. «Қазақстан-2030» стратегиясының жеті ұзақмерзімді басымдылықтары: ұлттық қауіпсіздік; ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірігуі; экономикалық даму; денсаулық пен білім беру және барлық қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсаруы; экономикалық ресурстар; инфрақұрылымның дамуы; кәсіби үкіметтің қалыптасуы жүзеге асырылды.

«Қазақстан-2030» стратегиясы еліміздің саяси жүйесінің дамуына, саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің жетілуіне және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуына алып келді. Еліміздегі саяси дамудың мақсаты саяси институттар және ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады.

«Қазақстан-2030» стратегиясы жалпы ұзақмерзімдік мақсат пен ірі көлемді міндеттерге бағытталынған, мемлекет, партия және т.б. саяси

институттардың саяси қызметті атқару бағыттары мен тәсілдерін анықтайтын басты құжат болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей саяси жүйені жаңғыртудағы маңыздысы құрылымын өзгертуде емес, оның іс-әрекеті мен қызметін жетілдіруде. Сондықтан, саяси жүйені жаңғырту мыналарға:

– саяси институттардың жаңа проблемаларды шеше білу қабілетін арттыруға;

– қоғаммен ашық сипаттағы қатынасын жетілдіруге;

– саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетін көтеруге;

– талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

2007 жылы 16-мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының «Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі – еркін демократиялық қоғамның жеделдетілген дамуы» атты бірлескен мәжілісінде Президент Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық ұйымдар назарын қазақстандық қоғамды әрі қарай саяси дамыту мен жаңғырту міндеттеріне аударды. Стратегиялық маңызды «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы негізінде мемлекетіміздің басқару жүйесін президенттік-парламенттік модельге алып келетін жеті бағыт айқындалды. Олар, мыналар:

1 Билік өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін қайта бөлу. Президент құзырында болып келген Үкіметті, Конституциялық сотты, Орталық сайлау комиссиясын қалыптастыру Парламентке берілді. Парламент депутаттарының саны 38 адамға өсіп, 154-ке жетіп отыр. Сонымен бірге, Парламенттің Үкімет қызметіне тиімді бақылау жасау жөніндегі өкілеттеліктері күшейтілді. Енді Премьер Министрді, демек, бүкіл Үкіметті бекітуде басты рөл Мәжіліске тиесілі болатын болды.

2 Саяси партиялардың рөлін нығайту. Бұрын Мәжіліске партиялық тізіммен пропорционалдық жүйе бойынша 77 депутаттың 10-ы ғана сайланатын, енді 107 депутаттың 98-і сайланады. Бұл саяси партиялардың негізгі қызметті билікті иеленуге, жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ елімізде саяси партиялардың рөлінің артуына және партиялық жүйенің толығымен қалыптасуына алып келеді. Саяси партиялардың қызметін республикалық бюджеттен қаржыландыру да маңызды болып табылады.

3 Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту. Мәслихаттардың өкілеттік мерзімін бес жыл деп белгілеу жергілікті органдардағы биліктің тұрақтылығын қалыптастырады. Сонымен бірге, мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру рәсімін жеңілдетілді. Бұл мәслихаттардың жергілікті билік жүйесіндегі саяси салмағын арттыра түседі. Мұнда мәслихаттардың рөлін көтеру арқылы билікті орталықсыздандыруға да белгілі бір қадамдар жасалған.

4 Сот жүйесін жетілдіру, мұнда судья қызметіне үміткерлерді іріктеу міндеті Жоғары сот құзырына беріледі. Бұл соттардың тәуелсіздігі мен толық дербестігін қамтамасыз етеді.

5 Ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету және Қазақстан халқы Ассамблеясын нығайту этносаралық тұрақтылықтың сақталуына, Қазақстандық патриотизмнің тамыр жаюына, халықтың этникалық қайта түлеуіне алып келеді. Бұл басқа ұлт өкілдерінің билік жүйесіне сенімін күшейтеді, астарлы түрде жүріп отыратын этникалық бәсекелестік құбылысын жалпыұлттық бірлікке қарай жетелейді. Елдің тұрақты дамуына бағытталған саяси жүйені жаңғырту негізін ұлтаралық татулық пен келісім құрайды.

6 Азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамыту. Саяси даму, демократияландыру азаматтық қоғамды дамытпайынша жүзеге аспайды. Өз кезегінде, азаматтық бастаманы дамыту үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіби одақтар жүйесін нығайтпайынша мүмкін болмайды. Сонымен бірге, бұқаралық ақпарат құралдарын демократияландыру міндеттерінің қойылуы маңызды болып отыр.

7 Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайту. Елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктерді ұлғайту туралы ұсыныс жасалды. Бізде, Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің институты құрылған. Президент жанында Адам құқықтары жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Халықтың қоғамдық өміріндегі рөлін көтеру қажеттілігі де айтылды.

Саяси өмірде азаматтардың талаптары, тілектері мен мүдделерінің саяси шешімдері түрінде жүзеге асуы үшін алдымен халықтың қалауы партиялар, сайлаулар мен БАҚ-тың қызметі арқылы мемлекеттің билік органдарына жеткізіліп тұрады. Ал, олардың жауап ретіндегі іс-әрекеті бір жағынан саяси процесс түрінде қабылданса, екінші жағынан қоғамды институционалды бақылаудың тәсілі болып табылады. Міне осыдан, саясат пен саяси жүйе туралы азаматтардың базалық сенімдері және мемлекеттің сипаты мен қасиеттері туралы қатынастары туындайды. Жеткілікті қолдауларсыз саяси жүйе тиімді де сенімді түрде қызмет ете алмайды. Сондықтан да «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы негізінде өкілдік билік құрылымдарының, саяси партиялар мен БАҚ-тың рөлін нығайтуға мүмкіндіктің жасалуы маңызды қадам деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында әлеуметтік жаңғыртудың қажеттілігі мен мақсаты, міндеттері, қағидаттары талданды және әлеуметтік саладағы жаңғырту үдерістеріне жаңа қуатты серпін берілді. Ол мұнда әлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбекті қойды және стратегиялық бағыт ретінде жалпыға ортақ еңбек қоғамын қалыптастыру идеясын ұсынды.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінде еліміздің табысты алға жылжуын жалғастыру үшін білім, ғылым, экономика және саясатта алда қандай жаңа міндеттер тұрғаны туралы өзінің ой-толғамдарымен бөлісті. Лекцияда абсолютті халықаралық легитимділік, тиімді

экономикалық саясат, теңгермелі сыртқы саясат, ұлтаралық татулық пен келісім, діни тағаттылық сияқты жетістіктерді, сонымен бірге экономикалық дипломатияны өркендетіп, әлемдік және аймақтық қауіпсіздікте Қазақстанның ролін арттыру, индустриялық революция бағыт алу, индустриялық революцияға керекті білімді, ғылымды елімізде шығару, этносаралық және дін-аралық қатынастар институттарын дамыту, әлеуметтік жаңғырту міндеттерін жан-жақты талдады.

Американдық ғалым Г. Алмонд саяси даму саяси жүйенің тұрақтылықты қолданып қоғамды жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілеттілігі, ал екінші жағынан, элементтердің өзара байланысының жиынтығы деп сипаттаған болатын. Демек, қоғамдағы саяси даму бүкіл қоғам өмірінің барлық саласындағы сапалық өзгерістерге тәуелді болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Н.Ә. Назарбаевтың дамудың эволюциялық жолына бағытталынған және болашақ даму міндеттерін айқындайтын Қазақстанның саяси даму стратегиясы кешендік және жүйелілік сипатқа ие. Демек, саяси даму процесі саяси жүйенің ішінде, оның мақсатының мынадай факторлармен – әлеуметтік-экономикалық даму, саяси тұрақтылық, қатысу т.б. өзара байланысы болуын талап етеді.

№13. ПАРЛАМЕНТ ИНСТИТУТЫ

- 1 Парламент құрылымы мен қызметтері.
- 2 Қазақстандағы парламентаризмнің даму тарихы.
- 3 Қазақстан парламенттік партиялардың бағдарламалық құжаттары.

1 Парламент құрылымы мен қызметтері. Парламент – жоғары өкілділік және заңшығарушы билік (ағылшын тілінде «parliament», француз тілінде «parleg» – сөйлеу деген мағынаны білдіреді). Халықтық өкілділік ұйымдар ежелгі мемлекеттердің өзінде де кездесті, мәселен Ежелгі Римде. Бұл халық жиналысы, ақсақалдар кеңесі, Сенат (Ежелгі Рим), Римдік форум, вече, құрылтай және т.б. болуы мүмкін. Орта ғасырда сословиялық-өкілділік жүйенің мына түрлері қалыптасты: Францияда Генералдық штаттар, Испанияда Кортестер, Ресейде Земство жиналысы және т.б. Қазіргі парламентаризмнің отаны Англия болып есептеледі. Англияда парламент XIII ғасырда қалыптасты, бұл король Иоанн Безземельныйдің «Еркіндіктің Ұлы хартиясына» қол қоюымен байланысты болды. Бұл құжат бойынша, король жаңа салықты Корольдік Кеңес рұқсатынсыз ендіре алмады.

Енді парламент және парламентаризм ұғымдарының мәнін ажыратып алайық:

1 Парламент ұғымы саяси сахнаға мемлекеттік биліктің бөліну принципімен дүниеге келді, ол саяси режимнің, тіпті антидемократиялық сипатына қарамай жұмыс істей алады;

2 Парламент ұғымы парламентаризмге негіз қалайды. Парламент мемлекеттік құрылыстың басты институттарының бірі, ол парламентаризмсіз өмір сүре алады, ал парламентаризм парламентсіз өмір сүре алмайды;

3 Парламентаризмнің шығуын, қалыптасуын, дамуын қоғамдағы конституционализмнің деңгейімен тікелей байланыста қараған жөн. Демек, парламентаризм қоғамның демократиялық-конституциялық саяси құрылымы негізінде ғана қалыптасуы мүмкін;

4 Парламентаризмнің аса маңызды белгісі парламенттің үстемдігі және оның мемлекеттік билік жүйесінде шешуші орын алуы;

5 Парламентаризм – саяси плюрализм, биліктің бөлінуі, заңдылық режимі сияқты ерекше жағдайлармен анықталынады;

6 Парламентаризм – парламент институтының дамуы, қызметінің жоғары сапалы болуы;

7 Парламентаризм – қоғамды мемлекеттік басқару жүйесінде заңшығарушылық және атқарушылық қызметтің анық бөлінуімен, әрі заңшығарушы ұйымның артықшылық жағдайымен сипатталынады;

8 Парламентаризм – парламенттің басқа мемлекеттік ұйымдармен өзара қатынасы қалыптасқан, мемлекеттік билік тетіктерінде рөлі мен мәртебесі жоғары, өкілді демократияның қызмет жасауы мен ұйымдастырудың негізгі тәсілі болуы;

9 Парламентаризм – мемлекеттік биліктің формасы емес, оны жүзеге асырудың әдісі.

Парламент – халық сайлаған ең жоғарғы өкілділік және заңшығарушы ұйым. Алайда, кейбір елдер конституцияларында бұл функциялар бірдей аталып көрсетілмейді. Мысалы, Әзірбайжан, Армения, Украина, Жапония Конституцияларында парламент тек заңшығарушы билік есебінде қарастырылған. Ал, Түркіменстан Конституциясында халық билігінің жоғарғы өкілділік органы деп атап көрсетілген. Әлемдік тәжірибеде парламенттің заң шығарушылық биліктен әлдеқайда кең функциялар берілуі де кездеседі. Мысалы, Ұлыбритания, Индия Конституцияларына сәйкес парламент тұтас үш тұтқаның – мемлекет басшысы, жоғары және төменгі палаталардың қосындысы мағынасы берілген. Сонымен бірге, кейбір елдерде парламент бірден-бір заңшығарушы орган емес, мәселен, Индонезия мен Қытайда басқа органдар да заң қабылдайды.

Әлемдегі елдердің парламенттері:

Ұлыбританияда екі палаталы парламент, Лордтар Палатасы мен Қауым Палатасы;

Қытайда бір палаталы, халық өкілдерінің Бүкілқытайлық Жиыны;

Ресейде екі палаталы, Федералды Жиын – Федерация Кеңесі мен Мемлекеттік Дума;

АҚШ-та екі палаталы парламент, Конгресс – Сенат және Өкілдік Палата;

Украинада бір палаталы Жоғары Рада;

Францияда екі палаталы парламент – Сенат және Ұлттық Жиын;

Финляндияда бір палаталы Эдускунта.

Парламент палатасының ішкі ұйымының негізгі элементтері:

- 1) палата мүшелерінің партиялық ұйымы;
- 2) палатаның басқарушы ұйымдары;
- 3) парламенттік комиссиялар (комитеттер).

Көптеген елдерде палата мүшелерінің партиялық бірлестіктері қызметінің регламенті қалыптасқан. Палаталар төрағасы партиясыз (Ұлыбританиядағыдай) немесе партия мүшесі (фракциялық көпшіліктен) болады. Палаталардың басқарушы ұйымдарына төрағалар, олардың орынбасарлары, хатшылары, квесторлар (бақылаушылар) енеді. Көбінесе палаталардың басқарушы ұйымдары тепе-тең (пропорциональді) негізде қалыптасады.

Парламенттік комитеттер екі түрге бөлінеді: уақытша және тұрақты. Уақытша комитеттер қандай да бір істі қарау үшін құрылады, кейде оларды арнаулы комиссия деп те атайды. Комитеттердің партиялық құрамы палатаның партиялық құрамына тепе-тең. Мұнда комитет төрағасы тұрақты да, ал мүшелері уақытша негізде болады. Комитет төрағасын таңдау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1 комитет мүшелерінің өздері;

2 палата төрағасы бекітеді;

3 ақсақалдар қағидасы бойынша.

Комитеттер мен комиссиялардың негізгі жұмысы заңшығарушылық қызметпен тікелей байланысты.

Жоғары палата тікелей емес жолмен сайланады, жастық шек жоғары, саны аз, өкілеттілік мерзімі көбірек, жиірек жаңарып отырады.

Бұл жоғарыда айтылғандай жоғарғы палатаның құрылуы әртүрлі. Мысалы, Англияда парламенттің жоғарғы Лордтар палатасына мұрагерлікпен өмір бойы болатын пэрлер мен ондай құқығы жоқ пэрлер және Англия шіркеуінің жоғары шенділері кіреді. АҚШ-та Конгрестің жоғарғы палатасы Сенатқа әр штаттан (халық санына байланысты емес) екі өкілден сайланады. Германияда жоғарғы палатаның депутаттарын әр жердің өкіметі тағайындайды. Қазақстан Республикасында Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан сайланады. Сенатта 15 депутатты Республика Президенті тағайындайды. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Парламенттің негізгі қызметтері. Өкілділік қызметі, ол қоғамды мүдделер бойынша жіктеудің саяси бейнелеуі үшін қызмет етеді. Мүдделерді саясиландыру процесі саяси ерікті трансформациялау, парламент шешімі жобалары арқылы мүдделер шиеленісін ашу мен бітістіру болып табылады. Бұл қызметін парламент демократиялық сайлау құқығы мен сайлаудың демократиялық жүйесі негізінде іске асырады. Осы қызметті іске асыруда партия ұйымдасқан партиялық күш ретінде кепіл болады, яғни сайлаушылар мүдделері мен еркінің делдалы, бейнелеушісі. Демек, парламенттің өкілділік қызметін іске асырудың кепілі – көппартиялық жағдайдағы бәсекеге негізделген демократиялық сайлау жүйесі. Қазіргі парламентаризмдегі өкілділік мазмұнындағы ерекшелік көпшілік принциптерге байланысты. Олардың ішіндегі негізгілері – партиялық өкілділік, территориялық өкілділік, корпоративті өкілділік, этникалық өкілділік болып табылады.

Партиялық өкілділікте парламентте қоғамдағы қолдауға ие болу мүмкіндігіне қарай тепе-тең әртүрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдіктеріне

ие болуы тиіс. Бұл принцип бір палаталы да, екі палаталы парламентте де кездеседі. Ал қалған принциптер жүзеге асырылуы үшін территориялық-корпоративті, этникалық қарапайым немесе күрделі екі палатасы парламент керек. Қарапайым екі палатасы парламентте тікелей сайлау негізінде құрылған палатамен қатар, екінші палатаға мүшелік жекелік (генелогиялық) принциппен жүзеге асырылады. Мысалы, лордтар палатасы, жоғарғы палата – Сенат. Жоғарғы палата – территориялық принципке де негізделінеді (штат, өлке, республика).

Билік қызметі. Парламент – шешім қабылдаушы билік органы. Ол тұтас қоғамның және оның негізгі мүшелерінің саяси бағдарын, қоғамдық-экономикалық және саяси даму баламасын таңдауды жүзеге асырады.

Қазіргі саяси жүйелерде әлеуметтік-саяси бағдарламалары әр түрлі парламенттік партиялар қалыптасқан. Сайлаушылар өз дауыстарын олардың бағдарламалары бейнелеген саяси, әлеуметтік-экономикалық баламаларға сай береді. Қолдау парламентте сайлаушылар еркін бейнелеуші партиялар болады, сайлауда жеңген партия стратегиясы мен бағдарламасы легитимді болады.

Сайлаудағы жеңістен және парламенттік көпшілікті иеленген соң партияның саяси бағдарламасы парламенттік шешімге айналады. Бұл шешімдерді қабылдау арнаулы шаралар деңгейінде іске асырылады. Парламенттік биліктің күнделікті әрекет етуі мен таратылуы, осы шараға негізделінеді, әрі құқықтық, кәсібилік пен тиімділікке, әрі парламенттік демократия талаптарына сәйкес келеді.

Заңшығарушылық қызметі. Парламент қызметінің соңғы нәтижесі қандай да бір құқықтық нормаларда түзу болып табылады. Парламенттің заңшығарушылық өкілеттілігі палата регламенттеріне сай жүзеге асырылады. Заңшығарушылық процестің бірінші кезеңі заң жобасын ұсыну болады. Парламент қабылдауындағы заң жобасын заңшығарушылық құқығы бар адам немесе ұйым ұсынуы тиіс. Бұл құқық субъектілері: 1) Үкімет ұсынысы; 2) Парламент ұсынысы; 3) Халық ұсынысы; 4) Арнаулы ұсыныстар болуы мүмкін (конституцияда көрсетілген заңшығарушы ұйымдар). Бұлардың ішіндегі маңыздысы Парламент және Үкімет ұсынысы.

Екі палаталы парламентте заң жобасы екі палатада да қаралады. Қаралудағы заң жобасының палатадан палатаға өтуі және кері қайтарылуы «челнок» деп аталынады, челноктан құтылу үшін екі палата өкілдері (келісімдік комиссия) қолайлы мәтінді құрастырады.

Саяси бақылау мен жауапқа тарту қызметі. Биліктің тармақтарға бөлінуі, билік механизмдерінде бірде парламентті биліктен шектесе, бірде кеңейткен. Кейде парламентке республика президентін жауапқа тарту, бірінде үкіметке сенімсіздік, үшіншіден, депутатты міндетінен аластату, депутатты жауапқа тартпау құқығынан айыру сияқты жауапты кезеңдер болуы мүмкін. Парламенттің бақылау, есепке алу және жауапқа тарту құқығы жоғары, бірақ оны өте сирек бір жағдайларда ғана пайдаланады.

Саяси жариялылықты қамтамасыз ету қызметі. Қазіргі заманғы парламент – саяси жариялылықтың негізгі форумы, оның топтастырылған көрінісі. Парламент – әртүрлі балама шешімдер ұсынатын, өз бағыттары мен

шешімдерін кәсіби, саяси аргументтеп дамытатын институт. Парламент саяси жариялылық форумы ретінде Үкімет, партия және депутаттардан ашық пікір-таластарды талап етеді. Парламенттік жариялықты шектеу (пленарлық мәжіліс, комиссия отырысы) ерекше бір жағдайларда ғана мүмкін болады.

Легитимдеу қызметі. Демократиялық негізде сайланған парламент легитимдеудің маңызды институты. Қазіргі парламент біртұтас ұйым, институттық жүйе ретінде өзінің легитимдеу қызметін жүзеге асырады. Парламенттік легитимдеу – бұл демократиялық сайланған парламент. Парламент билігі демократиялық сайлау негізіндегі халық егемендігінің туындысы.

2 Қазақстандағы парламентаризмнің даму тарихы. Қазіргі Қазақстан Парламенті бір палаталы өкілді органның – алғаш рет Қазақ КСР-інің 1937 жылғы Конституциясы, ал содан кейін Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясы мен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы негізінде құрылған Жоғарғы Кеңестің орнына келді.

Жоғарғы Кеңес өзі жұмыс істеген кезде он үш рет сайланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауы 1938 жылғы 24 маусымда өткізілді. Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясы сайлау жүйесіне аз ғана өзгерістер енгізді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік биліктің жоғары органы болып табылды.

1990 жылғы наурызда он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өтті. Сайлау алдындағы тартысқа 360 депутаттық мандат үшін екі мыңнан астам үміткер қатысты. Республикалық қоғамдық ұйымдардан 90 адамның сайланғанды. Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңесте «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі Қазақ КСР-інің Заңымен Қазақ КСР Президентінің қызметі тағайындалып, еліміздің алғашқы Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны қабылдады, онда тұңғыш рет аумақтың бөлінбейтіндігі және оған қол сұғылмайтындығы бекітіліп, еліміз халықаралық құқық субъектісі ретінде айқындалды, азаматтық институт, сондай-ақ меншік нысандарының тең құқылығы енгізілді. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жария етті.

1994 жылғы 7 наурызда өткен сайлау республикада көп партиялылықтың қалыптасуына ықпал етті. Сайлауға сайлаушылардың 73,84 проценті қатысты. Небары 135 бір мандатты округтер бойынша 910 адам ұсынылып, тіркеу шарттарына 692 адам лайық болды, орташа алғанда – 5 үміткер бір депутаттық мандат үшін күресті.

Уақытша регламентке сәйкес партиялар өкілдіктері негізінде Жоғарғы Кеңесте мынадай фракциялар құрылды: Қазақстан Халық Бірлігі Одағы (ҚХБО 32 адам), Қазақстан Халық Конгресі партиясы (ҚХК 22 адам), Социалистік партия (12 адам) және Кәсіподақтар федерациясы (12 адам), сондай-ақ, негізінен кәсіби белгісі бойынша қалыптасқан 14 депутаттық топ болды.

Қазақстан тарихында тұңғыш рет саяси партиялар мен қозғалыстар биліктің нақты тұтқаларына қол жеткізіп, мемлекеттік бағдарламалардың қалыптасуына және қабылдануына ықпал ету мүмкіндігін алды.

1994 жылғы сәуір – 1995 жылғы наурыз аралығында жұмыс істеген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттар тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның тұңғыш кәсіби парламенті болды. Он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңестің Төрағасы Ә. Кекілбаев болды. Он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес бір жылдан сәл азырақ жұмыс істеп, заңсыз деп танылды, өйткені Конституциялық сот сайлау заңнамасының кейбір нормалары Конституцияға сәйкес келмейді деп таныды, депутаттарды сайлау соған сәйкес жүргізілген еді.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында Парламенттің заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың жоғары өкілді органы болып табылатыны бекітілген.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Бірінші парламент 1996-1999 жылдары қызмет етті. Бірінші сайланған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің сайлауы 1995 жылғы желтоқсанда өтті. 1996 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірінші отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Өмірбек Байгелді Сенаттың Төрағасы, ал 1996 жылғы 30 қаңтарда бірінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бірінші отырысында Мәжіліс Төрағасы болып Марат Оспанов сайланды.

Екінші парламент 1999-2004 жылдары қызмет етті. Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағалары болып Оралбай Әбдікәрімов (2004 жылғы 10 наурызда депутаттық өкілеттігі аяқталғанға дейін жұмыс істеді) және Нұртай Әбіқасв (2004 жылғы 10 наурыздан бастап) сайланды. Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып Жармахан Айтбайұлы Тұяқбай сайланды.

Үшінші парламент 2004-2007 жылдары қызмет етті. 2005 жылғы 1 желтоқсанда үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып Нұртай Әбіқасв сайланды. Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып Орал Мұхамеджанов сайланды.

Төртінші парламент 2007-2012 жылдары қызмет етеді. Жаңартылған Конституцияға сәйкес Мәжіліс 107 парламентшіден тұрады. Олардың 98 депутаты саяси партиядан біртұтас жалпы ұлттық округ бойынша жалшыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. 2007 жылы көппартиялы сайлауда дауыс беру кезінде «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы ғана 7 пайыздық кедергіні еңсерді, оның қатарындағы депутаттар Парламент Мәжілісіндегі барлық 98 орынды иеленді.

Бесінші парламент 2012-2017 жылдары қызмет етеді. 2012 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бесінші сайланған жаңа құрамы анықталынды. Сайлауға жеті саяси партия қатысты, олардың

үшеуі сайлау қорытындысы бойынша сайлаушылардың 7 %-дан астам дауысына ие болып, Парламент Мәжілісіне өтті, олар: «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы (80,99%), «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы (7,47%), Қазақстан коммунистік халық партиясы (7,19%). Сонымен қазір Парламент Мәжілісінде «Нұр Отан» партиясынан – 83 депутат, «Ақ жол» партиясынан – 8 депутат, ҚКХП-дан – 7 депутат жұмыс істейді.

Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан, тиісінше облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, оның 15 депутатын Республика Президенті тағайындайды. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл.

Палатаны мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан жасырын дауыс беру арқылы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен сайланған Төраға басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

3 Қазақстан парламенттік партиялардың бағдарламалық құжаттары. Саяси өмірде азаматтардың талаптары, тілектері мен мүдделерінің саяси шешімдері түрінде жүзеге асуы үшін алдымен халықтың қалауы саяси партиялардың қызметтері арқылы мемлекеттің билік ұйымдарына жеткізіліп тұрады. Ал, олардың жауап ретіндегі іс-әрекеті бір жағынан саяси процесс түрінде қабылданса, екінші жағынан қоғамды институционалды бақылаудың тәсілі болып табылады. Міне осыдан, саясат пен саяси жүйе туралы азаматтардың базалық сенімдері және мемлекеттің сипаты мен қасиеттері туралы қатынастары туындайды. Жеткілікті қолдауларсыз саяси жүйе тиімді де сенімді түрде қызмет ете алмайды. Белгілісі, еліміздің саяси жаңғыртылуында саяси партия мен партиялық жүйені жетілдіру маңызды болып табылады. Мұнда 1996 жылы 2-шілдеде бірінші, саяси өзгерістерге және демократиялық қоғам орнату талаптарына сәйкес 2002 жылы 15-шілдеде екінші рет қабылданған «Саяси партиялар туралы» Заң шешуші рөл атқарды. Осы аталған заңдар елімізде саяси партиялар мен партиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуына қажетті құқықтық жүйені жасады, әрі қоғамның саяси жүйесінде саяси партиялардың рөлін нығайтуға мүмкіндік берді.

2012 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бесінші сайланған жаңа құрамы анықталынды. Сайлауға жеті саяси партия қатысты, олардың үшеуі сайлау қорытындысы бойынша сайлаушылардың 7%-дан астам дауысына ие болып, Парламент Мәжілісіне өтті, олар: «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы (80,99%), «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы (7,47%), Қазақстан коммунистік халық партиясы (7,19%). Сонымен қазір Парламент Мәжілісінде «Нұр Отан» партиясынан – 83 депутат, «Ақ жол» партиясынан – 8 депутат, ҚКХП-дан – 7 депутат жұмыс істейді.

Парламенттік партиялар қандай қызмет атқарады? Бұл сұраққа жауап ретінде ағылшын саясаткері, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Англия үкіметінің премьер-министрі Уильям Гладстонның депутаттарға арнап айтқан: «Сіздердің шаруаларыңыз – елді басқару емес, елді басқаратындардың есеп беруін талап ету», – деген сөзін келтірсек те жеткілікті болады.

Енді, осы қазақстандық парламенттік партиялардың бағдарламалық құжаттарына тоқталсақ, олар: бірінші, «Нұр Отан» ХДП жарғысы (1999 ж. 1-наурызда партияның I съезінде бекітілген, өзгерістер мен толықтырулар 2007 ж. 4-шілде XI съезде, 2009 ж. 15-мамырда XII съезде, 2011 ж. 11 ақпанда XIII съезде енгізген); «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің бағдарламасы (Астана, 2007ж.); «Нұр Отан» ХДП-ның 2009-2012 жылдарға арналған Іс-әрекеттер стратегиясы; 2020 жылға дейінгі «Нұр Отан» ХДП-сы бағдарламасының жобасы; екінші, «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің бағдарламасы; «Қазақстан Республикасының саяси жаңарту бағдарламасы» («Ақ жол» Демократиялық партиясы Орталық Кеңесі Төралқасының кеңейтілген отырысында 2009 жылдың 21-ақпанында мақұлданған); Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған жаңа ұлттық саясат тұжырымдамасы «Ақ жол» Демократиялық партиясының Орталық кеңесі Президиумымен бекіткен; үшінші, Қазақстан Халықтық Коммунистік партияның бағдарламасы (партияның құрылтай съезінде қабылданған); Қазақстан Халықтық Коммунистік партияның жарғысы (партияның құрылтай съезінде қабылданған).

Қазақстандағы парламенттік партиялардың бағдарламалық құжаттарында «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997 ж.) ел дамуындағы негізгі теориялық-әдіснамалық және партиялық қызметтегі бағыттар мен әдістерді айқындаған құжат ретінде атап көрсетілген.

«Қазақстан-2030» Президенттік стратегиясы ұлттық бірлік пен әлеуметтік әділеттілік орнаған, халқының экономикалық әл-ауқаты жетілген, тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнатудың теориялық-әдіснамалық базасын және оған жетудің жолдары мен әдістерін айқындаған құжат. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай он бес жыл ішінде мықты стратегияға ие болып, әрі табандылық таныта отырып, біз жолымызда кездесер кез келген күрделі кедергілерді абыроймен еңсере алдық. Стратегиялық бағдарламада қоғамның негізі болып табылатын ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірігуі басымдылығын жүзеге асырудың мынадай міндеттері белгіленді:

- елімізде барлық азаматтары үшін бірыңғай азаматтыққа кепілдік беру;
- этникалық түсініспеушілік себептерін жою, барлық этникалық топтардың құқықтары мен тең болуын қамтамасыз ету;
- қоғамымыздағы дәулеттілер мен жарлылардың арасындағы айырмашылықты азайту және ауыл проблемасына үнемі ерекше көңіл бөлу;
- әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіп отыру;
- саяси тұрақтылықты, қоғамның топтасуын қамтамасыз ететін бай Қазақстанды қалыптастыру;

- әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту.

Қазақстандағы парламенттік партиялардың қызметтеріне ҚР Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдаулары жаңа бір серпін мен қозғаушы күш болатыны белгілі. Мәселен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында он бағыт бойынша міндеттер кешенін ұсынды: қазақстандықтарды жұмысқа тарту; қолжетімді баспана; өңірлерді дамыту; мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру; мемлекетті басқаруға жоғары талаптар қою; сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту; адами капиталдың сапалы өсуі; зейнетақы жүйесін жетілдіру; индустриялық-инновациялық жобалар; ауыл шаруашылығын дамыту. Елбасы, осы айқын міндетіміз бен дұрыс бағытымызға жетудегі ең бастысы – еліміздің тұтастығы мен тұрақтылығы деп атап айтқан болатын. Ал, елімізде саяси тұрақтылықтың сақталынуы, бұл мемлекеттіміздің даму кезеңдерінде мемлекеттік ұлт саясатына басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. Яғни, толеранттылық мәдениетінің қалыптасуы маңызды болып отыр.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің бағдарламасында «Этносаралық келісім құндылықтары» атты бөлімінде «Этносаралық келісім еліміздің маңызды табысы және оны қадірлеуіміз керек. Әр азамат өзінің әлеуметтік тегіне қарамастан біздің мемлекет пен қоғам үшін құнды. Біз біріге отырып, еліміздің болашағын жасаймыз және егеменді, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен жағдайының жақсаруына өз үлесімізді қосамыз» – деп атап көрсетілген. Бұл «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы мемлекеттік ұлттық саясаттың ұйытқысы болып отырғандығын дәлелдейді.

Сонымен бірге, осы бағдарламаның «Қазақстан – көп түрлі діндер елі» атты бөлімінде партияның ұстанымы – діни бостандық пен дінаралық қатынасты қолдау, ол Қазақстанда дінаралық қатынастардың үйлесіміне, конфессиялардың өз діни орталықтарымен рухани байланыс жасауына жағдай жасайды деп атап айтылған. Яғни, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы діни толеранттылықтың үлгісі болып отырғандығын байқаймыз.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының бағдарламалық құжаттарында этносаралық келісім, діни татулық, бейбітшілік мәдениеті, саяси қатынастағы көптүрлілік, азаматтық мәдениет т.б. туралы ұстанымдары толеранттылық қатынастардың үлгісі болатыны сөзсіз.

«Ақ жол» Демократиялық партиясы бағдарламасында бостандық, әділдік, теңдік, пікірлердің әрауандығы және төзімділік сияқты демократиялық құндылықтардың нығаюына ықпал ету негізгі мақсатымыз деп атап көрсетеді. Сонымен бірге, «Ақ жол» Демократиялық партиясының Орталық кеңесі Президиумымен бекіткен «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған жаңа ұлттық саясат тұжырымдамасында» ұлтаралық келісімнің басты шарты ретінде – әртүрлі этникалық топтардың құқын қорғау

мен сұраныстарын қанағаттандыруды атайды. Діни толеранттылықтың үлгісін – барлық дәстүрлі конфессияларды мойындау мен сыйлауды ұсынады.

Қазақстан Халықтық Коммунистік партияның бағдарламасында, бұл пролетариаттық интернационализм партиясы, адамдарды әр түрлі ұлттарға бөлмейді, бірлік пен туысқандықты, Қазақстан көп ұлтты халқының, әлемнің барлық халқының тарихын, ұлттық артықшылығын, тілін, дәстүрін құрметтейді деп ұлттық саясаттағы басымдылықтарын жариялаған.

Қазақстан Халықтық Коммунистік партияның жарғысында партияның мақсаты халық билігі қоғамына қарай даму, әлнуметтік әділеттілік, кең руханилық пен экономиканы ғылыми-техникалық прогресс пен ғылыми социализм қағидасы негізінде дамыту деп жазады. ҚХКП-ның Жарғысында партия қызметтерін атап көрсетеді, олар: ғылыми социализм, мақрстік-лениндік ілімдерді және алдыңғы қатарлы қоғамдық ойды насихаттау; қоғамның саяси өміріне қатысу және азаматтардың саяси еркін жүзеге асыру; заң негізінде мемлекеттік биліктің қалыптасуына қатысу; интернационалдық бірлік пен халықтар достығын күшейту.

№14.САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

- 1 Демократиялық сайлаудың нәтижелі болуына қажетті жағдайлар.
- 2 Сайлау классификациясы.
- 3 Билік ұйымдарын сайлаудың негізгі қызметтері мен қағидалары.
- 4 Сайлау жүйелері.

1 Демократиялық сайлаудың нәтижелі болуына қажетті жағдайлар. Сайлау тақырыбы қазіргі кезеңде бүкіл адамзат үшін ең өзекті тақырып болып отыр, өйткені:

- 1 сайлау – қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерін билік құрылымдарына әкелу мүмкіндігі;
- 2 сайлау – демократия дамуының көрсеткіші;
- 3 сайлау – қоғам мен билік байланысының тиімді механизмі;
- 4 сайлау – азаматтар мүддесі мен талап-тілектерін билік құрылдарына ұсыну.

Дегенмен, орыс философы А. Ильин айтуы бойынша «барлық халық барлық уақытта жалпы халықтық сайлауда билік басына лайықты адамдарды таңдауға қабілетті емес». Сайлау нәтижелі болуы бірқатар экономикалық, әлеуметтік және рухани факторларға тәуелді. Оларға:

- 1 экономикалық факторларға – жеке меншіктік, нарықтық қатынастардың, ерікті кәсіпкерліктің дамуы, жеке меншікке ие экономикалық тәуелсіз адамдардың көбеюі жатады.
- 2 әлеуметтік факторлар – қоғамдық тұрақтылықты қолдаушы, экономикалық ауқатты, күшті «орта таптың» өмір сүруі болып табылады. Сонымен бірге, отырықшылық, отбасылық қатынас тұрақтылығы сияқты жағдайлар да ықпал етеді.

3 сайлауды нәтижелі пайдаланудың рухани негізіне – халықтың патриотизмді сезінуі, заңға деген құрмет, мемлекеттік жауапкершілік сезімі

жатады. Мұнда әсіресе маңызды нәрселер халықтың жоғарғы саяси мәдениеті мен білімділігі, оның демократиялық дәстүрі болып табылады.

Сонымен бірге, сайлау нәтижесі мен өту барысы қоғамның саяси өмірінің көптеген қыр-сырын түсінуге мүмкіндік береді, мәселен:

- саяси басқару субъектілері мен объектілерінің саяси мәдениетінің деңгейі мен сипатын;
- билік басындағылардың іс-әрекетінің халыққа қаншалықты жағымды және жағымсыздығын;
- сайлау технологиясының жетілгендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемде саяси билік ұйымына сайлау өткізілмейтін елді табу қиын. Бірақ, барлық елдердегі сайлауды демократиялық деп айтуға болмайды. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекетінің сипаты маңызды болып табылады.

2 Сайлау классификациясы. Сайлауды билік тармақтары негізінде *заңшығарушы, атқарушы және сот ұйымдарын сайлау* деп классификациялауға болады. Заңшығарушы ұйымдарды /парламент/ сайлау көп елдерге тән. Қазақстан Республикасында заңшығарушы ұйым ретінде парламенттің екі палатасы да сайланбалы.

Көптеген демократиялық елдерде атқарушы билік жетекшілері – президент және жергілікті атқарушы билік басшысы сайланады. Қазақстан Республикасында президент сайланады, ал жергілікті атқарушы билік басшыларын (әкімдер) президент тағайындайды.

Кейбір елдерде сот билігі өкілдерін де сайлау кездеседі.

1 Территориялық өкілділікке сай биліктің мемлекеттік ұйымын (парламент, президент) және жергілікті ұйымын (әкім) сайлау болып бөлінеді.

2 Дауыс беру түріне қарай сайлауды: балама (альтернативті), коммулятивті, лимиттік деп бөлеміз.

Балама дауыс беруде белсенді сайлаушыда бір дауыс болады, оны белгілі бір кандидат (жеке адам, партия, қозғалыс) үшін бере алады.

Коммулятивті дауыс беруде сайлаушыдағы дауыс саны, тіркелген кандидаттар санынан көп. Сайлаушы барлық дауысты бір кандидатқа беруге немесе өз еркімен барлық кандидатқа әртүрлі көрсеткішпен бөліп беруге құқылы.

Лимиттік дауыс беруде сайлаушыдағы дауыс саны тіркелген кандидаттар санынан кем болады. Мұнда коммулятивтік дауыс берудегі сияқты сайлаушы дауыстың барлығын бір кандидатқа немесе барлығына өзі қалаған тепе-теңдікте бөліп бере алады. Лимиттік дауыс беру 1993ж. Ресейде Федерация Кеңесін сайлауда пайдаланылды, әрбір сайлаушыда екі дауыстан бар, бірақ бір кандидатқа екеуін де беруге болмайды.

3 Билік органдарын сайлау жаппай және оқшау болады. Жаппай сайлау бүкіл мемлекеттік немесе өлке көлемінде өткізіледі. Оқшау сайлау белгілі бір себептерге байланысты (қызметке қабілетсіздік немесе қайтыс болуы, сайлау заңы бұзылған жағдайда) белгілі бір учасоктерде сайлау өткізілуі мүмкін.

4 Сайлау сонымен бірге кезекті немесе кезектен тыс болуы мүмкін.

3 Билік ұйымдарын сайлаудың негізгі қызметтері мен қағидалары. Саяси билік ұйымдарын сайлаудың негізгі мақсаты – қоғамды басқаруға өзінің алдыңғы қатарлы өкілдерін тарту ғана емес, сондай-ақ бірқатар күрделі әлеуметтік-саяси қызметтерді орындау да болып табылады:

1 Әлеуметтік топтардың мүдделерін артикуляциялау қызметі. Ең алдымен, сайлау әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерін артикуляциялаудың ерекше механизмін көрсетеді. Сайлау науқаны кезеңінде адамдар өмірлік маңызы бар мәселелерді ойлайды, сондықтан кандидаттар тұғырнамалары осы мәселелерді жинақтауы, әрбір әлеуметтік топтардың мүдделерін қамти білуі тиіс. Демек, сайлау өзінше нарық (рынок) болып табылады, яғни кандидат өзінің сайлауалды бағдарламасын өкілдікке айырбастайды. Бірақ сайлаушылар үшін бағдарлама ғана құнды болып табылады.

2 Әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің бейбіт бәсекесі қызметі. Әлеуметтік топтардың мүдделері әртүрлі болып қана қоймай, ол қарама-қайшылықты болуы да мүмкін, сайлау тұрғындардың әртүрлі топтары мүдделерінің бейбіт бәсекесі қызметін атқарады. Сайлауалды күрес саяси бағытты халық бұқарасы қолдайтын бағытта құруға мәжбүр етеді. Мұнда сайлау әлеуметтік шиеленістерді институттандыру мен шешудің тәсілі болып табылады. Яғни, шиеленістер ашық, жария жүргізіледі, ал бүкіл қоғам оның төрешісі болады, сөйтіп, әділ бәсекелестік күрес өтеді.

3 Сайлаудың өкілділік қатынастың қалыптасуы мен институттануы қызметі. Теория бойынша қоғамның әрбір мүшесі қандай да бір әлеуметтік қауымдастықтың мүддесін бейнелеуге, билік ұйымында оның өкілі болуға құқылы. Бірақ, шын мәнінде бұл бәрінің қолынан келе бермейді. Сайлау процесінде өз өкілдігін қолдау базасын қалыптастыру өте маңызды, ол коммуникациялық каналдар мен сайлаушылармен өзара әрекетте болуға байланысты. Қайсы саясаткер бұны табысты, жемісті ұйымдастыра алса, онда ол саяси элита қатарына табиғи таңдау негізінде өте алады.

4 Сайлаушылардың саяси белсенділігін арттыру қызметі. Сайлау науқаны кезеңінде сайлаушылар әртүрлі саяси бағыттарды, әлеуметтік-саяси күштерді қарастырады. Олардың ішінен өз мүддесіне лайықтысын, қанағаттандыру мүмкіндігі барын таңдайды. Дегенмен, сайлаудың әділетті өтуі көбінесе сол электораттың саяси белсенділігіне байланысты екендігін ұмытпау керек.

Сайлаудың демократиялығын бірнеше қағидалар анықтайды:

1 Жалпыға бірдей сайлау құқығы қағидасы жынысына, нәсіліне, дінге көзқарасына, әлеуметтік шығу тегіне және т.б. қарамастан белгілі бір жасқа толған барлық азамат сайлауға және сайлануға құқылы. Жалпыға бірдей сайлау құқығы белсенді сайлау құқығы және бәсең сайлау құқығы болып бөлінеді.

Белсенді сайлау құқығы – ол 18 жасқа толған азаматтың сайлауға дауыс беруге қатысу құқығы.

Бәсең сайлау құқығы – ол заң белгілеген шектеулер:

- жастық шектеу (18 жасқа дейінгілер қатыса алмайды);
- қабілетсіздік шектеу (жүйке аурулар);
- моралдық шектеу (сот тәртібін бұзғандар);

- тұрғын жері мен азаматтығына байланысты шектеулер.

2 Сайлау құқығындағы тепе-теңдік қағидасы, яғни, сайлаушылардың барлығының бірдей дауысты иеленіп қатысуы, бір сайлаушының басқа сайлаушыларға қарағанда ешқандай жеңілдікке ие болмауы. Сонымен бірге, сайланушылар құқығының да бірдей болуы. Мұнда өкілдік нормаларына сәйкес халықтың саны бойынша тепе-теңдік сайлау округтері құрылады. Барлық азаматтардың сайлау құқығы заңмен бірдей деңгейде қорғалады.

3 Төте сайлау құқығы қағидасы, азаматтардың тікелей сайлауынан көрінеді. Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша Президент, Парламент мәжілісі депутаттары, мәслихат депутаттары төте сайлау құқығы негізінде сайланады. Жанама сайлау құқығы Парламенттің жоғары палатасы Сенат депутаттарын сайлауға енгізілген.

4 Жабық сайлау қағидасы немесе жасырын сайлау қағидасы, бұл қағида дауыс берушілерді сыртқы қысымдар болудан қорғайды, егер жасырын дауыс беру қағидасы бұзылса заң алдында жауап береді.

5 Бәсекелестік қағидасы, сайлауға бәсекелесуші партиялар, қозғалыстар, кандидаттар т.б. қатысуы. Олардың арасында бейбіт бәсеке болып, жеңгені өкілдік орынға ие болады.

4 Сайлау жүйелері. Сайлау жүйесінің екі түрі қалыптасқан:

1 мажоритарлық;

2 тепе-тең (пропорционалды).

Мажоритарлық сайлау жүйесінің мәні әрбір округтегі депутаттық орын белгіленген көпшілік дауысты жинаған партия кандидаттарына беріледі, ал қалған азшылық дауысты жинаған партия кандидаттары ұсынылмай (орынсыз) қалады.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің: абсолюттік көпшілік және біршама көпшілік деген екі жүйесі бар.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің мынадай артықшылықтары бар:

1 депутаттар мен сайлаушылар арасында тығыз, тікелей байланыс қалыптасады, көбінесе жекелік сипатқа ие болады. Депутат өзінің сайлау округінің, оның проблемалары мен мүдделерін жақсы біледі. Депутаттың өз сайлаушыларымен тікелей тығыз байланысы, оның парламенттегі ықпалын күшейтеді, оған сыртқы ықпалдардың әсерін әлсіретеді, саяси қысымға ұшырамайды.

2 мажоритарлық сайлау жүйесі ең күшті саяси ағымның жеңуіне мүмкіндік береді, парламентке орта және ұсақ ықпалдағы партиялардың өтуіне мүмкіндік бермейді, сөйтіп екі немесе үш партиялық жүйені қалыптастырады, атқарушы биліктің қызметінде жетістіктерге жетуіне мүмкіндіктер жасайды.

Бірақ, мажоритарлық сайлау жүйесінің кемшіліктері де бар:

1 ең алдымен ол елдегі саяси күштердің ақиқат жағдайын көрсетуге қабілетсіз. Себебі олардың көпшілігі парламенттік қызметтен тыс қалады. Сонымен бірге, қоғамда кейбір азшылық топтар өкілсіз қалуы мүмкін, яғни олардың мүддесін қорғаушылар заңшығарушы билік құрылымында жоқ деген сөз;

2 мажоритарлық сайлау жүйесі депутаттардың жалпыхалықтық, жалпы мемлекеттік мүдделерден топтық және өлкелік мүдделерді жоғары қоюға итермелейді. Бұл парламенттің жалпыхалықтық, жалпы мемлекеттік ұйым ретіндегі рөлін әлсіретеді;

3 мажоритарлық сайлау жүйесі сайлаушылардың саяси еркін манипуляциялауға жол береді, көбінесе сайлаудың нәтижесі сайлау округтарын дұрыстап бөлуге байланысты.

Тепе-тең сайлау жүйесінің мәні мандаттар партиялар арасында жинаған дауыстарына сай бөлінеді.

Тепе-тең сайлау жүйесінің артықшылықтары: парламент деңгейінде саяси күштердің ақиқат өкілдері болуына мүмкіндік береді. Парламенттік саяси шешім қабылдау нәтижесінде жекелеген әлеуметтік және саяси топтар мүдделері есепке алынады. Тепе-тең сайлау жүйесі азаматтық қоғам мен саяси жүйе, мемлекет арасындағы байланысты нығайтады, плюрализм дамуына мүмкіндік береді.

Тепе-тең сайлау жүйесінің кемшіліктері:

1 дауыс беру жеке адамға емес, партияға негізделген соң сайлаушылар мен парламент депутаттары арасындағы байланыс әлсірейді. Кандидаттар тізімі әкімшілік-канцеляриялық жолмен әзірленеді, бұл кандидаттың партиялық-аппараттық құрылымға тәуелділігін күшейтеді. Бұл бюрократиялық шешім мүмкіндіктерін күшейтеді, тұрғындардың өкілділік ұйымдарға сенімін әлсіретеді.

2 тепе-тең сайлау жүйесінің бүкіл ел көлемінде қолдаушылары жоқ саяси күштердің парламентке келуі Үкіметті құруда қиындықтар тудырады. Күшті партиялардың жоқ болуы, көппартиялық коалициялардың құрылуына алып келеді, бұл партиялардың бағыттары мен бағдарламалары әр қилы, сонда да олар келісімге барады. Бірақ бұл келісімдер тұрақты емес, ол Үкімет қызметіне де әсер етіп, қайшылықтар тудырады.

Мажоритарлық және тепе-тең сайлау жүйелерінің кемшіліктерін жоя отырып өзінше бір аралас сайлау жүйелері де қалыптасқан:

- ұсақ партиялар өкілділігін шектеу үшін сайлау өлшемі – шек анықталынады;

- копмандатты округ орнына азмандатты құрылады. Сайлауға қатысу құқығы 4-5 партияға ғана беріледі;

- кандидаттар тізіміне партия емес, оның өкілдері ендіріледі, сондықтан дауыс беруде партиялық бағдарламаны емес, жеке адамдарды тандау жүзеге асырылады.

Ел көлемінде депутаттық мандаттардың бір бөлігі мажоритарлық жүйе бойынша, екінші бөлігі партиялық тізім бойынша жинаған дауыс негізінде бөлінеді. Сөйтіп, мажоритарлық және тепе-тең сайлау жүйелерінің кемшіліктерінен айырылып, тек артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік туындайды.

4 Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі. Заң шығарушы (өкілді) мемлекеттік органдарды сайлауда екі сайлау жүйесі қолданылады. Олар – тепе-

тең және мажоритарлық жүйелер. Олардың белгілі бір үйлесімі негізінде дауыс берудің аралас жүйесі қалыптасады.

Қазақстанда қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Парламентінің «Мәжіліс» 107 депутаттан тұрады. Парламенті Мәжілісінің 98 депутатын сайлауда тепе-тең сайлау жүйесі қолданылады. Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Тепе-тең жүйе бойынша сайлау партиялық тізімдер үшін дауыс беру дегенді білдіреді. Тепе-тең сайлау жүйесінің негізгі мақсаты көппартиялық жағдайында партиялардың тепе-тең өкілдігін қамтамасыз ету болып табылады. Сайлау партиялық тізімдер бойынша жүргізіледі. Парламентке өту үшін партиялар міндетті түрде сайлаушылар дауысының 7% алуы тиіс, бұл заңнамалық кедергі болып табылады.

Қазақстанда сайлауларды және референдумдарды өткізудің ережелері, рәсімдері мен негізгі ұстанымдары ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен, Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңымен, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының қаулыларымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасында сайлау азаматтардың өзінің сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген. Бұл ретте Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.

Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматтарды сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның ерік білдіруін шектеуге ешкімнің құқығы жоқ.

Сайлау құқығының түрлері:

Жалпыға бірдей сайлау құқығы – Қазақстан азаматтарының он сегіз жасқа толғаннан кейін тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан, немесе кез келген өзге жағдаяттардан тыс, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

Бәсең сайлау құқығы – Қазақстан азаматтарының, оларға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттарының депутаты, немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болып сайлану құқығы.

Тең сайлау құқығы дегеніміз сайлаушылардың Президентті, Республика Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір сайлау бюллетені бойынша бір дауысқа ие дегенді білдіреді. Сайлаушылар жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы

тең дауыс санына ие. Кандидаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен белгіленген шекте сайлауға қатысуға құқылы.

Төте сайлау құқығы – Президентті, Республика Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін азаматтардың тікелей сайлауы.

Жанама сайлау құқығы – Парламент Сенаты депутаттарын сайлауға таңдаушылардың – мәслихаттар депутаттары болып табылатын Қазақстан азаматтарының қатысуы. Таңдаушылар сайлауға тең негізде қатысады және олардың әрқайсысы бір дауысқа ие.

Президентті, Парламент пен мәслихаттар депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауда дауыс беру сайлаушылардың ерік білдіруіне қандай да болмасын бақылау жүргізілуіне жол берілмейіндей жасырын болып табылады.

Дауыстарды санау жүйесі.

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның «Сайлау жүйелері» деп аталатын 9-бабына сәйкес, Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

Мыналар:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған;

- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған кандидаттар сайланған болып саналады.

Парламент Мәжілісінің партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттары біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланады.

Мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген кандидаттар сайланған болып саналады.

№15. САЯСИ ПАРТИЯ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР

1 Саяси партия мәні және белгілері, қызметтері.

2 Саяси партия типологиясы.

3 Партиялық жүйелердің мәні.

4 Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйенің қалыптасуы.

1 Саяси партия мәні және белгілері мен қызметтері. Партия ұғымы латынның «*part*» деген сөзінен шыққан, ол бөлу, бөлемін деген мағынаны білдіреді. Неміс ғалымы М. Вебер саяси партиялардың дамуының мынадай кезеңдерін атап өткен:

- аристократиялық үйірмелер;

- саяси клубтар;

- көпшілік партиялар.

М. Вебер саяси партия дегеніміз мүшелерін өз еріктері бойынша қабылдайтын, өз басшыларына билікті жеңіп алуына, белсенді мүшелерінің материалдық және жеке артықшылықтарды иеленуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын қоятын қоғамдық ұйым деп анықтама берген болатын.

Сонымен, саяси партия дегеніміз саяси билікті иеленуге немесе мемлекетте билікті жүзеге асыруға қатысуға талпынушы идеология тұтастығымен байланысты ерікті одақ.

Саяси партияның негізгі белгілері:

- ♦ белгілі бір идеологияны алып жүруші;

- ♦ адамдардың ұйымдасқан бірлестігі (ұзақ мерзімдік, ерікті, саясаттың әртүрлі деңгейі бойынша құрастырылған, жергіліктен халықаралыққа дейін);

- ♦ билікті жеңіп алу және жүзеге асыру мақсатын ұстануы;

- ♦ саясатта белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін білдіруі немесе қорғауы.

Саяси партияның құрылымы:

- ♦ партиялық аппарат;

- ♦ қатардағы мүшелері;

- ♦ партия жақтаушылары.

Саяси партияның қызметтері:

- ♦ билік үшін күрес, оны пайдалану және бақылау;

- ♦ үлкен әлеуметтік топтардың мүдделерін негіздеу, анықтау, жинақтау;

- ♦ үлкен әлеуметтік топтың белсенділігін арттыру және топтастыру;

- ♦ партиялық идеологияны, қоғамдық пікірді қалыптастыру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;

- ♦ қоғамда саяси тәрбие жүргізу;

- ♦ партия, мемлекеттік құрылымдар мен әртүрлі қоғамдық ұйымдарға кадрлар даярлау және ұсыну.

Саяси партия қалыптасуына кері ықпал ететін факторларға:

1 партиялардың әлеуметтік базасының шектеулілігі;

2 партиялардың саяси саланы түсінуінің тарлығы;

3 партиялардың қаржы тапшылығы жатады.


2 Саяси партия типологиясы. Саясаттану ғылымында саяси партиялар жіктелесі көптеп кездеседі. Мәселен, **марксистер** жіктеудің негізгі өлшемі ретінде партияның таптық табиғатын алады, **институттық** тұрғыны жақтаушылар ұйымдық-құрылымдық өлшемді алады, **функционалистер** партияның ең басым және орындау мүмкіндігі бар қызметін негізге алады, **либералдық** бағыт партияның идеологиялық және саяси сипатының маңыздылығын айтады.

Саясаттану ғылымында М. Дюверженің саяси партия концепциясы классикалық деп танылған. Ол партияны кадрлық және бұқаралық деп екіге бөледі.

Кадрлық партия демократия дамуымен, сайлау құқығы мен принциптері енгізілуімен бірге келді. Бұл партияның негізгі қызметті сайлау компаниясын өткізу. Партияның негізгі мақсаты көп мүшелерді иелену. Кадрлық партиялардың ұйымдары әлсіз, құрылымы нақты емес, жергілікті ұйымдарының дербестігі басым, депутаттық фракция басқа депутаттардан тәуелсіз болады. Кадрлық партияға АҚШ-тағы Республикалық және Демократиялық партиялар жатады.

Бұқаралық партияға еуропалық барлық социалистік, христиандық-демократиялық, коммунистік, ұлттық-социалистік партиялар жатады. Бұқаралық партиялар қатал тәртіпке ие. Демократиялық орталықтандыру принципін тәуелділік бұл партияларды біртұтас етті. Бұқаралық партиялар саяси жүйеге ең ықпалды партия. Парламенттік сайлау барысында тығыз ұйымдық құрылымға ие бола отырып, жеңіске оңай жетеді.

13-кесте



Дж. Сартори саяси партияның мынадай типологиясын ұсынады:

- 1 парламенттік-электораттық партия;
- 2 ұйымдық-бұқаралық партия;
- 3 электораттық-бұқаралық партия.

Саясаттану ғылымында саяси партияның мынадай типологиялары да кездеседі (15-кесте):

1 әлеуметтік ақиқаттылыққа қатынасына қарай: революциялық, реформистік, реакционерлік, консервативті;

2 идеологиялық бағытына қарай: социал-демократиялық, коммунистік, либералды, консервативті, діни, монархиялық, ұлттық, фашистік;

3 саяси билікке қатысуына қарай: билеуші, оппозициялық, жарния, жартылайжария, жасырын;

4 саяси темпераментіне қарай: оңшыл, центристік, солшыл.

3 Партиялық жүйелердің мәні. XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың бірінші жартысында Еуропа мен АҚШ-та көппартиялық, екіпартиялық, бірпартиялық жүйелер қалыптасты. Бұл елдердегі саяси өмір міндетті түрде партиялармен байланысты болды. Саяси жүйеде партиялар бара-бара шешуші рөл атқара бастады. XIX ғасырда партиялар саяси күрестің идеологиялық формасын иелене бастады, сондықтан да партиялар белгілі бір идеяларды алып жүруші болып табылды. Демократия – бұл саяси партия қызметінің, құрылуының жемісі. Демократия партиялық қолдаусыз мүмкін емес:

- олар парламент қызметіне қатысады.
- парламентте партиялар өздерінің саяси курсын ұсынады және қорғайды.
- партия парламенттік деңгейде шешім қабылдауға қатысады, бұл партияның күшін сынау болып табылады.
- партия сайлауға қатысады, саяси бейжайлықпен күреседі, ел үшін саяси басымдылықтарды анықтайды.
- саяси партиялардың көптігі сайлаушыларға таңдау мүмкіндігін тудырады, билікке таза бәсекеде жеңіске жету мүмкіндігін тудырады.

Партиялық жүйелер партиялардың санына қарай бірпартиялық, екіпартиялық, көппартиялық болып бөлінеді (М. Дюверже).

Көппартиялық жүйе (мультипартизм). Батыс Еуропаның көптеген елдерінде көппартиялық жүйе өмір сүреді. Көппартиялық жүйе елде қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайға және идеологиялық бағыттылыққа тәуелді.

Екіпартиялық жүйе (бипартизм). Көптеген саясаттанушылар саяси жүйе бірқалыпты жұмыс істеуі үшін екі партиялық жүйе тиімді деп есептейді. Мұның тиімділігі билік басындағы партияны екінші оппозициялық партия толық бақылауға алуы. Сондай-ақ жеңіске жеткен партия тұрақты үкіметті құруға қол жеткізеді. Парламентке сайлауда екі партиялық жүйе қызметшіл. Бұл партия шешімі біршама нақты және тиімді. Екі партиялық жүйенің классикалық көрсеткіші АҚШ-тың партиялық жүйесі.

Бірпартиялық жүйе (монопартизм). Бірпартиялық жүйе белгілі бір саяси жүйеге ғана тән, олар социалистік, фашистік және дамушы елдер.

Бірпартиялық жүйенің қалыптасуы белгілі бір әлеуметтік-тарихи себептерге және сол партия алға қойып отырған мақсаттарға да байланысты. Мысалы, КСРО-дағы коммунистік партия мен Германиядағы национал-социалистік партия. Дегенмен, кейбір ойшылдардың айтуы бойынша белгілі бір тарихи кезеңде бірпартиялық жүйе үлкен жетістікке де алып келеді.

4 Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйенің қалыптасуы.

Қазақстандағы «Саяси партиялар туралы» бірінші заң 1996 жылы 2 шілдеде қабылданған болатын. Қазақстандағы саяси өзгерістерге және демократиялық қоғам орнату талаптарына сәйкес Парламент 2002 жылдың 15 шілдесінде «Саяси партиялар туралы» жаңа заң қабылданды.

Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйе қалыптасуын қазақстандық саясаттанушы ғалым М. Машан мынадай кезендерге бөліп көрсетеді:

1 1986 жылдың аяғы мен 1990 жылдың басы (ресми емес бірлестіктердің қалыптасуы);

2 1990 жыл мен 1991 жыл тамыз (партиялардың, қозғалыстар мен ұйымдардың құрылуы);

3 1991 жылдың тамызы мен 1993 жылдың қаңтары (КПСС таратылуы, КСРО-ның тарауы, тәуелсіз ҚР құрылуы, саяси партиялардың тіркеуден өтуі, азаматтардың саяси белсенділігінің артуы);

4 1993 жылдың қаңтары мен 1995 жылдың тамызы (бірінші қабылданған ҚР Конституциясынан жаңа Конституциясына дейін);

5 1995 жылдың тамызы 1996 жылдың шілдесі (жаңа қабылданған ҚР Конституциясынан ҚР саяси партиялар туралы Заңына дейінгі кезең);

6 1996 жылдың шілдесіне 2002 жылдың қыркүйегіне дейінгі кезең.

7 жаңадан ҚР саяси партиялар туралы Заңының қабылдануы (2002 жыл 19 қыркүйек).

Қазақстан Республикасындағы саяси өмір мен азаматтық қоғамның қалыптасу процесі демократияландырудың заңдылықтарының сақталынып отырғандылығын көрсетті. Дегенмен мынадай қиындықтар да кездесуде:

1 көппартиялық жүйенің жылдам және аз уақытта қалыптасуы;

2 өтпелі қоғамдағы саяси факторлардың жетекшілік ролі реформаның жоғарыдан жасалуына байланысты болуы.

3 қоғамның саяси жүйесінде қайшылықтың барлығымен байланысты.

№16. САЯСИ ПРОЦЕСС

1 Саяси процесс ұғымы, мазмұны және құрылымы.

2 Саяси процестің сипаты мен түрлері.

1 Саяси процесс ұғымы, мазмұны және құрылымы. «Процесс» ұғымы өзіндік бағыты бар белгілі бір қозғалыстың, жағдайдың, сатының, эволюцияның сабақтастықпен өзгеруін және қандай да бір нәтижеге қажетті сабақтасты әрекеттер жиынтығын білдіреді. Ал, «саяси процесс» ұғымы қоғамның саяси өмірінің динамикасын, оның уақыт пен кеңістікте өзгеруін бейнелейді. Қысқаша айтқанда, бұл саяси жүйенің әрекет етуін, өзгеруін, қайта құрылуы мен әрекет етуін қамтамасыз етуші әрекеттер жиынтығы.

Саяси процесс өз көлемі жағынан бүкіл саяси саламен сәйкес келеді, дегенмен кейбір ғалымдар (Р. Доуз) оны саясатпен, немесе билік субъектілерінің іс-әрекеттік шаралары жиынтығымен, олардың статусы мен ықпалдарының өзгеруімен байланыстырады (Ч. Мэрриам). Институттық тұрғының жақтаушылары саяси процесті билік институттарының

трансформациялануымен, әрекетімен байланыстырады (С. Хантингтон). Д. Истон саяси процесті саяси жүйенің қоршаған ортаның ықпалына реакцияларының жиынтығы деп түсіндіреді. Р. Дарендорф мұнда негізгі назарын топтардың статустар мен билік ресурстары үшін бәсекелестік динамикасына аударады. Дж. Мангейм, Р. Рич саяси процесті мемлекеттік институттардың қызметінің сипатын және оның қоғамға ықпалын анықтаушы оқиғалардың күрделі кешені ретінде тұжырымдайды. Бұл тұрғылардың барлығы саяси процестердің маңызды көздерін, жағдайы мен формаларын сипаттайды.

Саяси процесс субъектілердің іс-әрекеттері мен қатынастарындағы барлық динамикалық өзгерістер жиынтығын, яғни сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен саяси кеңістіктің барлық элементтерінде институттардың әрекет етуі мен рөлдерін орындауын білдіреді. Басқаша айтқанда, саяси процесс ұғымы саяси объектілердің жағдайының ақиқат өзгеруін тіркейді және ашады, ол субъектілердің саналы ықпалы мен көпжақты стихиялы әрекеттері нәтижесінде болады. Бұл мағынада саяси процесс оқиғалар дамуындағы міндеттемелік пен алдын алушылықты жоққа шығарады.

Сонымен, саяси процесс саяси құбылыстардың қозғалысын, динамикасын, эволюциясын, олардың уақыт пен кеңістікте жағдайының нақты өзгеруін ашып көрсетеді.

Саяси процестің қозғаушы күші – саяси процеске қатысушы әлеуметтік-саяси күштердің өзара әрекеті нәтижесінде пайда болған қарама-қайшылық. Осы субъект – қатысушылар өз әрекеттері арқылы билік қатынасына өзгерістер жүргізеді, ұйымдар құрамына ұсыныстар жасайды, саяси шешімдер қабылдайды, қоғамдық өмірді қалыптық тұрғыда реттейді және өз мүдделерін тарату үшін қолайлы саяси жағдайлар жасауға талпынады.

Саяси процестің мәні – бір жағынан саяси жүйе компоненттерін, саяси адамды; екінші жағынан саяси билік құрылымдарын, институттарын, құралдарын және саяси қатысуды, саяси мәдениет пен нормаларды, сонымен бірге, саяси жүйе арқылы белгілі бір әлеуметтік тәртіп пен әлеуметтік өзгерісті өндіру және қайта өндіру.

Саяси процесс мазмұны мыналарды қамтиды:

1 саяси процестің әрекет етуі мен пайда болуының әлеуметтік-саяси жағдайы;

2 саяси әрекет субъектілері және олардың объектілерге ықпал ету тәсілі, сонымен бірге өзара әрекет объектілері;

3 саяси өзара әрекеттестіктегі саяси мүдделер, мотивтер, мақсаттар;

4 субъектілердің өзара әрекетіндегі күрес пен әрекеттестік формалары.

Жалпы саяси процестің үш аспектісін бөліп алуға болады:

1 саяси процесс субъектілері мен объектілері «қатысушы», «автор», «субъект», «объект», «алып жүруші» ұғымдарына сәйкес;

2 саяси кеңістік пен уақыт саяси ахуалдың, яғни саяси процестің бастама компоненттері, саяси күштердің топтастырылуы, орналасуы т.б.;

3 өзара әрекеттер тұтастығы:

а) мемлекеттік басқару сызығы;

б) партиялық стратегия мен тактика;

в) саяси қатысу, үш деңгейдегі: қоғамдық бірлестіктер, әлеуметтік қауымдастық пен индивидтер деңгейі.

Саяси процесс ресурстарына, оның идеялық және материалдық негізі болатын: ғылым, білім, техникалық және қаржылық құралдар, көпшіліктің көңіл-күйі, процеске қатысушылар, олардың идеологиясы, қоршаған ортадағы қоғамдық ахуал және т.б. факторлар жатады.

Саяси процесс құрылымы бойынша мына процестердің жиынтығын құрайды: революция, реформа, модернизация, көтеріліс, саяси дағдарыс, тікелей саяси әрекет, шиеленіс және сайлау компаниясы. Саяси процесс өз мүдделері үшін күрес арқылы жүзеге асады. Күрес саяси процестің негізгі генераторы.

Саяси жүйенің даму процесін төрт сатыға, кезенге бөлуге болады:

1 саяси жүйені конституциялық тұрғыда айқындау, ескі саяси жүйенің орнына жанасының келіп, бұрынғы мемлекеттік билікті ауыстыруы, оны саяси-құқықтық тұрғыда бекіту;

2 саяси жүйенің өзін-өзі жаңғыртуы, ескі саяси жүйенің орныққан элементтерімен, ұйымдарымен жұмыс істеу және оны екінші жағынан жаңартып, өзгерту, жетілдіру, жаңа саяси қатынастар мен институттардың өмірге келуі, жаңа саяси субъектілердің қалыптасуы;

3 саяси басқарушылық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру, билеуші элита, партиялар қоғамдағы әлеуметтік топтар мен азаматтардың мүдделерін үйлестіре отырып саяси шешім қабылдауы тиіс;

4 саяси жүйенің жағдайы мен іс-әрекетін бақылау, саяси процеске қатысушылардың алға қойған бағдар, мақсат-мүдделерден ауытқушылықты түзету, бақылау кіреді. Ол біріншіден, белгілі бір билік құрылымдары тарапынан болса, екінші жағынан бүкіл азаматтар тарапынан болады.

2 Саяси процестің сипаты мен түрлері. Қоғам дамуының мақсатын айқындап, оны жүзеге асырушы билеуші тәртіп саяси процестің сипатын білдіреді. Ол үш топқа бөлінеді:

Саяси процестің қайталанатын жұмыс істеуі. Мұнда саяси процесс басқарушылар мен сайлаушылар, азаматтар мен мемлекет арасындағы қалыптасқан қатынастарды сапа жағынан айтарлықтай өзгертпей, күнделікті орнына келтіріп, құр қайталайды. Мұнда саяси сабақтастық басты рөл атқарады.

Саяси тәртіптің дамуы. Елде және халықаралық аренада саяси күштердің ара салмағында немесе әлеуметтік құрылымында өзгерістер болуы мүмкін. Билеуші ұйымдар бұл талаптарды байқап, өз жұмысын соған бейімдейді. Саяси даму биліктің жоғары және төменгі сатыларының өзара әрекеттестігімен, әртүрлі ағымдар мен үрдістер күресімен қоса қабаттаса жүреді. Бұл әлеуметтік және саяси құбылыстарды сәйкестендіруге көмектеседі.

Саяси тұтастықтың құлдырауы және ыдырауы. Бұл жағдайда саяси процестің даму бағыты саяси жүйенің тұтас өмір сүруіне келеңсіз әсерін тигізеді. Топтасу орнына саяси субъектілердің бөлшектенуі үрдісі басым болады. Билеуші тәртіп ыдырауы күмән тудырмайды. Оның шешімдері басқару қабілетін жояды.

Қоғамдағы маңыздылығына және оның әлеуметтік қатынасын реттеу мүмкіндігіне қарай саяси процесс **базалық және шалғайлық** (периферия) болып бөлінеді. **Базалық саяси процесс** ауқымды әлеуметтік қабаттарды мемлекетпен қатынасқа ендірудің әртүрлі тәсілдерін, тұрғындардың мүдделері мен талаптарының басқарушылық шешім ретінде түрлену формасын, саяси элитаның қалыптасуының қарапайым формаларын сипаттайды. Саяси процесті бұл мағынада саяси қатысу және мемлекеттік басқару деп айтуға болады. **Шалғай саяси процесс** жекелеген саяси ассоциациялардың (партия, қысым топтар) қалыптасу динамикасын, жергілікті басқару ұйымдарының дамуын, билікке тікелей ықпал ете алатын саяси жүйедегі байланыстар мен қатынастар жүйесін айтамыз.

Саяси процесс ішкі саяси және сыртқы саяси процестер болып бөлінеді. Олар субъектілерінің өзара әрекет тәсілдерінің ерекшелігімен, институттар әрекетімен, үрдісімен, даму заңдылықтарымен ерекшелінеді.

Саяси процесс **ашық және жабық** формаларда да болып отеді. **Ашық саяси процесс** азаматтардың мүдделерінің жүйелі түрде жария айтылуымен, оның мемлекеттік билікке жеткізілуімен, соған байланысты басқарушылық шешімдер қабылдануымен, қоғамдық бақылау күштілігімен сипатталады. **Жасырын саяси процесс** керісінше, жария тіркелмеген саяси институттардың қызметіне арқа сүйейді, ресми мемлекеттік басқару ұйымдарына ашық сұраныстар жасалмайды.

Саяси процесс **тұрақты және өтпелі** бөліп бөлінеді. **Тұрақты саяси процесс** өзгерістердің нақты бағыттарын, билік қатынастарының, биліктің ұйымдастырылу формасының белгілі бір түрлерін, тіпті кейбір күштер мен үрдістердің қарсыласуы жағдайының өзінде де тұрақты саяси қатынастарды өндіруімен сипатталады. Сырт қарағанда олар соғыс, жаппай қарсылық, т.б. шиеленістік ахуал, саяси тәртіп құлауына жол беретін әрекеттер жоқтығымен сипатталады. **Тұрақсыз немесе өтпелі саяси процесс** өзгерістерді сапалы етенелестіру мүмкіндігі мен билікті ұйымдастырудың базалық қасиеті жоқтығымен сипатталады. Мұнда негізгі алғышарттар (экономикалық, әлеуметтік, құндылықтық, құқықтық) ықпалы әртүрлі деңгейде жүзеге асырылады, саяси кеңістіктегі субъектілердің белсенділігі тұрақсыз болады.

Азаматтар саяси процеске екі түрлі жолмен қатысады. Біріншіден, саяси жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін өкілділік органдар арқылы, екіншіден, азаматтардың тікелей қатысуы арқылы саяси билікке әсер ету.

Тікелей қатысу екіге бөлінеді. Біріншісі, институттандырылған демократиялық түрі. Оларға сайлау, референдум, плебисциттерге қатысу жатады. Екіншісі түріне бұқаралық жиналысқа, шеруге, ереуілге қатысу жатады.

№17. САЯСИ ШЕШІМДЕР

1 Саяси шешім ұғымы мен түсінігі.

2 Саяси шешім субъектілері мен түрлері.

3 Саяси шешім қабылдау әдістері.

1 Саяси шешім ұғымы мен түсінігі. Саяси қызметтің кез келген деңгейі мен көлемі саяси шешім қабылдаудан басталады. Бұл қызметтің сапасы шешімнің нәтижелілігі мен ғылыми негізделуіне тікелей тәуелді.

Саяси шешім өзіндік мақсаты мен тарату механизмі қалыптасқан басқарудың орталық элементі ретінде қарастырылады.

Саяси шешім – бұл әрқашан да процесс, саяси мәселенің пайда болуымен басталып, оның шешілуімен, жойылуымен аяқталушы, егер дұрыс шешім қабылданса.

Саяси шешім – қандай да бір саяси оқиғаға қатысушылардың мүдделерін іске асыру құралы. Қоғамның саяси өмірінде шиеленістің болуы сөзсіз. Шиеленісті шешуде бірғана шешім емес, толық саяси шешімдер жинағы қабылданады, оның әрқайсысы саяси көріпкелділікке, келісімге, сабырлыққа, ыждағаттылыққа негізделуі тиіс.

Саяси шешім – субъектінің мүмкін бірнеше әрекеттің бірін таңдауы. Бұл саяси шешімнің қабылдануы еріктілік пен жауапкершілік жағдайына тікелей байланысты: субъект статусы жоғары болған сайын, оның әрекеттер түрін таңдауы мен оның орындалу мүмкіндіктері де жоғары болады.

Саяси шешім – шешім қабылдаушының ерік күші, яғни шешім қабылдаушылар оны қабылдауда орындалу мүмкіндігі мен ерік күшін есепке алуы тиіс.

Кез келген саяси шешімді адамдар тиянақты саяси ахуалды шешу үшін қабылдайды. Басқа сөзбен айтқанда, **саяси шешім** – саяси процестегі объективті мен субъективтінің диалектикалық күрделі байланысы.

Саяси шешім – бұл саналы түрде екеуден кем емес саяси әрекеттің біреуін таңдау.

Саяси шешім, саяси әрекетті алып жүреді, оған қандай да бір ырғақ беріп отырады. Бірақ бұл саяси процестің екі элементінің ішкі табиғаты әр түрлі. Егер саяси әрекет, саяси қызметтің бір түрі, саяси, қоғамдық қатынасты қайта құруға, бекітуге бағытталынса, ал саяси шешім өзінен өзі практикалық емес әрекетке жатады. Олардың ішкі мазмұны ғылыми теорияны түсіндіру, қалыптастыру сияқты зерттеушілік шараға жақын болып келеді. Шешімді қалыптастыру және қабылдау саяси әрекет емес, тек оған дайындық ғана.

Саяси шешімді даярлау мен қабылдау күрделі процесс, ол мынадай элементтерден тұрады, немесе оны кезең, саты деп те атайды. Жалпы алғанда бұл процесті 4 сатыға бөлуге болады:

1 өз шешімін талап ететін әлеуметтік мәселені қалыптастыру, анықтау, бөліп алу;

2 мәселелерді шешудің балама мүмкіндігін қалыптастыру;

3 балама шешімді талдау және салыстыру;

4 шешімді қабылдау, яғни әрекет ету жоспары ретінде баламаларды таңдау.

Қазіргі кезеңде саясаттану ғылымында саяси шешім қабылдау процесін түсіндірудің екі ғылыми тұрғылары қалыптасқан. **Нормативті** теория оны күрделі ахуал тұсында саяси мақсатты тиімді таңдау деп тұжырымдайды. Бұл таңдаудың тиімділігін арттыру үшін әр түрлі математикалық моделдеу,

операцияларды зерттеу сияқты т.б. құралдық тәсілдерді ұсынады. **Мінез-құлықтық** теория, бұл процесті нақты ахуалда шешімді қабылдауға ықпал етуші адамдардың арнаулы өзара әрекеті ретінде қарастырады.

2 Саяси шешім субъектілері мен түрлері. Саяси шешім субъектілеріне тікелей индивидтер, азаматтар, қоғамдық ұйым мүшелері, мемлекеттік, үкімет ұйымдарының өкілдері, кәсіптік қоғамдық ұйымдар, конституция мен ереже бойынша шешімді қалыптастыру мен қабылдау өкілеттігі бар ұйымдар, олардың өкілдері жатады. Дегенмен, бұл жалпы ереже тиянақтауларды қажет етеді.

Шешімдерді даярлау мен қабылдау процесінің әр түрлі кезеңдерінде әр түрлі әлеуметтік субъектілер тартылуы мүмкін. Проблемаларды анықтау кезінде өз мүдделері туралы тұрғындардың көпшілік қабаты, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар пікір-ойларын білдіруі мүмкін. Проблемаларды талдау кезеңінде бірінші кезекке саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, эксперттер, мемлекеттік-әкімшілік өкілдері шығады, мұнда әрине әлеуметтік қабаттар бейжайлық таныта алмайды. Шешімдерді қабылдау кезеңінде мемлекеттік өкілетті ұйымдар, партия мен қоғамдық ұйымдар әрекет етеді. Кейбір белгілі бір жағдайларда шешімдерді қабылдау акті, проблеманың маңыздылығына қарай азаматтардың белгілі бір деңгейін қамтуы мүмкін. Кейде ол ересек азаматтарды түгел қамтитын референдум, дауыс беру болуы да мүмкін.

Ал саяси шешімді кім даярлайды және қабылдайды деген сұраққа тек конституция негізінде жауап беруге болмайды. Кейбір жағдайларда саяси шешімді қабылдауға өкілеттілігі бар саяси институттар басқалар еркін орындаушы қолжаулық болуы да мүмкін. Олар тек сахна сыртында қабылданған саяси шешімдерге заңдық форманы ғана береді. Сондықтан да шын мәнінде, саяси шешімдерді кімдер қабылдайтындығын анықтау үшін, саяси элиталар мен биліктің формалды субъектілері арасындағы қатынасты тиянақты зерттеу қажет, сонда ғана бұл формалды саяси институттар қызметін бақылаушы, оған ықпал етуші белгілі бір адам немесе топ анықталынады. Бұл адамдар тобы саяси шешімді қабылдауды іс-жүзінде қолына алып отырады.

Саяси шешімдерді бес топқа бөлуге болады:

1 жоғарғы билік ұйымдарының заңдары мен қаулылары;

2 жергілікті билік ұйымдарының шешімдері;

3 тікелей азаматтар қабылдаған шешімдер;

4 саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың жоғарғы ұйымдары қабылдаған шешімдер;

5 жергілікті саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер қабылдаған шешімдер.

Демек, саяси шешімдердің бірінші және екінші түрлерін биліктің атқарушы және өкілділік ұйымдары қабылдайды, үшіншісін, тікелей тұрғындар қабылдайды, төртіншісі мен бесіншісін саяси жүйенің мемлекеттік емес ұйымдары қабылдайды. Азаматтардың тікелей қабылдайтын шешімдеріне биліктің жоғарғы және жергілікті ұйымдарын сайлау, референдум, сонымен бірге тұрғындардың жалпы жиналысы жатады.

3 Саяси шешім қабылдау әдістері. Саяси шешімді қабылдауда мынадай талаптарды ескеру керек:

- 1 шешім қабылдаудың мақсатқа сай келуі;
- 2 қабылданған шешімнің уақыт талабына сәйкестігі;
- 3 жүйелілік, саяси шешім қабылдауда мәнді факторларды есепке алу;
- 4 сәйкестілік, яғни қоғамда әрекет етуші құқықтық нормалар мен заңдарға сәйкес келуі;

5 тәуелділік, шешім қабылдау мен тарату процесі ғылымилық, ақиқаттылық, тиянақтылық, баламалық, нәтижелілік, бақылау сияқты қағидаларға тәуелді.

Саяси шешімді қабылдау сатылар мен, кезеңдерге бөлінеді:

Американ ғалымы **Г. Саймон** саяси шешімді қабылдаудың белгілі бір бірізділік әрекетін анықтайды: проблеманы қою; ақпарат жинау; мүмкін баламаны анықтау; баламаның әрекет етуші біреуін таңдау.

Г. Лассуэлл шешім қабылдаудың жеті функционалдық сатысын атап айтты: проблеманы қою; ақпарат іздеу; ұсыныстарды қалыптастыру; нұсқау даярлау; қолдауға ұсыныс жасау; шешім нәтижесін бағалау; қорытынды баламаны таңдау.

Американ саясаттанушысы **Д. Марч** пен **Т. Саймон** саяси шешімді қабылдаудың төрт сатысын атап өтті: проблеманы қою; біршама нәтижелі баламаны іздеу; баламаны салыстырмалы талдау; тиімді балама негізінде әрекет ету.

Ресейлік ғалымдар саяси шешім қабылдаудың мынадай сатыларын ұсынады:

- қоғамдағы проблемалық ахуал туралы бастапқы мәліметтерді жинау;
- бастапқы және барлық қосымша мәліметтерді талдау;
- шешім қабылдау;
- саяси шешімді тарату.

Саясаттану ғылымында кең тараған саяси шешімді тарату әдісі **Ч. Линдбломның** қалыптастырған әдістері:

1. тиімді жан-жақты әдіс (түбегейлі әдіс);
2. бірізділік, шектелген салыстыру әдісі (бұтақ әдісі).

Саяси шешім қабылдауды қолдаудың аналитикалық базасының элементтері:

• саяси оқиғаға қатысушылардың проблемалық ахуал туралы хабардарлық деңгейін бағалау, бұл деңгей арқылы олардың саяси шешім қабылдауға ықпалын бағалау;

• саяси оқиғаны оған әр түрлі қатысушылардың белсенділік деңгейі негізінде жүйелендіру;

• саяси оқиғаға қатысушылардың белсенділік деңгейін бағалау, олардың қабылданушы саяси шешімге қатынасын анықтау;

- саяси мониторинг, қажет емес әрекеттердің алдын алу;
- оппозициялық күшке қарсы әрекет шаралары;
- әрекет иерархиясын анықтау;
- контент талдау, қолдаушылар мен қарсылар тобын анықтау;

- эксперттік бағалау;
- болжау.

№18. САЯСИ ДАМУ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ

1 Саяси даму ұғымы мен концепциялары.

2 Саяси модернизация теориялары мен түрлері.

I Саяси даму ұғымы мен концепциялары. Қазіргі саясаттану ғылымында «саяси даму» ұғымының жалпытаныған анықтамасы жоқ. Көбінесе саяси әдебиеттерде саяси даму мына мәндерге ие болады:

- экономикалық дамудың алғышарты;
- өндірістік қоғамға тән саясат;
- саяси модернизациялау;
- ұлттық-мемлекетті басқару;
- әкімшілік және құқықтық даму;
- жаппай жұмылдыру және қатысу;
- демократиялық қоғамды құру;
- өзгерістер сабақтастығы мен тұрақтылығы;
- әлеуметтік өзгерістердің көпжақты процесінің бір аспектісі.

Саяси ілімдер тарихында саяси дамудың әр түрлі концепциялары қалыптасқан. Мәселен, саяси дамудың **либералдық өкілдері**, саяси дамудың өлшемі ретінде адам құқығының жоғарылығын, мемлекеттің азаматтық қоғам бақылауында болуын, плюрализм мен рухани бостандықты алады. Ал, **консерваторлар**, саяси дамудың негізгі құндылықтары ретінде саяси іс-әрекеттегі моралдық басымдылықты, басқарудың алдыңғы формасымен сабақтастықты, билікті ұйымдастыруда базалық қалыптары мен қағидаларын сақтауды есептейді. **Марксизм**, саяси жүйе дамуының өлшемін жеке меншіктің қоғамдық меншікке ауысуымен, жұмысшы табының гегемондығымен және коммунистік партияның жетекшілік ролі артуымен байланыстырады. Демек, алдыңғы екі бағыт демократияның тоталитаризмге, ал марксизм болса социализмнің капитализмге үстемдігін қолдайды.

Бірақ, саяси процестер аяқталмаған транзитті қоғамда бұл өлшемдерді пайдалану қиындық тудырып ғана қоймайды, кейде даму идеясының өзіне қарама-қайшылық тудырады. Мәселен, билікті демократиялық негізде институттау, плюрализмді кенейту басқарудың деспоттық формасының қалыптасуына, немесе қоғамды басқаруда жағымсыз салдарлардың тууына алып келуі мүмкін.

Саяси даму – саяси құрылымдар, қалыптар, институттардың жаңа әлеуметтік, экономикалық және т.б. мәселелерді тез арада қабылдау қабілеті мен сезіну икемділігіне, әрі қоғамдық пікірді қабылдау мүмкіндігіне тәуелді. Демек, кері байланыстың тұрақты механизмі қалыптасуы тиіс, бұл дегеніміз басқарудың тиімді буындары тұрғындар пікірлерін есепке алуға қабілетті, шешімді тиімді таратушы, саяси жүйе шиеленісті реттеудің икемді механизміне айналған және билікті қолданудың тиімді жолдарын таңдаған деген сөз. Мұнда бұл мемлекет қандай нақты ұлттық-мемлекеттік форманың өзгерісін

иеленетіндігі ешқандай мәнге ие болмайды, қандай партия, қандай идеология саясатты анықтайтындығы ешбір рөл атқармайды. Ең негізгісі, саяси институттардың жаңа проблемелерды шеше білу қабілетінде, оның қоғаммен ашық сипаттағы қатынасы билік жүйесінің жағымды динамикасын, өмір сүрудің жаңа сапасына өткендігін бейнелейді. Бұл пікірді Д. Истон, Г. Алмонд және Г. Пауэлдің саяси жүйедегі ең бастысы оның құрылымында емес, іс-әрекетінде деген тұжырымдары да растайды.

Саяси даму дегеніміз саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің дамуы және талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуы.

Саяси дамудың мақсаты қандай да бір тиынақты саяси қатынас пен қалыпты қалыптастыру немесе өзгерту емес, саяси институттар мен ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу. Саяси даму процесі саяси жүйенің ішінде оның мақсатының мынадай факторлармен – әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылық, теңдік, қатысу т.б. өзара байланысы болуын талап етеді. Табысты бөлудегі теңсіздік пен саяси қатысуды күштеп шектеуге талпынған даму жағдайында әлеуметтік қиналыс, саяси тұрақсыздық күшейеді, сөйтіп саяси даму процесі бұзылады.

Саяси дамудың эволюциялық жолы үшін қажетті жағдайлар мыналар:

1 тұрғындардың шешім қабылдау мүмкіндігін кеңейту, қоғамдық сұраныс пен мүддені есепке алу;

2 билік үшін күресте әділ және еркін бәсекелестікті орнату;

3. шиеленісті шешудің тиімді механизмін қалыптастыру;

4 саяси жетекшілердің біліктілігі, хабардарлығы, қарсыласымен келісімге келе білу қабілеті, күштеуге жол бермеу;

Саяси жүйедегі даму процесі:

1 талаптар мен қолдауды артикуляциялау, оны әр түрлі күштеу топтары мен саяси партиялар атқарады. Егер олардың қызметі шектетілетін болса, онда саяси жүйенің бейімделу мүмкіндігі әлсірейді. Талаптарды електеу, белгілі бір каналдарға бөлу. Ол мәдени әрі құрылымдық болып екіге бөлінеді. Құрылымдық немесе саяси түрі, оған партия, жоғары қабат, парламентаризм жатады. Мәдени реттеуге саяси қалыптар, құндылықтар, түсініктер, қозғалыстар жатады. Сондықтан мұнда саяси әлеуметтендіру рөлі басым. Талаптарды қысқарту, топтастыру, баламалық талдауды қалыптастыру. Бұл қызметті саяси партиялар тиімді атқарады. Қазақстан Республикасында саяси партиялардың әлсіздігі саяси жүйенің сыртқы және ішкі өзгерістерге тез арада бейімділігінің стратегиялық потенциалын төмендетуде.

2 Кері байланыс қоғамдағы шиеленістерді шешудің бірден-бір көзі, ол биліктің саяси жүйеге түскен талап-тілектерді реттеу қабілетіне байланысты. Кері байланыс саяси жүйенің өзінің мақсатына қаншалықты жеткендігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында саяси жүйе кері байланыс әлсіздігінен қиналысқа ұшырауда. Бұл саяси жүйенің ақпараттар каналдарының қызметі әлсіздігіне байланысты.

К. Дойч саяси жүйе өз мақсатына жетуі үшін мына төрт факторға тәуелді деп есентейді:

• жүйенің ақпараттармен жүктелуі;

• саяси жүйе реакциясының жылдамдығы;

• саяси жүйенің жаңа фактілерге тез, әрі сапалы жауап қайтаруы;

• мақсатты нақты белгілеу.

Демек, саяси жүйе қызметінің тиімділігі қамтамасыз ететін факторларға айналымдағы ақпараттардың жеткіліктілігі мен сапасы, жүйенің сыртқы ықпалдарға жауап қайтару жолдары мен формалары, сонымен қатар коллективтік әрекет арқылы білдіру, оның нәтижесінің бастапқы мақсатқа сәйкес келуін жатқызуга болады.

2 Саяси модернизация теориялары мен түрлері. Саяси модернизация дегеніміз саяси жүйенің әлеуметтік мақсаттарға бейімделу қабілетінің үнемі және табысты дамуы, сонымен бірге үкімет пен халық арасында тиімді байланыстың механизмдерін қалыптастыру. Демек, саяси саладағы модернизация әлеуметтік талаптарды қанағаттандыру және мемлекет пен саяси қатысудың ортақ тетігін табуы тиіс.

Модернизация мақсаты – белгілі бір жетістік пен табысқа жету. Мұнда нарық пен азаматтық қоғам қағидаларына негізделген әлемдік экономика стандарттарына жету міндеті қойылады.

Модернизация теориясының классиктері: О. Конт, К. Маркс, М. Вебер, Г. Зиммел, Ф. Теннис, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс болып табылады. Бұл аталған ғалымдардың ұсынған модернизацияның классикалық теориялары мен еңбектері мыналар:

1 О. Конт, «адамзат дамуындағы үш кезең» идеясы;

2 К. Маркс, «тарихи материализм» теориясы;

3 М. Вебер, «рационализация» (ұтымды ету) теориясы;

4 Г. Зиммел, «абстракция» теориясы;

5 Ф. Теннис, «қауымдастық» және «қоғам» туралы теориялар;

6 Э. Дюркгейм, «механикалықтан органикалық ынтымақтастыққа өту» теориясы;

7 Т. Парсонстың «әлеуметтік жіктеу рөлін талқылау» идеясы.

Модернизациялау үдерісін зерттеп, сипаттауға қажетті саяси дамудың әртүрлі тұжырымдамалары бар. Олар: 1 «модернизация»; 2 «даму»; 3 «артқа қалу»; 4 «тәуелділік».

Демократиялық модернизациялану процесін американдық зерттеуші К. Менгес сатыларға бөліп көрсетті;

Біріншісі, дағдарыс пен бұрынғы режимнің моральды-саяси төзуі;

Екіншісі, әр түрлі коалициялардың жеңісі немесе жартылай жеңісі;

Үшінші, бұрынғы режиммен қалған кейбір жетекшілер мен ұйымдардың билікке қайта оралуы.

Демократиялық модернизацияның өзіндік, қазақстандық жолын Н.Ә. Назарбаев ұсынды: «Халықтың көпшілігі қолдаған қазақстандық жол – сызбаны қоз жұма көшіре салу емес, өзіндік жолды іздеуге ұмтылу. Мұнда біз басшылыққа алатын басты қағида – қан мен хаосқа толы демократия бізге керек

емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және халықаралық тұрақтылық».

Модернизацияның түрлері:

1 Классикалық спонтанды үлгісі, (Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Австралия) феодалдық қоғамның әртүрлі құрылымының модернизациясының жүйелілігі қазіргі қоғамның негізгі құрылымдарының пайда болуына түрткі болды.

2 Модернизацияның екінші үлгісі, кешіккен және негізгі емес үлгі (Жапония, Бразилия, Аргентина, Пиреней түбегі).

3 Кешігу модернизациясы үлгісі (Испания, Португалия).

№19. САЯСАТТАҒЫ ШИЕЛЕНІСТІК ЖӘНЕ ДАҒДАРЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

- 1 Саясаттанудағы саяси шиеленіс теориялары.
- 2 Шиеленістің шығу себептері мен кезеңдері және түрлері.
- 3 Шиеленісті шешудің жолдары мен әдістері.

1 Саясаттанудағы саяси шиеленіс теориялары. Шиеленіс дегеніміз әрбір қарсы жақты қолайсыздыққа ұшыратып, істі насырға шаптыратын қарама-қарсы мүдделердің, пікірлердің, көзқарастардың қайшы келуі, елеулі келіспеушілік, өткір пікір талас.

Саясаттану ғылымында ұзақ жылдар бойы қоғамдағы қайшылықтар, дағдарыстар, шиеленістер, төңкерістер, яғни мемлекеттегі тұрақсыздық, ойдағыдай дамымауы ауру болып саналды. Көптеген ойшылдар қоғам, мемлекет бірқалыпты, тұрақты дамуы керек деп санады. Сондықтан қоғамдағы тұрақтылық ең негізгі құндылық болып саналды.

Бірақ ол мүмкін нәрсе емес еді, өйткені қоғамда әр түрлі әлеуметтік топтар, таптар, қабаттар тұратын болғандықтан, олардың мақсат-мүдделері, талап-тілектері де соншалықты әр түрлі болып келеді. Бұл әр түрлілік, сәйкес келмеушіліктер айырмашылықтарды тудырады, олар дер кезінде шешілмей шиеленістерге айналып отырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында: «Егер әртүрлі топтар оларды қандай саяси, идеология, діни, этникалық немесе топтық мүдделердің біріктіретіндігіне қарамастан қарама-қарсылық күйде болса, бұл халықты ортақ игілікке қол жеткізу мен өзінің ұлттық мүдделерін іске асыру мақсатынан жаңылыстыратын қауіпті жағдайға әкеп соғады» – деп шиеленістердің қоғам үшін қауіптілігін баса айтады.

Адамзат шиеленісті зерттеуге өте ертеден-ақ көңіл бөлген, б.з.д. VII-VI ғасырлардағы қытайлық философтар дүниедегі нәрселердің бәрінің қозғалысының көзі оң (ян) және теріс (инь) бастаулар болады деп айтады. Ежелгі грек ойшылы Гераклит заттар мен құбылыстардың дамуы қарама-қарсылықтардың күресінен туады және ол күрес жаппай, барлығы мүмкіндігіне қарай күрес арқылы болып өтеді деп жазады. Бұл пікірді Сократ, Платон, Эпикур де мойындаған.

Қоғамдағы шиеленісті зерттеуге Н. Макиавелли ерекше көңіл бөлді. Рим тарихына арналған еңбегінде шиеленістің әр түрлі деңгейін қарастыра отырып,

оның қоғам дамуындағы маңыздылығын айтты. XVIII ғасырдағы саяси шиеленісті зерттеуші ойшылдар оны үстемдік пен тәуелділікке әкеп тіреді және ол мемлекет реттеуімен шешіліп отырады деп есептеді.

Шиеленісті әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеген А. Смит болды. Бұл зерттеуін «Халық байлығының себептері мен табиғаты туралы зерттеулер» (1776ж.) атты кітабында жүргізген. А. Смит шиеленістің негізіне қоғамның таптарға қысым жасауы мен экономикалық бәсекелестікті жатқызады, әрі оны қоғамның қозғаушы күші деп есептеді. Шиеленісті зерттеуде Гегельдің ілімі ерекше орын алады. Ол қоғам дамуындағы қарама-қарсылықтардың қайшылықтары мен күресін жоғары бағалады.

Шиеленістің өзінің теориялық негізін XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әлеуметтану ғылымында алды. Бұл кезеңдегі әлеуметтану ғылымы биология ықпалында болды, сондықтан шиеленісті дарвиннің теориясы негізінде түсіндірді. Кейінен әлеуметтануда психологиялық бағыт қалыптасты, сөйтіп шиеленіске әлеуметтік-психологиялық көзқарас таратылды. Одан кейін әлеуметтануға функционализм күшті ықпал етті, ол шиеленісті жағымсыз рөл атқарады деп, оны зерттеуді соңғы орынға шығарды.

Сөйтіп шиеленісті зерттеудің мынадай төрт концепциясы қалыптасты:

- 1 «Шиеленістің жағымды-функционалды» концепциясы /Л. Козер/;
- 2 «Қоғамның шиеленістік моделі» концепциясы /Р. Дарендорф/;
- 3 «Шиеленістің жалпы теориясы» концепциясы /К. Боулдинг/;
- 4 «Шиеленістің маркстік теориясы» /К. Маркс, Ф. Энгельс/.

Л. Козер шиеленістерге құндылықтар, мәртебе, билік, қаржы-қаражат үшін күрестерді жатқызды. Л.Козер концепциясының мәні – қоғамға әлеуметтік теңсіздік, мәңгілік психологиялық қанағаттанбаушылық тән, сондықтан индивид пен топтар арасында қайшылық, сезімдік – көңіл күйінің тұрақсыздығы пайда болады, олардың қарым-қатынасы бұзылады. Сондықтан Л.Козер әлеуметтік шиеленіске белгілі әлеуметтік пен индивид сезімдерінің қайшылығын жатқызады.

Неміс әлеуметтанушысы **Р. Дарендорф** «қоғамның шиеленістік моделі» атты теорияны қалыптастырды. Ол «Индустриалдық қоғамдағы таптар мен таптық шиеленістер» деген еңбегінде билікті бөлуге байланысты адамдар арасында теңсіздік пайда болады, олар шиеленіске әкеліп, қоғамның құрылымын өзгертеді деп санады. Бұл өзгерістерді шиеленістер өздері-ақ жүзеге асырады, сондықтан К. Маркс айтқан революциялық төңкеріске жол бермеу керек деп есептеді. Сонымен бірге жаншылған шиеленістер қоғам организміндегі қатерлі ісікке айналады деп жазады.

Қоғам өмірінің ішкі және халықаралық жағдайына да қолдануға қолайлысы **К. Боулдингтің** «шиеленістің жалпы теориясы» концепциясы болып табылады. Бұл теория оның «Шиеленіс және қорғау. Жалпы теория» деген кітабында қалыптасқан. Оның пікірі бойынша шиеленіс қоғамдық өмірден ажыратылмайды. Әлеуметтік шиеленістің мәні адамның қалыпты реакциясына байланысты. Қандай кикілжің болмасын тітіркендіргіштер, қоздырғыштардың әрекеттері арқылы реакцияларды, құндылықтарды, жеке

адамдардың құштарлықтарын өзгертуге болады. Сонын нәтижесінде қоғамдық құрылыс түбірімен өзгеріске түседі деп санаған. Сонымен бірге, К.Боулдинг шиеленістің алдын-алу керек немесе шектеп отыру керек деп есептеген.

Саяси шиеленістерге ерекше көңіл бөлген марксизм. **К. Маркс пен Ф. Энгельс** «Коммунистік партияның манифесі» атты еңбектерінде тап күресі таптық қоғамдардың дамуының заңдылығы деп жазады.

2 Шиеленіс шығуының бірнеше себептері бар, мәселен:

Шиеленістің бірінші себебіне, адамдардың қоғамдағы мәртебесі, қызметі, билікке қатынасының теңсіздігі жатады. Қоғамда адамдардың бір тобы үстемдік етеді, екіншісі көпшілік адамдар бағынады, алғашқылардың айтқанын істейді.

Шиеленістің екінші себебі, қоғамдағы адамдардың сұраныстарының, мұқтаждықтарының, мүдделерінің өтелмеуі немесе қанағаттандырылмауы. Бұдан байқайтынымыз шиеленіс мәңгілік, өйткені қоғамдағы барлық адамдардың, барлық уақытта мүдделерінің, талап-тілектерінің орындалуы мүмкін емес. Ондай қоғам еш жерде жоқ.

Шиеленістің үшінші себебі, қоғамда әр түрлі әлеуметтік, этникалық, діни т.б. бірлестіктерге жататын адамдардың өмір сүруі. Осы жоғарыдағы ерекшеліктеріне сай қоғамнан орын алуы мүмкін, онда өздерінің жағдайларына қанағаттанбай, басқалардың қысымын сезінуі. Бұл шиеленістік ахуалды тудырады.

Шиеленістің төртінші себебі адам санасында. Қоғамда қалыптасқан құндылықтар мен жеке адамның түсініктерінің сай келмеуі, адамдар үмітінің ақталмауы, ішкі сезімдерінің сай келмеуі.

Саяси шиеленіс дегеніміз саяси субъектілердің саяси қызығушылықтарының, құндылықтары, мақсаты мен көзқарастарының қарама-қайшылықтарына негізделген қақтығыстар мен күресулер. Саяси шиеленіс ұғымы бір субъектілердің екіншісімен саяси қатынас жүйесіне ықпал ету мақсатындағы күресін білдіреді. Саяси шиеленіс әлеуметтік шиеленістен ерекшелігі, ол барлық азаматтар үшін міндетті, мүдделер мен мемлекеттік билік субъектілері арасындағы өзара әрекет. Саяси шиеленістердің объектісі мен пәні саяси және мемлекеттік билік, оны иелену, билік институттарының құрылымы, әлеуметтік топтардың саяси статусы, саяси құндылықтар мен рәміздер болып табылады. Мұнда әңгіме адамзат индивиді, топтар, билікті алып жүруші ұйымдар туралы болып отыр. Әрбір саяси жүйе өзіндік саяси статустық құрылымға ие: бірі үстемдік етеді, бірі бағынады, бірі басқарады, бірі басқарылады т.б. Бұл моделдердің әрқайсысына билік субъектісі мен оның объектісі- үстемдік етуші мен бағынушы арасындағы қарама-қайшылық енгізілген. Бұл саяси шиеленістің көзі болып табылады. Оның болуы объективті және субъективті себептер мен жағдайларға байланысты.

Саяси шиеленістер даму барысында бірнеше кезеңдерден өтеді. Алғашқы кезеңдерінде шиеленістерге негіз туады. Оларға қажетті көңіл бөлінбесе өрши түседі. Мысалы, адамдардың өмір сүру деңгейі төмендейді, құқық сақтау, адамгершілік тәртіптер бұзылады. Әділетсіздікті бұрынырақ сезетін қарсы жақтың алдыңғы қатарлы адамдары өздерінің келіспеушіліктерін білдіре

бастайды. Екінші кезеңінде, келіспеушілік, наразылық ашық айтылып, алғашқы қақтығыстар болуы мүмкін. Шиеленістер кезінде басқарушы топтың әр түрлі қылмыстары ашылып, беделдері кетіп, сенімсіздік туады. Одан кейін, үшіншіден екі жақта ашық қарсылық, қақтығыстар болуы мүмкін. Екі жақты да адамдардың көпшілік топтары қолдап, даудың шеңбері кеңеюі мүмкін. Егер мұның бәріне жол табылып, шешілмесе, қарулы қақтығысқа айналады.

Саяси шиеленістердің түрлері. Шиеленістердің алғашқы классификациясын жасауға талпынған американдық социолог П. Сорокин. Ол шиеленісті тұлғааралық немесе топаралық, яғни жеке адам немесе әлеуметтік топтар арасында деп бөлуді ұсынды. Бұл классификация бойынша халықаралық, этникалық, және т.б. басқа шиеленістер екінші топқа енеді.

Кейінен ғалымдар шиеленістің нақты классификациясын жасауға тырысты. Оны К. Боулдинг, Й. Галтунг, С. Чейс, К. Холсти жасады. Бұл классификациялардың барлығы зерттеуші ғалымдар шиеленіс феноменін қалай түсінетіндігін көрсетті.

Шиеленістің дәстүрлі классификациясында, шиеленістер мына негіздер бойынша анықталынады:

1 оған қанша жақтар қатысады, шиеленістің тікелей және жанама қатысушылары қандай. Бұл өлшем бойынша ішкі, халықаралық, өлкелік шиеленістер, дүние жүзілік соғыстар жіктелінеді. Егер қатысушылар екеуден көп болса, ол көпжақты, бұндай шиеленісті реттеу қиын болады.;

2 шиеленістік өзара әрекеттің жылдамдығы мен сипаты қаншалықты, шиеленіс тек шиеленістік қатынаспен ғана шектеледі ме әлде қарулы қақтығысқа орын берелді ме. Жауласу деңгейі жоғары болған сайын шиеленісті реттеу де қиын болады.

Қарама-қайшылық негізі не (этникалық, діни, идеология) және айтыс-тартыс пәні не (территория, ресурстар, ықпал саласы). Бұл параметрлер бойынша шиеленісті анықтау өте қиын, онсыз реттеу де қиынға соғады.

Американ ғалымы Дж. Стоссинджер пікірі бойынша ХХ ғасырдағы көптеген қарулы қақтығыстардың болуының себебі саяси лидерлердің қабылдау қателіктері болды. Бұл қателіктер мыналарда бейнеленді:

1 өз мүмкіндігін дұрыс бағаламау;

2 қарсы жақ лидерін бұрыс бағалау, оның тұлғалық сапасын ескермеу;

3 қарсы жақтың ойындағысын қате қабылдау, олардың күшін, мүмкіндігін ескермеу.

Саяси шиеленісті саясаттану ғылымында жіктеудің мынадай түрлері кездеседі:

1 Көріну саласы мен облысы бойынша, мұнда ішкі және сыртқы саяси шиеленістер көрініс береді. Халықаралық шиеленістер «соғыс жағдайындағы» шиеленіс, онда бір мемлекет екіншісіне талаптар қоя отырып, екінші мемлекет күрескеннен гөрі шегіністерге барады деп үміт күтеді.

«Жауласушылықты ақтау», көбінесе арандатушылық әрекет, қалыптасқан ахуалда орындалуы мүмкін емес талаптар қойып, екінші жақты әдейі қақтығысқа шақыру (гитлерлік Германия).

2 Ішкі саяси шиеленістің өзі әр түрлі билік субъектілері арасында өтеді. Билеуші және оппозициялық элита, бәсекелесуші партиялар мен мүдделер тобы, орталық билік пен жергілікті билік құрылымдары арасындағы шиеленістер.

3 Нормативті реттелу деңгейі мен сипаты бойынша. Бұл жағдайда институттанған немесе институттанбаған шиеленістерді айтуға болады, адамдардың саяси ойын ережесіне бағыну немесе бағынбау қабілеттілігін айтуға болады.

4 Сапалық сипатына қарай шиеленісті бөлу, «терең» және «таза» шиеленістер (Дж. Бертон); адам санасына байланысты «нөлдік сомадағы» немесе «нөлдік емес сомадағы» шиеленістер (П. Шарон); антогонистік немесе антогонистік емес шиеленістер (К. Маркс).

5 Ашық және жасырын саяси шиеленістер:

1 манифестация, шеру, сайлауға қатысу.

2 жасырын саяси шешім қабылдауда билеуші элита арасында кездеседі немесе биліктің әр түрлі тармақтары арасында болу мүмкін.

6 Мерзіміне қарай жылдам, қысқамерзімдік, ұзақмерзімдік шиеленістер болып бөлінеді.

7 Тік немесе көлденең саяси шиеленістер де болады.

Кейде билік басындағылар шиеленісті байқаса да байқамағансуы мүмкін. Ондайда шиеленіс бықсып, жанып өрістеуі мүмкін. Сондықтан, шиеленісті шешу керек. Бұрын одан шығудың екі жолын қолданған:

1 қоғамның «таза» дамуына сәйкес келмегенді өз арасынан аластатып сыртқа ығыстырып шығару арқылы құтылғысы келген.

2 керексіз жағдайды, құрылымды тура жаншып құрту, жою. Бұл шиеленістерді шешудің екі жолында шиеленіс шешілген сияқты, алдамшы түсінік бар. Ал, шын мәнінде ол ауруды ішке тыққанмен тең.

3 Шиеленісті шешудің жолдары мен әдістері. Қазіргі кезде шиеленісті шешудің екі жолы қалыптасқан:

1 Шиеленісті мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу. Мәміле деп дау-жанжалға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бір-бірін ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.

2 Зорлық негізінде бітістіру, келістіру. Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.

Екі жақты татуластырудың кең тараған түрі – келіссөздер. Ол арқылы қарсы жақтың пікірі, дәлелдері белгілі болады, күштің арақатынасы айқындалады, келісім шарттары анықталынады. Дағдарыс жағдайынан шығу үшін оның мәнін, ерекшеліктерін, әлеуметтік негізін және т.б. зерттеп білген жөн.

Қоғамда саяси жанжалдар болуы көбінесе оппозицияның бар-жоғына да байланысты. Бұрынғы Кеңес дәуірінде көппартиялық оппозиция ерсі сияқты көрінетін. Ал демократиялық елдерде олар қажетті шарт. Олар болмаса билік ұйымдарына сенімсіздік туады, олар бюрократияланады. Оппозицияда әр

топтың талап-тілектері, көзқарастары ескеріледі. Сондықтан философ Дж. Милль демократиядан оппозицияны алып тастаса диктатура қалады деп тегін айтпаған.

Шиеленіс болған соң, одан қайткен күнде де шығу керек. Ол адамзаттық келісім негізінде шешілуі тиіс. Оның екі жолы бар:

1 араздық, жаулық қауіпін бұзып, сенім жағдайын туғызу;

2 барлық деңгейде адамдардың қарым-қатынасын бір қалыпты жағдайға түсіру. Зорлықтан аулақ болу.

Шиеленісті шешудің әр түрлі әдістері қалыптасқан, мәселен:

Біріншіден, шиеленістен қашу әдісі. Мысалы, белгілі бір саяси қайраткердің саяси аренадан өз еркімен кетуі, елден эмиграция, «қарсыласымен» кездесуден қашу т.б. Бұл әдіс шиеленісті толық шеше алмайды, оның негізгі қарама-қайшылығын сақтап қалады.

Екіншіден, бұл оны жоққа шығару немесе орнын ауыстыру әдісі. Бұл тәсіл шиеленісті бір саладан екіншісіне ауыстыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, конфронтация әдісі. Бұл әдіс шиеленісті саяси тәртібімен қосып жойылуына алып келеді (1917 ж. революция мен 1991 ж. КСРО-дегі қайта құрулар).

Төртіншіден, шиеленісті тоқтата тұру әдісі, шиеленісуші жақтар назарын басқа жаққа ауыстыру, көбінесе күш жинау үшін, уақыт ұту үшін қолданылады.

Бесіншіден, шиеленісті реттеу әдісі, қақтығысушы жақтардың бағыттары мен мүдделерінің жақындастырылуы. Бұл татуластырушылық шара болып табылады. Мұнда шиеленісті шешуге келісімдік комиссия, шиеленіс жөніндегі менеджерлер, жеке саяси қайраткерлер, мемлекеттер болуы керек. Бұл шиеленісті шешу тәсіл Гаага конвенциясында (1907ж.) тіркелген.

Алтыншы, арбитраж немесе үшінші біреудің қатысуымен шиеленісті шешу әдісі. Шиеленісуші екі жақтың өз тартыстарын шешуді үшінші бір жаққа беруі.

№20. САЯСИ МӘДЕНИЕТ

1 Саяси мәдениет түсінігі, құрылымы мен қызметтері.

2 Саяси мәдениеттің жіктелуі.

3 Қазақстандық саяси мәдениеттің ерекшеліктері.

4 Толеранттылық мәдениеті.

1 Саяси мәдениет түсінігі, құрылымы мен қызметтері. Саяси мәдениет құбылысы саяси зерттеу объектісі ретінде ертеден-ақ танымал. Ең алғаш рет «саяси мәдениет» ұғымын қолданған, ғылыми әдебиетке енгізген ХУІІІ ғасырда өмір сүрген немістің ағартушы-философы Иоганн Гердер (1744-1803ж.ж.) болып табылады. Бірақ, бұдан саяси мәдениет туралы оған дейін ешқандай ой-пікірлер болмаған деген түсінік қалыптаспауы тиіс. Атап айтсақ, антикалық ойшылдар Платон «Мемлекет», «Заңдар», Аристотель «Саясат» деген еңбектерінде, кейінірек Н. Макиавелли, Ф. Бэкон, Ш. Монтескье т.б. ойшылдар бұл мәселеге көңіл бөлген. Олар тәрбиеленген дәстүрі, әлеуметтік, саяси тәжірибесі әртүрлі адамдардың бірдей жағдайда сезінуі,

жауап қайтаруы, әрекеті әртүрлі болатындығын байқаған. Оның себебін білгілері келген, оған жауап іздеген.

Саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оның негізгі пікірлерін жасауға М. Вебер, Э. Дюргейм, Т. Парсонс сияқты батыстың ірі ғалымдары да үлкен үлес қосты. Бірақ, саясаттану ғылымының ұғымдық жүйесіне «саяси мәдениет» ұғымын американдық ғалымдары Г. Алмонд пен С. Верба ХХ ғасырдың 60-шы жылдары енгізді. Бұл кезеңде саяси мәдениетті зерттеуге деген қызығушылықтың артуы үшінші әлем елдерінде, әсіресе Африкада пайда болған тәуелсіз елдердегі (отарлық езгі құлауынан) саяси тәжірибе ерекшеліктеріне байланысты болды.

Г. Алмонд саяси жүйені зерттей отырып, оны талдауды екі деңгейге бөлді: 1) **институционалдық**, институттарды, олардың қызметтерін, мемлекеттік саясат қалыптасуы механизмі мен нормаларын сипаттаушы, және 2) **бағдарлық**, тұрғындардың саяси объектіге бағдарының ерекше формаларын бейнелеуші. Бұл бағдарлар өзіне **танымдық, көңіл-күйлік, бағалау** аспектілерін қамтиды. Бұл бағдарлардың жиынтығын Г. Алмонд айтуы бойынша саяси мәдениет құбылысы сипаттайды.

Жаңа қоғамдық жүйеге өту қоғамның саяси мәдениетінің даму қарқынымен тікелей байланысты. Қазіргі саяси ғылымдар саласында саяси мәдениеттің қырықтан астам анықтамасы бар.

Бұл осы түсініктің өте күрделі екендігін көрсетеді. Ол анықтамалардың кемшіліктері де бар. Олардың біріне анықтамаға тән емес мәселелер қосылған, мысалы, еңбектегі белсенділік. Кейбір анықтамаларда саяси мәдениет саясаттанудың басқа категорияларынан бөлек қаралады. Кейде саяси мәдениетті рухани мәдениеттің бір бөлімі деп қарайды.

Осы кемшіліктерді ескере отырып, саяси мәдениетке берілген анықтамалардың бірнешеуін талдап көрейік. Поляк саясаттанушысы **Ежи Йозеф Вятрдың** айтуы бойынша саяси мәдениет – ол үкімет пен азаматтар арасына қатынасы бар нұсқаулардың, бағалаулардың, мінез-құлықтардың жиынтығы. Сондықтан саяси мәдениетке мыналар жатқызылады:

- а) саясат туралы түсінік, оған құштарлығы;
- б) саяси оқиғаларды бағалай білу;
- в) саяси мақсаттың сезімдік жағы, мысалы, отанды сүйу, оның жауларына өшпенділік;
- г) бұл қоғамды мойындайтын саяси бағыттардың үлгілері.

Ал, ғалым **Е.С. Шестопа**л саяси мәдениетке анықтама бере отырып, оны төрт топқа бөледі:

1 **«Психологиялық»**, саяси мәдениет – саясат объектісіне бағыт беруші жүйе;

2 **«Жалпыкөлемдік»** бойынша саяси мәдениет – жеке адамның саяси мінез-құлқының құрылымы;

3 **«Объективтік» анықтама бойынша** саяси мәдениет – жеке адамның тежеуіші;

4 **«Эвристикалық»** бағыт саяси мәдениет сараптау мақсатында қолданылады деп санады.

С.А. Оболенский пікірі бойынша саяси мәдениет түсінігіне үш негізде анықтама берілген. Оның ойынша 1) **А.Г. Агасв, А.И. Арнольд, Ф.М. Бурлацкий, А.А. Галкин, С.К. Рябов** бұл саяси категорияны саяси қызмет, құндылық, принцип және тарихи тәжірибе ретінде сараптаған. 2) **Ю.Ф. Ожигова, Ю.Т. Тихонов, Р.Г. Яновский** адамның саяси дамуы мен белсенділігі және саяси тәжірибесін қолдана білу деңгейі деп есептеген. 3) **Мына ғалымдар Е.М. Бабасов, Г.О. Белов, М.Т. Иовчук, Н.М. Кейзеров, Я.Н. Коган** саяси мәдениет – адам күшінің формасы мен әдістері негізінде түсіндіргісі келген.

Ағылшын саясаттанушылары **Р. Карр** мен **М. Бернштейн** саяси мәдениетке саяси идеялар мен әлеуметтік тәжірибе, адамдардың саяси өзін-өзі ұстауы да кіреді дейді. Олардың ойынша, саяси мәдениетке әлеуметтік топтардың саяси іс-әрекеттеріндегі тәсілдерді, саяси нанымның табиғаты және оның мүшелерінің қазыналары жатады.

Кенес өкіметі кезінде бұл пікірге **Ф. Бурлацкий** мен **А. Галкин** қарсы шықты. Олар адамдардың саяси іс-әрекеттері саяси мәдениет ұғымынан кең, оны өз алдына зерттеу керек деп есептеді. Бірақ, бұл көзқараспен келісу қиын. Себебі, біріншіден, саяси мәдениеттен саяси іс-әрекет пайда болады. Екіншіден, егер адамдардың саяси өзін-өзі ұстауын саяси мәдениеттен бөліп алсақ, оның іс-әрекеттік жағы ескерілмей қалады. Ал, қандай мәдениет болмасын ол сананың элементтерімен бірге нақтылы іс-әрекеттің бірлігін білдіреді. Сондықтан біз саяси мәдениетке саяси санамен қатар іс-әрекеттер де кіреді деп есептейміз.

Сонымен, саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамда немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.


- Саяси мәдениетті әртүрлі бағыттарда қарастырылған:
- 1 **Г. Алмонд, С. Верба, Б. Дивайн, Б. Краснов** – саяси құндылықтық бағдар негізінде қарастыра отырып, оны рухани құбылыстар жиынтығы дейді;
 - 2 **С. Вайт** нормалық талаптардың пайда болуын саяси мәдениет деп түсіндіреді;
 - 3 **Л. Диттмер** саяси мәдениет саяси рәміздер жиынтығы деп есептейді;
 - 4 **Дж. Плейно** саяси мәдениетті іс-әрекет, мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы ретінде қарастырады;
 - 5 **У. Розенбаум** саяси мәдениет саяси қызмет тәсілі дейді;
 - 6 Барлығынан гөрі саяси мәдениетке дәлме-дәл анықтама берген **Роберт Такер** «саяси мәдениет – қоғамдағы күнделікті өмір салты, өзіне ойлау тәсілдерін, сенімді және іс-әрекет үлгілерін қамтушы». Мұнда индивид санасы мен іс-әрекеті және әртүрлі қауымдастық топтар мен ұлттар да қамтылады.

Қоғамдағы саяси мәдениет адамдар санасы мен іс-әрекетін ғана емес, саяси институттар әрекетінің мазмұнына да тікелей ықпал етеді. Қоғамда саяси жүйенің бір элементі ретінде саяси мәдениет: қоғамның саяси жүйесінің тұрақтылығын; тұрғындардың әртүрлі қабаттарының бірлігін; билеуші элитаның әлеуметтік базасының беріктігін; қабылданған саяси басқарушылық

шешімдерге тұрғындар реакциясын байқау мүмкіндігін; сабақтастық негізінде қоғамның саяси өмірін өндіруді қамтамасыз етеді (14-кесте).

Жалпы мәдениет құрамдас бөлігі бола отырып, саяси мәдениет өзіне әлеуметтік-саяси институттарда бекітілген объективті элементтерді, саяси сана элементтерін – бағдар, құндылық, нұсқауларды қамтиды. Халықтың тарихи санасы ұлттық саяси өмірде сабақтастықты сақтаушы мемлекеттік және саяси проблемаларды шешу тәсілдері мен дәстүрлерін нақты кезеңдерде жарыққа шығарып отырады. Саясаттанушылар қоғамның саяси мәдениетін үш негізгі бөлікке бөледі. Бұл бөліктер адамдардың үш түрлі саяси бағдарларымен байланысты: 1) билік құрылымына байланысты; 2) қоғамның басқа мүшелеріне қатынасына қарай; 3) өзінің саяси белсенділігіне қатынасына қарай.

14-кесте



1 Билік құрылымына қатынас өзіне екі түрді: саяси тәртіпке қатынасты және биліктік шығыс пен кіріске қатынасты қамтиды. Тәртіптік бағдар индивидтің билік құрылымының қызметін бағалауын, қабылдаған шешімдерге /шығысқа/ олардың қатынасын білдіреді.


2 Индивидтің басқаларға қатынасын жағынан саяси жүйеге бағдары үш түрді қамтиды: саяси етенелесу, саяси сенім, «ойын ережесі». *Саяси етенелесу* – индивидтің саяси жүйені мойындауы, оған деген жауапкершілігі мен міндеткерлігі. *Саяси сенім* – индивидтің басқалармен азаматтық өмірде ашық, бірге, төзімді өзара қатынасын білдіреді. *«Ойын ережесі»* – индивидтің түсініп азаматтық өмірде бағынуы тиіс ережелерін қамтиды.

3 Саяси белсенділік өзіне екі түрді қамтиды: саяси кәсібилік және саяси мәнділік. Саяси кәсібилік индивидтің қоғамның саяси өміріне жиі араласуын,

саяси ресурстарды пайдалану мүмкіндігін білдіреді. Ал, саяси мәнділік – индивидтің өзінің саяси процеске ықпал ету мүмкіндігін сезіну.

Әр елдегі саяси мәдениет туралы білу үшін міндетті түрде оның құрылымын ажыратып алуымыз керек (15-кесте).

15-кесте



а) Саяси сана саласында саяси мәдениет мыналарды қамтиды:

- субъектінің саяси өмірге қызығушылық деңгейі (қызығушылық жоғары, орта, төмен болуы);
- субъектінің саяси санасының даму деңгейі;
- жалпы саяси жүйеге, оның жекелеген институттарына, олардың рәміздеріне қатынас;
- саяси процестің басқа қатысушыларына қатынас (қолдау немесе қарсылық);
- саяси акцияларға қатысуға даяр болу деңгейі;
- «саяси ойын ережесін» білу деңгейі (мүмкін және мүмкін емес жағдайлар);
- саяси және саяси-идеологиялық өзін-өзі етенелестіру сипаты;
- саяси тілі;

б) Іс-әрекет саласында саяси мәдениетті мыналар қамтиды:

- қоғамның саяси өміріне қатысу формасы мен деңгейі (митинг, шеру, саяси көтеріліс, партиялық қызмет);
- мемлекеттік институттармен өзара әрекет формалары мен деңгейі (конфронтация, әріптестік, әріптестік емес);

- азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекет формалары мен деңгейі (саяси партия, қозғалыстар);

- саяси процесс субъектілерімен өзара әрекет формалары мен деңгейі;

- электоралды мінез-құлық түрлері;

в) институттық деңгейдегі саяси мәдениет сипаты мыналарды қамтиды:

- саяси жүйені басқару әдістері (демократиялық, авторитарлық, тоталитарлық);

- саяси шешімді қабылдау және жүзеге асыру әдістері;

- әлеуметтік-саяси жанжалдарды реттеу әдістері;

- электоралдық процестер түрлері (сайлау ұйымдастыру формалары мен әдістері);

- ұлттық мүдделерді қорғау тәсілдері (күштеу және мәжбүр ету, мәмілеге келу).

Саяси сананың ішінде саяси мәдениетке ең алдымен қоғамның саяси өмірінің әртүрлі жақтарын бейнелейтін әдеттегі қалыптасқан түсініктері жатады. Ол саяси жүйе мен оның институттары, саяси тәртіп, билік тетіктері мен басқару, шешімдерді қабылдау мен іске асыру, билік өкілеттігінің иелері, саяси өмірдегі өз орны, саяси қызметке қатысудың күдіреттілігі мен тиімділігі жөніндегі және тағы сол сияқты түсініктерді қамтиды.

Саяси мәдениеттің келесі құрамдас бөлігіне **саяси қазыналар мен құндылықтар** жатады. Ол еркіндік, теңдік, әділдік, әлеуметтік қорғанушылық, автономия, төзімділік және т.б. сияқты байлықтардың қайсысына басымдық, артықшылық беруінен байқалады.

Саяси мәдениеттің тағы бір ерекшелігі – **адамдардың мемлекетке, саяси партиялар мен ұйымдарға қатынасы**. Мысалы, американдықтар мемлекетке сыншыл, кейде жат көзбен қарайды, ал немістер болса, мемлекетке әрқашан түзу ниет білдіреді. Немесе партияға деген көзқарасты алайық. Францияда бірпартиялықты шеттен шыққан жөнсіздік деп санайды. Сондықтан онда бірпартиялық жүйе орнауы мүмкін емес. Ал, кейбір елдерде оған үйреніп кеткен, оның ешқандай сөкеттігі жоқ сияқты. Демек, әрбір елдің, халықтың өз қозғарасы, қатынасы қалыптасқан.

Саяси мәдениетке **саяси бағдар ұстау** да кіреді. Ол субъектінің саяси құбылыстарға қатынасын білдіреді. Ол саяси білімін көтеру немесе оған мән бермеу, саяси жұмысқа белсене қатынасу немесе қатынаспау және тағы басқалардан көрініс табуы мүмкін.

Саяси мәдениетте **әдет-ғұрып, жүріс-тұрыстың** да орны зор. Мысалы, екі жапондық кездесе бір-біріне иіліп сәлем береді. Сонда ол елдің ғұрпын білетін адам қайсысының қызмет бабында төмен тұрғанын бірден байқайды. Себебі ол төменірек иіледі.

Саяси мәдениеттің ерекше белгісіне **саяси рәміздер** жатады. Әр халық өздерінің ғасырлар бойғы дәстүрлеріне сай ұлттық-мемлекеттік рәміздерін жасайды. Оған ең алдымен Ту, Елтаңба, Әнұран, Ата Заң, ақша белгілері және т.б. енеді.

Саяси мәдениетке жалпы саяси жүйенің және оның институттарының қызмет етуі кіреді. Ол мемлекеттің, партиялардың және т.б. сайлауды қалай ұйымдастыруын, әртүрлі деңгейде қабылданған саяси шешімдердің, саяси-әлеуметтік шиеленістерді ұғыну және зерттеудің мәдениеттілігін қамтиды.

Жалпы саяси мәдениет саяси процестер мен институттарға үш жақты ықпал етуі мүмкін:

1 Саяси мәдениет ықпалымен саяси өмірдің дәстүрлі формалары өндірілуі мүмкін;

2 Саяси мәдениет әлеуметтік және саяси өмірдің қоғам үшін жаңа, дәстүрлі емес формаларын өндіруі мүмкін;

3 Саяси құрылыстың өткендегі және жаңа элементтерін біріктіруі мүмкін.

Саяси өмірде саяси мәдениет белгілі бір қызметтер атқарады:

1 **Танымдық қызметі** – қоғам мен саясаттың дамуын айқындайтын заңдылықтар мен принциптерді танып білуге үйретеді және субъектіні саяси салада табысты жұмыс істеуіне керекті біліммен, қоғамды басқару әдіс-тәсілдерімен қаруландырады;

2 **Етенелесу қызметі** – адамдардың белгілі бір әлеуметтік қауымдастыққа жатуын, әрі сол топпен өзінің мүдделерін жақындастыруын, сол топпен саяси өмірге белсенді араласуын түсіндіреді;

3 **Әлеуметтендіру қызметі** – адамның қандай да бір саяси билік жүйесінде өзіндік саяси құқығы мен саяси қызметін, мүдделерін іске асыруға қажетті дағдылар мен қасиеттерді игеруін қамтамасыз ету;

4 **Реттеушілік қызметі** – бұл саяси мәдениеттің адам мінез-құлқына әсері, олардың ішкі және халықаралық өмірдің саяси оқиғаларын қабылдауы, бұрынғы және қазіргі саяси жүйені, саяси қайраткерлерді, басқару аппаратының жауапты қызметкерлерін бағамдау, әлеуметтік-таптық, ұлттық қатынастарды реттеу;

5 **Тәрбиелік қызметі** – бұл саяси білімдерді игеру жеке адамның интеллектуалды дамуына, дүниетанымының кеңеюіне, мүдделерді қорғауға, қоғамдық-саяси әрекетке, қимылға белгілі тұлғаның қалыптасуына жәрдемдесу, ол өзінің көрінісін әлеуметтік белсенділіктен табады;

6 **Интегративтік (біріктірушілік) қызметі** – саяси мәдениет өмір сүріп отырған саяси жүйенің тірегі қызметін атқарады. Саяси мәдениет қоғамның көпшілігінің өмір сүріп отырған саяси жүйені қолдауын қамтамасыз ету арқылы оларды біріктіру мақсатында қызмет етеді;

7 **Коммуникативтік (қарым-қатынас) қызметі** – өмірде үстемдік алған саяси сана мен мінез-құлықты жаңа ұрпаққа жеткізу және беру;

8 **Қорғау қызметі** – қоғамның қарыштап алға дамуына сәйкес келетін саяси құндылықтарды, қазыналарды сақтау.

2 **Саяси мәдениеттің жіктелуі.** Қоғамдық жағдайға және ондағы қалыптасқан саяси үлгілер мен ережелерге байланысты әр елдің саяси мәдениеті өзгешеленеді, ерекшеленеді. Ал, оларды анықтау үшін ең алдымен, кең мағынадағы эмпирикалық зерттеулер жүргізу керек, содан соң ғана салыстырмалы-саяси талдау арқылы ерекшеліктерін сипаттауға болады.

Соңғы кезендерде саяси мәдениетті дамыған, не дамымаған ел деп екіге бөлу арқылы олардың деңгейін анықтау саясаттанушылардың арасында кең тарай бастады. Бұл жіктеудің өлшемі көбінесе мемлекеттің жалпы даму деңгейімен байланыстырылады. Мәселен, АҚШ, Германия, Франция, Англия дамыған саяси мәдениеттерге ие десе, көптеген елдерді оған жатқызбайды.

Саяси мәдениеттің саясаттануда үлкен модельдері бар: тоталитарлы, авторитарлы және либералды-демократиялық. **Тоталитарлы** қоғамның кезінде мемлекеттік билік барынша тұтастанып, қоғам мүшелері қатаң бақылауға алынады. Фашистік және коммунистік типтегі тоталитарлы қоғамдар көсем (лидер) басқаратын саяси билікті әмбебаптандырады. Тоталитарлық үрдістер экономикалық қатынастардағы шаруашылық субъектілер «этатизациялануын» сипаттайды. Бұл жердегі негізгі аргумент-тиімділікті арттыру. Бұл мағынада қоғам кейбір экономикалық жетістіктерге де жетеді.

Авторитарлық (өктемшілділік) қазіргі кезеңде өзінің тарихи «ататегі» – автократия мен тираниядан сапалы түрде айырмашылықтарға ие болған. Өйткені ежелгі заманда билікті аздаған адамдар көп емес кісілердің мүддесіне орай жүргізсе, қазіргі авторитарлық көпшіліктің атынан топ күйінде билікті жүргізеді. Сөйтіп, деспоттық принциптеріне сүйенген қоғам бірте-бірте енді халықты алдап-сұлдап (манипуляция) билік жүргізуге ауысқан. Жаңарудың ең оңай түрі «халық мүддесін» қорғау жайлы науқанды іс-әрекеттер жасау екенін авторитарлы типіндегі мемлекеттердің басқару органдары жақсы түсініп алған. Бұл әлеуметтік-саяси өзгерістердің түптамасы XX ғасырдағы әлеуметтік революция-лармен астасып жатады.

Либералды-демократиялық модельдегі саяси мәдениет пікірлер алуан түрлілігін жоққа шығармайды, есесіне қарама-қарсылық жақтың қарсы ұстанымдарынан тиімді ортақ ойды іздейді. Бұл саяси шешімдегі сынаржақтылықтан қорғайды. Бірақ, бұл да идеологияның бірі болғандықтан, оның кемшіліктері де бар. Мәселен, қоғамдағы барлық мәселелерді шешуге болады деген желеумен тарихи қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардың құнарлы жақтары да ұмытылып кететін кездері де болады. Өйткені, бұндай саяси мәдениет әлемдік кеңістіктегі саяси тәжірибенің кейбір үрдісті тұстарын механикалық түрде қабылдап, әлеуметтік-тарихи ортада қалыптасқан ұлттық және ділдік ерекшеліктерді ескермеуі де мүмкін. Бұл нақты тарихи қарастыруды қажет ететін жағдай.

Саяси мәдениетті кейбір зерттеушілер басқа түрде жіктеп, олармен құндылықтық бағдарлардың байланысын анықтап жүр. Мәселен, **Габриэль Алмонд пен Сидней Верба** өздерінің «Азаматтық мәдениет» (1963ж.) деген еңбектерінде саяси мәдениеттің типологиясын жасай отырып, оларды қоғамдағы негізгі саяси құндылықтармен тығыз байланыста болатынын көрсетеді. Бұл зерттеушілер АҚШ, Англия, Германия, Мексика және Италия елдерінде кең тараған саяси құндылықтарға компаративистік талдау арқылы саяси мәдениеттің үш типін анықтайды. Бірінші типті **патриархалды** деп атайды. Бұл тип қоғам мүшелерінің саяси өмірге қызығушылық танытпайтындығымен ерекшеленеді. Әсіресе, осындай жағдай Африканың тайпалық қауымдастықтарында, кейбір елдердегі автономиялық елді

мекендерде жиі кездеседі. Олар негізінен өздерінің ішкі тайпалық діндерінің қалыптарымен, әлеуметтік шектеулерімен өмір сүргенді қалайды. Саяси өмірдің мемлекеттік деңгейі өкілдерін көп алаңдатпайды, күнделікті тіршіліктің ауқымынан шыға алмайды.

Екінші типті **мақұлдаушылар** деп атайды. Бұл саяси мәдениеттің құрылымына мемлекеттегі заңды мақұлдаушы, оған толық бағынушы азаматтардың іс-қимылын жатқызамыз. Олар қоғамның саяси өміріне аздап қатысады (сайлауға барады, ақпарат құралдарында айтылатын деректермен таныс). Бірақ, бұл азаматтар ешбір түрде жоғарыдан айтылған нұсқауларды орындауды ғана мақсат етіп, өзінің жеке басының саясатқа тікелей араласуын қаламайды. Бұл авторитарлы қоғамда кеңінен тараған саяси мәдениеттің формасы.

Үшінші типке саяси мәдениетті **белсенді** түрде дамытушылар жатады. Бұл азаматтар саяси процестегі барлық өзгерістерге қатысып отырады. Қоғамның әрбір саяси қадамын қадағалап, ондағы саяси оқиғалар жайлы өз пікірлерін түйіндейді. Әрине, бұл үш типті де бір қоғамнан кездестіруге болады және олар бір-бірін толықтырып, бір қоғамның тұтас саяси мәдениетін анықтайды. Тек даму деңгейі биіктеген сайын әрбір мемлекетте үшінші типке жататындардың саны көбейе түседі.

3 Қазақстандық саяси мәдениеттің ерекшеліктері. Егемендік алған сәтте Қазақстанның дамуына барлық қажетті алғышарт бар сияқты көрінді. Атап айтқанда, негізінен шикізаттық сипатта болса да республиканың жеткілікті дамыған индустриялық базасы бар еді. Екіншіден, Қазақстан халқының жоғарғы білім деңгейі, тіпті дамыған Батыс елдерінен олқы түспейтін. Демек, сол уақытта Қазақстанның экономикалық және саяси жүйесін реформалаудың халықтық азаматтық белсенділігінің көтерілуіне ықпал ететіні жөнінде ешбір күмән болған жоқ. Нәтижесінде саяси мәдениеттің демократиялық үлгісінің қалыптасуына үміттенуге болатын еді.

Алайда, ақиқатында, Қазақстанның саяси мәдениеті басқа бағытта дамыды, республиканың саяси мәдениеті енді тоталитарлық үлгіге жатпайды. Қазір Қазақстанда да, бұрынғы кеңес республикаларының қай-қайсысында да коммунистік режим тұсындағымен салыстырғанда мақұлдаушылық саяси мәдениетті ұстанушылардың мүлдем аз екендігін кесіп айтуға болады. Алайда кеңестік кезеңнен кейінгі Қазақстанның саяси мәдениетінде мақұлдаушылар үлесінің азаюы, олардағы белсенділер санының күрт өсуіне әкелген жоқ. Іс жүзінде патриархалдардың үлесі айтарлықтай ұлғайды.

Өтпелі кезең басталғаннан бері (тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен басталады) біздің мемлекетіміз нарықты қатынастар мен қоғамды демократияландыру жолына түскен болатын. Бұл дегеніңіз саяси мәдениеттің демократиялық типін таңдап алу деген сөз. Оған біршама негіздер болатын: халықтың сауаттылығының жоғарылығы, көптеген қалалардың индустриялануы, кең байлығының молдығы, халықтар достығы дәстүрі, көп мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға ашықтық және т.б. Бірақ шын мәнінде, саяси мәдениеттің дамуы Қазақстан үшін (барлық ТМД-і елдеріндегідей) күрделі құрылымға ие болды. Кеңестік режимде

мақұлдаушылар құрамында жүрген азаматтардың бір бөлігі ғана жаңа демократиялық құндылықтарды жақтаушы белсенділердің қатарына көшті де, халықтың біршама бөлігі патриархалды типтегі саяси мәдениетті қолданушыларға айналды. Бұл жағдай кездейсоқ қалыптасқан жоқ болатын. Өйткені, социалистік дамудың принциптері этникалық-мәдени дамудың маңыздылығы бар құндылықтарына терең мән бермей келген болатын. Міне, сол жүзеге аспаған мүмкіндіктер мен мүдделер өз уақыты келгенде әлеуметтік кеңістікке босап шығып отыр. Енді тек сол қайшылықтардың тиімді шешімін тауып қана алға жылжудың реті келеді. Сырт қарағанда артқа кету болып көрінгенмен бұл процестердің де заңды негіздері бар.

Саяси мәдениеттің құрылымындағы патриархалданудың элементтері тек қазіргі Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Ресей мемлекетінде және көптеген бұрынғы Кеңестік республикаларда байқалады. Азаматтардың бұлай саяси құндылықтардан алыстай түсуі, өздерінің тұрмыстық хал-жағдайларын күйттеп кетуі саяси жүйенің қарапайым халықтан оқшаулау тұруына да байланысты.

Саясаттану ғылымындағы танымал ғалымдардың барлығы дерлік шығыстық және батыстық мәдениетке тән өзіндік ерекшеліктер болатындығын мойындаған. Мәселен, көпшілікке белгілі қазақстандық ғалымдар **Ж. Алтаев, Т. Ғабитов және А. Қасабеков** өз еңбектерінде Шығыс пен Батыс мәдениетіне тән сапалық айырмашылықтарды атап көрсетеді. Бұл талдауда екі бір-бірінен айырмашылығы бар дүниетанымдық ұстаным (даралық пен көпшілікке бағдарланған) салыстырылады. Қазіргі Қазақстан жерінде екеуі тоғысқанға ұқсайды.

4 Толеранттылық мәдениеті. Толеранттылық өркениеттіліктің белгісі, бұл халықтың санасы, мәдениеті мен дәстүрі, рухани байлығы дамуының көрінісі. Толеранттылық күрделі және көпжақты феномен, ол мемлекеттің даму болашағын анықтаушы, жалпы тұрақтылықтың негізі, экономикалық дамудың маңызды факторы, әлеуметтік өмірдің – этникалық, мәдениетаралық, діни, саяси мен әлеуметтік аспектілерін қамтушы құбылыс болып табылады.

Әр дәуірдің ғалымдары «толеранттылық» ұғымына әртүрлі ғылыми мән беріп келген, мысалы: адамдардың рухани және әлеуметтік топтасуы (Сократ); қарым-қатынастағы қағида және әлеуметтік бірігу (Платон); тіршілік етумен бірдей (Аристотель); позитивтілік (О. Конт); қайырымдылық (И. Кант); діни еріктілік (Дж. Локк), адамдардың теңдігін түсіну (И.А. Ильин, Н.А. Бердяев) деген. Орыс ғалымы А.Г. Асмолов толеранттылық ұғымының мазмұнын үш негізгі аспектіде бөліп көрсетеді: біріншісі, тұрақтылық пен шыдамдылық; екіншісі, төзімділік; үшіншісі – рұқсат ету. Ал, А.Г. Аскеров болса, осыларға төртінші аспекті ретінде тәрбие мен тәрбиелі болуды қосады.

Сондай-ақ, толеранттылықтың әртүрлі ғылыми тұжырымдары да бар, соның бірі, оны тұрақтылық ретінде тұжырымдау болып табылады. Ағылшын-орыс психологиялық сөздігінде толеранттылыққа: жүре пайда болған тұрақтылық; белгісіздікке тұрақтылық; этникалық тұрақтылық; адам тұрақтылығының шегі (шыдамдылық); есеңгіреуге (стресс) тұрақтылық;

жанжалға тұрақтылық; мінез-құлық ауытқуына тұрақтылық деген түсініктер берілген.

Соңғы жылдары толеранттылық ұғымын қоғамтанушы ғалымдар, саяси және мемлекеттік қайраткерлер мен зиялы қауым өкілдері жиі талдауда. Енді, осы ұғымға берілген анықтамаларға тоқталсақ: толеранттылық – айырмашылықтарды мойындау, сыйлау; өзге сенімдегі, көзқарастағы, мінез-құлықтағы басқаның құқын мойындау; жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың қарым-қатынасынан көрініс табатын психологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық мінез-құлық; қазіргі қоғамның аса маңызды құндылығы; тәуелсіздікті, дербестікті, идеяларды зорлықпен таңуға жол бермеу; адам еркіндігін шынжырлайтын діни, этникалық, нәсілдік нанымдарды жоққа шығару; басқалардың пікіріне, сеніміне, тәртібіне шыдамдылық көрсету. Сонымен бірге, толеранттылық – адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі; толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші деген анықтамалар бар. Жалпы толеранттылыққа берілген анықтамаларда, оны төзімділік, құрметтеу, мойындау, сыйлау, сабырлық, шыдамдылық, қорғау, қайырымдылық деген ұғымдармен байланыстырады.

Белгілісі, толеранттылыққа қарама-қарсы қайшылықтық (интолеранттылық) қатынастар адамзат тарихында барлық кезеңде болған. Дегенмен, адамзат қатынасының тарихи кезеңдерінде толеранттылық пен интолеранттықтың ауысулары болып тұрды. Бірақ, қанша күрделі де қиын жағдай болса да, адамзат әлеуметтік-саяси қызметтің барлық саласында толеранттылық саясатын сақтап қалуға талпынды. Соғыс, діни қудалаушылық, идеологиялық қақтығыс т.б. сияқты интолеранттық қатынастармен дүниежүзілік прогресшіл қауымдастық күресіп келеді, оның ішінде қазақстандықтар да белсенділік танытуда.

Осы анықтамаларды талдай келе, толеранттылық көпжақты көрініске ие құбылыс екендігін байқаймыз, мәселен толеранттылық:

– құндылық, әлеуметтік-мәдени жүйенің, белсенді тұлғаның мақсатын айқындап, көзқарастары мен іс-әрекеттерінің негізгі іргетасы болатын;

– қағида, әлеуметтік-мәдени топтардағы келісімді қамтамасыз ететін, адамның қызметін анықтаушы жетекші идея;

– қалып, әлеуметтік өзара қатынасты анықтаушы;

– мұрат, тұлғаның қызметі мен мінез-құлқына түрткі болатын.

Әртүрлі тілде халықтардың тарихи тәжірибесіне байланысты толеранттылық ұғымының мазмұны әртүрлі мәнге ие болған, мәселен:

– ағылшын тілінде – «жеке адам немесе затты қарсылықсыз қабылдауға дайындық пен қабілеттілік»;

– француз тілінде – «басқаның бостандығына, оның ойлауы мен мінез-құлық кейпіне, саяси және діни көзқарастарына құрмет»;

– қытай тілінде – «басқаға қатынаста кеңпейілділікті көрсету мен жасау»;

– араб тілінде толеранттылық – «басқаға кешірімді, мейірімді, рақымшыл, кішіпейіл, аяныш білдіру, төзімді болу»;

– парсы тілінде – «төзімділік, шыдамдылық, сабырлық».

Ғылыми әдебиеттерде толеранттылықты мынадай түрлерге бөлу кездеседі, мәселен: 1) гендерлік; 2) жастық; 3) білім берушілік; 4) ұлттаралық; 5) нәсілдік; 6) діни; 7) географиялық; 8) таптық; 9) физиологиялық; 10) саяси; 11) жыныстық; 12) маргиналдық.

ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы Толеранттылық қағидаттары туралы декларациясын 1995 жылы 16-қарашада қабылдады. Бұл Декларацияда толеранттылық былай қарастырылады: 1) әлемнің бай мәдениеттерін, өзін-өзі көрсетуін, жеке адамның қасиеттерінің көрініс табуын дұрыс түсініп, қабылдап, құрметтеу; 2) наным-сенімдерден, ақиқатты шексіздендіруден бас тарту және халықаралық құқықтық актілерде бекітілген адам құқы саласындағы ережелерді бекіту. Демек, бұл құжат толеранттылық бүкіл әлемдегі өте бай көптүрлі мәдениеті, жекелік пен өз ойын білдіру түрін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну деген пікірді қолдайтындығын жариялады. Бұл тұжырымда толеранттылық күрделі қоғам мен кемелденген тұлға ұстанымының өмір сүру жағдайы ретінде қарастырылған. Сонымен бірге, ЮНЕСКО 1996 жылды Толеранттылық жылы деп жариялады. Ал, 2000 жыл БҰҰ Бас Ассамблеясы шешімімен халықаралық бейбітшілік пен күштемеу мәдениеті жылы деп аталды. Бүкіл әлемде жыл сайын 16-қараша Халықаралық толеранттылық күні ретінде аталып өтіледі. ТМД-нің кейбір елдерінің оқу орындары толеранттылық тәрбие бағдарламаларын әзірлеген.

Еліміз толеранттылықтың қазақстандық үлгісі ретінде, дүниежүзіне бейбітшілік мәдениетімен, ядролық қаруға қарсы күресімен, ұлттар мен конфессиялар арасындағы келісім мен татулық қатынастарымен танылды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда толеранттылық пен саяси тұрақтылықтың сақталынуына барлық уақытта ерекше назар аударған. Сонымен бірге, мемлекетіміздің даму бағыттарын айқындаған «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» (1992ж.), «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997ж.), «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» (2010ж.) сияқты бағдарламаларында оны жетілдірудің қағидалары мен механизмдерін ұсынып отырған.

Н.Ә. Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары IV Съезінде сөйлеген сөзінде: «Жиырма бірінші ғасырда толеранттылық дамудың, өсімнің және инновациялық экономиканың негізгі факторы болып келеді. Соңғы отыз жылда этномәдени алуантүрлілігімен ерекшеленетін елдер барынша табысқа қол жеткізді. Бүгінгі әлем осындай тәжірибені байыту мен дамытуды қажеттілік етеді» – деп айтқан болатын. Яғни, толеранттылықты – дамудың негізгі факторы деген тұжырымды ұсына отырып, дамудың әлемдік тәжірибесіне назар аудартады.

Қазақстан Республикасы халықаралық деңгейде толеранттылық пен ынтымақтастық қағидалары мен идеяларын ұсынып, бейбітшілік пен тұрақтылық имиджі арқылы танылған ел болып отыр. Қазақстанның мына халықаралық ұйымдар деңгейінде ынтымақтастық, қауіпсіздік пен толеранттылық сияқты өзекті мәселелерді шешу бағытында қарқынды жұмыстар жүргізді.

Әлеуметтік саясат – қоғам мен оның мүшелерінің тұрақты және үйлесімді тұрмысын өндіру мен қайта өндірудің негізгі тәсілдерінің бірі. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында әлеуметтік саладағы жаңғырту үдерістеріне жаңа қуатты серпін берілді. Әлеуметтік жаңғырту мен даму тұрақтылықтың негізі, әрі толеранттылықтың факторы болып табылады.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінде халықтық игілігіміз болып табылатын қазақстандық табыстың үш кілтін: бірінші, 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі – бұл ғаламат құндылық; екінші, біздің барлығымызға және әрқайсымызға тән толеранттылық. Этностық және діни айырмашылықты байыппен түсіну және құрметпен қабылдау. Осының арқасында біздің әралуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіреді; үшінші, бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы. Біздің мақсатымыз – өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзіміздің ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуымызды жалғастыру. Тек осы біздің құндылықтарымызды нығайта және көбейте отырып қана біз әрбір қазақстандық отбасы үшін қауіпсіз және бақытты болашақ құра аламыз. Тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін этносаралық және дінаралық қатынастар институттарын дамыту өте маңызды» – деп еске салған болатын. Мемлекеттік білім беру саясатында азаматтарға толеранттылық тәрбиесін беру негізгі мақсаттың бірі болуы керек деп санаймыз.

Елімізде толеранттылық деңгейі көтерілуі үшін, мыналар маңызды:

- ел ішінде де, әлемде де бір-бірін түсіне білу қабілетіне ие болу;
- өзіндік әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, қоғам дамуының демократиялық нұсқасын анықтау;
- қоғамның шығармашылық күшін біріктіру, ашық қоғам құруға талпыну.

Толеранттылықты зерттеуде назардан ешнәрсе тыс қолмауы тиіс. Мәселен, қоғамда толеранттылық ортаны және жастардың толеранттылық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, толеранттылыққа тәрбиелеуді жетілдіру маңызды мәселе болып табылады. Бұл жауапты міндетті отбасы, білім беру саласы, бұқаралық ақпарат құралдары, билік институттары, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, діни бірлестіктер мен ұлттық-мәдени орталықтар, зиялы қауым өкілдері атқарады. Сонымен бірге, толеранттылық сана мен мәдениетті қалыптастырудың құралдары ретінде – идеология, білім, ақпарат, діни сенім, мәдениет, дәстүр пайдаланылуы тиіс.

Қоғамдық-саяси тұрақтылық уақыт бойынша тұрақты және өзгеріссіз болмайды. Бұл объективті және субъективті факторлар ықпал ететін қолдан жасалған процесс. Қазақстанның 20 жылдан аса әлеуметтік күйзеліссіз және этноконфессиялық шиеленіссіз болуы – бұл сөзсіз ел Президенті Н.Ә. Назарбаев пен оның командасының зор еңбегінің, өздерінің саяси шешімдерінде саясатта маңызы зор саяси көрегендік қабілеттеріне ғана емес,

сондай-ақ саяси дамудың болжамдық нұсқаларын құрастыру мен жағымды және жағымсыз сәттерді қатал есептеуге негізделген салауатты прагматизмге де сүйенулері болып табылады.

№21. САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- 1 Саяси ілімдер тарихындағы саяси құндылықтар теориясының қалыптасуы мен дамуы.
- 2 Саяси құндылықтар анықтамасы, құрылымы, қызметтері, түрлері.
- 3 Қазақтың этносаяси тарихындағы саяси құндылықтардың қалыптасу сипаты.

I Саяси ілімдер тарихындағы саяси құндылықтар теориясының қалыптасуы мен дамуы. Құндылықтар әлемі кеңінен алғанда адам әлемі, мәдениет әлемі, бұл ғаламды тұлғаның игеруіндегі, танып-білуіндегі маңызды алғышарты. Өйткені, адам баласы өз санасының, дүниетанымының аркасында қоршаған ортадағы әрбір құбылысқа баға беруге тырысады. Міне, содан келіп құндылықтардың жеке адамдық деңгейдегі құрылымы пайда болады. Әрбір әлеуметтік субъектіге сәйкес келетін қасиет – ол әлемді қарастырғанда, оған міндетті түрде құндылықтық қатынасын айқындайды.

Объективті идеализмді ұстанған Платон мен Гегель сияқты философтар аксиологиялық (құндылықтық) мәселелер мен болмыстық мәселелерді сәйкестендіріп келді. Натуралистік-психологиялық бағытты ұстанған зерттеушілер кезінде адамның табиғи қажеттіктері мен импульстерінен құндылықтардың себептерін іздеді. Канттың ізбасарлары жанакантшылдар трансцендентті рефлексия анықтайтын таза сананың құндылық қалыптық компоненттері туралы айта бастады. Экзистенциализмдегі М. Хайдеггер, Г. Сартр сияқты зерттеушілер құндылықтардың қоғамдық маңызына мән беру қажеттігіне шақырады. Витгенштейн құндылықтық сананың лингвистикалық аспектілерін зерттесе, Х. Гадамер герменевтикамен байланыстырды. Сөйтіп, ХІХ ғасырдан бастап, этика, эстетика, социология, философия және саясаттану салаларымен айналысқан зерттеушілер өздерінің ілімдерін, гуманитарлық облыстардағы концепцияларын міндетті түрде құндылықтар әлемімен байланыстырып келді.

Б. Констан (1767-1830 жж.) оны зерттеушілер либерализмнің рухани әкесі деп есептейді. Б. Констан саяси ілімінің негізгі көзі- жеке бостандық проблемасы. Мұнда бостандық дегеніміз антикалық дәуірдегі бостандықтан ерекше болды. Б. Констан үшін адамның материалдық және рухани автономиясы, оны заңның сенімді қорғауы /әсіресе жеке меншікті/ бірінші кезекте тұрады. Оның ілімі бойынша бұл құндылықтарға мемлекет құрылысы мен мақсаты тәуелді болуы керек.

А. Токвиль (1805-1859 жж.) «Америкадағы демократия туралы», «Ескі тәртіп және революция» атты еңбектерінде демократияның практикалық аспектілерін зерттеді. Оның пікірі бойынша демократия «теңдік» және «бостандық» құндылықтарымен тығыз байланыста ғана мүмкін. Демократия үшін шексіз орталықтанған биліктің қажетті жоқ, сондықтан да ол билікті тармақтарға және жергілікті басқару ұйымдарына бөлуді ұсынады. Сонымен

бірге, А. Токвиль «баспасөз бостандығы», «діни бостандық», «сот тәуелсіздігі» сияқты құндылықтарды да ұсынады.

Марксизм классиктері саяси құндылықтар мәселесіне арнайы тоқталмаған, дегенмен әлеуметтік-экономикалық және таптық мәселелерді құндылықтармен тығыз байланыста қарастырады. Марксизм үшін ең маңызды болған құндылықтар «теңдік», «еркіндік», «әділеттік», «еңбек» жалпыадамзаттың негізгі құндылықтарының қатарына жатады. Бұл құндылықтарды қоғам өміріне ендіру формасы ретінде революцияны таңдаулары үлкен қателік болғанын тарих дәлелдеді. К. Маркс (1818-1883 жж.) пен Ф. Энгельс (1820-1895 жж.) капитализм орнына социализм келеді, онда бұл аталған құндылықтардың басымдылығы артады деген пікірлері іске аспады.

ХХ ғасырдың 60-шы жылдары шыққан еңбектердің кейбірінде саясатты құндылықтардан босату керек, ол тек идеологиямен ғана тығыз байланыста болу керек деген қағида көрініс бере бастады. Ал, кейбір зерттеушілер (**Дж. Роулс, Н. Нозик**) қоғамдық өмірдің жылдам техникалануымен қатар реидеологизациялануы да бірге жүреді деген пікірді білдіреді.

1977 жылы американ социологы **Р. Инглхарттың** «Тыныш революция» деген еңбегі жарық көреді. Одан кейін 1991 жылы шыққан «Дамыған индустралды елдердегі мәдени жылжулар» деген еңбектері өркениетті елдердегі саяси құндылықтардың өзгерістерін зерттеген.

2 Саяси құндылықтар анықтамасы, құрылымы, қызметтері, түрлері. Саясаттану ғылымында саяси құндылықтарға берілген анықтамалар көптүрлі. Құндылықтар саяси мәдениеттің ішкі өзегі, әлеуметтік қауымдастықтар мүдделері мен сұраныстарының қорланған рухани көрінісі (**Т. Смелзер**); адамзат мінез-құлқының мотивациялық орталығы (**В. Здравомыслов**); құндылықтар айырмашылығы мәдениетті түсіну негізі (**Г. Гидденс**); құндылықтар әлеуметтік іс-әрекеттің жоғары қағидалары (**Т. Парсонс**) т.б.;

Сонымен, саяси құндылықтарға саясаттану саласының ерекше ғылыми категориясы, ұғымы ретіндегі сипатына анықтама беруге тырысып көрелік. **Саяси құндылықтар** дегеніміз қоғамның саяси өмірінде саяси-әлеуметтік субъектілердің әртүрлі саяси құбылыс-тардың маңыздылығын айқындап, оларды өздерінің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің негізгі іргетасына айналдыруы. Саяси құндылықтардың азаматтардың бағалауларынан айырмашылығы – олардың дүниетанымдық астарды қамтуында, объективті сипатты иемденуінде.

Саяси құндылықтар табиғатына келетін болсақ, онда бұл жерде негізінен саясаттың адами өлшемі туралы сөз қозғаймыз. Өйткені, бұл өлшемдер тек қана саясат саласында ғана көрініс бермейді, ол барлық мәдени кеңістікті қамтиды.

Қоғамда саяси құндылықтар жүйесінің қалыптасуының, өзгеруінің бірнеше себептері атап көрсетілген, мәселен:

- сұраныстар мүдде ретінде қайта құрылған өз кезегінде құндылыққа «айналады»;
- құндылықтарды жоғарыдан нұсқау ретінде тарату, көбінесе тоталитарлы қоғам кезінде кездеседі;

- құндылық қоғамның саяси мәдениеті жетістігінің жемісі.
 - саяси мәдениеттің бірден-бір қызметі қоғамдық санада қажетті саяси құндылықтарды қалыптастыру және бекіту;
 - құндылықтар саясаттан тыс пайда болады, болмыстың түбегейлі салалары: мораль, дін, экономика өнімі;
 - құндылықтар жүйесіндегі түбегейлі өзгеріс тапшылық гипотезасы мен әлеуметтендіру гипотезасына негізделген;
 - құндылықтар адамдардың шығармашылық таңдауы, бағалауы негізінде пайда болады, әрі ұлттық дәстүрмен, дүниетаныммен тікелей байланысты.
- Саяси құндылықтарға қоғамдық өмірдегі белгілі бір әлеуметтік-саяси қызметтер тән. Олардың ішіндегі маңыздыларына мыналар жатады:
- **біріктіруші** (консолидация) қызметі, саяси жүйенің құлауына жол бермеу және азаматтардың сол саяси жүйені қолдауына қол жеткізу;
 - **бағалау** қызметі, саяси өмірдегі іс-әрекетті, адамның саяси іс-қимылының туындысын, саяси идеяларды, пікірлерді ақтау немесе қаралау;
 - **легитимдеу** қызметі, билік құрылымын қоғамдағы көпшілік азаматтардың құндылықтық бағдарларымен сәйкестендіру, заңдастыру;
 - **жұмылдыру, іске тарту.** Қоғамдағы саяси іс-әрекеттерге, қимылдарға түрткі болып, адамдарды саяси билікпен байланысқа тарту. «саяси адамды» қалыптастыру, азаматтардың саяси қатысуын, яғни саяси әлеуметтенуін белсендіру болып табылады;
 - **мерзімдік,** қоғамда өткізілетін әртүрлі саяси оқиғалар мен процестерге байланысты (сайлау, референдум) қызметі;
 - **оқшау** (локальді), әрбір әлеуметтік қабатқа маңыздылығы бар әрекеттер, аймақтық деңгейдегі жұмыстар.

Жекелеген адамдарды қоғамдағы саяси билікпен не байланыстырады? Ең алдымен, социумдағы саяси құндылықтар жүйесі, ол қажетті қалыптар мен адамдар арасындағы қатынас ережесін анықтап, белгілі бір мағынада олардың әрқайсынан саяси белсенді азаматты жасайды. *Демек құндылықтар саяси қызметтің маңызды бағыт беруші компоненттерінің (құрлымдарының) ядросы болып табылады:*

- идеология – құндылықтар жүйесі және топтық таңдаулар, сенімдер;
- саяси мәдениет – саясаттағы бағдарлар мен іс-әрекет моделдері, өзіне таным, көңіл-күй, бағалауды қамтушы және саяси мәліметтерді таңдау өлшемі қызметін атқарушы;
- саяси жүйе – саяси билікті пайдалануды ұйымдастырушы құндылықтар мен институттар;
- саясат, құндылықтарды авторитарлы тәсілмен белгілеу және тарату.

Мемлекет көп құндылықтарды азаматтарының орындауын талап етеді. Бірақ қоғамдық саяси жүйенің даму үрдістері демократиялана түскен сайын авторитарлы тәсіл өз күшін әлсірете бастайды. Міне, мұнда қоғам мен мемлекет арасындағы қатынас өзара келісімге негізделеді.

Құндылықтарды жіктеудің өзінде көптеген тұрғылар байқалады. Мәселен, формальды түрде субъект құндылықтарды оң және теріс, салыстырмалы және

абсолютті, объективті және субъективті десе, мазмұны бойынша мәңгілік (рухани), логикалық, этикалық, эстетикалық құндылықтарға бөледі. Әрине, бұл жерде қоғамдағы құндылықтар типологиясының әртүрлі тарихи кезеңде ғана емес, әртүрлі тұлғаның деңгейінде өзгерістерге ұшырап отыратыны, басымдықтардың орнын ауыстыратынын айта аламыз. Тіптен, қысқа тарихи кезеңнің өзінде саяси сананың, саяси құндылықтардың түбегейлі өзгеруі мүмкін. Оған қарағанда адамның түпкі мәнімен байланыста болатын жоғарғы құндылықтары – адамгершілік қалыптары өзінің тұрақты қасиетін сақтай алады. Өйткені, қоғамда ондай тұрақты (инвариантты) өзек болмаса жалпы әлеуметтік дүние күйреп кетуі мүмкін.

Сонымен бірге саясаттануда мақсат құндылықтар және құрал құндылықтар деп жіктеу де кездеседі. **Мақсат құндылықтар** қоғамның негізгі мән-мағынасын ашатын адами құндылықтар, маңыздылықтар болса, **құрал құндылықтарға** көбінесе күнделікті өмірде уақытша қолданылатын объектілер, нәрселер жатады. Ал, енді саяси құндылықтар қандай құндылықтардың рөлін атқарады? Бұл жерде нақты-тарихилық принципке сүйене отырып, бұл негізгі құндылықтардың сипаттамасын бере аламыз. Мәселен, тәуелсіздікке жете алмай жүрген халық үшін бұл құбылыс мақсат-құндылықтың рөлін атқарса, ал өзіндік егемендігі бар ел үшін ол басқа мақсаттарды жүзеге асырудағы құрал болып саналады.

Ал, **саяси құндылықтар 3 белгісімен** сипатталады: оларды адамдардың біріккен ұжымдық әрекеті нәтижесінде ғана тарату мүмкіндігі; мемлекеттік билік механизмінің барлық аспектілеріне белсенді ықпал етуі; әлеуметтік қауымдастықтың бірыңғай мүдделерінің байланыс формасы. Сонымен бірге саяси аксиологияның негізгі заңдылықтары да қоғамдағы құндылықтар жүйесін зерттей отырып, ондағы стратегиялық бағыттар мен басымдықтарды анықтайды, негізгі мақсаттарға жетудің жолдарын көрсетеді.

Құндылықтарды анықтау үшін алдымен субъект оны бағалау кезеңінен өткізуі керек. Сондықтан бұл құндылықтық қатынастардың қалыптасуы үшін элементтерді құрылымына сінгізеді. **Құндылықтар субъектісі** – адам, әлеуметтік топтар; **құндылықтар объектісі** – нәрсе, процесс, құбылыс, дерек; **құндылықтар мағынасы** – рухани-категориялық атауға ие болуы, тұжырымдамалардың жасалуы.

3 Қазақтың этносаяси тарихындағы саяси құндылықтардың қалыптасу сипаты. Саяси құндылықтардың қалыптасуы күрделі рухани-саяси процесс. Саяси құндылықтар тарихи тұрақтылық сипатқа да ие, демек дәстүрлі қоғам құндылықтары ұлттық психология, тарих, халықтың рухани мәдениеті негізінде зерттелінеді. Осы аталған құндылықтарды зерттеу көздеріне сүйене отырып, қазақ халқы тарихындағы әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты саяси құндылықтардың жаңаруына ықпал еткен өзіндік бір кезеңдер болған деп есептейміз:

- дәстүрлі қоғамның саяси құндылықтары мен бағдарлары;
- XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси құндылықтар қалыптасуына тигізген ықпалдары;

- кеңестік тоталитарлы қоғам таңған саяси құндылықтар;
- қазіргі кезеңдегі саяси құндылықтардың жаңаруы, өзгеріске түсуі, демократиялық құндылықтардың қалыптасуы.

Қазақ мемлекеттігін күштеу немесе зорлық ету тәсілдерімен нығайту мүмкін емес еді. Өйткені, бостандық сүйгіш қазақ көшпенділері күштеуге ұшыраса, тарих деректерінде жазылғандай, тез арада көшіп кетіп отырған. Шығыс елдеріне бұл міндетті дін атқарған болатын. Ал, қазақ дінге онша бой ұра бермейтін халық. Сондықтан да бұл мақсатты орындайтын билік құрылымдары – хан институты мен билер институты, оған қажетті құндылықтар, сенім-наным, топтық қараулар қалыптасты. Біздің ойымызша, қоғамда тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ету үшін, сол кезеңдегі қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдері – билер қоғамдық санадағы қажетті құндылықтарды, түсініктер мен наным-сенімдерді ел билеу ісіне жете пайдалана білді. Оған дәлеліміз билер қалдырған ұлағатты рухани мұралар жинағы.

«Далалық демократияға, сондай-ақ тәуелсіз билер соты, әйелдердің ер азаматтармен тең құқылы, діни тақуалықтан аулақ болу, рулық-тайпалық құрылым басшыларын көпшіліктің қалауы бойынша сайлап қою тән болатын», – деп Н.Ә. Назарбаев дәстүрлі қоғамдағы қалыптасқан кейбір саяси құндылықтарды атап айтады.

Көшпенділер үшін негізгі құндылықтар «еркіндік», «азаттық» құндылықтары бүкіл қазақ ұлты еркіндігі мен бостандығын қастерледі, аңсады, онда жекелеген адамдар еркіндігі мен азаттығы басымдылық танытпады. Оның себептері көшпелілердің өмір сүру салтының дара өмір сүруге мүмкіндік бермеуінде, рулық және ұжымдық қатынастардың үстемдік етуінде, әрі сол кезеңде тұтас ұлт еркіндігі мен азаматтығына төнген қауіптің күшті болуында болса керек.

Қазақтың этносаяси, этномәдени тарихында билер институты, шешендік құбылысы ерекше қызмет атқарады. Бұл туралы Ш. Уәлиханов былай деген: «Билер соты орыстардың 40 жылдық ықпал жасағанына қарамастан, ол жүздеген. бәлкім, бізге дейінгі мың жыл бұрын қандай болса, сондай болып қала береді» – дей келіп, билер туралы «...шешендік өнермен ұштастырылған сот тұрпындағы терең білім ғана қазақтарға осынау құрметті атақты берген. Би атағын алу үшін қазаққа өзінің заң білімін және шешендік қабілетін халық алдында талай рет көрсету керек болған», – дейді.

«Әділдік» – қазақ билерінің ел билеу тәжірбиесіндегі басты құндылықтардың бірі. «Тура биде туған жоқ» деген халық мақалдары қара қылды қақ жара әділ сөйлейтін билерге арналған.

«Би – дауласушылар өз алдына төрелік сұрап келгенде ғана билік айтып, үкім шығара алады, ал төрелікті беделі биік, әділ кісіден ғана сұрайды, бидің атағы оның беделі жоғалмағанда ғана қалады». Демек, қоғамда бидің билікке келуінің өзіндік бір жолы қалыптасқан. Көпшілікте барлық уақытта биді таңдау құқының болуы, билер арасындағы бәсекені үздіксіз етеді. Бәсекенің негізгі өлшемдері: әділдік, бедел, әдет-ғұрып құқығы білімінің жоғарылығы, шешендік. Сонда әділдігінен айырылған би өзінен өзі-ақ биліктен ығысып шығып қалады.

Билердің қабылдаған шешімдері олардың әділдігінің, адалдығының көрінісі. Билер шешімді қабылдау және таратудың өзіндік ұлттық негізіндегі механизмін де қалыптастырған. Билердің қабылдаған шешімдері келісім мен сабырлыққа, ыждағаттылыққа негізделген және таңдаған әрекеттерінің орындалу жауапкершілігі де жоғары. Оған негіз болған себептер:

- би шешімінің мақсатқа сай келуі, өз мүддесінен халық мүддесін жоғары қоя білу;

- уақыт талабына сай келуі, шешімінің уақытында орындалуы мүмкіндігін көрс білу;

- сәйкестілік, яғни қоғамда әрекет етуші дәстүрлі құқықтық қалыптарға (нормаларға) шешімнің сай келуі;

- шешімді халықтың түсінуі, мойындауы, яғни шешімді ашық сұхбаттасу және еркін пікір-талас арқылы қабылдау;

- шешім қабылдау процесінде өз шешендігін, өнері мен өнегесін, білгірлігін т.б. халық алдында паш ету.

Демек, саяси шешімдерді қалыптастыру мен жүзеге асырудың ең ықпалды факторларының бірі – дәстүр болып табылады. Билер қабылдаған шешімдерінің құндылығы ұлттық дәстүрмен сабақтасып жатуында. Мұнда әлемдік тәжірибе көрсеткендей, саяси шешімді қабылдауда екі негізгі нәрседен аулақ болу керек: дәстүрді елемей немесе дәстүрді асыра бағалау.

«Қауіпсіздік» ұғымының мазмұны мен өлшемі тарихи кезеңдердің ауысуына байланысты өзгерістерге түсіп отырады. Дәстүрлі қоғамдағы қауіпсіздік ұғымы мына аспектілерді қамтиды:

- сыртқы қауіптен қорғану, ол үшін ел қорғау жүйесін жетілдіру;

- мемлекет тұтастығын сақтау, ол үшін сұлтандар сепаратизміне жол бермеу, олардың бөліп ал да билей бер саясатын шектеу;

- трайбализмге қарсы шешім қабылдау, онда билер: «жүзге бөлінгеннің жүзі қара, руға бөлінгендердің құруға асыққаны», «Ей біз үш жүз, үш қазақ керіспейік, асылы бізге керіскен жөн емес», – деген ұлағатты сөздермен қоғамның жікке бөлінуіне жол бермеуге тырысты;

- қоғамдағы ең бір қауіпті саналатын жер дауы мен жесір дауының оң шешілуі.

Көшпелі қазақ қоғамындағы «теңдік» құндылығының негізгі жаршысы – билер. Билер қоғам өмірінің мына салаларында теңдікті ендіру үшін күресті:

- барлық адамдар әдет-ғұрып заңы алдында тең болуы;

- байлығы, лауазымы, билігіне қарап билер әділ төрелігіне дақ түсірмеген, шындықты айтудан бас тартпаған;

- билікке жету мүмкіндігінің барлық адамдар үшін тең болуы. Билер шыққан ортасына қарамастан билікке қабілетті, білімді, әділ адамдардың келуін қолдады;

- қоғамдағы адамдардың рухани теңдігі, яғни адамдардың ар-ожданы, даналығы мен ақылдылығы дүние-мүлкімен өлшенбейтіндігін адамдар санасына ендіру.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «тәртіп» ұғымы дәстүрмен тығыз байланыста болды. «Халықтық, оның ішінде ұлттық әдет-ғұрып және дәстүрлер мыналарды бейнелейді, әрі шоғырландырады: біріншіден, бұқараның тарихи, жасампаз, шығармашылық тәжірибесі және онсыз қоғамдық прогресс пен даму болуы мүмкін емес; екіншіден, адамдардың қоғамдық іс-әрекетінің біршама тұрақты ережесі, қалыптары мен қағидалары, онсыз қоғамда тәртіпсіздік, зорлық-зомбылық, ретсіздік күшейеді; үшіншіден, алдыңғы қатарлы және революциялық дәстүрлер өмір сүреді, ескірген дәстүрмен күреске түсіп, қоғам дамуына жағдай жасайды». Демек, дәстүрлер әлеуметтік іс-әрекетті ретке келтіріп, тәртіппен жүйеленудің бірден-бір құралы ретінде жеке адам үшін де, сол өмір сүріп отырған қоғам үшін де маңыздылығын, олардың қарым-қатынасының кез-келген түріне сыйластық, жауапкершілік пен инабаттылық сияқты қасиеттерді таратып отырғандығын байқаймыз.

Дәстүрдің тәртіпті реттеушілік қызметі былай қамтамасыз етіледі, оған бағынбаған, қолдамаған ұжым, көпшілік қысымына әртүрлі формада қуғын-сүргіннен моральдық айыптауға дейін ұшырайды. Кез-келген жағдайда жалпы таныған іс-әрекеттік қалыппен, дәстүрмен санаспаған адам көпшілік қарсылығына кездеседі.

Батыста өрелі елдің дәстүрі заңнан да жоғары тұрады деген сөз бар екен. Қазақтар үшін барлық уақытта, тіпті қазірдің өзінде де заңнан гөрі дәстүрдің адамдар арасында қатынасты реттеу рөлі басым. Демек, дәстүрді елемей, ықпалын бағаламау қоғам тұтастығына, тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне, әрі дамуына нұқсан келтіреді. Әлемде ұлттық дәстүрлерін сақтай отырып өркениеттің жоғары шыңына жеткен елдер кездеседі.

Тәуке хан және Абылай хан қалыптастырып, нығайтқан көшпелі қазақ мемлекетінің саяси-құқықтық жүйесіне реформа жүргізгендер қатарына Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би жатады. Олардың жүргізген реформаларының негізгі бағыттары:

- хан сайлау өткізу, сол арқылы жүздер арасындағы билік үшін алауыздықты тоқтату, мемлекет тұтастығын сақтау;

- сұлтандар, төрелер билігін шектеу, орнына «Билер Кеңесін» құру. Билер Кеңесі біріншіден, кеңесші ұйым болды, ханмен бірге жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу үшін құрылтай шақырып, оның жұмысына қатысты; екіншіден, халықтың мемлекеттік биліктегі өкілі, билік құрылымындағы қара халық арасынан шыққан, әрі оның мүддесін билікті қорғаушы ұйым; үшіншіден, заң талқылайтын ұйым, қазақтың әдет-ғұрып құқығы жүйесінің негізін салушы;

- орталықтанған әскер құру, қазақ батырларының басын біріктіру, әскерге қатал тәртіп орнату, әскерді ондық, жүздік, мыңдыққа бөлу, әскер қолбасшылығына лайықты адамды хан ұсынады, ал «Билер кеңесі» бекітеді, әрі әскер қолбасшысы осы екеуі алдында есеп береді;

- қорғаныс және барлаушы қызметті жетілдіру, Тәуке хан құрған және тек өзіне ғана бағынатын «қорғаныс қызметі» және «барлаушылық қызметі» мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен жұмыстар атқарады;

- салық салу ісін жетілдіру, әскерді қаруландыру қаржысын сұлтандар, байлар, ауқатты адамдар мойнына салуға тырысады;

- елшілік қызметті жетілдіруі, қазақ билерінің жауласушы елдерге елшілікке өздерінің баруы.

Қорыта айтқанда, қазақ қоғамындағы саяси процестердің шығу тегіне, тарихи алғышарттарына талдаулар жасап, саяси құндылықтардың тарихи-этникалық бастауларын анықтау, олардың ішінен қазіргі кезеңге лайықты құнды саяси-рухани мұраларға назар аудару маңызды деп санаймыз.

№22. САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

1 Саяси әлеуметтендірудің мәні.

2 Саяси әлеуметтендіру механизмі мен түрлері.

1 Саяси әлеуметтендірудің мәні. Адам дүниеге келгеннен саяси сауатты және саяси тәжірибелі болып туылмайды. Ол бірте-бірте саяси білім мен тәжірибені жинақтайды. Саяси білім мен тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырылады. Мұндай процесті саяси тілде айтқанда саяси әлеуметтену деп атайды.

Саяси әлеуметтендіру күрделенуде, ол адамның саяси жүйемен кері байланысын сипаттайды, яғни оның ақпараттарды өз бетінше оңдеу қабілеті мен жеке әрекетінде тәжірибені шығармашылықпен пайдалауы. Сондықтан әлеуметтендіру үшін индивид қалай қабылдайтындығы ғана емес, ол қабылдаған идеялары негізінде қалай әрекет ететіндігі де маңызды болып табылады. Саяси әлеуметтендіруде индивид өзін сайлауда, шешім қабылдауда, саяси тұлға рөлін орындауда қалай ұстайтындығы да маңызды. Саяси әлеуметтендіру екі жақты процесс: 1) саяси жүйе талаптарының жеке адамның ішкі құрылымына белгілі бір норма, құндылықтар т.б. түрінде өтуін тіркейді; 2) жеке адам бұл дәстүр мен көзқарастарды тандап игеруі, әрі саяси әрекетінде, билікке ықпал етуінде оларды пайдалануы. Сондықтан қоғамның жеке адамның саяси санасына ықпал етуі, сонымен бірге саяси жүйенің саяси әлеуметтендіру барысын бақылауы адамның ішкі сенімімен, түсінігімен шектеледі.

Саяси әлеуметтендіру проблемасын зерттеу ХХ ғасырдың 20 жылдары басталды. Алғаш рет әлеуметтену деген категорияны ғылыми айналымға американдық ғалым Ф. Гидденс пен француз ғалымы Г. Тард енгізді. Ал, саяси әлеуметтендірудің классикалық теориясының негізін салушы Д. Истон болып табылады. Ол саяси әлеуметтендіру дегеніміз саясат саласында орындау қажет рөлдермен адамдарды оқыту процесі деп тұжырымдады. Бұл теорияны жақтаушы ғалымдар (Л. Коэн, Р. Липтон, Т. Парсонс) адамның саяси жүйемен, оның институттарымен өзара қарым-қатынастарына ерекше назарларын аударды.

Кейбір ғалымдар (М. Хабермас, К. Луман) саяси әлеуметтендіруді адамның жаңа құндылықтарды игеруімен байланыстарды, сөйтіп бірінші кезекке ішкі адамдық сезім, саяси сана пайда болуының психологиялық механизмі шықты.

Психологиялық талдау бағытының өкілдері Э. Эриксон, Э. Фромм негізінен саяси қызметтің санадан тыс мотивтерін зерттеді, олардың ойынша саяси әлеуметтендіру адамның санасы мен түсінігінің жасырын саясиленуі.

Саяси әлеуметтендіру мәселесі ХХ ғасырдың 50-жылдары кенінен көтеріледі. Себебі сол кезеңде батыстық саяси жүйенің негізгі институттары дағдарысқа түскен болатын. Қоғамда сыбайлас жемқорлық күшейді, нәсілдік кемсіту жойылмады, саяси билікке адамдар қанағаттанбады. Бұл билік институттарына сенімсіздікті, саяси абсентеизмді, билікке жаппай қарсы шығуды күшейтті. ХХ ғасырдың 70 жылдары Батыс Европада соғысқа қарсы, экологиялық, феминистік қозғалыстар күшейді. Бұрынғы құндылықтар /жеке табыс, байлық/ өз мәнін жойды. Мысалы, хиппилер қозғалысы. Ғалымдар осы құбылыстардың мәнін ашу үшін бар күштерін салды. Бұл саяси әлеуметтендіру мәселесінің өзектілігін тудырды.

Сонымен, саяси әлеуметтендіру көптеген ғалымдардың айтуы бойынша адамның саяси кеңістікте өзін-өзі ұстауына, белгілі бір билік қызмет атқаруына көмектесетін сала. Саяси әлеуметтендіру екі жақты процесті қамтиды:

- 1 жеке адамның белгілі бір норма, құндылық, күткен рөлін игеруі;
- 2 белгілі бір саяси әрекет, мінез-құлық түрлерін қолдануы.

Саяси әлеуметтену процесі үш негізгі мәселені шешуге бағытталады:

- қоғамның жаңа мүшелеріне саяси мәдениеттің және саяси сананың негізгі элементтерін жеткізу;

- қоғамның мүшелеріне қажетті саяси тәжірибе алуға, саяси іс-әрекет етуге және шығармашылық жасауына қолайлы жағдай жасау;

- саяси мәдениеттің элементтерін өзгерту.

Д. Истон мен Дж. Деннис саяси әлеуметтендіруді 4 кезеңге бөледі:

- саясаттану, яғни баланың ата-ана билігінен де жоғары саяси билік барын сезінуі;

- жекелеу, мұнда бала саяси билікті президент, полицейлер тұлғасы арқылы жекелеп сезінеді;

- дәріптеу, яғни саяси қайраткерге тек жақсы қасиеттерді тану;

- институттандыру, саяси билікті жеке тұлғалар арқылы емес, саяси институттар арқылы (партия, сот, парламент, әскер т.б.) қабылдау.

Әлеуметтенудің мәні – адамның белгілі бір білім жүйесін, құндылықтары мен заңдылықтарын меңгеріп, қоғамның толыққанды және тең құқылы мүшесі ретінде қызмет атқаруы.

Саяси әлеуметтену саясаттануда бірнеше анықтамаларға ие, мәселен:

- саяси әлеуметтендіру – бұл индивидті саяси жүйеге ендіру;

- саяси әлеуметтендіру – бұл тұлғаның қоғамда жинақталған әлеуметтік және саяси тәжірибесін бойына сіңіруі, сондай-ақ мәдени әдет-ғұрыптар, топтың және жалпыұжымдық құндылықтар, саяси іс-әрекеттің статустық және рөлдік нормаларын меңгеруі;

- саяси әлеуметтендіру – бұл белгілі бір қоғам мүшесі ретінде адамның интеграциялануы мен игеруі арқылы жүретін процесс, яғни қоғамға тән саяси мәдениеттің негізгі элементтерін меңгеру процесі.

Саяси әлеуметтендіру түсінігін екі негізгі мағынада түсіндіруге болады:

- 1) жеке адамның саяси пісіп жетілуі, оның саяси «Менінін» қалыптасуы;

- 2) саяси көзқарастар, идеялар құндылықтар процесін бір ұрпақтан келесі ұрпаққа, бір әлеуметтік топтан және қауымдастықтан келесі бір әлеуметтік топ пен қауымдастыққа беру.

Саяси әлеуметтендіру деп адамның саяси ілімдерді, ережелерді, құндылықтарды бойына сіңіріп, оларды өзінің рухани ішкі дүниесіне айналдырып, сол арқылы өзінің саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыру, саяси іс-әрекетке дайындалу процесін айтамыз. Саяси әлеуметтену арқылы адам толыққанды мүше боларлық саяси ережелерді, салт-дәстүрлерді, білімді меңгереді.

2 Саяси әлеуметтендіру механизмі мен түрлері. Саяси әлеуметтендіру ерекше механизмге ие. Ол үш деңгейде қызмет етеді. Бірінші деңгейі – әлеуметтік. Бұл жалпы қоғамның деңгейі. Онда барлық қоғамның басынан өткен саяси қысым сипатталады. Мысалы, адамдардың жаппай қоғамдық саяси қозғалыстарға қатысуы, ғаламдық, экологиялық мәселелердің шешілуі. Екінші деңгейі – әлеуметтік-психологиялық. Адам тек ірі әлеуметтік топтардың (қоғамдық топтар, әлеуметтік қауымдастықтар) ғана емес, шағын топтар арасында да (отбасы, достар, мектеп, әріптестер) әлеуметтенеді. Сондықтан оның әлеуметтенуі үшін көбіне жеке дара қарым-қатынас та әсер етеді. Осындай қарым-қатынас кезінде оған түскен адамдардың ықпалында да болады. Адамдармен араласу арқылы оның саяси етенелесуі /идентификация/ жүзеге асады.

Үшінші деңгейі – жеке ішілік (внутриличностный). Бұл деңгейде саяси әлеуметтену адамның мүддесі, оның қажеттіліктері, мотивтері мен құндылық бағдарлары арқылы жүзеге асады. Дәл осы қасиеттер адамның саяси сапасының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Яғни, олар көбінесе адамның саяси іс-әрекетіне «басшылық» жасайды.

Саяси әлеуметтенудің ерекшеліктері мен мазмұны бірнеше факторларға тәуелді. Бұл факторларды саяси және саяси емес деп айтуға болады. Негізгі саяси факторларға мыналар жатады: а) мемлекеттік құрылыстың сипаты мен түрі; б) саяси тәртіп; в) саяси институттар, партиялар, ұйымдар мен қозғалыстар.

Саяси емес факторларға: а) отбасы; б) достар тобы; в) оқу орындары; г) жұмыс орны; д) мәдениет, өнер, әдебиет; е) БАҚ; ж) ұлттық әдет-ғұрыптар жатады.

Саяси әлеуметтену – күрделі және әртүрлі бағыттағы саяси-мәдени процесс. Оның саяси мәдениеттегі рөлі мен орнын бағалау өте қиын. Саяси әлеуметтенудің аркасында адам- жеке тұлға ғана емес, сонымен бірге азамат та болады, ол саясаттың объектісі ғана емес, субъектісі де болады.

Жеке адамның немесе әлеуметтік топтың саяси мәдениет нормаларын, түрлерін, саяси іс-әрекеттің мүмкіндіктерін, саясаттағы белгілі бір рөлді меңгеруі саяси әлеуметтенудің мақсаттарының бірі.

3. Фрейд әлеуметтендіру механизмі ретінде имитация, етенелесу, ұялу сезімі мен кінәні атап көрсетеді. Имитация (латынның еліктеу деген сөзі) – біреудің мінез-құлқының белгілі бір моделдерін саналы түрде көшіру.

Етенелесу (идентификация латын тілінде сәйкес келу деген мағынаны білдіреді) – өзінің тиісті нәрсесінің не сол, не басқа бір жұртшылыққа, адамдар тобына тән екенін сезіну. Ұят пен кінә басқа адамдардың біздің әрекеттерімізді қабылдауы мен бағалауына бағытталған.

Саяси әлеуметтендіру механизміне тәрбие де жатады. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу адамның өмірі бойы болады. Тәрбиенің әртүрлі кезеңдері мен формалары бар.

Жалпы саяси әлеуметтендіру мынадай процестерді білдіреді: бір жағынан ол жеке адамның белгілі бір нормаларын, құндылықтарын, рөлдік күтулері мен саяси жүйенің өзге де талаптарын реттестіруі, екінші жағынан, саяси іс, оның барлығын менгеріп алып, саяси іс-әрекетінде билікке ықпал етуі.

Саяси әлеуметтендірудің түрінің бірі – мәдени трансмиссия. Яғни, саяси мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа, бір топтан келесі топқа өтуі. Мәдени трансмиссия 3 жолмен жүзеге асады.

Аға ұрпақ – осы процестің бақылаушысы, сондай-ақ жас ұрпақтың аға ұрпақты әлеуметтендіруі жүзеге асады.

Екінші жолы, ол қоғамның экономикалық әлеуметтік, саяси салалардағы өзгерістерімен сипатталады. Мұнда әлеуметтендірудің негізгі агенттері ретінде саяси партиялар, мемлекеттік бұқаралық коммуникация құралдары әрекет етеді.

Үшінші жолы, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру. Дамушы елдердің қоғамдық өмірдің барлық салаларын дамытумен бірге, саяси мәдениеттің де дамыған түрін қалыптастыруға талпынуы. Мұнда бір жағынан, қазіргі заманғы өркениетті саяси-мәдени қатынастар жүйесі игерілсе, екінші жағынан, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық және діни әдет-ғұрыптарды сақтауға талпынады.

Саяси әлеуметтендірудің екі негізгі формаларын атап өтуге болады: тікелей және тікелей емес. Тікелей саяси әлеуметтендіру кезінде жеке адамның бейімделуі нақты саяси сипатқа ие. Мысалы, белгілі бір елдің саяси және мемлекеттік құрылысы туралы, әртүрлі саяси партиялардың әрекеттері, ішкі және сыртқы саясаты, саяси идеологиясы және т.б. хабардарлығы. Ал, тікелей емес әлеуметтендіру жеке адамның саяси емес түрде бейімделуі, ол оның келешек саяси әлеуметтенуіне ықпал етеді. Мысалы, белгілі бір билік ықпалы бар ата-ана мен мұғалімдердің, саяси емес субъектілермен араласу кезінде жеке адамның билік пен беделге деген сезімінің нығаюы, дамуы. Кейінірек ол саяси билікті немесе саяси беделді құрметтеу немесе құрметтемеу сезіміне ұласады.

Тікелей саяси әлеуметтендірудің негізгі әдістеріне әдетте, еліктеу, таңқалу, пір тұту, саяси оқыту мен саяси тәжірибе жатады. Ал тікелей емес әлеуметтенудің негізгі әдістеріне саяси емес ұйымдарға қатысу және жалпылану (generalization) жатады.

Саяси әлеуметтендіру ұйымдары алғашқы және екінші топтар деп бөлінеді: мұндай жіктеулердің өлшеміне жеке байланыс пен формальды ұйымдасу дәрежесі жатады.

Алғашқы әлеуметтенудің тобына – достар мен жолдастардың бірлестігі (тең ағір тобы-peer groups), өнер, ойын және өзге де шағын топтар жатса; ал екіншісіне – мектеп, жұмысшы одақтары, саяси, діни ұйымдар мен БАҚ жатады.

Саясаттанушылардың кейбір топтары саяси әлеуметтендірудің мына төмендегідей түрлерін ұсынады:

- саяси әлеуметтендірудің үйлесімділік түрі, адам мен билік институттарының психологиялық бірқалыпты өзара әрекетін бейнелеуші, индивидтің құқық тәртібі мен мемлекетке тиімді және сыйластық қарым-қатынасы, өзінің азаматтық міндетін түсінуі;

- саяси әлеуметтендірудің гегемондық түрі, адамның «өзініңкіден» басқа кез-келген әлеуметтік және саяси жүйеге жағымсыз қарым-қатынасы;

- саяси әлеуметтендірудің плюралистік түрі, адамдардың басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың жаңа саяси құндылықтық бағдарларды игеру мүмкіндігін мойындауы;

- саяси әлеуметтендірудің шиеленістік түрі, ол негізінен топ аралық күрес пен қарама-қайшылық негізінде туындайды. Мұнда саяси мүдделер мен мақсаттар тайталасы сезіледі.

Шетелдік ғалымдардың жастарды әлеуметтендіруде іс-әрекеттің маңыздылығын атап айтуы бізді ойландыру қажет. Өйткені бала санасында айтқан сөзден гөрі, көріп отырған іс-әрекет қатты әсер етеді, әрі ұмытылмайды. Демек, күнделікті іс-әрекетімізде заң бұзу әрекеттерден аулақ болуымыз керек, бұл мемлекет қызметкерлерге, танымал азаматтарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені, олардың өміріне деген қызығушылық барлық уақытта жоғары болатындығы сөзсіз. Жастарға қандай үлгі боламын деген жауапкершілікті сезіну барлығымыздың азаматтық парызымыз деп санаймын.

№23. САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ

1 Саяси идеология анықтамасы мен мәні.

2 Саяси идеологияның негізгі қызметтері мен түрлері.

1 Саяси идеология ұғымы мен мәні. Саяси идеология мемлекеттің және маңызды саяси институттардың қызметтерін бағыттаушы саяси сананың ең ықпалды формасы және ол биліктік қатынас мазмұнына ықпал етеді, әрі белгілі бір топтың рухани құралы болып табылады. Саяси идеология ұғымы саяси процестердегі маңызды көзқарастарды, саяси саланың дамуындағы заңдылықтарды ашып көрсетеді.

Саяси идеология ұғымының (оны ағартушылық дәуірінің философы француз Антуан Луи Клод Дестют де Траси енгізген) мазмұны ғылымда әртүрлі түсіндірілуде. Мәселен, В. Парето саяси идеологияны «сезім тілі» болып табылатын интеллектуалдық жүйе және адам іс-әрекетінің оятушы ниетін (мотивін) бейнелейді деп есептеді. Идеология теориясының негізін салушының бірі К. Маркс, идеология дегеніміз қоғамдық тұрмыс пен өндірістік қатынас қарама-қайшылығынан туындаған елестік сана формасы деп тұжырымдаған. К.Маркс замандасы К. Мангейм, идеологияны «ерікті мистификация» жүйесі деп анықтады. Бірақ, ол идеологияның қызметтік сипатына, әсіресе адамдарды біріктіру қабілетіне, саяси энергияны аккумуляциялауына ерекше мән берді. Бұл идеяларға қарама-қарсы пікір

білдірген Д. Истон мен А. Конноли, олар идеологияның көңіл-күйлік жағынан гөрі құндылықтық мазмұнына ерекше мән берген болатын. У. Матц идеология тек күрделі саяси дағдарыстар кезінде ғана саяси аренаға шығады деп есептейді, ал А. Хабермас, идеология мен бұқаралық мәдениет бір деп санады. Американдық теоретик Л. Саджент идеология саяси дамудың белгілі бір мақсаттары мен құндылықтарын қалыптастырады, сонымен бір уақытта практикалық мәселелердің шешілуін қиындатады деген. Г. Лассуэл идеологияны саяси бірлестіктерді қандай да бір қолдауға бағытталған коммуникацияның көптүрлілігі деп түсіндірді. Оның ойынша, бұл мағынада ол өзіне қоғамдық санаға бағытталған мынадай элементтерді қамтиды: саяси доктриналарды, саяси формуланы (конституцияның негізгі ережелерінің мазмұны) және саяси миранданы (аңыздар, мифтер, рәсімдер т.б.).

2 Саяси идеологияның негізгі қызметтері мен түрлері. Саясаттану оқулықтарында идеологияның мына қызметтері атап көрсетілген:

1 танымдық қызметі, ол арқылы саяси жүйені, саяси өмірді танып білеміз;

2 бағдарламалық қызметі, ол қоғам, әлеуметтік даму, саяси тұлға, билік т.б. туралы түсінік беріп, адамдардың іс-әрекетіне бағдар беріп отырады;

3 жұмылдыру, іске тарту қызметі, жоғары құнды идеяларды, мақсат-мүдделерді айқындап, оның жүзеге асырылуына түрткі болу, әлеуметтік топтарды жұмылдыру, рухтандыру;

4 бағалау қызметі, халық санасында қоғамның дамуына баға берерлік жағдай жасайды, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіп туралы белгілі бір көзқарасты тудырып, қалыптастырады.

Саяси идеологияның әрекет ету деңгейі де әртүрлі болып табылады:

• **теориялық-концептуалды,** белгілі бір таптың құндылықтары мен идеалдарын ашатын немесе қандай да бір саяси даму мақсатын ұстанатын басты ережелерді қалыптастыру;

• **бағдарламалық-саяси,** әлеуметтік-философиялық қағидалар мен идеалдар саяси элита бағдарламасына, ұрандары мен талаптарына айналады, сөйтіп басқарушылық саяси шешім қабылдаудың қалыптық негіздері және азаматтардың саяси іс-әрекетінің ниеттемесі қалыптасады;

• **өзектендірілген,** яғни азаматтардың аталған идеологияның мақсаты мен қағидаларын игеруін, оны саяси іске және әрекетке айналдыру деңгейін сипаттайды.

Көптеген батыстық теоретик-саясаткерлер үшін идеология дегеніміз:

• **әлем туралы ғылыми емес білім,** ол адамдар санасын манипуляциялаудың құралы немесе саяси насихаттау саласындағы психологиялық әдістердің жиынтығы;

• **«жалған сана»,** қоғамның үстемдік етуші күшімен оған деген көзқарастардың арасындағы қатынастың қоғамдық негізін жоққа шығару, үгіт-насихатпен табысу;

• **тұжырымдар, идеялар жиынтығы,** қандай да бір саяси жүйедегі лидерлердің басшылығын ақтау мақсатындағы жеке адамдар мен халықтың қолдаулары;

• **контурлілік,** белгілі бір әлеуметтік топтардың әлеуметтік білімдерінің немесе құндылықтық бағдарларының әртүрлілігі.

Батыс әдебиеттерінде идеология проблемасына **екі көзқарас** қалыптасқан: 1) идеологияны жалған сана, субъективті ойлау деп түсіну; 2) идеологияның құралдық-қолданбалы жағына үлкен мән беру.

Сонымен, идеология дегеніміз адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін және қорғайтын идеялар мен көзқарастар жүйесі.

Саяси идеологияның негізгі түрлері:

1 Либерализм мен неолиберализм. Классикалық либерализм идеясы буржуазиялық революция дәуірінде пайда болады. Либерализм (liberalis - ерікті) идеологиялық ағым ретінде XVII-XVIII ғ.ғ. ағылшын-американ және т.б. батыстық ағартушылардың саяси философиялары негізінде қалыптасты. Оның негізгі өкілдері: Дж. Локк, Ш. Монтескье, А. Смит, И. Кант, Т. Джефферсон, А. Токвиль. Бұл идеология феодалдық қоғам ыдырап, буржуазиялық қоғамдық қатынастар пайда болуымен бірге қалыптасты. Бұл кезеңде буржуазияға саяси билікті өз қолына алуы үшін либералды саяси доктриналар керек болды. Либерализм мына қағидаларға сүйенеді:

• барлық адамдар табиғатынан дене және ақыл-ой қабілеті жағынан тең. Қабілеттер теңдігі олардың өз мақсаттарына жетудегі теңдігін ұсынады;

• адамның жеке бостандығы, оның табиғи құқығы және жеке меншікке құрмет, оның өмірінің негізін құрайды. Табиғи бостандық пен теңдікті тану – адамның алғашқы бастама жағдайын тану (Дж.Локк).

• барлық адамдар тең ғана емес, сонымен бірге дербес те болып жаратылған. Сондықтан да ол өзін-өзі басқару құқығына ие. Басқару формасының ең тиімдісі – азаматтарының еркі кең болғаны.

Сонымен, **либерализм қағидалары:** адамның еркіндігі, тұлғаның табиғи құқығы мен бостандықтарының байланысы, олардың мемлекет және қоғам мүддесінен жоғары тұруы. **Либерализмнің мұраты /идеалы/** саяси демократия қағидаларының қалыптасуы мен жетілуіне, дамуына зор ықпал ету.

Либерализмнің экономика саласындағы негізгі қағидалары: адамның жеке меншікке құқығы, нарықтың, бәсекелестіктің, кәсіпкерліктің еркіндігі, экономикалық іс-әрекеттің мемлекетке тәуелсіздігі.

XX ғасырдың 30 жылдарындағы әлеуметтік дағдарыстар либерализм идеологиясының әлсіздігін көрсетті. Сондықтан либерализмді қайта қарап, жаңғыртқан **жаңарған либерализм** пайда болды. Оның негізін салушылар: Ф. Хайек, Дж. Кейнс, Дж. Гэлбрейт т.б. Жаңарған либерализм идеологиясы бойынша мемлекет экономика мен әлеуметтік салада белсенділік танытуы қажет. Олар плюралистік демократия идеясын ұсынды. Либерализм идеологиясы Жапония, Англия, Австрия, Канада т.б. елдерде кездеседі.

2 Консерватизм және неоконсерватизм. Консервативтік идеология (konserbatus – қорғаушы) ұлы француз революциясының саяси идеяларына қарама қарсы идея ретінде дүниеге келді. Олар монархиялық билікті, феодалдық қоғамдық құрылысты, оның саяси-мәдени құндылықтарын сақтағысы келді. Консерватизмнің негізгі өкілдері: Э. Берк, Ж. Местр, Ф. Савиньи т.б. Олар ортағасырлық әдет-ғұрып, дәстүрлер қоғам өмірінде шешуші рөл атқарады, сондықтан оны қалпына келтіру керек деп санады. **Консерватизмнің идеялық-саяси негіздері мыналар:**

- адамзаттың ежелгі моралдық дәстүрлерін сақтау, ата-бабалардың даналығына құрметпен қарау;
- мақсаты мен мазмұнына қарамастан ескі басқару тәртібін артық көру, оны қорғайтын сана жүйесін қолдау;
- саяси қатысу мен әлеуметтік тәртіптің белгілі бір бағдарлары мен қағидаларын қолдау;
- қоғамды рухани ақиқаттылық ретінде тану. Қоғамның негізгі сипаты тәжірибе, дәстүр, мәдениет қажеттілігімен анықталынады деп санау.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында консервативтік идеологияға өзгерістер енгізілді. Ол еркін нарықтық қатынастар, алуан түрлілік, саяси демократия принциптері еді. Сондықтан XX ғасырдың 70 жылдарында Батыс Европада **жаңарған консерватизм** бағыты пайда болды. Ол жеке адамның бостандығын, құқықтарын жоғары қойды. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік қызметтері едәуір шектелді. Мемлекет меншігі шектелді, жекешелендіру негіз алды, бұрынғы биліктегі аристократия артықшылығынан бас тартты. Жаңарған консерватизм өкілдері: Р. Рейган, Д. Буш, М. Тэтчер т.б. Олар жаңа экономикалық құрылымды, әлеуметтік-адамгершілік құндылықтарды либералдық және социалистік негізде жаңартты. XX ғасырдың 80 жылдары консервативтік партиялар Англия, АҚШ, ГДФ-да жеңіске жетіп, билік басына келді.

Қазақстанға жаңа идеологияның қажеттілігі туралы. Соңғы жылдары біздің қоғамымызда идеология деген тым жағымсыз қатынас қалыптасты. Жетпіс жыл идеология қысымы астында өмір сүрген азаматтарымыз одан шаршағаны сонша, тіпті оның атының өзі оларға ұнамсыз болды. Бірақ, қоғам идеологиясыз өмір сүре алмайды. Идеологиялық вакуум болмайды деген ескі ақиқаттылық дұрыс болып шықты. Біздің қоғамдық санамызда бос орын пайда болған кезде оны либералистік, ұлттық, діни т.б. идеялар толтыра бастады.

Сонында адамдар тіпті ешбір рухани бағдарсыз, құндылықсыз, идеалсыз қалды, руханилықтан және әлеуметтен айырылу адам үшін үлкен қайғы болып табылады. Қоғам рухани бағдарсыз адамдардан тұрса, ол дағдарыстық жағдайға ұшырайды. Онда адамгершілік төмендейді, қылмыс көбейеді, қалыптастырушылық қызмет мотивациясы, адамдар келісімі төмендейді. Бұның кейбір көрінісі қазір бізде байқалды.

Әлеуметтік, экономикалық дағдарыстардың себептері саясат, экономика, техникалық арта қалушылықта деп санау заңды сияқты. Дегенмен, кейбір политолог, социолог, философ ғалымдар ойынша бұл дағдарыс тамыры тереңде

жатыр, ол көрінбейтін адамгершілік саласында, кеңірек алсақ санады. Бұл дағдарыстан шығу үшін ортақ идеяны ойлап табу керек, оның төңірегіне адамдар жиналған болар еді, олар қоғам проблемаларын бірге шешер еді. Бұл идеялар, көзқарастар, құндылықтар идеология болып табылады.

Сонымен, тәуелсіз Қазақстан әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуы үшін жаңа идеологияны қалыптастыру қажет. Мұнда мынадай сұрақ туындайды, қазіргі жағдайдағы Қазақстанда идеология қандай болуы керек? Идеология, билік жүргізіп отырған саясатпен тығыз байланысты болады, бірыңғай саяси-идеологиялық кешенді құрайды. Өз тәуелсіздігін алған Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі мазмұнын экономиканы көтеру, қоғамды демократияландыруды тереңдету мен кеңейту, ұлттық мәдениетті қайта жаңғырту, әлемдік өркениетке ену құрайды. Саяси тілмен айтқанда, бұл Қазақстанда әлеуметтік саясат модернизациясын жүргізу деген мағынаны білдіреді.

Сондықтан Қазақстандағы жаңа идеология оның әлеуметтік модернизациясының идеологиясы болуы керек. Бірақ қысқа уақытта дамыған азаматтық қоғамға жетуге, тоталитаризмнен демократияға бірден секіріп өту мүмкін емес. Ол үшін ұзақ өтпелі кезең керек. Сондықтан қазір елімізге өтпелі қоғамның идеологиясы керек. Мұнда президент билігінің басымдылығы, мемлекеттің қоғамды тоталитаризмнен авторитаризмге алып келудегі рөлінің басымдылығы анық байқалады. Мемлекеттің белсенділігі мұнда сөзсіз қажеттілік болып табылады.

№24. САЯСИ ЭЛИТА

- 1 Саяси ілімдер тарихында саяси элита мәселелерінің қарастырылуы.
- 2 Элитология негізін салушы классиктер.
- 3 Элита ұғымы, қызметтері, түрлері және қалыптасуы.

1 Саяси ілімдер тарихында саяси элита мәселелерінің қарастырылуы. Элитология дербес ғылыми пән ретінде XX ғасырдың өнімі болса, ал оның тамыры тереңге кетеді. «Элита» термині француздың *elite* деген сөзінен шыққан, сұрыпталған, тандалған, іріктелген деген мағынаны білдіреді. Ежелгі қытайлық ойшылдар билеушінің қалыптық моделін жасауға тырысты. **Гуань Чжун** (б.з.д. 645 жылы қайтыс болған) легизмнің негізін салушының бірі, ол заңды билеушіден жоғары қойған. Гуань Чжунның жоғарылар мен төменгілер қатынасы туралы идеялары саяси ілімдерді мыңдаған жылдар алға тартты. Олар өзінің тереңдігімен, сұңғылалығымен ерекшеленді. «Билеуші және шенеунік, жоғарғы және төменгі, атақты және қарапайым – барлығы заңды сақтауы тиіс. Бұл басқарудың ұлы өнері деп аталынады» – деп жазады Гуань Чжун.

Ежелгі қытайлық ойшылдар империяның тұтастығы, гүлденуі немесе, керісінше оның құлауы, тарауы ең алдымен билеуші сапасына тәуелді деп санады. Олардың ішінде **Лао Цзы** (б.з.д. 604ж. дүниеге келген) тұжырымдары ерекшелінеді. «Жақсы билеуші барлық нәрсені біледі және болды. Жақсы көретін және сапасатыны жаманырақ. Ең жаманы халық қорқатыны. Бәрінен жаманы барлығы күлетіні» – деп жазған болатын.

Әрине ұлы қытайлық ойшыл Конфуцийдің (б.з.д. 557-479ж.) пікірлері кеңінен тараған. Оның пікірі бойынша мемлекетті тақсыр (государь) басшылығымен (аспан баласы) асыл тектілер ізгілік қағидасымен басқарады. Асыл текті тәрбие арқылы жоғары моралдық сапаларды иеленеді. Қарапайым халыққа, Конфуций жүйесі бойынша, жоғары қабілетті, оқуға ынталы, ізгі ниетті болса жоғары шендік шенеунік болу мүмкіндігі ашылды. Демек, Конфуций жүйесі прогрессивті, ол билік жүйесіне білімді адамдарды тартуға ерекше көңіл бөлді, ол білім саласы арқылы тең мүмкіндіктер қағидасын ұсынды.

Қытай ойшылдарының идеялды билеуші моделдері қызықты. Гуань Чжун үшін идеялды билеуші халықтың жақсы өмір сүруін қалыптастыру маңызды ісім деп санайды: «жоғарылар төмендегілер жөнінде жауапкершілікпен қамқорлық жасайды, ал төмендегілер жоғарыларға адал қызмет етуі тиіс». Мұнда тиімді қарым-қатынаста «билеуші беделін жоймайды, төмендегілер өздерінің еңбегіне жауапсыз қарамайды». Конфуций бойынша идеялды билеуші ізгілікті болуы тиіс. Оның жоғары моралдық сапасы оған халықты билеу құқығын береді. Конфуций пікірінше билеушіде 5 сапалық қасиет болуы тиіс: мейірбан билеуші мейірімділігімен ысырапшыл емес; еңбекке мәжбүр ете отырып ашу-ыза шақырмайды; сұранысымен дүниеқоңыз емес; құрметтеуді талап ете отырып, қатал емес. Сонымен бірге 4 жағымсыз сапаларды ұсынады: егер халықты үйретпей өлтірсе, бұл жауыздық; егер халықты ескертпей, оның еңбегінің нәтижесіне қанағаттанбаса, онда бұл дөрекілік; егер алдымен асықпаңдар деп кейінен тез жұмысты бітіруді талап етсе, бұл қарақшылық; егер халыққа мадақтауға уәде беріп оны орындамаса, бұл қызғаншақтық. Егер халық қыңырлықпен соңынан жүрмесе, онда қатал болу керек, егер тіл алса, онда жұмсақ болу керек. Конфуций пікірі бойынша халықты жалғыз билеушімен қалдыруға болмайды, өйткені ол бұзылып кетеді.

Ежелгі Қытайда төменгі қабаттан жоғары қабатқа өтуге мүмкіндігі берілсе, ежелгі **Үнді мәдениеті** ондай мүмкіндік бермеді. Ежелгі үнді касталық құрылысы өзіндік элитарлы дүниетанымды қалыптастырды. Брахма философиясы бойынша брахмандар – билеуші ретінде түсіндірілді.

Антикалық философияда элитарлы дүниетанымды қалыптастырған **Платон** болып табылады. Платон демостардың саяси өмірге қатысуына қарсы болды, оларды тобыр, парасаттылық пен ақиқаттылық қарсыласы ретінде түсіндіреді. Платон тұжырымы бойынша мемлекеттік басқару ісімен арнаулы тәрбие алған аристократтар ғана айналысуы тиіс, ал колөнершілер мен шаруалар қоғамды басқарудан босатылуы тиіс, олар кара жұмыс істеулері қажет, ал құлдар тіпті қоғам мүшесі ретінде саналмайды.

Платон өзінің бұл идеясын жан туралы ілімі арқылы дәлелдеуге тырысты, ол үш бөліктен: ақыл-ой, ерік-күш, сезімнен тұрады. Алдыңғы екеуі сезімдік қызметтің жоғары формасы тек ғана азғана таңдаулы - аристократтарға тән, бұл оларға мемлекетті басқаруға мүмкіндік береді. Осы ілімі арқылы қоғамды жіктейді: ақыл-ой аристократтарда сондықтан ол мемлекетті басқарады; ерік-күш, ол әскерде, олар қоғамда тәртіп, реттілікті қалыптастырады, қалғандары

қалыптасқан тәртіпті сақтап еңбек етулері тиіс, әрі билеуші мен сақшыларға толық бағынуы тиіс.

Қайта өрлеу идеологтары ішінде **Н. Макиавеллидің** еңбектері ерекше. Бірақ, оның билеуші мен биленуші туралы ілімі қарама-қайшылықты. Бір жағынан ол Италияның бірігуін тежеуші феодалдарға қарсы болды, ал екінші жағынан бағынуды қойған бұқара көтерілісінен қорықты. Н. Макиавелли билеуші мен халық арасындағы тиімді қатынасты іздейді, оны күшті билікте деп шешеді. Саяси көсемге ерекше көңіл бөлген Н. Макиавелли саяси процесті тек солардың қызметімен байланыстырады. Н. Макиавелли басқарудың қызықты типологиясын ұсынды: билік нәтижесін қамтамасыз ететін: «арыстандар – тез шешімге келетін, күшке арқа сүйейтін билеушілер; түлкілер – жұмсақ, қулық, арамдыққа бейім». Билеуші кімге арқа сүйеуі тиіс деген сұраққа жауап іздеді. Ол біржақты халықты таңдады. Н. Макиавелли «ұзақ уақыт билік тираны мен шетел езгісіне көнген халық – бұл бұзылған халық, өзіндегі құдай берген құнды дарындардан - бостандықсүйгіштік, тәуелсіздік, адалдық, батылдықтан айырылған» – деп жазады.

Н. Макиавеллидің саяси элита ілімінде ерекше назар аударатын екі нәрсе бар, бірі күшті билік, екіншісі саяси аморалдық. Бұл идеясының прогрессивті жағы қалайда Италияны біріктіруге талпынуы.

Ағартушылық дәуірдің идеологтары элитизм теориясының дамуына үлес қосты. Ең алдымен, қоғамдық келісім теориясының негізгі өкілдері **Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо** болды. Жаңа пайда болған буржуазия идеологтері халықтың егемендік идеясын ұсынды. Дж. Локк мемлекет көпшілік еркі бойынша әрекет етуі тиіс (буржуазиялық парламент) деп санады. Ол биліктің тармақтарға бөлінуі идеясын дамытты, сол арқылы билеушінің билікті өз пайдасына пайдалануын тиюға талпынды. Ш. Монтескье мемлекет пен оның азаматтарының мүддесі билеуші мүддесінен жоғары деп санады. Ол басқару формасын билік жүргізуші адамдар санымен емес, билеуші мен халық арасындағы қатынас арқылы жасады, әрі оның құқықтық жағына ерекше мән берді.

2 Элитология негізін салушы классиктер. Элитология классиктері италяндық социологтер **Г. Моска, В. Парето, Р. Михельс** болып табылады. Элитаның қазіргі заманғы теориясын жасаған Г. Моска мен В. Парето. Бұл екі автор арасында басымдылықтар жөнінде пікір-таластар да болды. В. Парето Европада Г. Москаға дейін танымал, атақты болған. Бірақ билеуші таптың тұтас концепциясын, оның әлеуметтік-саяси процестегі рөлін бірінші рет Г. Моска ұсынды (Г. Москаның алғашқы еңбектерінде элита ұғымы қолданылмады). Кейін Г. Моска Т. Паретоны саяси элита теориясын қалыптастырудағы еңбегін иеленгені үшін, оған сілтеме жасамағаны үшін кінәлайды. Дегенмен де, Г. Моска мен В. Парето теорияларында шын мәнінде ұқсас жақтары бар болатын.

Саяси процесс субъектісі ретіндегі билеуші тап концепциясын **Г. Моска** «Саяси ғылымдар негіздері» (1896ж.) атты кітабында жасады. Кейіннен бұл кітап «Билеуші тап» деген атпен ағылшын тіліне аударылды.

Г. Москаның концепциясындағы бастама бөлім – қоғамды билеуші азшылық пен саяси тәуелді көпшілікке бөлуі. Г. Моска өзінің тұжырымын

былай сараптады: «Тіпті сырттай қарағанның өзінде бір нәрсе белгілі. Барлық қоғамда, енді өркениетке жеткенінен бастап, алдыңғы, күшті қоғамдарда барлық уақытта адамдардың екі тобы пайда болады, билеуші тап және биленуші тап. Біріншісі біршама азшылық, барлық саяси қызметтерді орындайды, бұл уақытта екіншісі, көпшілік тап біріншілермен саяси организмнің әрекет етуіне мүмкіндік беретін тәсілмен басқарылады және бақыланады. Ақиқат өмірде біз бәріміз бұл билеуші (саяси) тап өмір сүруін мойындаймыз». Бұл үзінді элитаризм зерттеушілеріне «классикалық» тұжырым, саяси элита теориясының негізі. Қоғамды басқару әрқашанда «азғана ықпалды адамдар қолында болатындықтан» көпшілік олармен саналы және санасыз келісетіндіктен Г. Моска «демократия» ұғымына сенімсіздік білдірді. Аристотельдің демократия дегені тек қоғамның көпшілік мүшелерінен құралған аристократия билігі ғана деп саналды.

Азшылықтың көпшілікке билігі қандай да бір деңгейде легитимделінеді, яғни көпшілік мойындауымен жүзеге асырылады. Бұл феноменді қалай түсіндіруге болады? Ең алдымен, бұл билеуші азшылық әрқашанда ұйымдастырылмаған бұқараға қарағанда ұйымшыл. Бұл азшылық билігін легитимдендіретін тағы бір жағдай: «Ол мынады, оны құрайтын индивидтер басқарылатын бұқараға қарағанда сапа жағынан ерекшелінеді, олар материалдық, интеллектуалдық және тіпті моралдық артықшылықпен қамтамасыз етілген... Басқа сөзбен айтқанда басқарушы азшылық өздері тұратын қоғамда өте құрметтелінетін қасиеттерге ие».

Г. Моска билікті иеленушілердің «моралдық артықшылығы» және «әскери табысы» сияқты тезистерінен гөрі «байлығы» туралы тұжырым құндырақ деп саналды. «Билеуші таптың басым қасиеті әскери жетістігінен гөрі байлығында, билеуші батырдан гөрі бай». Содан соң, «белгілі бір кеменгерік сатысына жеткен қоғамда, жеке билік қоғамдық билікке ауысқанда, мүлкіткер билігі, байлар билігі орнайды, бай болу - онда құдіретті болу деген сөз. Шын мәнінде, темір жұдырықпен күреске тиым салынғанда, фунт пен цент күрестеріне рұқсат беріледі, ең жақсы қызметтер кім ақшамен жақсы қамтамасыз етілсе соған тиенеді». Г. Моска пікірінше мұнда екі жақты бағыт пайда болады: байлық саяси билікті қалыптастырады, сонымен бірге саяси билік ақшаны әкеледі.

Г. Моска пікірінше басқарушы азшылық әрқашанда белгілі бір деңгейде бірігеді, ол жабық тапқа айналу үрдісіне ие. Барлық билеуші таптар мұрагерлік болуға тырысады, егер заң бойынша болмаса, онда іс жүзінде. Мұнда шындық өлшемі көп, ол деспоттық шығыстан партноменклатуралық социализм элитасына тән. Г. Москаның элитаны жабық тап деуі де орынды. Мұрагерлік элитада оның құрамы отбасы мүшелерімен шектелген, бала туу ғана бұл тапқа өту өлшемі. Ал, ашық қоғамда білім билеуші тапқа жол ашады. Дегенмен, билеуші тап мұнда білім беруді монополияландырады, белгілі бір индивидтер ғана мәртебелі білім алады.

Г. Моска үшін элитаға жана адамдардың келуі – қоғам денсаулығының кепілі. Бірақ Г. Моска пікірі бойынша бұл консервативті үрдіс тұрақты қоғамда ғана мүмкін, яғни элитаны бұқарадан шыққан таңдаулылармен толықтыру мен

сабақтастықты сақтауы. Демек, Г. Моска элитаның ауысуы емес, трансформациялануы концепциясына жақын келді.

Г. Москаны тарихтағы бұқара рөлін жоққа шығарғаны үшін және демократияға негилистік қатынасы үшін сынға алуға болады. Г. Моска билеуші таптағы екі үрдісті атап көрсетті, олар аристократиялық және демократиялық. Біріншісі, элита мобилділігінің жоқтығымен, қоғам жаңармауымен ерекшелінеді, ал екіншісі, әлеуметтік өзгерістер кезеңі, билеуші таптың әлеуметтік төмендегілердің біршама динамикалық және қабілетті өкілдерімен толықтырылуына мүмкіндік жасалынады.

Сонымен қорыта айтқанда, Г. Москаның элита билігі идеясы – билеуші азшылық билігін ақтауға деген талпыныс, көпшілікті оның легитимділігіне сендіру.

В. Парето – позитивті социологияның көрнекті өкілі, ол элитаға кім жататындығын анықтау үшін статистикалық әдісті ұсынады: «... өз қызметінің саласында ең жоғары баға алған адамдардың әрқайсысын элита деп атаймыз» – деп жазады.

Сонымен байлар әлеуметтік пирамиданың шыңын қалыптастырады, кедейлер негізін құрайды. В. Парето пікірінше қоғамды басқа негізде, мәселен, кез келген қызмет облысындағы қабілет негізінде жіктеуге болады. Оның тұжырымы бойынша өмір сүру үшін күресте кімдер ең жоғары шыңға жетсе, олар элитаны құрайды. Индивидтер, күшті ықпал мен байлыққа ие, «қоғамның жоғары қабаты элитаны» құрайды. Оларға В. Парето ең алдымен коммерциялық, саяси, әскери, діни төбелтопты жатқызды. Бұл элитаны кең тұжырымдау. Дегенмен, В. Парето элитаны тар мағынада да тұжырымдайды. Бұл элитаның саясатта шешуші рөл атқаратын бөлігі, яғни билеуші элита. Демек, элитаның барлық мүшелері оның тар мағынасына енбейді. Әлеуметтік құрылым В. Парето бойынша былай бөлінеді: жоғары қабат - элита, билеуші және билемеуші; төменгі қабат - бұқара.

Қоғамдағы материалдық және рухани құндылықтарды бөлу, әсіресе, билік, байлық, беделді тең емес. «Байлықты болудегі теңсіздік қоғамның экономикалық ұйымдастырылуынан гөрі, адамның табиғатына көбірек тәуелді».

Әлеуметтік динамиканы түсіндіру үшін В. Парето «элитаның циркуляциялануы» теориясын жасады: әлеуметтік жүйе тепе-теңдікке ұмтылады және ол тепе-теңдіктен шыққанда белгілі бір мерзімде оған қайтып келеді; жүйенің теңсесу процесімен оның тепе-теңдіктің «бірқалыпты жағдайына» келуі әлеуметтік циклді қалыптастырады; цикл ағымы элитаның циркуляциялану сипатына тәуелді. В. Парето тарихи процесті элитаның негізгі түрінің мәңгілік циркуляциялануы ретінде көрсетуге талпынды. Бұл циркуляциялану схемасының қоғамдық дамудың тарихи тұрғысымен байланысы шамалы. Ол «элита қоғамның төменгі қабатынан пайда болады және күрес барысында жоғары көтеріледі, гүлденеді және ақыр соңында жойылады және жаншылады. Бұл элита айналымы тарихтың әмбебап заңы болып табылады» – деп жазады. В. Парето үшін тарих – артықшылыққа ие

азшылықтың сабақтастық тарихы, олардың қалыптасуы, күресі, билікке жетуі, биліктен құмарының қануы, құлауы, басқа артықшылыққа ие таптың келуі.

Неге элитаның ауысуы болады, ал олардың үстемдігінің тұрақсыз және ұзақ болмау себебі неде? Бір элитаның тұрақты түрде екіншісін ауыстырып отыруы қоғамды басқару сұранысына басқару әдісінің сай келмеуінен. Демек, әлеуметтік жүйеде тепе-теңдікті сақтау үшін бір элитаны басқасымен ауыстыру процесін талап етеді, элиталар алдында бұл талап қайта ауысып пайда болып отырады.

В. Парето элита күштілігін күштеумен шатастыруға болмайды, ол әлсіздік сыңары деп санады. Төменгі қабатта барлық уақытта қоғамды басқаруға қабілетті адамдар бар. Элитада тұрақты түрде қоғамды басқаруға қажетті сапасы болмайды. Күштеуге жүгінетін элементтер жинақталынып отырады. «Аристократияда сандық ғана емес, сапалық та құлдырау болып тұрады». Яғни, билеуші элита уақыты келгенде өзінің сапалық қасиеттерінен айырылады, сол кезде халық үшін қажетті сапалық қасиеттерге ие жаңа, жас элита өмірге келеді.

Р. Михельс (1876-1936ж.ж.) элитологияның негізгі классиктерінің бірі, оның теориясының негізгі бағыттары мынадай:

- элитаның билігі оның ұйымшылдығына тәуелді, яғни тек ұйымшылдық қабілеті ғана билікке кепілдік бермейді, сондай-ақ кез келген ұйымшыл қоғам элитаның әрекет етуіне жағдай жасайды;

- кез келген қоғамдық ұйымның элитарлық құрылымының болуы сөзсіз;
- партиялардағы билік іс жүзінде азғана адамдарға тән, олар партиялық иерархияның жоғары сатысындағылар;

- кез келген ұйымға элитаның билік үшін күресі тән. Ескі мен жаңа көсемдер арасындағы күрес біріншілердің алшақтауымен аяқталады. Бұл процестің қорытынды актісі элитаны ауыстыруға ғана емес, оны қайта ұйымдастыру. Олардың бірігуі жүзеге асады;

- демократияның басқару аппаратынсыз мүмкін еместігі, соңында артықшылыққа ие адамдар тобын қалыптастырады.

Р. Михельстің негізгі қорытындысы, үлкен ұйымдарды олигархиясыз басқару техникалық мүмкін емес.

Г. Моска, В. Парето, Р. Михельс теориялары мемлекетті басқаратын немесе оған талпынатын топтарды теориялық және эмпирикалық зерттеуге итермеледі.

3 Элита ұғымы, түрлері мен қалыптасуы. Саяси элита деп қазына-байлықты, қаржы-қаражатты бөлуге байланысты және т.б. саяси маңызды шешімдер қабылдауға қатысты жоғары мәртебесі мен ықпалы бар ұйымдасқан топты айтады.

Қоғамда саяси элитаны тудыратын факторлар мыналар:

- қоғамға арнайы білімі, тәжірибесі, қабілетті бар кәсіби басқарушылар керек;

- адамдардың психологиялық (туа біткен) және әлеуметтік (оқу, тәрбие) теңсіздігі;

- қоғамда басқарушы еңбек жоғары бағаланады және ынталандырады;

- бұқара халықтың саяси енжарлығы, селкостығы.

Саяси элита стратегиялық мақсатты айқындайды, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын белгілейді, өз жоспарларын жүзеге асырудың тетіктерін табады, қоғам алдына қойылған мақсаттардың жүзеге асырылуын бақылайды.

Саяси элитаның түрлері:

- мұрагерлік, мысалы аристократтар;
- құндылықтық, жоғары және ықпалды қоғамдық және мемлекеттік позицияға ие адамдар;

- биліктік, тікелей билікті иеленушілер;

- қызметтік, кәсіби-басқарушылар, осындай биліктілікке ие адамдар;

- билеуші, мемлекеттік билікке иелер;

- оппозициялық, контрэлита;

- ашық, қоғамнан шыққан;

- жабық, өз ортасынан шыққан, мысалы дворяндық.

Элита сонымен бірге, жоғары және орта болып бөлінеді. Жоғары элита бүкіл мемлекет үшін маңызды шешім қабылдауға ықпал етеді. Орта элитаға тұрғындардың 5 пайызы жатады, мына үш белгісі бойынша ерекшелінетін – табыс, кәсіби статус, білім. Осы белгілердің бір немесе екеуіне иесі маргинал элита деп аталынады.

Саяси элитаның ерекшеліктері:

- азғана, жеткілікті дербес әлеуметтік топ;

- жоғары әлеуметтік мәртебе;

- мемлекеттік және ақпараттық биліктің елеулі көлемі;

- билікті жүзеге асыруға тікелей қатысу;

- ұйымдастырушылық қабілеті мен дарыны.

Саяси элитаның қалыптасуының екі жүйесі бар:

1 гильдий жүйесі /социалистік елдерде кеңінен қолданылған/

2 антрепренерлік жүйе /демократиялық елдерде қолданылған/

Гильдий жүйесінің ерекшелігі:

- жабықтығы;

- таңдау процесінің институттандыру деңгейінің жоғарылығы (партиялығы, жасы, стажы, білімі, басшы мінездемесі т.б.);

- бәсекенің жоқтығы;

- элита құрамының өзгеруі баяу.

Антрепренерлік жүйе ерекшелігі:

- ашықтығы;

- талаптардың аздығы;

- жоғары бәсекелік;

- элита құрамының тез өзгеруі.

№25. САЯСИ ЖЕТЕКШІЛІК (лидерлік)

1 Саяси жетекшіліктің табиғаты.

2 Саяси жетекшілік сипаты мен белгілері.

3 Саяси жетекші концепциялары.

4 Саяси жетекшінің түрлері.

1 Саяси жетекшіліктің табиғаты. Саяси жетекшілік – өте күрделі, субъектілі-объектілі сипатты және саясаттанудың қызықты мәселесінің бірі. Саясаттың субъектісі мен объектісі ретінде адамдар өздерінің саяси мүдделерімен, құндылығымен, мәдениетімен әрекет етеді. Әр дәуірде, таптар мен әлеуметтік топтар жетекшіні қажет етті, оған әр түрлі талаптар қойды, оның негізгі өлшемі қызметінің нәтижесінде сол қауымдастықтың сұранысы мен мүддесін қанағаттандыруы тиіс. Француз саясаттанушысы Жан Блондель «жетекшілік те адамзат сияқты ескі. Ол жан-жақты, қажетті және онсыз мүмкін емес. Ол барлық жерде – үлкен және ұсақ ұйымдарда, көше бұзақыларында және жаппай демонстрацияларда бар. Жетекшілік өмір сүруі үшін топтар өмір сүруі тиіс, қай жерде топтар болса онда көсемдер де бар» – деп жазды.

Адам дамуының алғашқы кезеңдерінің өзінде-ақ оның өмір сүруі қандай да бір топтық іс-әрекет пен мінез-құлық моделдері қалыптасуынсыз мүмкін емес болды. Ал, бұл тәжірибелі, күшті, ақылды, өз қауымдастары арасында сенімге, беделге ие адамдар жетекші рөл атқаратын қоғамдық өмір тәртібін таңдауға итермеледі. Жетекшілік қоғам бірте-бірте күрделі формаларына: жетекшілік институттарға, топтық жетекшілікке өтті.

Жетекші (лидер) – жеке ықпалымен әлеуметтік және саяси процестерде шешуші рөлге ие ұйым немесе ұсақ топтың беделді мүшесі. Жетекшілік – бұл топтық қызметті интеграциялау механизмі, сонымен бірге ұйым мен индивид мақсаты үшін жеке адамдар мен топтарға тұлғалық ықпал етуге қабілеті. Саяси жетекшілік – адамдардың саяси мінез-құлқы мен саяси қызметіне ықпал етудің жеке тұлғалық қасиеті. Оның негізгі ерекшелігі – билік феноменімен тығыз байланысты болуында.

Саяси жетекшілік анықтамалары:

- Саяси жетекшілік феномені билік феноменімен байланысты. Саяси жетекшілік – бұл билік қатынасы мен әртүрлілігі. Билік – жетекшіліктің негізгі ингредиенті;

- Жетекшілік – бұл басқармалық статус, әлеуметтік бағыт, саяси шешім қабылдаумен байланысты, бұл басқарушы қызмет;

- Саяси жетекшілік – бұл саяси жүйенің негізгі институттарының бірі.

- Саяси жетекшілік – бұл тұрақты, приоритетті және легитимді, бүкіл қоғамға, ұйымға немесе топқа билікке ие бір немесе бірнеше адамдардың ықпалы;

- Саяси жетекшілік – арнаулы нарықтық қатынаста жүзеге асатын өзінше кәсіпкерлік, онда саяси кәсіпкерлер бәсекелік күресте өздерінің қоғамдық тапсырмаларды шешетін бағдарламаларымен айырбас ұйымдастырады;

- Саяси жетекшілік – бұл соңғы нәтижесінде саяси әрекетке әкелетін бағыт.

- Саяси жетекшілік – бұл жетекші мен халық арасында қалыптасатын қатынас. Бұл қатынас не бірігу, не шиеленіс моделдерімен дамиды.

Сонымен, «саяси жетекші» категориясы саяси қызмет субъектісінің түрін (субъект-лидер), қызмет субъектісі мен объектісі арасындағы қатынасты

(жетекшілік) және саяси институт – көсемдіктің әрекет етуі мен таратылуы механизмін білдіреді.

Саяси жетекшілік категориясы екі аспектіні қамтиды:

1) формальді басқарушылық-қызметтік статус, билікті иеленумен байланысты.

2) субъективті қызмет, әлеуметтік рөл атқарумен байланысты.

Жетекшілік құрылымында үш негізгі компонент кездеседі: жетекшінің жеке қасиеті; онда бар ресурстар мен құралдар; ол әрекет ететін және оған ықпал ететін ахуал (ситуация). Бұл компоненттер жетекшіліктің нәтижелігіне тікелей ықпал етеді.

2 Саяси жетекшілік сипаты. Саяси жетекші біруақытта саяси процесс субъектісі де, объектісі де болып табылады. Субъект ретінде өзін қолдаған қауымдастықтың мүдделерін іске асыру үшін ол әлеуметтік-саяси қозғалыс басында тұрады. Бұл үшін жетекшіге билік өкілеттілігі және адамдардың еркін, интеллектін бағыттау, материалдық, қаржы құндылықтарын пайдалану құқы беріледі. Саясат объектісі жетекші әр түрлі бағыттар тарапынан ықпал мен қысымдарға ұшырайды, оны қабылдауға және келісімге баруға ол дайын болуы керек. Әрбір жетекшілік өзін көрсетуге, көбірек қолдаушылар табуға, қалыптасуға, сол кездегі саяси жүйеге енуге талпынады. Саяси жетекшілік эволюциясы – бұл қарапайымнан күрделіге қарай қозғалыс. Практикадағы оның кезеңдері: бірнеше қоғамдық қозғалыстардың пайда болуы және жетекшінің ерекшеленуі, ары қарай, партия құрылуы, бағдарламалық бағдар мен ұйымдық қағидалардың анықтауы, партиялық-саяси жетекші иерархиясының қалыптасуы, сонында билік үшін күрес; партияның билікке келуі, партия жетекшілердің мемлекет қызметіне өтуі.

Саяси жетекшілік белгілері:

- өзіндік бағдарламасының немесе жаңашыл стратегиясы мен тактикасының болуы;

- қандай да бір топтың көзқарастарын білдіре және қорғай білу;

- бағдарламаларын іске асыру және өз қолдаушыларын жинау үшін қажетті сапалық қасиеттерінің болуы;

- қажетті саяси мәдениет деңгейі;

- сол қоғам мен топта қалыптасқан моралдық нормаға жауап беретін жетекші имеджі;

- танымалдылық;

- көмекшілер мен орындаушылар командасының болуы;

- халық бұқарасының, ресми билік құрылымының, немесе қоғамдық ұйымдардың белгілі бір деңгейде қолдауына ие бола білу;

- өз жақтастары мен сайлаушыларына керек бола білу;

- қоғам немесе өз тобы атынан сөйлеу білу.

Саяси жетекшілікке көптеген себептер ықпал етуі мүмкін. Саясаттанушылар мен психологтар ондай онға жуық факторларды атап көрсетеді. Олардың ішінде: жетекшінің негізгі саяси сенім-нанамы; оның саяси стилі; ол басшылыққа алатын мотивтер; оның қысымдар мен стрестерге

реакциясы; ол алғаш рет қалай жетекшілікке жетті; оның өткен тәжірибесі, қызметін алғаш бастаған кездегі саяси ахуал; қамқорлық таланты.

Осы аталған факторлардан мынаны байқауға болады жетекшінің өз айналасындағылармен, көмекшілерімен қарым-қатынасы жетекшінің бағытын күшейтуі немесе әлсіретуі мүмкін. Бұл туралы **Н. Макиавелли** «басқарушы ақылдылығы ең алдымен өзіне қандай адамдарды жақындататындығымен бағаланады» – деп жасады.

М. Герман жетекшілік феноменін анықтаушы құрылымдық факторларды пайдалана отырып, мынадай объективті және субъективті алғышарттарды жинақтайды:

- 1 тарихи контекст (ахуал);
- 2 жетекші және оның ізбасары арасындағы қарым-қатынас;
- 3 жетекші іс-әрекеті;
- 4 жетекшінің базалық саяси сенімі;
- 5 саяси стилі;
- 6 жетекші саяси бағытқа жетуде ұстанған мотиві;
- 7 стрестер мен қысымға көсем реакциясы;
- 8 жетекшілікке жету тәсілі;
- 9 саяси тәжірибе сабақтастығы.

Сонымен, біз саяси жетекші қалыптасу процесінде ішкі және сыртқы объективті және субъективті факторлар, жетекші мотивтері мен әлеуметтік степенелесуі шешуші рөл атқаратынын байқадық.

Жетекші қалыптасу процесінде шешуші рөлді ұлт, халық менталитеті, қоғамның жалпы мәдени даму деңгейі, оның өркениеттілігі, діни-саяси және әлеуметтік-экономикалық бағдары мен бағыты да атқарады.

3 Саяси жетекші концепциялары. Саяси жетекшіліктің күрделі әлеуметтік-саяси және психологиялық табиғаты бұл құбылысты зерттеуге қызығушылықты тудырды. Солардың ішінен ең кең тараған концепцияларға тоқталайық. Жетекшіліктің **волюнтористік** теориясының негізгі өкілдері **Т. Карлейль /1795-1881ж./** және **Ральф Эмерсон /1803-1883ж./** тарихты көрнекті тұлғалардың шығармашылығының нәтижесі, бұқараны «қараңғы», ол жетекшінің бағыт беруші әрекетінсіз өмір сүре алмайды деп түсіндірді. **Волюнтористік** концепцияда жетекші барлық проблеманы шеше алатын күшті тұлға. Шын мәнінде, қатал, талапшыл тұлға қызметі белгілі бір кезеңдерде нәтижелі болуы мүмкін. Бірақ жетекшінің негізгі міндеті белсенділікті көтеру, бейжайлықты жою, көпшілікті қоғамдық мәселерді шешуге тарту.

Саяси жетекшілікті зерттеуге ерекше үлес қосқан **Н. Макиавелли**, оның саяси жетекші – патша (государь) бүкіл қоғамның біріктірушісі және өкілі, қоғамдық тәртіп пен өз үстемдігін сақтау үшін әртүрлі құралдарды қолданушы.

Жетекшілік концепциясына үлес қосқанның бірі – **Габриэль Тард**, **әлеуметтендіру теориясының** негізін салушы. **Г. Тард** әлеуметтік өмірдің негізгі заңдылығы жетекшілер сабақтастығы екенін дәлелдеуге тырысты. «Көпшілік тұрғындар дербес әлеуметтік шығармашылыққа қабілетсіз. Қоғамдық прогрестің негізгі көзі белсенді, ерекше тұлғалардың ашулары» – деп жазды.

Жетекшіліктің **психоаналитикалық** мектебінің негізін салушы **З. Фрейдтің** жетекшілік концепциясы – бұл жеке тұлғалық беделдің топ мүшелерінің іс-әрекетіне ықпалы. **З. Фрейдтің** теориясы бойынша жетекшілік компоненттері – көңіл-күйлік, денелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық. **З. Фрейд** жетекшілікке бірнеше анықтамалар береді. **Жетекшілік** бұл:

1 патриархалды билеуші, қатал және сүйікті көсем бейнесіндегі тұлға. Оны көпшілік қалайды және қолдайды;

2 топтық стандарттарды алып жүруші, оған еліктеу басым болады;

3 тиран – басым, авторитарлы тұлға. Одан қорқады және оған бағынады;

4 ұйымдастырушы – әркімнің сұранысын қанағаттандырады, кінәлі сезінуді, қорқуды жояды, оны сыйлайды;

5 арбаушы – басқа адамның әлсіз жағымен ойнайды, жаншылған көңіл-күйдің шығуына, қиналысты төмендетуге тырысады,

6 батыр – топтық қарсылықты, әділеттілік стандартты білдіреді, соңынан ерте біледі.

7 пір (кумир) – өзіне тартады, сүйкімді, айналасындағыларға жағымды ықпал етеді. Оны жақсы көреді, сиынады;

8 жағымсыз – агрессиялық үрдіс объектісі, ол жоқ болса топ та жойылады, себебі жалпы топтық стимулда.

Компенсатор теориясы, көптеген саясаткерлер үшін билік психологиялық жетімсіздіктерін толықтыруға қажет деп түсіндіреді. Саяси жетекшілер басынан жетілмеушілікті сезінеді деп тұжырымдауға болмайды, бірақ олардың көпшілігі саяси қызметімен толықтыруға тырысқан жеке проблемалар мен жаракаттарға ие. Батыс әдебиеттерінде жетекшілік ерекше іс-әрекет түрі, невроз немесе психикалық жетімсіздік салдары деген пікірлер жиі кездеседі.

Басқа **әлеуметтік-психологиялық** концепцияда саяси жетекшіліктің түрлеріне ерекше көңіл бөледі. Барлық типтер ішінен «**билікті іздеуші**» ерекшеленеді. «Билікті іздеушінің» бірнеше түрлері бар, агитатор, администратор, теоретик. **Агитатор** басқа адамдарды бақылаудан, комиссияға, конференцияға, жиналысқа қатысып біреуді сендіруден немесе қайта сендіруден қанағаттанушылық алады (**Г. Зюганов**). **Администратор** топта жұмыс істегенді қалайды, жүйеде өзін қолайлы сезінеді, ұжымда, топтар арасында қатынасты құрауға талпынады (**А. Чубайс**). **Теоретик** өз түсінігін сөз бен өтінішке айналдырады және сонымен арбайды (**Е. Гайдар**).

Психоталдау дамуына үлес қосқан **Франкфрут мектебінің** ғалымдары **Э. Фромм**, **Т. Адорно** және т.б. Олар авторитаризмге жақын, билікке талпынушы саяси тұлғалардың түрлерін анықтауға тырысты. Авторитарлы тұлға үшін билік психологиялық қажеттілік, өз жетілмеушілігінен (комплекс) өз еркін басқа адамдарға тарату арқылы айырылуға тырысады, олар көңіл-күйді басшылыққа алады, теңдікті, демократияны қолдамайды. Ол бүкіл әлемді күшті-әлсіз қатынасы арқылы таниды.

Жетекшінің «бет әлпеті» концепциясы, бихевиористік бағытқа сүйенген және кең тараған. Оның негізгі мәні – қалаулы немесе міндетті психологиялық қасиеттерді жинақтау. Американдық социологы **Э. Богардус** жетекші иеленуі тиісті

ондаған қасиеттерді атап көрсетті, олар – ақыл, энергия, қабілет, көріпкелдік, өзіне көңіл аударта білу, такт, әзілдеу сезімі, катал мінез, шешімділік т.б. Ал оның әріптесі К. Бирд жетекшінің жүз қасиетін атап көрсеткен.

«Ахуал қызметі» концепциясының негізгі өкілдері де тұлғалардың психологиялық қасиеттеріне белгілі бір көңіл бөледі, бірақ ең алдымен тұлға қасиеттері қалыптасқан ахуалға тәуелді өзгермелі болады деп есептейді. Олар үшін жетекшілік – бұл ең бірінші топта қалыптасқан ахуал өнімі. Ф. Фидлер және т.б. психологтер топ үшін қолайлы немесе қолайсыз ахуалда негізгі міндеттерді шешуге бағытталған жетекшілер адамдарға бағдар ұстанғандарға қарағанда көп нәтижеге жетеді деп есептейді. Жетекшілік ахуал қызметі ретінде қаралады. Жетекшілік мәні индивидте емес, оның тиянақты жағдайда орындауы тиісті рөлінде, және бұл жетекшіні таңдауды, оның іс-әрекетін анықтайды. Объективті жағдай талаптарына басымдылық бере отырып, көптеген саясаттанушылар жетекшінің ахуалға қарап белсенділігі артатынын жоққа шығаруға болмайды деп есептейді. Осыған байланысты Ю. Дженингс «күмән жоқ егер ахуал Наполеон үшін пісіп жетілсе, онда Наполеон да ахуал үшін пісіп жетілді. Ұлы жетекші ахуалды сезінеді және оны қашан пайдалану қажет екенін біледі және өз белсенділігін реттеп отырады»- деген. Сонымен ахуалдылық теориясы жетекші қасиеті концепциясын да жоққа шығармайды. Сол қалыптасқан ахуал мен жағдай саяси жетекші қасиеті мен бет әлпетін анықтайды деп есептейді. Э. Фромм мен Д. Рисмен ахуал қызметі негізінде саяси жетекшінің екі түрін ажыратып көрсетеді. 1) нарықтық бағдардағы тұлға (Э. Фромм), өзіне товар ретінде қарайды, «ахуалдық сұраныс» негізінде қажетті қасиеттерді игеріп, өзін қымбат сатуға талпынушы; 2) «өндірістік тұлға» тәуелсіз, өз потенциалын таратушы, ақиқаттылықты өзгертуші.

Ахуалдық концепция дамуына ерекше үлес қосқан Р. Такер. Ол саяси жетекшілікте үш элемент шешуші рөл атқарады деп есептеді.

Бұл, біріншіден, жетекшінің жеке қасиеттері; екіншіден, билікті іске асыруда қолданатын құралдары; үшіншіден, ахуал жетекші түсетін.

Р. Такер саяси жетекшінің үш түрін де ажыратып көрсетеді: консерваторлар, реформаторлар, революционерлер.

Конституенттер теориясы бойынша жетекші – жақтаушылары бар адам. Топ өз мүддесін қанағаттандыратын жетекшіні қалыптастырады; жетекші – топ құралы, яғни оның құпиясы топ психологиясы мен сұранысында. Жетекші – өз жақтаушыларының мүдделерін білдіруге қабілетті адам.

4 Саяси жетекшінің түрлері:

1 үстемдіктің идеалды түрлеріне тәуелді (М. Вебер);

2 жетекшінің белгілі бір іс-әрекет моделіне бейімділігіне тәуелді (Г. Лассуэл): үгітшілік (сөз күшімен, шешендік өнер), ұйымдастырушылық (саяси процеске кадрлармен жұмыс арқылы ықпал ету), теориялық (интеллект күшімен ықпал ету);

3 қоғам қойған мақсатқа тәуелділік (Р. Такер): консерватор, реформатор, революционер;

4 институттық түрге тәуелділік: формалды (жетекшіні тағайындаудың бекітілген нұсқауларымен байланысты), формалды емес (қатысушылардың жеке қатынасы негізінде пайда болады);

5 жетекші қызметінің сипатына тәуелді: әмбсбап (тұлғаның тұрақты қасиетін көрсетуші) және ахуалдық (белгілі бір ахуалда тұлға қасиеттерінің көрінуі)

6 қоғамды басқаруда тұлға қолданған әдіске тәуелді: демократиялық, авторитарлы, араласпаушы;

7 мазмұнына тәуелді: шығармашылық, орындаушы;

8 субъектке тәуелді: жеке немесе топтық;

9 объектіге тәуелді: жалпыұлттық, партиялық, территориялық;

10 билікке қатынасына қарай: билеуші және оппозициялық;

11 әрекет ету мерзіміне қарай: уақытша, тұрақты т.б.

Саяси жетекшінің классикалық типологиясын М. Вебер жасады:

• *дәстүрлі*, адамдар жетекшілікке сол қоғамда үстемдік етуші дәстүр мен әдеп-ғұрыппен байланысы арқылы ие болады;

• *рационалды-легалды*, жетекші өз статусын белгілі бір саяси шараға (бюрократиялық) немесе механизмге (сайлау) қатысу арқылы алады;

• *харизматикалық*, тұрғындар арасында беделінің болуы.

Американ ғалымы К. Ходжкинстон саяси жетекшінің үш түрін ажыратып береді:

• *лидер-карьерист*, билікте өзінің жеке эгоистік мүддесіне жетуге бағдар ұстанған;

• *лидер-техник*, билікті ұйымдастыру процесінде аппараттық құрылымдар мен механизмдерді белсенді пайдаланушы;

• *лидер-ақын*, саясатқа үлкен мақсат үшін, идеологиялық мақсат пен құндылықтар үшін қатысу, әрекет ету.

Американ зерттеушісі М. Херманн саяси жетекшіліктің кең тараған классификациясын ұсынды:

• ту көтеруші

• саудагер

• қызметкер

• өрт сөндіруші

• марионетка

Саяси жетекші қызметтері:

1 қоғамды интеграциялау, бұқараны біріктіру;

2 тиімді саяси шешімдерді табу және қабылдау;

3 әлеуметтік арбитраж және патронаж;

4 билік және бұқара коммуникациясы, саяси және көңіл-күйлік байланыс каналдарын кеңейту, азаматтардың биліктен аластауын болдырмау;

5 жаңаруды қолдау, оптимизм мен әлеуметтік энергияны беру, саяси мақсатқа бұқараны тарту;

6 саяси құрылысты легитимдеу.

Саяси жетекшіні таңдаудың тәсілдері:

- гильдий – кеңестік кезеңдегі саяси жетекшілерді тандау;
- антрепренерлік – демократиялық таңдау

№ 26. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫ

- 1 Халықаралық қатынастар теориясы.
- 2 Геосаясаттың негізгі теориялары мені басымдылықтары.
- 3 Қазақстанның сыртқы саясаттың даму үрдістері.
- 4 Қазақстан және халықаралық ұйымдар.

I Халықаралық қатынастар теориясы. *Әлемдік саясат* деп мемлекеттердің және басқа халықаралық субъектілердің әлемдік саханадағы іс-әрекетінің жиынтығын айтамыз. Ол әлемдік қауымдастықтың өміріне қатысты шешімдерді шығару, қабылдау және оларды жүзеге асыруды, мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сәйкес ұстанымдар мен мақсаттарды қамтиды.

Халықаралық қатынастар тақырыбында жиі қолданылатын ұғымдар-сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар. *Сыртқы саясатқа* жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс-әрекеттері жатады. *Халықаралық саясатқа* мемлекеттік не топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар және т.б. арасындағы қоғамдық қатынастар кіреді. *Халықаралық қатынастар* деп халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады.

Бұл ұғымдардың айырмашылықтары, *біріншіден*, халықаралық қатынас субъектілерінің саны көбеюімен байланысты. Мысалы, сыртқы саясатты жеке мемлекеттер жүргізеді. Ал, халықаралық саясатқа мемлекеттік ұйымдармен бірге саяси партиялар мен қозғалыстар, әлеуметтік топтар мен жеке адамдар және т.б. мемлекеттік емес ұйымдар қатысады. *Екіншіден*, халықаралық қатынастарда сыртқы және халықаралық саясаттардың негізгі, түпкі бастамасы, принциптері қаланады.

Мемлекеттің халықаралық қатынастардағы жағдайы, ондағы орны көптеген себептерге байланысты. Олардың ішіндегі ең маңыздысы-мемлекеттің күшінің арақатынасы, арасалмағы. Көптеген жылдар бойы мемлекеттің күші оның әскери қуатында деп саналды. Сонымен бірге, қазіргі таңда мемлекеттің күші көптеген көрсеткіштермен бағаланады. Оған мемлекеттің жер көлемі, адам саны, табиғи байлығы, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісінің мөлшері мен сапасы, мемлекет құрылысының сипаты, әлеуметтік-саяси, ғылыми-техникалық, рухани, мәдени даму дәрежесі және т.б. кіреді.

Халықаралық саясатта әр түрлі теориялар мен тұжырымдар қалыптасқан. Мәселен, *идеализм, саяси реализм, модернизм, жаһандану, неомарксизм* теориялары.

Идеализмнің идеалық тамыры Э. Канттың философиясында, ол адамзат бейбіт өзара әрекеттесуге жетеді деп санады. Кант адамның *моралдық жетілуі әлемдік қауымдастықтың моралдық саяси тұтастығы сезімін* тудырады деп

санады. *Идеализм теориясының жақтастары мемлекеттер арасындағы әлемдік соғыстар мен әскери қақтығыстарды құқықтық реттеу мен халықаралық қатынастарды демократияландыру, адамгершілік пен әділеттілік нормалар, халықаралық ұйымдардың ролі мен халықаралық әріптестікті күшейту арқылы тоқтату қажет және мүмкін деп санады.* Бұл мақсатқа ерікті қарусыздану мен соғыстан бастартуға негізделген ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру арқылы жетуге болады деп санады. Идеализм бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі АҚШ президенті **Вудро Вильсонның** Ұлттар Лигасын құру бағдарламасында бейнеленді. Идеализм идеясы ұзақ уақыт бойы үмітсіз болды, ақиқат өмірден алыста болды. Оның дәлелі ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы Еуропадағы оқиғалар болды, фашизмнің саясаты, Ұлттар Лигасының құлауы мен ІІ д.ж.соғыс.

Бұл халықаралық қатынастар теориясында жаңа ағым **реализмнің** пайда болуына алып келді. Бұл бағыт жақтастары «күш», «күштер теңдігі», «шиеленіс» деген ұғымдарды ендіردі. Реализмнің идеалық қайнар көзі ХVII ғ. ағылшын философы Т.Гоббстың *саясаттың мәні жауласушы қоршаған ортада қауіпсіздік үшін күрес* деген пікірі болды.

Реализм ІІ ші д.ж. соғыс біткен соң АҚШ тың халықаралық саясатының жетекші теориясы болды және европалық кейбір елдерге де тарады. Бұл теорияның классиктері **Г.Моргентау** «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар» (1948 ж.), **Р.Арон** «Бейбітшілік және соғыс», **Дж.Херцтің** «Ядролық ғасырдағы халықаралық қатынастар» болды. Реалистер халықаралық қатынастарды әскери күш арқылы өлшеуге көп назар аударды. «Суық соғыс» саясаты қалыптасты. ХХ ғ. 80-90-жылдары жаһандану жағдайында социализмнің құлауы халықаралық қатынастарға күшті ықпал етті. Кейбір реалистер өздерінің теориялары біржақты болғандығын түсінді. 1979 жылы Кеннет Уолтцтың «Халықаралық саясат теориясы» кітабы шықты, онда реализм теориясына кейбір өзгерістер енгізілді, бұл **«неореализм»** мектебінің қалыптасуының бастамасы болды. Неореалистер жаңа халықаралық қатынастар жүйесі көпжақты, әскерімен қатар экономикалық, саяси және әлеуметтік те қажеттіліктер де бар деп санады.

«Модернизм» теориясының өкілдері реализмді әлемдік саясатта әскери стратегиялық аспектіні шешуші деп санағаны үшін сынға алды. Бұл бағыт компьютерлік техника мен мәліметтерді жинау мен математикалық талдауды қолдануға жол ашты.

«Жаһандану» парадигмасы халықаралық қатынастарды талдауда халықаралық акторлар шеңберін ауқымды алды. Реалистерді халықаралық қатынастарды ұлттық мемлекеттер мен ұлттық қауіпсіздік арқылы қарастырады деп кінәлады.

«Неомарксизм» жақтастары әлсіз дамыған мемлекеттердің дамыған мемлекеттерге экономикалық тәуелділігін, олар арзан жұмыс күші мен экономикалық дағдарысқа ұшырамау үшін тауар өткізу көздері болып табылады деп санады. Бұл бағыт халықаралық қатынастарды кедейлер мен байлардың күресі негізінде талдады. Олар да модернистер сияқты көпұлтты бизнес пен трансұлттық коалициялар мен элитарлық топтар туралы айтты.

Соңғы жылдары **мәдени-өркениеттер қақтығысы** атты теория танымал, авторы **С.Хантингтон**. Ол қазіргі халықаралық қатынастар жүйесі бірнеше кезеңдерден: монархтар, ұлттық мемлекеттер, идеологияны алып жүрушілер арасындағы жанжалдардан өтті деп санады. Хантингтон «суық соғыс» аяқталған соң дін, философия, тарихи тәжірибе, тіл мен өмір сүру салтын бейнелейтін мәдени-өркениет ерекшелігі маңызды болады деп санады. Ол қазіргі әлемдегі негізгі мәдени-өркениеттің бірнеше блоктарын: батыстық, нудо-христиандық, конфуциандық, исламдық, индуистік, православияндық, латынамерикалық, африкалық атап өтті. Ол өркениеттер қақтығысының бірнеше себептерін атады:

1. Әр түрлі өркениеттерде адамдар құдай мен адам, жекелік пен қоғам, құқық пен міндет, бостандық пен билік, теңдік пен теңсіздік деген ұғымдарға түсініктері де әртүрлі.

2. Өркениеттік блоктар арасындағы алшақтық қысқаруда, әлем біршама жақындасуда, сондықтан бұл айырмашылықтар бір бірімен қақтығысуда;

3. Жаһандық экономикалық және техникалық модернизациялау процесі адамдарды ұлттан ажыратуда. Осыған жауап ретінде өркениеттік, көбіне діни сәйкестікті сақтау мен қалпына келтіруге деген талпыныс күшеюде.

Халықаралық қатынаспен байланысты тағы бір ұғым «**ұлттық мүдде**». Ұлттық мүдде деп өз халқының, мемлекеттің мақсат мүддесін сезіп, біліп оны іске асыруға тырысушылықты айтады. Оған ұлты еркін және тәуелсіз мемлекет ретінде ұстау, сыртқы қауіп-қатерден сақтау, ұлттың жақсы тұрмыс халін өрлетіп дамыту, халықаралық майданда мемлекеттің экономикалық және саяси бағытын қорғау, әлемдік саясатта өз ықпалын кеңейту жатады.

Американ ғалымы **Г.Моргентау** 1969 жылы «**Америка Құрама Штаттары үшін сыртқы саясат**» деген еңбегінде АҚШ сыртқы саясатта ең алдымен ұлттық мүддесін бірінші кезекке қоюы керек деп есептейді. АҚШ-тың сыртқы саясатының екінші қатардағы мүддесі- жер шарының қай жерінде болмасын бейбітшілік пен қауіпсіздік, басқарудың демократиялық тәсілдерін қорғау және бекіту.

Бірақ оларды іске асыру төмендегідей екі шартқа байланысты. Олар:

1. қатардағы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеуі керек;
2. қатардағы мүдделер ақылға сыйымды болуы керек.

Сонымен бірге, **Г.Моргентаудың** ойынша «АҚШ басқа елдерге еліктерліктей үлгі болуы, өз ұлтын одан да жоғары дәрежеге көтеріп, экономикалық жүйенің өміршеңдігін қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін қымбат және пайда келтірмейтін бөтен бір елдің өміріне зорлықпен қол сұрудың бағдарламасын жобалағаннан гөрі өз үйінде тіртіп орнатуға бар күш-жігерін жұмсаған жөн» – дейді.

2 Геосаясаттың негізгі теориялары мені басымдылықтары. Кез келген мемлекеттің геосаяси жағдайы – саяси күштердің орналасуымен және олардың аумақтық үйлесуімен, сондай-ақ осы факторлардың қоғамның саяси өмірінің кеңістікте ұйымдастырылуының өзара байланысымен белгіленеді. Геосаясаттан дәстүрлі түрде географиялық детерменизм принципін негізге алып, мүмкіндікті айқындауға жағдай жасайтын сыртқы саясаттың гуралын

көреді. «География мемлекеттердің сыртқы саясатындағы анағұрлым іргелі факторы, өйткені ол мейлінше тұрақты, өзгеріссіз сипатымен ерекшелінеді. Министрлер келеді және кетеді, тіпті диктаторлар да қайтыс болады, ал тау тізбектері өзгеріссіз қалады» – деп жазады американдық геосаясаткер **Спайкмен**.

Осы заманға түсініктегі геосаясат – негізінен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысында халықаралық қатынастардағы және сыртқы саясаттағы қисынға байланысты.

Чжень Кунь Фу геосаясат туралы ойын былай білдіреді: «геосаяси тұрғыда ойлау – өркениеттің гүлденуімен бірге туындады және географиялық аумақ пен жұтаң ресурстарға бақылау жасау жолында галамдық жарыс тұрғысында дамып отырды».

Геосаясаттың негізін салушының бірі – неміс ғалымы **Фридрих Ратцель**. Ол өзінің «Саяси география» атты еңбегінде, мемлекет – бұл топыраққа тамырландырылған тірі организм деп жазады. Мемлекет – бұл кеңістіктік құбылыс, сол кеңістікпен басқарылады және тіршілік етеді, оны сипаттайтын, салыстыратын, өлшейтін география деп жазады. Ол бірінші болып ірі елдерде географиялық экспансия тенденциясы пайда болатындығын айтты. Нағыз әлемдік держава оның ойынша теңізге ие елдер – Рим, Испания, Англия болады. Мемлекеттің кеңеюі немесе тарылуы – табиғи процесс, өмірлік циклмен байланысты. **Ф. Ратцель** мемлекеттің кеңістіктік дамуының мына жеті принципін атап көрсетті:

- мемлекет кеңістігі оның мәдениеті дамуымен бірге өседі;
- мемлекет өсуі сауда мен қоғам өмірінің барлық саласы дамуын қажет етеді;
- мемлекет өсуі ұзақ мемлекеттерді қосып алу арқылы жүзеге асады;
- шекара – бұл мемлекеттің перифериялық органы, ол оның өсуінің, күші мен әлсіздігінің белгісі, ол оның организмне өзгеріс әкелу мүмкіндігі;
- мемлекет өзіне қоршаған ортаның ең құнды элементтерін иеленуге тырысады: жағалау аймағын, өзен аңғарын, ресурсқа бай ауданды;
- территориялық даму дамыған өркениеттен келеді;
- бірігу тенденциясы – мемлекеттің өзіндік сипаты, барлық уақытта өз күшінде болады.

Р. Челлен алғаш рет «геосаясат» ұғымын енгізген швед ғалымы болып табылады. Ол «геосаясат» ұғымы бұл мемлекет кеңістікке енгізілген географиялық организм ретінде қарастыратын ғылым деп түсіндірді. Оның негізгі тезисі, мемлекет тірі организм, оны өзінің «Мемлекет өмір формасы ретінде» деген кітабында дамытты. **Ф. Ратцель** мемлекетті өзінің биологиялық жүйесінде организмнің төменгі типіне теңесі, ал **Р. Челлен** мемлекет тарихтан байқағанымыздай адам сияқты, сезетін және ойлайтын жәндік деді. Осында ол барлық организмнің мәні «өмір сүру үшін күрес», сондықтан да мемлекет те «өмір сүру үшін күреседі» деп тұжырым жасайды. Оның «өмір сүру үшін күресі» кеңістік үшін күрес. Үлкен мемлекеттер өз кеңістігін ұзату негізінде

кеңейтіп отырады деп санады. Басқа сөзбен айтқанда, мемлекет организмінің өсуі соғыс арқылы өтеді, бұл фактілер жанында адамдар әлсіз деп айтады.

Челлен автаркия заңын енгізді. Мемлекеттің өмір сүруі үшін күш маңызды фактор, ол заңнан да күшті деп санады. Оның ойынша, заңның өзі күш арқылы сақталынады. Егер заң мемлекетке адамгершілік-рационалды элементтерді енгізсе, ал күш табиғи органикалық импульстерді береді деп санады. Ол жаһандану геосаясатында үш негізгі географиялық фактор шешуші рөл атқарады: олар кеңею, территориялық монолиттілік, еркін қозғалу.

Географиялық орналасу ерекшелігі Қазақстанға белгілі бір геосаяси артықшылықтар береді, сонымен бірге геозкономикалық көзқарасы тұрғысынан елеулі қиындықтар туғызады. Екі ірі державалар арасында ұлан-байтақ аумақта орналасқан біздің еліміз белсенді саясат жүргізудің қосымша мүмкіндігін алады. Мұндай саясат ұзақ мерзімді мүдделерді қамтамасыз етудегі табандылықпен қатар жоғары деңгейдегі ептілік пен табандылықты талап етеді. Әлемдік теңіз коммуникацияларына тікелей жолдың жоқтығы, халықтың шашырап орналасуы, аумақтың көлемімен салыстырғанда қазақстандық экономиканың ауқымының аздаға сияқты әлсіз тұстарымыз баршылық. Бір жағынан географиялық жағдайдың өзгермейтіндігі экономикалық және саяси ахуалдың тұрақтылығын білдірмейді.

3 Қазақстанның сыртқы саясаттың даму үрдістері. Егеменді Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастықтың тануы. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік туралы Декларация жариялады, сөйтіп дүниежүзілік қауымдастыққа енуге мүмкіндік алды. 1992 жылы қаңтардан 9 шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Тәуелсіз Қазақстанды әлем мемлекеттерінің арасында бірінші болып бауырлас **Түрік Республикасы** таныды. 1992 жылдың ортасына қарай республика тәуелсіздігін жер шарының 30-дан астам елі мойындады: АҚШ, Қытай, Иран, Пакистан, Канада, Швейцария т.б.

1999 жылдың басына қарай дүние жүзінің 150 мемлекеті танып, 106 мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатылды.

Қазіргі Қазақстан шет елдерде 30-дан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Алматы мен Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік және халықаралық ұлтаралық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. Республикамыздың сыртқы саясат ведомствосы ұлттық мүддемен жалпы адамзаттық мүдделерді үйлестіріп жүргізетін дипломатиялық саясатқа кірісті.

1992 жылы наурыздың 2-інде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) мүшесі болып қабылданды. Осы жылы өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясының трибунасынан ЕҚІҰ (ОБСЕ) сияқты ұйымның Азияда да құрылуы туралы Н. Ә Назарбаев өз ойын айтқан болатын. Бірақ ол кезде оның бұл сөзіне онша сене қоймаған еді. Міне, арада 10 жыл өткеннен кейін 2002 жылғы маусымда Алматыда сенім әрекеттестік шаралар туралы саммиті өтті. Саммит жұмысына 16 мемлекет басшылары қатысты. Оның ішінде 7 ірі державалар - Қытай, Индия, Ресей, Иран, Түркия т.б. болды.

Маңызы: Бұл елдердің экономикалық потенциалы өте зор, олардың территориясының жалпы көлемі 38,8 млн. кв. км., немесе Евразия материгінің

89%-ын құрайды. Бұл елдердің территориясында 2,8 млрд. адам тұрады, яғни жер шары тұрғындарының 45%-ын құрайды.

Қазақстанның халықаралық байланысының дамуы.

Қазақстан сыртқы саясатында басты үш мәселеге ерекше назар аударады:

1. ТМД, Азия, Европа елдері, АҚШ, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы елдерімен халықаралық байланысты өркендету.

2. Мәдени-экономикалық байланысты күшейте отырып, алдыңғы қатарлы өркендетті елдердің қатарына қосылу.

3. Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударатын мәселе – ең жақын және ірі көрші мемлекеттермен, солтүстікте – Ресеймен, шығыста – Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату.

Қазақстан-Ресей байланыстары.

Қазақстан мен Ресейдің екі онжылдықтағы жемісті қарым-қатынастары үшін берік негіз қаланды:

Біріншіден, өз тарихында алғаш рет Қазақстан мен Ресей тек өткен тарихының ортақтығымен ғана емес, сонымен бірге бүкіл еуразиялық өңір мен әлемнің қазіргі және болашақ дамуын бірдей болжауымен де көршілес тәуелсіз мемлекеттер, БҰҰ-ның толыққанды мүшелері ретінде өзара қарым-қатынастар қалыптастырды.

Екіншіден, КСРО ыдырағаннан кейін мемлекетаралық бөлінудің іс жүзінде барлық мәселелері бір-бірінің ұлттық мүдделерін ескере отырып, сындарлы негізде шешім тапты.

Үшіншіден, түрлі салалардағы 480-нен астам келісім-шарттар мен келісімдерден тұратын екіжақты қарым-қатынастардың көлемді құқықтық базасы құрылды.

1992 жылғы 25 мамырда Қазақстан мен Ресей арасында достық ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды. 1995 жылғы 20 қаңтарда – Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту туралы Декларация жариялады, ал 1996 жылғы 27 сәуірде Алматыда екі елдік бірлескен Декларациясына қол қойылды. **Декларацияның маңызы:**

1. Екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу.

2. Аумақтық тұтастық пен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау ұстанымдарын сақтау.

1998 жылғы 6 шілдеде Мәскеуде ХХІ ғасырға бағдарланған «Мәңгі достық пен ынтымақтастық туралы» Декларация жарияланды. Нәтижелері:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі проблемасын шешуді алға жылжытты.

2. Қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеуді шешті.

3. Байқұныр ғарыш орталығын бірлесіп пайдалану мәселесі қарастырылды.

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы келісім-шарт бекітіліп, оны демаркациялау жөніндегі жұмыстар оң сипатта жүргізілді.

Төртіншіден, Қазақстан мен Ресейдің екіжақты өзара іс-қимылдары мен ықпалдастығы екіжылдық Бірлескен іс-қимылдар жоспары негізінде дамуда.

2007 жылдан бастап осындай екі жоспар жүзеге асты, ал биылғы жылы 2011-2012 жылдарға арналған Жоспарды орындау аяқталып келеді. Қазір екі ел сарапшылары алдағы жылдарға арналған жоспардың жобасын әзірлеуде.

Бесіншіден, Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары бағыттардың кең ауқымды кешені бойынша табысты әртараптандырылған және іс жүзінде ықпалдастықтың барлық маңызды салалары – сауда-экономикалық, инвестициялық, өңіраралық, саяси, әскери-техникалық, т.б. салаларды қамтиды.

2011 жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы шамамен **24 миллиард долларды** құрады.

1700 Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорындары табысты жұмыс істеуде.

Екі онжылдықта Ресейдің әскери жооларында **4 мыңнан астам қазақстандық офицерлер** даярланды.

Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықтың түрлі аспектілері бойынша **60-тан** астам бірлескен келісімдер жүзеге асырылуда.

Алтыншыдан, Қазақстан мен Ресей іс жүзінде ортақ рухани-өркеніет өлшемінде өмір сүруде.

Ғылыми білім беру, сол сияқты, гуманитарлық мәселелер жөніндегі Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара іс-қимылдар аясы кеңейуде.

Шамамен **20 мыңдай қазақстандық жас азаматтар** Мәскеудің, Санкт-Петербургтің, Омбының, Екатеринбургтің, Новосібірдің, Томның және Ресейдің басқа да бірқатар қалаларының ЖОО-ларында білім алуда.

Қазақстан мен Ресей экономикалық ынтымақтастық саласындағы жоспарлары:

1 Каспийдің мұнай байлығын бірлесіп өндіру, Каспий құбыр консорциумының қуатын 2015 жылдан бастап 67 миллион тоннаға дейін ұлғайту, ресейлік компаниялардың қатысуымен Қарашығанақ газ кен орнын игеру;

2 Екібастұздағы ең ірі көмір кен орны мен электр стансасының құрылысы бірлесіп игеру.

3 Уран өндіру жөнінен 3 бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорны құру.

4 Қазақстан-Ресей Нанотехнологиялар қоры құрылды.

5 «Байқоңыр» ғарыш айлағында «KAZSAT» байланыс спутниктері серияларын ұшыру, ГЛОНАСС жүйесін бірлесіп, пайдалану. Байқоңыр инновациялық форумын құру.

6 2000 жылы Еуразиялық экономикалық қауымдастық құрылып, ойдағыдай жұмыс істеуде.

7 2010 жылы Қазақстан мен Ресей Белоруссиямен бірлесіп Кеден одағын құрылды.

1992 жылғы 25 мамырда Қазақстан мен Ресей арасында достық ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды. 1995 жылғы 20 қаңтарда – Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту туралы Декларация жариялады, ал 1996 жылғы 27 сәуірде Алматыда екі елдік бірлескен Декларациясына қол қойылды. **Декларацияның маңызы:**

1. Екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу.

2. Аумақтық тұтастық пен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау ұстанымдарын сақтау.

1998 жылғы 6 шілдеде Мәскеуде III ғасырға бағдарланған «Мәңгі достық пен ынтымақтастық туралы» Декларация жарияланды. Нәтижелері:

1. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі проблемасын шешуді алға жылжытты.

2. Қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеуді шешті.

3. Байқоңыр ғарыш орталығын бірлесіп пайдалану мәселесі қарастырылды.

Қазақстан-Қытай байланыстары.

1992 жылғы тамызда Қазақстан Президентінің Қытай Халық Республикасына алғаш сапары болды, нәтижесінде барлық байланыс жолдары ашылды. 1994 жылы сәуір айында Қазақстан мен Қытай арасында шекара аумағын заңдастырып белгілеу (делимитация) жөніндегі келісімге қол қойылды (1718 шақырымдық).

1996 жылғы сәуір айында алғашқы Шанхай келісімі жүргізілді. Бұл келісім барысына Ресей, Қытай, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан қатысты. Мұнда негізінен - шекараларды бұзбау, бейтарап аймақтық қашықтықты 100 шақырымға дейін жеткізу сияқты мәселелер қаралды. 1997 жылғы 25 қыркүйекте Алматыда болған келіссөздің нәтижесінде – Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырын жүргізу жөніндегі шартқа қол қойылды. Қытай үкіметі бұл жұмысқа 9,5 млрд. доллар жұмсауға келісті.

1998-1999 жылдары Қазақстан-Қытай арасында келісімдер нәтижесінде, шекараны нақтылау негізінен аяқталды.

Қазақстан-АҚШ байланыстары.

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынастың маңызы өте зор. 1991 жылғы 25 желтоқсанда АҚШ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін таныды. Қазіргі кезде АҚШ-Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы. 1997 жылы Қазақстан мен АҚШ арасында экономикалық әріптестік бағдарламасы жасалды.

Екі ел арасында Қарашығанақ кеніші жөнінде және Каспий қайранын бөлісу жөнінде келісімдерге қол қойылды.

1999 жылғы желтоқсанда Қазақстан мен АҚШ арасындағы келісімде – екі ел арасындағы серіктестікті одан ары дамыту, АҚШ-тың Қазақстанға демократиялық экономикалық өркендеуде қолдау көрсету, аймақтық ғаламдық негізде тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану сияқты мәселелер қаралды.

АҚШ Қазақстанға мәдениет пен білімді дамыту саласында үлкен қолдау көрсетуде «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде қазақстандық студенттер АҚШ, Франция, Германия оқу орындарында оқиды.

Қазақстан және ТМД елдерімен тығыз өзара байланыста болу – біздің ел үшін өте қажет. 1994 жылы – Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, кейін Тәжікстан).

Қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық саласындағы дағдарыс ТМД басшыларын интеграциялық жаңа жолдарын іздеуге итермеледі.

4 Қазақстан және халықаралық ұйымдар. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруі маңызды тарихи оқиға болды. Бұл елімізді тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастық қатарына қабылдануын ресми тұрғы бекіту болып табылады. Қазақстанның і әлемдік қауымдастық алдында беделі өсуіне 1991 жылы Семей ядролық сынақ алаңын жабуы мен 1992 жылы Лиссабонда «Ядролық қаруды таратпау» туралы шартқа қол қоюы ықпал етті. Бұл Қазақстанға БҰҰ Бас Ассамблеясында халықаралық қауіпсіздік проблемасын көтеруге мүмкіндік берді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы ұлы мемлекеттер – КСРО, АҚШ және Англия бастамасымен 1945 жылы шілде айында Сан-Франсиско конференциясында құрылды. Конференцияға КСРО, АҚШ, Англия, Қытай мемлекеттері шақыруымен фашистік Германия мен империалистік Жапонияға қарсы соғысқан немесе оларға соғыс жариялаған елдер қатысты. Конференция Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставы қабылдады, мақсаттары мен міндеттері белгіледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб пәтері Нью-Йорк (АҚШ) қаласында орналасқан. Оның Еуропа бөлімінің тұратын орны – Женева қаласы. БҰҰ-на алғаш 51 мемлекет кірді, қазір мүшелер саны 189-ға жетті. БҰҰ-ның негізгі және тұрақты органдары – Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік Кеңес, Бақылау Кеңесі, Халықаралық сот және Секретариат болып табылады. БҰҰ-ы талқыланған мәселелер жөніндегі шешім Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері бір ауыздан қолдағанда ғана толық қабылданды. Шешімнің бір ауыздан қабылдану принципі қандай да болса бір мемлекеттің БҰҰ-на билік жасауына мүмкіндік бермейді. Біріккен Ұлттар Ұйымын құрудағы негізгі мақсат мынада:

- Дүние жүзіндегі халықаралық бейбітшілікті орнату;
- Ұлт өкілдері арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту;
- Халықаралық әлеуметтік, экономикалық, мәдени және гуманитарлық проблемаларды шешу.

Қазақстанда БҰҰ жүйесінің 16 ұйымы қызмет жасайды: БҰҰ Даму бағдарламасы, БҰҰ Балалар қоры, БҰҰ Халық қоныстану қоры (ЮНФПА), БҰҰ есірткі және қылмыс мәселелері жөніндегі басқармасы, БҰҰ Жоғары комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы, БҰҰ Еріктілері, БҰҰ әйелдерді дамыту қоры, Халықаралық еңбек ұйымы, БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, БҰҰ өндірісті дамыту жөніндегі ұйымы, Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Қоғамдық ақпарат департаментінің өкілеттілігі, БҰҰ гуманитарлық қызметті реттеу бойынша басқармасы, т.б.

Еліміз ірі халықаралық ұйым саналатын Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесіне 1992 жылдан бастап мүше. 1994 жылы 27 мамырда Қазақстан «Бейбітшілік үшін әріптестік» құжатына, ал 1996 жылы Қазақстан мен НАТО арасында қауіпсіздік туралы келісімге қол қойылды. Осыған орай Қазақстан НАТО-ның дағдарыс жағдайларын басқару бойынша жаттығуларына белсене қатысуда. 2002 жылы Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде алғашқылардың бірі болып НАТО-ның «Жоспарлау және шолу үдерісі» бағдарламасына қосылды. Сонымен бірге бітімгершілік

күштерін дамыту бағдарламасын әзірледі. 2002 жылы НАТО елдерімен әскери-техникалық ынтымақтастықтың нәтижесінде НАТО стандарттары бойынша «Қазбат» жасақталды

2000 жылы ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы бастамасын аймақ басшылары он қабылдады. 2005 жылы «Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының саммитінде бұл аталған ұйым Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) бірікті.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) 2000 жылғы 10 қазанда Астана қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде Кедендік Одаққа қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған ЕурАзЭҚ құру туралы шартқа сәйкес құрылады. ЕурАзЭҚ бастауы 1994 жылы Чолпан ата қаласында (Қырғызстан) Орталық Азия Одағы шеңберінде өткен Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан мемлекет басшыларының кездесуінде Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы қабылданған шешіммен байланысты.

ТМД шеңберінде Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың қалыптасуы Достастық елдерінің ықпалдастықтың жаңа деңгейіне ұмтылатындығын көрсетті. ТМД-ның ішкі мәселелрі де ықпалдастықтың жаңа деңгейін қажет етті.

Бұл ұйымға Қазақстан, Белоруссия, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Молдова республикалары мүше, ал Украина бақылаушы мемлекет болып табылады. ЕурАзЭҚ құру негізіне «Кедендік одақты және Біртұтас экономикалық кеңістікті тиімді қалыптастыру» мақсатында қалыптастырылған сауда-экономикалық ынтымақтастық тұжырымы алынды. ЕурАзЭҚ-тың басқару органдары – Мемлекетаралық Ассамблея және Қоғамдастық Соты болып табылады.

2003 жылы мамыр айында БҰҰ ЕурАзЭҚ-ты халықаралық ұйым ретінде мойындады. ЕурАзЭҚ-тың 2003 жылдың 27 сәуірде Душанбе қаласында өткен Мемлекетаралық Кеңесінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы іс-ахуалы және интеграциялық ынтымақтастықты жеделдету жөніндегі ұсыныстар туралы» баяндамасы тыңдалды.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы келесі қадам – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ). Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт 1992 жылы ТМД шеңберінде Достастық елдерінің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әскери-саяси ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылғандығы белгілі. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа ресми түрде 1992 жылы 15 мамырда Ташкент қаласында қол қойылды. Келісімге ТМД-ның алты мемлекеті – Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан қол қойды. Кейіннен Белоруссия қосылды. Ұйымның жоғарғы органы – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі. Сонымен бірге, өкілетті өкілдерден тұратын Тұрақты Кеңес, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесі, Қауіпсіздік кеңестер хатшылық комитеті, ұйымның бас хатшысы, ұйым хатшылығы қызмет жасайды.

Қазақстан тек Орталық Азия аймағында ғана емес, Еуразия аймағында да ықпалдастыққа ұмтылуда. Әсіресе, **Шанхай ынтымақтастық ұйымының** алатын орны ерекше. Ол бүгінгі күні қол жеткізген нәтижелерімен ерекшеленеді. Олар: аумақтық мәселені шешу; лаңкестікке қарсы күрестегі жегістіктер; әскери саладағы тығыз ынтымақтастық; басқа халықаралық ұйымдармен байланыс орнату; экономикалық ынтымақтастықты тереңдету жолындағы нақты жобалар.

1996 жылы 26 сәуірде Шанхайда бес мемлекет – Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан «Шекара аймағында әскери салада сенімді бекіту туралы келісім-шартқа» қол қойып, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының негізін қалады. Сол кезде ұйым «Шанхай бестігі» деп аталғанымен, кейін 2001 жылғы саммитте «Шанхай бестігіне» Өзбекстанның қабылдануымен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы деп аталды. Саммиттен кейін «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құру туралы» декларация жарияланды. Сонымен бірге «Лаңкестік, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясы» деп аталатын тағы бір маңызды құжат қабылданды. Сөйтіп, аймақтық саясатта алғаш рет лаңкестік, сепаратизм және экстремизм ұғымдарына анықтама берілді. Ақиқатында, бұл құжат АҚШ-тағы 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасына 3 ай қалған уақытта қабылданған еді. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы әскери одақ емес, ол аймақтық қауіпсіздік саласындағы ықпалдастықпен қатар, экономика саласындағы байланыстарға ұмтылатын ұйым болып табылады.

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (Азия кеңесі, АӨСШК). АӨСШК-ні құру туралы идеяны ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы 5 қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында ұсынды. **Ұйымның негізгі мақсаты –** Азия аймағындағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты көп жақты қарым-қатынастарды орнату және осы мәселелерді шешу барысында ынтымақтастықты нығайту.

I саммитте екі маңызды құжатқа – Алматы актісі мен АӨСШК Лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы диалогқа қолдау көрсету туралы декларацияға қол қойылды. Осы құжаттар негізінде АӨСШК Азиядағы дау-жанжалдар мен қақтығыстарды реттеу мақсатындағы форумға айналды.

2004 жылы қазан айындағы АӨСШК-ге мүше елдерінің II кездесуінде Сенім шаралар каталогы қабылданды. Бұл әскери-саяси, экономикалық, гуманитарлық және басқа салалардағы шаралар жиынтығынан тұрды. АӨСШК-ге мүше мемлекеттер басшыларының шешімімен Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылы БҰҰ 47-сессиясында кеңесті құру туралы идеясын қолдау ретінде **5 қазан Азия кеңесі күні** болып жарияланды. АӨСШК аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторына айналды.

II саммит 2006 жылы маусым айында өтті. 2007 жылғы желтоқсан айынан бастап Азия кеңесі БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды. Қазақстан – АӨСШК-ні құру туралы идеяны ұсынушы ғана емес, осы идеяны іс жүзіне асырушы мемлекет. Бұл еліміздің ұйым төрағалығына екі мерзімге, яғни **2002-2006 жылдардағы (бірінші мерзім) және 2006-2010**

жылдардағы (екінші мерзім) сайлануынан да көрінеді. АӨСШК-тің 2010 жылы III саммиті Қазақстанда өтті.

ШЫҰ мен АӨСШК – тұрақтылық пен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жағынан мақсаттары мен міндеттері ұқсас құрылымдар. Бірақ бұл екі ұйым бірін-бірі қайталамайды әрі бір-біріне қайшы келмейді. Керісінше, Азиядағы қауіпсіздіктің ұжымдық жүйесін толықтырып отыр. Егер Шанхай ынтымақтастық ұйымы оған мүше мемлекеттердің нақты құқықтары мен міндеттемелеріне негізделген бірлестік болса, АӨСШК өзекті де өткір мәселелерді еркін талқылауға және оны шешу жолдарын іздеуге арналған кеңейтілген форум болып табылады. ШЫҰ мен АӨСШК Азия құрлығындағы қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы айрықша маңызы бар фактор ретінде танылып отыр.

2003 жылғы 19 қыркүйекте Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина президенттері Біртұтас экономикалық кеңістікті (мұнан әрі БЭК) құру туралы келісімге қол қойды. БЭК Достастық кеңістігіндегі экономикалық ықпалдастықты жүзеге асырудың бір жолы. ТМД құрамына кіретін төрт мемлекет ықпалдастықтың жаңа деңгейіне көшу туралы шешім қабылдады. БЭК қызметіне экономикалық сипат тән. **2004 жылы 20 мамырда БЭК-ті құру туралы заң күшіне енді.** 2004 жылы 24 мамырда Ялтада БЭК-тің дамуының басым бағыттарын анықтаған мүше мемлекет басшыларының кездесуі өтті.

Қазақстан және ЕҚЫҰ. ЕҚЫҰ құрамына 56 қатысушы мемлекет кіретін жалпысұропалық ұйым. Ол БҰҰ Жарғысына сәйкес Еуропадағы дағдарыстық ахуалдың алдын алу және оны болдырмау, көрініс берген жанжалдарды реттеу мәселелерін қарастырады. Сол сияқты қару-жараққа бақылау жасау, алдын алу дипломатиясы, сенім шаралары мен қауіпсіздікті нығайту, адам құқықтары, сайлауға бақылау жасау, сондай-ақ экономикалық және экологиялық қауіпсіздік мәселелерімен айналысады.

2010 жыл 1-қаңтар айынан **Қазақстан ЕҚЫҰ-ның Төрағасы** болды. 2010 жылдың 1-2 желтоқсаны күндері ЕҚЫҰ-ның кезекті Саммитін Астана қаласында өтті. Саммитке ЕҚЫҰ-ға шетелдерден 73 ресми делегациясы, сондай-ақ БҰҰ, ЕО, ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері, 500-ден аса үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты. Саммит жұмысын 1000-нан аса отандық және шетелдік журналистер, ғаламдық жетекші телеканалдар, газеттер мен ақпарат агенттіктері таратты.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев қаржы-экономикалық қауіпсіздікті және «**Жаңа онжылдықтағы төзімділікке**» бағдарламалық құжатын бірлесе әзірлеу арқылы конфессияаралық төзімділікті жеке өлшемге бөліп шығарып, ЕҚЫҰ-ның себептері мен институттары санын ұлғайтуды ұсынды. Президент ЕҚЫҰ-ның Маастрихт стратегиясын келісілген валюта-қаржы саясатының, экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияның қағидаттарын бейнелеуге болатын «**Маастрихт-плюс**» құжатымен толықтыруды ұсынды.

Ол ЕҚЫҰ құрылымында энергетикалық қауіпсіздік және экономикалық өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер, Экологиялық форум, сондай-ақ Қарусыздану және қаруды таратпау саласында арнаулы форум құруды ұсынды. Су проблемаларын құқықтық реттеу мақсатында Президент «**Су және құқық**»

бағдарламасын әзірлеуді ұсынды. Трансшекаралық қылмысқа, есірткі трафиğine және жасырын көші-қонға қарсы күресті үйлестіру үшін ЕҚЫҰ-ға мүше елдер министрлері деңгейінде кеңес қалыптастыруды, қақтығыстардың және әлем экономикасындағы келеңсіз үдерістердің алдын алып отыру үшін орталығы Астанада орналасқан ЕҚЫҰ-ның Қауіпсіздік институтын құруды ұсынды. Қазақстанда өткен ЕҚЫҰ Саммитінде «Жалпыға ортақ қауіпсіздік» атты Астана Декларациясы қабылданды.

Қазақстанның мына халықаралық ұйымдар деңгейінде ынтымақтас-тық, қауіпсіздік пен толеранттылық сияқты өзекті мәселелерді шешу бағытында қарқынды жұмыстар жүргізді:

1 Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (Азия кеңесі, АӨСШК). АӨСШК-ні құру туралы идеяны Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы 5-қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған болатын. АӨСШК елдерінің толеранттылық мәселелері жөніндегі азаматтық форумы өтті;

2 Түркігилдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК) мүшесі, 2009 жылы 3-қазанда құрылған.

3 Шанхай ынтымақтастық ұйымы. 2010 жылдың маусымынан бастап 2011 жылдың маусымына дейін төрағалық етті;

4 Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының 2010 жылғы төрағасы. ЕҚЫҰ Астана саммиті, 2010 жыл 1-2 желтоқсан;

5 Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық ету 2011 жылы 20-желтоқсанда өтті;

6 Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық, 2011 жыл. 2011-2015 жылдарға арналған Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық туралы ИЫҰ Іс-шара жоспары қабылданды.

Қазақстан халықаралық ұйымдарға төрағалық ету және белсенді мүшелік қызметі арқылы мынадай нәтижелерге де қол жеткізді:

– халықаралық деңгейде мойындауға қол жеткізу және елде тұрақтылықтың қалыпты дамуы;

– әлемдік қауымдастықтың Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мен нығайтудағы қосқан үлесінің жоғары бағалауы;

– халықаралық маңызға ие мәселелер бойынша өзіндік бастамаларын іс жүзінде асыруға зор мүмкіндіктеріне ие болуы;

– әлемдік қауымдастықты Азия континентіне, ондағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төндіріп отырған немесе төндіруі мүмкін мәселелерді реттеуге, алдын алуға көңіл аударту.

ГЛОССАРИЙ

Абсентеизм – халықтың саяси өмірге немқұрай, селсоқ қарауы, азаматтық міндетті атқарудан бас тартуы.

Абсолюттік монархия – жоғарғы өкімет билігі тұтас шектелместен бір адамның /монархтың/ қолында тұрған қоғамдық құрылысы /Сауд Арабиясы, БАӘ, Ватикан, Катар/.

Авангартық партиялар – ұйымы жоғары орталықтандырылған, барлық мүшелерінен белсенді жұмысты талап ететін партиялар.

Авантюризм – саясатта, билік жүргізуде және т.с.с белгілі бір мақсат, мүддеге жету үшін күдікті жолмен оңай олжа іздеушілік.

Автаркия – елдің экономикасын басқа елдердің экономикасынан оқшауландыруға бағытталған ұлттық мақсат. Осыған орай ол шет елдердің тауарларын, капиталын және т.б. өз еліне енгізуге шек қоюы мүмкін.

Автократия – бір адамға жоғары өкімет билігін шексіз беру арқылы басқаруды немесе осындай басқарушылық орнаған мемлекетті айтады.

Автономия – бір мемлекеттің шеңберінде өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси-ұлттық құрылым.

Авторитаризм – (латынның auctoritas – билік деген сөзінен шыққан) жеке адамның билігіне негізделген, басқаруда күшке сүйенетін мемлекеттік-саяси тәртіп. Мұнда атқарушы билік үстемдік етеді. Парламент болғанымен ол кеңесші органға айналады.

Агрессия – басқа елдердің жерін тартып алу, егемендігінен айыру немесе шектеу, халқын күшпен бағындыру мақсатымен қарулы шабуыл жасау.

Адам құқықтары – белгілі бір игілік алуды, өмір сүруді қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы срезелердің өзара қатынастары, кепілдіктері. Олар негізінен, 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған «Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясында» көрсетілген.

Азаматтық қоғам – жеке тұлғаның емен-еркін дамуын қамтамасыз ететін қоғамның күйі. Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тударған қауымдастықтар азаматтардың өндірістік және жеке өмірі, әдеп-ғұрыптары, салттары кіреді. Бұл қоғам мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына шек қояды.

Аккредитация – 1) шет мемлекетте өкілеттілікке ие болу, сенім грамотасын тапсыру. 2) ақша алуға немесе сауда операцияларын жасауға өкілеттілік.

Альтернатива – бірнеше мүмкіндік ішінен бірін таңдап алу. Мысалы, сайлауда бірнеше кандидат ішінен бірін таңдау.

Альянс – ортақ мақсаттарға жету үшін келісім-шарт негізінде жасалған ұйымдардың одағы, бірлестігі. әдетте, жағымсыз, келеңсіз мағынада пайдаланылады.

Анархизм – жеке адамды әр түрлі саяси, экономикалық, рухани биліктен құтқару, мемлекетті жою мақсатын жариялаушы философиялық және қоғамдық-саяси ағым.

Анархия – мемлекеттік биліксіз әр түрлі қауымдастықтар, бірлестіктер, одақтар арқылы өзін-өзі басқаратын қоғам құруға тырысушылық; 2) үйреншікті өмірде тәртіпсіздікті, жөнсіздікті, заңсыздықты, басшылықтың жоқтығын білдіреді.

Анархо-синдикализм – капиталистік құрылысты синдикаттардың (француз тілінде кәсіподақтар) революциялық күресі арқылы жою мақсатын қойған жұмысшы қозғалысындағы ағым.

Аннексия – басқа мемлекеттің халықтың жерін тұтас, я бір бөлігін күшпен жаулап алу немесе басқаға алып берушілік.

Антагонизм – мүдделері қарама-қарсы күштердің, қастасқан таптар, топтар, партиялар және т.б. арақатынасының шиеленіскен түрі.

Аномия саяси – (аноміе фр. сөзі- заңның, ұйымның болмауы) саяси нормалар мен құндылықтардың дағдарысы; саяси апатия, әлсіздік жағдай.

Антисемитизм – еврейлерге қарсы бағытталған, оларды қудалауға арналған саясат пен идеологияның түрі.

Апартейд – нәсілді жағынан бөлу, қорлау саясаты. Ол сайлау құқығынан айыру, бірдей еңбекке төмен ақы төлеу, көшіп-қонуды шектеу және т.с.с. көрініс береді. Мысалы, бұл саясат 1980 жылы Оңтүстік Африка Республикасының қара нәсілді халқына қарсы жүргізілді.

Апатрид (apatris грек сөзі – отаны жоқ немесе одан айырылған адам) – әлемдегі ешбір мемлекеттің азаматтағы жоқ адам, кейде оны аполитидтер деп де атайды.

Апатия саяси – саяси және әлеуметтік енжарлықтың ең соңғы формасы, саяси қатысудың барлық түрін жоққа шығару.

Аполитизм – саяси өмірге жағымсыз қатынас.

Аристократия – 1) бай, ерекше құқықтар мен жеңілдіктерге ие ақсүйектер тобы. 2) ақсүйектер әулеті билік жүргізетін мемлекеттік басқару түрі.

Ассимиляция – бір халықтың өз тілін, мәдениетін, ұлттық сана сезімін жоғалтып, екінші халыққа сіңіп кетуі.

Ассоциация – белгілі бір саяси, ғылыми, шаруашылық, мәдени және т.б. мақсаттарға жету үшін ұйымдасқан адамдар немесе мекемелердің бірлестігі.

Атқарушы билік – биліктің тармақталуы негізінде істейтін мемлекеттік басқару органдарының жүйесі. Оған үкімет пен әкімшілік жатады.

Әлеуметтік саясат – қоғамның ең жақсы дамуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға, лайықты өмір салтын орнатуға бағытталған саяси шешімдер мен іс-әрекеттер жиынтығы. Оған ең алдымен халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, жалақыны көтеру, денсаулық сақтау, білімін көтеру, тұрғын үймен қамтамасыз ету жатады.

Әмбебап партия – мүше санын емес, сайлаушылар санын көбейтуге тырысқан партия. Сондықтан оларды сайлаушылар партиясы деп атайды. Мұнда әлеуметтік, этникалық, діни және т.б. өзгешеліктерге мән берілмейді. Мұндай партиялардың Еуропа мен Америка елдерінде тез саны артуда.

Әлеуметтік парадигма – ол саясаттың табиғаты мен пайда болуын әлеуметтік факторлар арқылы түсіндіреді. Мәселен, марксизм саясаттың мәнін

экономикалық қатынастардан іздестірді, яғни қоғамның әрбір экономикалық базисі қажетті қондырманы тудырады деп тұжырымдады.

Билік – тап, әлеуметтік топ, мемлекет жеке адам т.б. тарапынан өзіндік ерік-жігерді іске асырудағы қабілеттілік пен мүмкіндіктерді пайдалана отырып адамдардың қызметі мен мінез-құлқына бедел күштеу құралдары арқылы әсер ету.

Бипатридтер – бір мезгілде екі немесе одан да көп мемлекеттің азаматы болу

Бихевиористік тәсіл – бұл саяси құбылыстарды жеке адамдар мен оның топтарының мінез-құлықтарына қолдау жасау арқылы зерттейтін тәсіл.

Біртұтас мемлекет – (унитарлы мемлекет латынның «unus» сөзінен шыққан) ол біртұтас, біріккен деген ұғымды білдіреді. Біртұтас дегеніміз бір мемлекет, ол ұсақ мемлекеттік құрылымдарға бөлінбейді, онда әкімшілік-аумақтық бөліністер ғана болады.

Бірпартиялық жүйе (монопартизм) – белгілі бір саяси жүйеге ғана тән, олар социалистік, фашистік және дамушы елдер.

Бұқаралық (массовые) партияға еуропалық барлық социалистік, христиандық-демократиялық, коммунистік, ұлттық-социалистік партиялар жатады. Бұқаралық партиялар қатал тәртіпке ие. Демократиялық орталықтандыру принципіне тәуелділік бұл партияларды бір тұтас етті. Бұқаралық партиялар саяси жүйеге ең ықпалды партия. Парламенттік сайлау барысында тығыз ұйымдық құрылымға ие бола отырып, жеңіске оңай жетеді.

Бұқаралық жиналыс бір мәселені талқылауға арналған. Ол саяси биліктің не саяси серкенің шешемін қолдау немесе қолдамау болуы мүмкін. Онда көптеген адамдар өздерінің пікірлерін білдіреді.

Екіпартиялық жүйе (бипартизм) – тиімділігі билік басындағы партияны екінші оппозициялық партия толық бақылауға алуы. Сондай-ақ жеңіске жеткен партия тұрақты үкіметті құруға қол жеткізеді. Парламентке сайлауда екі партиялық жүйе қызметшіл. Бұл партия шешімі біршама нақты және тиімді. Екі партиялық жүйенің классикалық көрсеткіші АҚШ-тың партиялық жүйесі.

Ереуіл – саяси қысым жасау мақсатында жұмысты тоқтату, белгілі бір талаптарды қабылдауға тырысушылық.

Геронкратия – ақсақалдардың билік жүргізу принципі.

Денонация – келісілген екі жақты халықаралық шарттың бұзылғандығын мәлімдеу.

Жаңарған либерализм – мемлекет экономика мен әлеуметтік салада белсенділік танытуы қажет деген идеяны ұстанды. Негізін салушылар: Ф.Фон Хайек, Дж. Кейнс, Дж. Гэлбрейт т.б.

Жаңарған консерватизм – жеке адамның бостандығын, құқықтарын жоғары қойды және мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік қызметтерін, мемлекет меншігін шектеуді, жекешелендіру ұстанды, бұрынғы биліктегі аристократия артықшылығынан бас тартты. Негізгі өкілдері: Р.Рейган, Д.Буш, М.Тэтчер т.б.

Жаһандану, галамдану – әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. *Global* әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі.

Жүйелік әдістің – мәні саясатты бір тұтас, күрделі ұйымдастырушы организм ретінде, өзін-өзі реттеуші механизм, қоршаған ортамен кіріс (талап, мүдде) және шығыс (саяси шешім) арқылы байланыста болатын жүйе ретінде қарастыруында.

Кадрлық партия демократия дамуымен, сайлау құқығы мен принциптері енгізілуімен бірге келді. Бұл партияның негізгі қызметті сайлау компаниясын өткізу. Бұл партияның негізгі мақсаты көп мүшелерді иелену. Кадрлық партиялардың ұйымдары әлсіз, құрылымы нақты емес, жергілікті ұйымдарының дербестігі басым, депутаттық фракция басқа депутаттардан тәуелсіз болады. Кадрлық партияға АҚШ-тағы Республикалық және Демократиялық партиялар жатады.

Көппартиялық жүйе (мультипартизм) - Батыс Еуропаның көптеген елдерінде көппартиялық жүйе өмір сүреді. Көппартиялық жүйе елде қалыптасқан әлеуметтік-саяси жағдайға және идеологиялық бағыттылыққа тәуелді

Консерватизм (консервативус – қорғаушы) ұлы француз революциясының саяси идеяларына қарама қарсы идея ретінде дүниеге келді. Олар монархиялық билікті, феодалдық қоғамдық құрылысты, оның саяси-мәдени құндылықтарын сақтағысы келді. Негізгі өкілдері: Эдмунд Берк, Жозеф де Местр, Фридрих Фон Савиньи т.б.

Конституциялық монархия – монархтың билігі белгілі бір дәрежеде заң шығаратын билік парламентпен шектеледі. Конституциялық монархиялық құрылыс Англия, Бельгия, Голландия, Дания, Иордания, Испания, Норвегия, Швеция, Жапония т.б. елдерде сақталған.

Конфедерация – белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру үшін біріккен егеменді елдер одағы. Конфедерация негізінен халықаралық бірлестік, оның жалпы мемлекеттік белгілері болады.

Қоғамның саяси жүйесі – билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығы.

Құрылымдық-функционалді әдіс – ол саясатты күрделі құрылымға ие, әрбір элементінің арнаулы қызмет атқаратын белгілі бір орны бар жүйенің өзіне сай сұранысын қанағаттандыруға бағытталынған біртұтастық жүйе ретінде қарастыруды ұсынады.

Натуралистік парадигма – саясатты әлеуметтік сипаты жоқ табиғи себептермен, мәселен географиялық ортамен, биологиялық және психологиялық ерекшеліктермен байланыстыра түсіндіреді.

Нормативті-құндылықтық әдіс – саяси құндылықтардың қоғам мен жеке адам үшін маңыздылығын анықтауды, оларды жалпының игілігі әділеттілік, бостандық, адам ар-қасиетін құрметтеу т.б. құндылықтар негізінде бақылауды ұсынады.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің мәні әр бір округтегі депутаттық орын белгіленген көпшілік дауысты жинаған партия кандидаттарына беріледі, ал қалған азшылық дауысты жинаған партия кандидаттары ұсынылмай (орынсыз) қалады. Мажоритарлық сайлау жүйесінің: абсолюттік көпшілік және біршама көпшілік деген екі жүйесі бар.

Мемлекет – белгілі бір аумақ шеңберінде адамдар, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі.

Монархия – мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара, бір билеушінің қолында болып ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрі. Монархия абсолюті және конституциялық болып екіге бөлінеді.

Легитимация – (латынның заңды) билікті заңды түрде танып мойындау және оған мүлтіксіз бағыну деген мағынада қолданылады.

Либерализм – (латын тілінде «liberalis» - ерікті) идеологиялық ағым ретінде XVII-XVIIIғ.ғ. ағылшын-американ және т.б. батыстық ағартушылардың саяси философиялары негізінде қалыптасты. Негізгі өкілдері: Дж. Локк, Ш. Монтескье, А. Смит, И. Кант, Т. Джефферсон, А. Токвиль.

Либерализм қағидалары – адамның еркіндігі, тұлғаның табиғи құқығы мен бостандықтарының байланысы, олардың мемлекет және қоғам мүддесінен жоғары тұруы.

Либерализмнің мұраты (идеалы) – саяси демократия қағидаларының қалыптасуы мен жетілуіне, дамуына зор ықпал ету.

Идеология – адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін және қорғайтын идеялар мен көзқарастар жүйесі.

Республика – мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер /парламент/ арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрі. Республика президенттік және парламенттік болып екіге бөлінеді.

Парламент (ағыл. parliament, фран. parler – сөйлеу), жоғары өкілділік билік. Ұлыбритания – екі палаталы парламент (Лордтар және Қауым палатасы); Қытай – бір палаталы халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиын; Ресей – екі палаталы Федералды Жиын: Федерация Кеңесі, Мемлекеттік Дума; АҚШ – екі палаталы парламент Конгресс (Сенат және өкілділік Палатасы); Украина – бір палаталы Жоғары Рада; Франция – екі палаталы парламент (Сенат және Ұлттық жиын).

Парламентаризм – парламенттің үстемдігі мен мемлекеттік билік жүйесінде шешуші орын алатындығы; Парламентаризм – саяси плюрализм, биліктің бөлінуі, заңдылық ржімі сияқты ерекше жағдайлармен анықталынады; Парламентризм парламент дамуының белгілі кезеңіндегі ең жоғары сапалысы деген пікірмен келісуге болады; Парламентаризм қоғамды мемлекеттік басқару жүйесі, заңшығарушылық және атқарушылық қызметтің анық бөлінуімен, әрі заңшығарушы ұйымның артықшылық жағдайымен сипатталынады; Парламентаризм – парламенттің басқа мемлекеттік органдарымен өзара қатынасының қалыптасқан пәрменді жүйесі, мемлекеттік

билік тетіктерінде оның рөлі мен, тиісті мәртебесін қамтамасыз етуші өкілді демократияның қызмет жасауы мен ұйымдастырудың негізгі тәсілі; Парламентаризм мемлекеттік биліктің формасы емес, оны жүзеге асырудың әдісі.

Пауперизм – біраз халықтың қайыршылануы.

Пацифизм – соғысқа қарсы тұратын, бейбітшілікті жақтайтын ағым.

Сандық әдістер – саяси құбылыстардың ауқымы, мүмкіндіктері мен себеп-салдары өлшеуде қолданылады және бихевиоризммен тығыз байланысты.

Саясаттану – қоғамның саяси өмірінің қалыптасуы мен даму заңдылықтары, қозғаушы күштері, оны ұйымдастыру жолдары, тәсілдері, қағидалары, халықаралық саяси қатынас туралы ғылым.

Саясаттануда парадигма деп саяси өмірді зерттеу қисынын білдіретін, қоғамдағы саяси құбылыстарды теориялық пайымдауда негізгі өлшемі мен қалпын қалыптастыратын басты тұжырымдар жиынтығын айтамыз.

Саяси билік – белгілі бір топтар мен таптардың мемлекеттік органдар жүйесі арқылы қоғамдағы саяси үстемділігі.

Саяси партия – саяси билікті иеленуге немесе мемлекетте билікті жүзеге асыруға қатысуға талпынушы идеология тұтастығымен байланысты ерікті одақ.

Саясат – қоғамдағы үлкен әлеуметтік топтар мен таптар, ұлттар мен ұлыстар, олар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас барысындағы олардың өз мүдделерін қорғауға, іске асыруға, саяси билікті жеңіп алуға, сақтап қалуға бағытталған және оны қолдауға негізделінген әрекет жүйесі.

Саяси құндылықтар – қоғамның саяси өмірінде саяси-әлеуметтік субъектілердің әр түрлі саяси құбылыстардың маңыздылығын айқындап, оларды өздерінің көзқарастары мен іс-әрекеттерінің негізгі іргетасына айналдыру.

Саяси мәдениет – белгілі бір қоғамда немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығы.

Саяси режим – саяси билікті жүзеге асыру-дың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Саяси режим белгілі бір елдің тарихи дамуының нақты кезеңінде қалыптасқан саяси ахуалды қамтиды. Яғни, саяси режим саяси жүйеге қарағанда өте қозғалмалы және динамикалық құбылыс. Бір саяси жүйе эволюциясы кезеңінде бірнеше саяси режим ауысуы мүмкін.

Саяси әлеуметтендіру деп адамның саяси ілімдерді, ережелерді, құндылықтарды бойына сіңіріп, оларды өзінің рухани ішкі дүниесіне айналдырып, сол арқылы өзінің саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыру, саяси іс-әрекетке дайындалу процесін айтамыз.

Сыртқы саясатқа жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс-әрекеттері жатады.

Саяси элита деп қазына-байлықты, қаржы-қаражатты бөлуге байланысты және т.б. саяси маңызды шешімдер қабылдауға қатысты жоғары мәртебесі мен ықпалы бар ұйымдасқан топты айтады.

Саяси процесс – саяси құбылыстардың қозғалысын, динамикасын, эволюциясын, олардың уақыт пен кеңістікте жағдайының нақты өзгеруі.

Сайлау – қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерін билік құрылым-дарына әкелу мүмкіндігі; Сайлау – демократия дамуының көрсеткіші; Сайлау – қоғам мен билік байланысының тиімді механизмі; Сайлау – азаматтар мүддесі мен талап-тілектерін билік құрылдарына ұсыну.

Социум – адамдардың өмір сүру жағдайы және мәдениеттің бірлігіне байланысты құрылған әлеуметтік қауымдастық.

Референдум – маңызды заң шығарушы немесе ішкі және сыртқы мәселені түпкілікті шешу мақсатында сайлаушылардың көңілін білдіруі.

Режим латынның *regimen* – басқару деген сөзінен шыққан.

Плебицит – ерекше маңызды мәселе туралы барлық халықтың пікірін сұрау, анықтау /басқа елдің жерін қосап алғанда халық пікірін білу/.

Тепе-тең (пропорциональды) сайлау жүйесінің мәні мандаттар партиялар арасында жинаған дауыстарына сай бөлінеді.

Теологиялық парадигма – саяси ғылымның алғашқы дами бастаған кезінде пайда болды. Ол саясатты, билікті, мемлекеттің пайда болуын құдайдың күдіретімен түсіндіреді.

Тиімді-сыни парадигма – саясаттың табиғатын, оның өз ішіндегі себептермен, қасиеттермен, элементтермен түсіндіреді.

Толеранттық – басқалардың пікіріне, сеніміне, тәртібіне шыдамдылық көрсету, саясатта алуан пікірлікті, оппозицияның кең мағынада жұмыс істеуіне мүмкіндік беруді, олардың ой-пікірлеріне түсінікпен қарауды білдіреді.

Тоталитаризм (латынның *totalis* – бүкіл, тұтас, жаппай деген сөзінен шыққан) – мемлекеттің қоғам өмірінің барлық саласын толық (*тотальды*) бақылауына негізделген саяси режим.

Шеру – белгілі бір идеяны, талапты жақтаушы көпшіліктің салтанатты жүруі, саяси билік әрекетін қолдау не оған қарсылық білдіруге бағытталған.

Халықаралық саясатқа мемлекеттік не топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар және т.б. арасындағы қоғамдық қатынастар кіреді.

Халықаралық қатынастар деп халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады.

Федерация – (латынның «*foedus*» деген сөзінен шыққан, одақ, бірлестік деген мағынаны береді) белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа мемлекетті құруы.

Феминизм – қоғам өмірінің барлық салаларында еркектер мен әйелдердің теңдігі үшін күресетін қозғалыс.

Фундаментализм – мұсылман елдеріндегі қоғамдық ойдың ислам діні негіздерін берік сақтау әрекеттері.

Футурология – адамзаттың, әлеуметтік процестердің болашағын болжайтын білімдер мен әдістер-тәсілдер жиынтығы.

Центризм – саясатта оңшылдар мен солшылдар арасында орталық қалыпты ұстанатын партиялық бағыт.

ҚАЖЕТТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ТІЗІМІ

Азия даму банкі. (АБР: Азиатский Банк Развития).

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес. (СВМДА: Совещание по мерам взаимодействия и доверия в Азии).

Азия ынтымақтастық диалогы. (ДАС: Диалог Азиатского сотрудничества).

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік. (МАГАТЭ: Международное агенство по атомной энергии).

Біріккен Ұлттар Ұйымы. (ООН: Организация Объединенных Наций).

Дүниежүзілік сауда ұйымы. (ДСҰ) (ВТО: Всемирная торговая организация).

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. (Всемирное казахское сообщество).

Дүниежүзілік туризм ұйымы. (ВТО: Всемирная туристская организация).

Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ). (ОБСЕ: Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе).

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ). (ЕврАзЭС: Евразийское экономическое сообщество).

Ислам даму банкі. (ИБР: Исламский банк развития).

Ислам ынтымақтастық Ұйымы, ИЫҰ. (Организация исламского сотрудничества).

Қылмысты істер полициясының халықаралық ұйымы. (ИНТЕРПОЛ: Международная организация уголовной полиции).

Солтүстік Атлант келісім шарты ұйымы. (НАТО: Организация Северо-Атлантического договора).

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД). (СНГ: Содружество Независимых Государств).

Түрік мәдениеті мен өнерін бірлесіп дамыту жөніндегі халықаралық ұйым - ТҮРКСОЙ. (ТЮРКСОЙ).

Ұжымдық қауіпсіздік келісім шарты ұйымы. (ОДКБ: Организация Договора о коллективной безопасности).

Халықаралық валюта қоры. (МВФ: Международный валютный фонд).

Халықаралық еңбек ұйымы. (МОТ: Международная Организация Труда).

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ). (ШОС: Шанхайская Организация Сотрудничества).

Экономикалық ынтымақтастық ұйымы. (ЭКО: Организация экономического сотрудничества).

ЮНКТАД/ДСҰ халықаралық сауда орталығы. (МТЦ: Международный торговый центр ЮНКТАД/ВТО).

Ядролық қаруды таратпау туралы келісім шарт (ЯҚТШ). (Соглашения о нераспространении ядерного оружия).

ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-тапсырма. Мына ұғымдарды сәйкестендіріңіз

	Ұғымдар		Анықтамалар
1	Саясаттану ұғымының этимологиясы	А	қоғамдағы саяси қатынас болып табылады
2	Саясаттану объектісі	Б	саясат және саяси билік, қоғамның саяси өмірінің қалыптасуы мен даму заңдылықтары, саяси мүдделер мен саяси қатынастар, саяси сана мен саяси мәдениет, адамдардың саяси әрекеттері мен саяси үрдістері, халықаралық саяси қатынас туралы біртұтас ілімдердің жиынтығын құрайды.
3	Саясаттанудың зерттеу пәні	В	Саясаттану ұғымы гректің «politik» және «logos» деген сөздерінен шыққан
4	Саясаттану ғылымы...	Г	саяси биліктің қалыптасуы мен даму заңдылықтары, оның әрекет ету формасы мен әдістері болып табылады

2-тапсырма. Саяси билік анықтамасының авторын табыңыз

	Ұғымдар		Анықтамалар
1	билік - басқа адамдардың мінез-құлқын өзгерту мүмкіндігі;	А	Т. Парсонс
2	белгілі бір мақсатқа жету мүмкіндігі;	Б	Г. Саймон
3	белгілі бір тәсілдерді қолдану мүмкіндігі, көбінесе күштеуге негізделген;	В	Г. Лассуэл
4	басқарушы мен басқарылушы арасындағы ерекше қатынас түрі;	Г	Г. Лассуэл, А.Каплан
5	шиеленістік ахуал тұсында табысты бөлуді реттеу және шешімді қабылдау мүмкіндігі	Д	М. Дюверже

3-тапсырма. Мына ұғымдардың қайсысы бір-біріне сай келеді?

А. Федерация	1 Биліктің өкілділік және заңшығарушы ұйымы
Б. Парламент	2 Белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірікке егеменді елдер орталығы.
В. Конфедерация	3 Белгілі бір тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп, одақтық жана мемлекетті құруы
Г. Мемлекет	4 Мемлекеттің жоғары өкімет билігі жеке-дара бір билеуші қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде берілетін түрі

Д. Республика	5 Мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілділік мекемелер арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқару түрі.
Е. Монархия	6 Белгілі бір аумақ шеңберінде адамдар, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі.
Ж. Унитарлы мемлекет	7 Монарх билігі парламентпен шектелінеді.
З. Абсолюттік монархия	8 Саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекет ішінде бөлек құрамдар жоқ.
И. Конституциялық монархия	9 Жоғары өкімет билігі тұтас, формальді түрде шектелместен бір адамның қолында тұрған басқару формасы
К. Демократия	10 Күштеуге, жеке адам билігіне негізделген мемлекеттік саяси құрылыс
Л. Тоталитаризм	11 Халық билігі
М. Авторитаризм	12 Қоғам, адам өмірінің барлық салалары толық мемлекеттік бақылаудағы саяси тәртіп

4-тапсырма. Мемлекеттің пайда болуы туралы теорияның авторы кім?

А. Теологиялық теория	1 Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский
Б. Патриархтық теория	2 А. Ратцель, В. Соловьев, Б. Чичерин
В. Қоғамдық келісім теориясы	3 К.Маркс, Ф.Энгельс
Г. «Зорлық жасау» теориясы	4 А. Августин мен Ф. Аквинский
Д. Географиялық теория	5 Т. Гоббс, Г. Гроций, Ж.Ж. Руссо
Ж. Маркстік теория	6 Р. Филмер

5-тапсырма. Мына ұғымдардың қайсысы бір-біріне сай келеді?

А. Саяси шешім	1 Саяси билікті иелену мен мемлекетте билікті жүзеге асыруға талпынушы идеология тұтастығымен байланысты ерікті одақ
Б. Саяси процесс	2 Белгілі аумақ шеңберінде адамдар, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі
В. Мемлекет	3 Саяси құбылыстардың қозғалысын, динамикасын, эволюциясын уақыт пен кеңістікке жағдайының өзгеруін білдіреді
Г. Саяси партия	4 Екеуден кем емес саяси әрекеттің бірін таңдау
Д. Саяси процестің мәні	5 Қарама-қайшылық
Е. Саяси процестің	6 Саяси жүйе компоненттері мен саяси адамды өндіру,

қозғаушы	қайта күші өндіру
Ж. Парламент	7 Атқарушы билік
З. Президент	8 Жоғары заңшығарушы және өкілділік билік
И. Билік	9 Билікті халықтың мойындауы
К. Билік легитимациясы	10 Әлеуметтік топ, мемлекет жеке адам т.б. тарапынан өзіндік ерік-жігерді іске асырудағы қабілеттілік пен мүмкіндіктерді пайдалана отырып адамдардың қызметі мен мінез-құлқына бедел күштеу құралдары арқылы әсер ету
Л. Мемлекет құрлысы	11 Монархия, республика
М. Басқару формасы	12 Унитарлы, федерация, конфедерация

6-тапсырма. Саяси режим туралы ғалымның пікірін анықтаңыз

	Ғалымның аты-жөні		Пікірлер
1	Е. Левенштейн	А	бұл ұғымды ұлттық және халықтық егемендікпен байланыстырған.
2	М. Дюверже мен А. Ориу	В	режимді партиялар санымен байланыстырған
3	К. Бекстер	С	саяси режимді кең мағынада басқару құрылымы, адамзат қоғамының түрі ретінде қарастырады. Ал, тар мағынада саяси режимді биліктің жоғары органдарының қалыптасу сипатын, тәсілін және бұл процеске саяси партиялар мен қысым топтарының қатысуын анықтаушы ұғым ретінде қарастырған
4	М. Дюверже	Д	режим- басқару стилі және тәртіп пен реттеулердің жиынтығы
5	Д. Истон	Е	саяси режим - басқару жүйесі

7-тапсырма. Саяси режим туралы ғалымның пікірін анықтаңыз

	Ғалымның аты-жөні		Пікірлер
1	К. Бюрло	А	билік – шоғырландыру мен бөлудің т процесі
2	В. Лакер	В	мемлекет органдарды конституциялық өзара қарым-қатынаспен байланыстырған
3	Е. Хамауи	С	режим – басқару стилі және тәртіп пен реттеулердің жиынтығы
4	Д. Истон	Д	саяси режим – басқару формасы мен партиялық жүйе
5	Н. Ботана	Е	режимді үкіметке оппозицияның бар-жоқтығымен байланыстырған

8-тапсырма. Саяси режим туралы ғалымның пікір анықтаңыз

	Ғалымның аты-жөні		Пікірлер
1	М. Дюверже мен А. Ориу	A	режим – басқару стилі және тәртіп пен реттеулердің жиынтығы
2	Е. Левенштейн	B	саяси режим – басқару жүйесі
3	К. Бюрдо	C	режимді партиялар санымен байланыстырған
4	В. Лакер	D	режимді үкіметке оппозицияның бар-жоқтығымен байланыстырған
5	К. Бекстер	E	режимді ұлттық және халықтық егемендікпен байланыстырған

9-тапсырма. Саяси режим туралы ғалым пікірін анықтаңыз

	Ғалымның аты-жөні		Пікірлер
1	Е. Хамаун	A	саяси режимді кең мағынада басқару құрылымы, адамзат қоғамының түрі ретінде қарастырады. Ал, тар мағынада саяси режимді биліктің жоғары органдарының қалыптасу сипатын, тәсілін және бұл процеске саяси партиялар мен қысым топтарының қатысуын анықтаушы ұғым ретінде қарастырады.
2	Д. Истон	B	мемлекет органдарының конституциялық өзара қарым-қатынасымен байланыстырған
3	Н. Ботана	C	үкіметке оппозицияның бар-жоқтығымен байланыстырған
4	К. Бюрдо	D	билікті шоғырландыру мен бөлудің қызмет процесі деп санаған
5	М. Дюверже	E	режимді басқару стилі және тәртіп пен реттеулердің жиынтығы деп санайды.

10-тапсырма. Саяси партия жіктесінің негіздемесін табыңыз

А. Марксистер	1 ең басым және орындау мүмкіндігі бар қызметі
Б. Институттық	2 идеологиялық және саяси сипаты
В. Функционалистер	3 партияның таптық табиғаты
Г. Либералдық бағыт	4 ұйымдық-құрылымдық өлшем

11-тапсырма. Мына анықтамаларды сәйкестендіріңіз

А. Саяси партия түрлері	1 американдық, жартылай президенттік, парламенттік
Б. Сайлау жүйесінің түрлері	2 коммулятивті, лимиттік, балама
В. Дауыс беру түрлері	3 ашық, жабық, тұрақты, базалық, шалғай
Г. Саяси процесс түрлері	4 можаритарлық, тепе-тең
Д. Президент институтының	5 кадрлық, бұқаралық

моделдері	
Е. Партиялық жүйенің түрлері	6 республика, монархия
Ж. Басқару формасының түрлері	7 унитарлы, конфедерация, федерация
З. Мемлекеттік құрылыс түрлері	8 монопартизм, мультипартизм, бипартизм
И. Республиканың түрлері	9 абсолюттік, конституциялық
К. Монархияның түрлері	10 президенттік, парламенттік
Л. Саяси шешімнің түрлері	11 саяси, мемлекеттік
К. Биліктің түрлері	12 декларация, директива, бағдарлама

12-тапсырма. Мына ұғымдардың қайсысы бір-біріне сай келеді?

А. Саяси шешім	1 Саяси билікті иелену мен мемлекетте билікті жүзеге асыруға талпынушы идеология тұтастығымен байланысты ерікті одақ
Б. Саяси процесс	2 Белгілі аумақ шеңберінде адамдар, әлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементі
В. Мемлекет	3 Саяси құбылыстардың қозғалысын, динамикасын, эволюциясын уақыт пен кеңістікке жағдайының өзгеруін білдіреді
Г. Саяси партия	4 Екеуден кем емес саяси әрекеттің бірін таңдау
Д. Саяси процестің мәні	5 Қарама-қайшылық
Е. Саяси процестің қозғаушы	6 Саяси жүйе компоненттері мен саяси адамды өндіру, қайта күші өндіру
Ж. Парламент	7 Атқарушы билік
З. Президент	8 Жоғары заңшығарушы және өкілдік билік
И. Билік	9 Билікті халықтың мойындауы
К. Билік легитимациясы	10 Әлеуметтік топ, мемлекет жеке адам т.б. тарапынан өзіндік ерік-жігерді іске асырудағы қабілеттілік пен мүмкіндіктерді пайдалана отырып адамдардың қызметі мен мінез-құлқына бедел, күштеу құралдары арқылы әсер ету
Л. Мемлекет құрылысы	11 Монархия, республика
М. Басқару формасы	12 Унитарлы, федерация, конфедерация

13-тапсырма. Мына анықтамаларды сәйкестендіріңіз

А. Сайлау нәтижесіне ықпал ететін факторлар	1 коммулятивті, лимиттік, балама
Б. Дауыс беру түрлері	2 экономикалық, әлеуметтік, рухани
В. Сайлау қызметтері	3 жашпай, тепе-тең, төте, жабық, бәсеке

Г. Сайлау қағидалары	4 артикуляциялау, бәсеке, өкілділік қатынасты қалыптастыру, саяси белсенділікті арттыру
Д. Сайлау жүйесі	5 монопартизм, мильтипартизм, бипартизм
Е. Саяси партияның түрлері	6 можаритарлық, тепе-тең
Ж. Партиялық жүйе	7 кадрлық, бұқаралық
З. Партияның қызметтері	8 белгілі бір идеологияны таңдауы, ұйымшылдығы, билікке талпыну, бір әлеуметтік топ мүддесін қорғауы
И. Партия белгілері	9 билік үшін күрес, белсенділік арттыру, идеология, қоғамдық пікірді қалыптастыру, саяси тәрбие беру, кадр даярлау
К. Саяси партияның қалыптасу кезеңі	10 ашық, жабық, тұрақты, базалық, шалғай
Л. Саяси процесс түрлері	11 аристократиялық үйірме, саяси клуб, бұқаралық партия
М. Саяси процесс ресурстар	12 ғылым, білім, техникалық, қаржы, идеология т.б.

14-тапсырма. Мына анықтамаларды сәйкестендіріңіз

А. Саяси партия түрлері	1 американдық, жартылай президенттік, парламенттік
Б. Сайлау жүйесінің түрлері	2 коммулятивті, лимиттік, балама
В. Дауыс беру түрлері	3 ашық, жабық, тұрақты, базалық, шалғай
Г. Саяси процесс түрлері	4 можаритарлық, тепе-тең
Д. Президент институтының моделдері	5 кадрлық, бұқаралық
Е. Партиялық жүйенің түрлері	6 республика, монархия
Ж. Басқару формасының түрлері	7 унитарлы, конфедерация, федерация
З. Мемлекеттік құрылыс түрлері	8 монопартизм, мультипартизм, бипартизм
И. Республиканың түрлері	9 абсолюттік, конституциялық
К. Монархияның түрлері	10 президенттік, парламенттік
Л. Саяси шешімнің түрлері	11 саяси, мемлекеттік
К. Биліктің түрлері	12 декларация, директива, бағдарлама

15-тапсырма. Ғалымның саяси идеология ұғымына берген анықтамасын табыңыз

Ғалымның аты-жөні	Анықтамасы
1 В. Парето	А. Идеологияны саяси бірлестіктерді қандай да бір қолдануға бағытталған коммуникацияның көптүрлілігі
2 К. Маркс	Б. Идеология саяси дамудың белгілі бір мақсаттары мен

	құндылықтарын қалыптастырады, сонымен бір уақытта практикалық мәселелердің шешілуін қиындатады
3 К. Мангейм	В. Идеология мен бұқаралық мәдениет бір деп санады
4 Д. Истон мен А. Конноли	Г. Идеология тек күрделі саяси дағдарыстар кезінде ғана саяси аренаға шығады
5 У. Матц	Д. Идеологияның құндылықтық мазмұны маңызды
6 А. Хабермас	З. Идеология «ерікті мистификация» жүйесі
7 Л. Саджент	К. Ең алдымен қоғамдық тұрмыс пен өндірістік қатынас қарама-қайшылығынан туындаған елестік сана формасы
8 Г. Лассуэл	Н. Саяси идеологияны «сезім тілі» болып табылатын интеллектуалдық жүйе және адам іс-әрекетінің оятушы мотиві

16-тапсырма. Саяси ағымның саяси даму туралы түсінігін анықтаңыз

Саяси ағымдардың түрлері	Саяси даму туралы түсініктер
1 Либералдар	А. Саяси іс-әрекеттегі моралдық басымдылық, басқарудың алдыңғы формасымен сабақтастық, билікті ұйымдастыруды базалық қалыптары мен қағидаларын сақтау
2 Консерваторлар	Б. Жеке меншіктің қоғамдық меншікке ауысуы, жұмысшы табының гегемондығы және коммунистік партияның жетекшілік рөлінің артуы
3 Марксизм	В. Адам құқығының жоғарылығы, мемлекеттің азаматтық қоғам бақылауында болуы, плюрализм мен рухани бостандықты алу

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Алматы: Білім, 1997. - 256 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. Астана, 2007.- 372 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, 1996. -178 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. Бағдарламалық мақала, 2012 жыл, 10-шілде.
- 5 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивтік дәрісі, 2012 жыл, 6 қыркүйек.
- 6 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, 2012 жыл, 14 желтоқсан.
- 7 Антология мировой политической мысли в 5 томах. / Нац. обществ.-научный фонд. Академ. политических наук. – М.: Мысль, 1997.
- 8 Алексеева Т.А.Современные политические теории. М., 2000
- 9 Арон Р. Основные этапы развития социологической науки. М., 1992.
- 10 Байділдинов Л.Ә. Теориялық саясаттану. Оқулық. Алматы, 2005.-264б.
- 11 Байдельдинов Л.А., Бурханов К.Н., Соловьев А.В. Политология. Учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2000
- 12 Бачинин В.А. Политология. Энциклопед. словарь. М.,2005г. -288с.
- 13 Дегтярев А.А. Основы политической теории. М., 1998
- 14 Жамбылов Д. Саясаттану негіздері, Алматы: Жеті Жарғы,2003.-288б.
- 15 Казахстанская политологическая энциклопедия. Алматы, 1998.
- 16 Нартов Н. Геополитика. М,1999г.
- 17 Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А.. Эволюция политической системы Казахстана. в 2-х томах. Алматы,2001г.
- 18 Кадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы, перспективы. Алматы, 1999.
- 19 История политических и правовых учений: Учебник для вузов / Под. общ.ред. В.С. Нерсисянца. М., 1997
- 20 Общая и прикладная политология /Под. ред. проф. Жукова В.И., проф. Краснова Б.И. М.: МГСУ, 2001г.-992с.
- 21 Основы политической науки: Уч. Пособие. Часть 1,2 / Под. ред. В.П.Пугачева. М., 2003.
- 22 Политология / Под. ред. М.А. Василюка. М., 1999.
- 23 Гаджиев К.С. Политология: Учебник. М.: Высшее образование, 2005.-406с.
- 24 Политология: Курс лекций /Под.ред.проф. Т.Мустафина. Алматы, 1994.
- 25 Политология. Энциклопедический словарь. М., 2003.
- 26 Соловьев А.И. Политология. Политическая теория. Политические технологии. М,2001г.
- 27 Политология. Под общей редакцией А.Н.Нысанбаева. Алматы,1998
- 28 Мальцев В.А. Основы политологии. М,2005г.
- 29 Хейвуд Э. Политология. /Перевод под редакцией проф. Г.Г.Водолазова и доцента В.Ю.Бельского/. М.:ЮНИТИ-ДАНА,2005г.-544с.

КІРІСПЕ.....	3
1 СЯСАТТАНУ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ.....	4
1.1. Саясаттану пәні мен объектісі.....	4
1.2. Саясаттанудың қызметтері мен заңдылықтары, құрылымы.....	4
1.3. Саясаттанудың қоғамдық ғылымдармен байланысы.....	7
1.4. Саясаттану ғылымының зерттеу әдістері мен парадигмалары.....	7
2 СЯСИ ІЛІМДЕР ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.....	11
2.1. Ежелгі дәуірдегі саяси ілімдер.....	11
2.2. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар.....	13
2.3. Жаңа замандағы саяси ой-пікірлер.....	14
2.4. Қазақстандағы саяси ойы.....	17
3 БІЛІК ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ.....	20
3.1. Саяси билік анықтамалары мен концепциялары.....	20
3.2. Саяси биліктің қызметтері мен ерекшеліктері.....	21
3.3. Билік ресурстары мен түрлері.....	23
3.4. Билік легитимациясы.....	25
4 СЯСАТ СУБЪЕКТІЛЕРІ.....	26
4.1. Саясаттың негізгі субъектісі ұғымы мен құрылымы.....	26
4.2. Адам саясаттың субъектісі ретінде.....	27
4.3. Жеке адам мен билік қарым-қатынастарының моделдері.....	29
5 ҚОҒАМНЫҢ СЯСИ ЖҮЙЕСІ.....	32
5.1. Саяси жүйе теориясы.....	33
5.2. Саяси жүйенің құрылымы мен қызметтері, түрлері.....	36
6 КОНСТИТУЦИЯ- ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ.....	37
6.1. Конституция ұғымы мен мәні және көптүрлілігі.....	37
6.2. Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидалары.....	39
7 СЯСИ РЕЖІМ.....	41
7.1. Саяси режим түсінігі мен анықтамалары.....	41
7.2. Саяси режимдер классификациясы.....	42
8 АВТОРИТАРИЗМ СЯСИ РЕЖІМІ.....	45
8.1. Авторитаризм анықтамасы мен ерекшеліктері.....	45
8.2. Авторитаризм түрлері.....	47
9 ТОТАЛИТАРИЗМ СЯСИ РЕЖІМІ.....	47
9.1. Тоталитаризм ұғымы, белгілері мен түрлері.....	48
9.2. Сталиндік және гитлерлік режимдердің ұқсастығы мен айырмашылықтары.....	49
10 ДЕМОКРАТИЯ СЯСИ РЕЖІМІ.....	50
10.1. Демократия ұғымы мен алғышарттары.....	50
10.2. Демократияланудың толқындары.....	51

10.3.	Қазіргі заманғы демократия теориялары мен түрлері.....	51
11	МЕМЛЕКЕТ САЯСИ ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ.....	54
11.1.	Мемлекеттің пайда болуы мен мәні.....	54
11.2.	Мемлекеттің белгілері мен қызметтері.....	54
11.3.	Мемлекеттің басқару формасы мен құрылымы.....	56
11.4.	Қазақстанда мемлекеттілікті нығайтудың жаңа саяси бағыты.....	57
12	ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ.....	62
12.1.	Президенциализм идеясының қалыптасуы мен дамуы.....	62
12.2.	Президент институтының моделдері.....	64
12.3.	Н.Ә. Назарбаевтың саяси даму стратегиясы: негізгі бағыттары мен мазмұны.....	67
13	ПАРЛАМЕНТ ИНСТИТУТЫ.....	73
13.1.	Парламент құрылымы мен қызметтері.....	73
13.2.	Қазақстандағы парламентаризмнің даму тарихы.....	77
13.3.	Қазақстан парламенттік партиялардың бағдарламалық құжаттары.....	79
14	САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ.....	82
14.1.	Демократиялық сайлаудың нәтижелі болуына қажетті жағдайлар.....	82
14.2.	Сайлау классификациясы.....	83
14.3.	Билік ұйымдарын сайлаудың негізгі қызметтері мен қағидалары.....	84
14.3.	Сайлау жүйелері.....	85
15	САЯСИ ПАРТИЯ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР.....	88
15.1.	Саяси партия мәні және белгілері, қызметтері.....	88
15.2.	Саяси партия типологиясы.....	89
15.3.	Партиялық жүйелердің мәні.....	91
15.4.	Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйенің қалыптасуы.....	91
16	САЯСИ ПРОЦЕСС.....	92
1.1	Саяси процесс ұғымы, мазмұны және құрылымы.....	92
1.2	Саяси процестің сипаты мен түрлері.....	94
17	САЯСИ ШЕШІМДЕР.....	95
2.1	Саяси шешім ұғымы мен түсінігі.....	96
2.2	Саяси шешім субъектілері мен түрлері.....	97
2.3	Саяси шешім қабылдау әдістері.....	98
18	САЯСИ ДАМУ ЖӘНЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ.....	99
3.1	Саяси даму ұғымы мен концепциялары.....	99
3.2	Саяси модернизация теориялары мен түрлері.....	101
19	САЯСАТТАҒЫ ШИЕЛЕНІСТІК ЖӘНЕ DAҒДАРЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.....	102
4.1	Саясаттанудағы саяси шиеленіс теориялары.....	102
4.2	Шиеленістің шығу себептері мен кезеңдері және түрлері.....	104
4.3	Шиеленісті шешудің жолдары мен әдістері.....	106
20	САЯСИ МӘДЕНИЕТ.....	107

5.1	Саяси мәдениет түсінігі, құрылымы мен қызметтері.....	107
5.2	Саяси мәдениеттің жіктелуі.....	113
5.3	Қазақстандық саяси мәдениеттің ерекшеліктері.....	115
5.4	Толеранттылық мәдениеті.....	116
21	САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....	120
6.1	Саяси ілімдер тарихындағы саяси құндылықтар теориясының қалыптасуы мен дамуы.....	120
6.2	Саяси құндылықтар анықтамасы, құрылымы, қызметтері, түрлері.....	121
6.3	Қазақтың этносаяси тарихындағы саяси құндылықтардың қалыптасу сипаты.....	123
22	САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ.....	127
7.1	Саяси әлеуметтендірудің мәні.....	127
7.2	Саяси әлеуметтендіру механизмі мен түрлері.....	129
23	САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ.....	131
8.1	Саяси идеология анықтамасы мен мәні.....	131
8.2	Саяси идеологияның негізгі қызметтері мен түрлері.....	132
24	САЯСИ ЭЛИТА.....	135
10.1	Саяси ілімдер тарихында саяси элита мәселелерінің қарастырылуы.....	135
10.2	Элитология негізін салушы классиктер.....	137
10.3	Элита ұғымы, қызметтері, түрлері және қалыптасуы.....	140
25	САЯСИ ЖЕТЕКШІЛІК.....	141
11.1	Саяси жетекшіліктің табиғаты.....	141
11.2	Саяси жетекшілік сипаты мен белгілері.....	143
11.3	Саяси жетекші концепциялары.....	144
11.4	Саяси жетекшінің түрлері.....	146
26	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫ.....	148
12.1	Халықаралық қатынастар теориясы.....	148
12.2	Геосаясаттың негізгі теориялары мені басымдылықтары.....	150
12.3	Қазақстанның сыртқы саясаттың даму үрдістері.....	152
12.4	4 Қазақстан және халықаралық ұйымдар.....	156
	ГЛОССАРИЙ.....	161
	ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	169
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	176
	МАЗМҰНЫ.....	178

Тәжітаева Райя Сеиловна

САЯСАТТАНУ

Оқу құралы

*(Жоғары оқу орындарының білім және гуманитарлық ғылымдары
мамандықтары студенттеріне арналған)*

Редакторы – Байырбекова Л.М.

Техникалық редактор – Аблаев Н.М.

Қағаз пішімі А4 Қаріп түрі «Times New Roman»

Баспа табағы 11,25 Таралымы 1000 дана Тапсырыс № 37

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының
шағын баспаханасында басылды

Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 13 үй